Берке хан туралы «Зубдат әл-фикра фи тарих әл-хижра» шығармасында берілген мәліметтерді ғылыми тұрғыдан түсіндіру мәмлүк тарихнамасының ерекшеліктерін, Жошы Ұлысындағы исламдану үдерісін және Берке мен Хулагу арасындағы саяси қақтығыстың себептерін қарастырған зерттеулерді талдауды қажет етеді. Ортағасырлық тарихи шығармада қамтылған хабарлар оқиғалардың қарапайым тізбегі емес, автордың қолындағы ақпаратты іріктеуі, жүйелеуі және белгілі бір саяси-конфессиялық ұстаным аясында түсіндіруі нәтижесінде қалыптасқан тарихи баяндау болып табылады. Сондықтан, Байбарс ад-Дауадардың Берке хан туралы мәліметтері олардың фактологиялық мазмұнымен қатар, пайда болған тарихнамалық ортасы, ақпараттың берілу арналары және авторлық интерпретация ерекшеліктері тұрғысынан қарастырылады.

Осы әдіснамалық ұстанымға сәйкес, Байбарс ад-Дауадардың еңбегі тек Берке хан дәуіріндегі оқиғаларды тіркеген дерек ретінде емес, мәмлүк тарихнамасының саяси және мәдени ортасында қалыптасқан тарихи нарратив ретінде қарастырылады. Шығармадағы хабарлардың мазмұны мен құрылымын түсіну үшін мәмлүк авторларының тарихи материалды іріктеу қағидаларын, бұрынғы мәтіндерді пайдалану тәжірибесін және оқиғаларға саяси-конфессиялық мағына беру тәсілдерін анықтау қажет. Осы тұрғыдан қазіргі зерттеушілердің мәмлүк тарихнамасының нарративтік және мәтінаралық табиғаты туралы тұжырымдары маңызды теориялық негіз болып табылады.

Қазіргі мәмлүк тарихнамасын зерттеу деректе келтірілген мәліметтердің шынайылығын тексерумен ғана шектелмеуі тиіс. К. Хиршлер тарихи шығарманы фактілер жиынтығы емес, автор оқиғаларды іріктеп, өзара байланыстырып және оларға белгілі бір мағына беретін тұтас нарратив ретінде қарастыруды ұсынады. Сондықтан мәтіннің композициясы, баяндау тәсілі және автордың әлеуметтік-саяси ортасы деректің мазмұнымен қатар талдануы қажет [5, 168-169].

Ортағасырлық араб тарихнамасына қазіргі ғылымдағы объективтілік талаптарын тікелей қолдану әдіснамалық тұрғыдан дұрыс емес. Бұл дәуірдің тарихи шығармалары оқиғаларды тіркеумен қатар дидактикалық, моральдық, діни және саяси міндеттерді де атқарған. Сондықтан автор тарихи оқиғаны жоққа шығармай, оны өзінің идеялық ұстанымын негіздеуге қолайлы қырынан баяндауы мүмкін еді [6, p. 69].

Мәмлүк тарихнамасын зерттеуші ғалымдар Д. Литтл [7]., П.М. Холт [8]. және басқа да авторлар бұл дәуір хроникаларының ерекшелігі ретінде авторлардың бір-бірінен көшірме алу, бұрынғы хроникаларды қайта өңдеу тәжірибесінің кеңінен таралғанын атап көрсетеді. Осыған байланысты «Зубдат әл-фикрадағы» Берке хан туралы мәліметтердің ықтимал дереккөздерін, олардың басқа мәмлүк авторларының хабарларымен мәтіндік байланысын және кейінгі хроникаларда қалай пайдаланылғанын анықтау маңызды әдіснамалық міндет болып табылады.

Мәмлүк тарихнамасындағы мәтінаралық сабақтастықты қарастырғанда бұрынғы хроникалардан алынған мәліметтердің кейінгі шығармаларға механикалық түрде көшірілмей, жаңа авторлық баяндауға бейімделіп енгізілгенін ескеру қажет. А. Филипповтың көрсетуінше, «Зубдат әл-фикра» мәтінінің кейінгі хроникалар құрамына енуі тарихи білімнің бір жылнамадан екіншісіне үздіксіз берілуі туралы түсінік қалыптастырған [6, 64]. Осыған байланысты мәтіндер арасындағы ұқсастықты олардың толық тәуелділігінің дәлелі ретінде емес, ортақ тарихнамалық дәстүр аясында бағалаған жөн.

Мәмлүк хроникасының нарративтік сипатын анықтаумен қатар, автор пайдаланған мәліметтердің шығу тегі мен берілу арналарына назар аудару қажет. Байбарс ад-Дауадар Берке хан дәуіріндегі оқиғалардың тікелей куәгері болмағандықтан, оның Жошы Ұлысы туралы хабарлары әртүрлі жазбаша және ауызша ақпарат көздері арқылы қалыптасуы ықтимал. Михаль Биранның мәмлүк авторларына монғол иеліктері туралы ақпараттың берілу арналарына қатысты тұжырымдары Байбарс ад-Дауадар пайдалануы мүмкін ақпараттық ортаны түсіндіруге мүмкіндік береді [9, 31]. Мәмлүк деректерінде аймақ туралы ақпараттың мазмұны тұрақты саяси байланыстардың шектеулілігіне және Мысыр мен Сирияға қоныс аударған орталықазиялық және ирандық тұлғалардан алынған хабарларға тәуелді болды. Елшілер, саудагерлер мен қоныс аударушылар, кейде Илхан мемлекетінің делдалдығы арқылы, мәмлүк авторларына монғол иеліктерінің географиясы, саясаты, мәдениеті мен экономикасы жөніндегі заманауи мәліметтерді жеткізген негізгі ақпарат көздеріне айналды [9, p. 46]. Сондықтан мәмлүк шығармаларындағы Жошы ұлысы мен Берке хан туралы хабарларды нақты тарихи мәліметтермен қатар, ақпараттың берілу арналары мен авторлық қабылдау ерекшеліктерін ескере отырып талдау қажет [9, 46-47].

Ақпараттың қалыптасу арналары мен мәмлүк тарихнамасының баяндау ерекшеліктерін ескеру Берке ханның исламды қабылдауы туралы хабарларды бағалауда ерекше маңызға ие. Бұл оқиға әртүрлі тарихнамалық дәстүрлерде біркелкі баяндалмаған және қазіргі зерттеулерде Жошы Ұлысындағы исламдану үдерісінің басталуы, сипаты мен кезеңдері тұрғысынан әртүрлі түсіндіріліп келеді.

Берке ханның ислам қабылдауы мен Жошы Ұлысындағы исламдану үдерісінің бастапқы кезеңдері еуропалық шығыстануда арнайы зерттеу нысанына айналды. Ж. Ришар Беркенің исламға өтуі туралы ортағасырлық мәліметтерді жинақтап, бұл оқиғаны Алтын Ордадағы ислам ықпалының күшеюімен және мұсылмандық саяси байланыстардың қалыптасуымен сабақтастыра қарастырды [10, 173-184]. Оның зерттеуі кейінгі авторлардың Беркенің ислам қабылдауы туралы тарихи және аңыздық дәстүрлерді салыстыра талдауына негіз болды.

Берке ханның исламды қабылдауы туралы мәліметтердің әртүрлі тарихнамалық дәстүрлерде біркелкі сақталмауы олардың саяси маңызымен байланысты. И. Вашари мәмлүк авторларының Беркенің исламға өтуіне айрықша назар аударғанын, өйткені бұл оқиға Мысыр мәмлүктерінің Ирандағы Илхан мемлекетіне қарсы Жошы Ұлысымен одақ құруына идеологиялық негіз болғанын көрсетеді. Ал моңғол билігімен тығыз байланысты парсы тарихшылары Беркенің конверсиясы туралы елеулі мәлімет қалдырмаған [11, 232-233]. Сондықтан «Зубдат әл-фикрада» Беркенің мұсылмандығына ерекше мән берілуін мәмлүк тарихнамасының саяси-конфессиялық мүддесімен сабақтастыра бағалау қажет.

Берке ханның исламды қабылдауы туралы мәліметтерді талдау барысында бұл оқиғаны Моңғол империясына тән діни саясаттың жалпы аясынан бөліп қарастыруға болмайды. С.Соучек моңғолдардың діни ұстанымын сипаттай отырып, «Еуразия көшпелілеріне тән діни төзімділікке немесе діни мәселелерге немқұрайды қарауға сәйкес, моңғолдар өздеріне бағынышты халықтардың ислам дініне араласпады» деп көрсетеді [12, 113]. Бұл тұжырым Беркенің исламды қабылдауы діни әралуандық сақталған ортада жүзеге асқанын және оның бүкіл Жошы Ұлысының бір мезгілде исламдануын білдірмегенін ескеру қажеттігін көрсетеді. Сондықтан, Берке ханның жеке ислам қабылдауын Жошы Ұлысының толық әрі институционалдық исламдануымен теңестіруге болмайды. С.Соучек Моңғол империясының

саяси құрылымдарындағы діни өзгерістерді сипаттай отырып, «діни бетбұрыстардың алғашқы белгілері Илхан мемлекетінің Ғазан хан тұсында және Бату әулетінің, яғни Алтын Орданың, Өзбек хан тұсында исламдануынан көрінді» деп жазады [12, 114]. Осы тұрғыдан алғанда, «Зубдат әл-фикрада» баяндалған Беркенің исламды қабылдауы исламданудың алғашқы саяси-әулеттік кезеңін көрсетсе, Өзбек хан тұсында исламның мемлекеттік және қоғамдық институттар деңгейінде орнығуы жүзеге асты.

Мари Фавероның зерттеуі «Зубдат әл-фикрадағы» Берке ханның исламды қабылдауы және өзінің жақындары мен айналасын исламға тартуы туралы мәліметті талдау үшін маңызды. Автор Берке хан тұсындағы исламдануды жеке билеушінің діни таңдауымен ғана шектемей, Жошы әулетінің өкілдерін, бектерді және оларға бағынышты топтарды қамтыған ұжымдық үдеріс ретінде қарастырады. Сондықтан Байбарыс ад-Дауадардың хабарын бүкіл Жошы Ұлысы халқының жаппай исламдануының дәлелі ретінде қабылдауға болмайды, алайда ол Берке хан тұсында билеуші әулет пен саяси элитаның бір бөлігінде исламның таралғанын көрсететін мәліметтермен үндеседі. [13].

Осы деректанулық ұстанымдар негізінде Байбарс ад-Дауадардың Берке хан туралы мәліметтерін түсіндіру үшін бірнеше өзара байланысты теориялық мәселе назарға алынды: мәмлүк тарихи нарративінің табиғаты мен мәтінаралық сабақтастығы, Жошы Ұлысы туралы ақпараттың берілу арналары, Берке ханның исламды қабылдауы мен Жошы Ұлысындағы исламдану үдерісінің сипаты, сондай-ақ Берке мен Хулагу арасындағы қақтығыстың тарихнамада түсіндірілуі. Берке ханның исламды қабылдауы бүкіл Жошы Ұлысының бір мезгілде исламдануын білдірмейді. Сонымен бірге исламдануды тек билеушінің шешімімен жүзеге асқан «жоғарыдан төменге» бағытталған үдеріс ретінде қарастыру да мәселені толық ашпайды. Д. ДиУис Батыс моңғол мемлекеттеріндегі исламдануды осылай түсіндіретін дәстүрлі үлгіні қайта қарап, «Шыңғыс әулетінің мүшелері исламға өздерінің билік негіздері – олардың әскери күштері негізделген көшпелі халық пен мұсылман әлемін танытатын тұлғалар арасындағы өсіп келе жатқан байланыстар арқылы тартылғанын ойлау қисындырақ» деп көрсетеді [14, 268]. Зерттеушінің пікірінше, мұндай байланыстар көбінесе сопылық қауымдастықтар мен харизмалық әулиелер арқылы қалыптасқан. Осы тұрғыдан алғанда, Беркенің исламды қабылдауы Жошы Ұлысының көшпелі ортасы, мұсылмандық қалалық орталықтар және сопылық желілер арасындағы ұзақ мерзімді өзара ықпалдастықтың нәтижесі ретінде бағалануы тиіс.

Берке ханның исламды қабылдауы туралы баяндауды тек тарихи оқиғаны тіркейтін хабар ретінде қарастыру жеткіліксіз. Д. ДиУис атап көрсеткендей, «Беркенің ислам дініне өту туралы әңгімесін жай мәлімет ретінде емес, түсіндіру мақсатында құрылған мағыналы баяндау ретінде қарастыру керек» [12, 268]. Осы тұрғыдан алғанда, Өтеміс қажы жеткізген асықтың оң түсуі, Құдайдың жәрдемі және періштелер әскерінің көрінуі тәрізді мотивтерді тарихи өзекті бұрмалайтын қоспалар ретінде ғана бағалауға болмайды. Олар Беркенің билікке келуін мұсылмандық дүниетаным аясында түсіндіруге және оның саяси жеңісін діни тұрғыдан заңдастыруға қызмет еткен баяндау элементтері болып табылады.

Нәтиже мен талқылаулар

Солтүстік өңірлерде Батухан бен Жошы хан бен Шыңғыс ханның қайтыс болуының баяндалуы *Осы жылы Бату хан дүние салды, оның лақабы - Сайын хан еді, яғни «жақсы билеуші» деген мағынаны білдіретін. Оның түріктер мен қыпшақ жерлерінің шет аймақтары мен солтүстік өлкелердегі билігі он жылға созылды. Ол - Шыңғыс хан ұрпақтарының арасынан оларға билік жүргізген екінші әмірші болатын. Бұл мемлекетінің ордасы - Сарай еді. Оның артында үш ұл қалды: Таған, Берке және Баркуджар, олармен оның ағасы мемлекет үшін таласқа түсті де, сол билікті оларсыз-ақ иемденіп, өзіне бекітті. Оның аты - Сартақ ибн Жошы хан ибн Шыңғыс хан. Осы жылы ол аталмыш мемлекетте билікті өз қолына мықтап бекітті.*

Бату ханның қайтыс болуы және оның мұрагерлік мәселесі баяндалған бұл үзіндіде генеалогиялық сәйкессіздік орын алған. Мәтінде Таган, Берке және Баркуджар Бату ханның ұлдары ретінде көрсетілген, ал Сартақ Жошы ханның ұлы деп аталған. Дегенмен, Берке мен Беркечар Жошы ханның ұлдары, яғни Бату ханның бауырлары, ал Сартақ - Бату ханның ұлы, Жошының немересі. Бұл жердегі дерек бойынша, Сартақ - Бату ханның тікелей мұрагері болған, яғни, билік сабақтастығының нақты тарихи желісі: Бату - Сартақ - Ұлақшы - Берке. Берке ханның билікке келуі Жошы Ұлысының күрделі әулеттік-ұлыстық құрылымы жағдайында жүзеге асты. С. Соучек Жошы әулетінің иелігін «мұсылман тарихшылары Қыпшақ хандығы деп атаған» саяси құрылым ретінде сипаттап, оның «Бату әулетінің ұлысы мен Орда әулетінің ұлысынан, сондай-ақ Шибан және Тоқай-Темір әулеттеріне тиесілі бірнеше кіші үлестерден тұрғанын» атап көрсетеді [12, 112]. Бұл құрылым «Зубдат әл-фикрада» баяндалған Бату, Сартақ және Берке арасындағы билік сабақтастығын жалпы жошылық әулеттік қатынастар аясында қарастыру қажеттігін көрсетеді.

Берке туралы конверсиялық дәстүрдің мазмұны билеушінің исламды қашан және қандай жағдайда қабылдағанын анықтаумен шектелмейді. Д. ДеУиздің пікірінше, Берке туралы баяндаудың негізгі мәні оның исламды жеке қабылдауында емес, мұсылмандық мәртебесін Шыңғыс хан әулетінен шыққан ханзада әрі Жошы Ұлысындағы заңды билік мұрагері ретіндегі мәртебесімен ұштастыруында жатыр [14, p. 267]. Бұл тұжырым «Зубдат әл-фикрада» Беркенің исламды қабылдауы мен оның саяси қызметінің өзара байланыста баяндалуын түсіндіруге мүмкіндік береді. Автордың баяндауында Беркенің мұсылмандық ұстанымы оның билеушілік бейнесінің ажырамас бөлігі ретінде ұсынылып, Хулагуға қарсы күресі мен Мысыр мәмлүктерімен одағына діни-саяси мазмұн береді.

Сартақ бен Жошы хан бен Шыңғысханның өлімі туралы баяндау *Осыдан кейін мемлекеттің тағына Барақ (Берке) бен Бату хан бен Жошы хан бен Шыңғыс хан отырды. Ол ислам қабылдады, әрі оның иманы - көркем болды. Ол иман шамын көтеріп, мұсылман үкімдерін жарқыратып көрсетті, ғалымдар мен пақырларға жомарттық танытты, оларды өзіне жақындатты, құрметтеп барды. Ол өз мемлекетінің шет аймақтарында мешіттер мен медреселер салдырды. Оның әулетінің көпшілігі исламды қабылдады. Оның исламға келу себебі - Наджм ад-Дин Кубра шейхтың аты бүкіл аймаққа жайылып, беделі күшейіп, оның мүридтерін ірі қалаларға жіберіп, ислам үкімдерін таныта бастауы еді.*

Бұл үзіндіде Беркенің билікке келуі мен исламды қабылдауының жалпы сипаттамасы берілген. Сондай-ақ, мұнда алдыңғы үзіндіде кездескен генеалогиялық сәйкессіздік қайталанып, Берке Бату ханның ұлы ретінде көрсетілген.

Үзіндіде Беркенің исламды қабылдауы Наджм ад-Дин Кубраның рухани беделімен және оның мүридтерінің қызметімен байланыстырылады. Наджм ад-Дин Кубра 1221 жылы Хорезмді моңғолдар жаулап алған кезде қайтыс болғандықтан, ол Беркенің исламды қабылдауына тікелей қатыса алмаған. Хроникада да Кубраның Берке ханмен жеке кездескені немесе оған тікелей уағыз айтқаны көрсетілмейді. Сондықтан, мәтіндегі «Наджм ад-Дин Кубраның аты жайылып... исламға келуіне себеп болды» деген мәлімет шейхтың жеке ықпалы ретінде емес, ол негізін салған сопылық дәстүрдің (силсиланың) кейінгі буындар арқылы жалғасқан рухани беделі ретінде түсіндірген жөн. Бұл сабақтастықта Кубрауийа тариқатының Орталық Азиядағы беделді өкілі Сейф ад-Дин әл-Бахарзи мен оның рухани ортасына қатысы бар шейх Хадимнің орны ерекше. «Зубдат әл-фикраның» кейінгі баяндауында шейх Хадим Беркенің исламды қабылдауына ықпал еткен тұлға ретінде көрсетіледі. Автор алғашқы жалпы сипаттамада рухани сабақтастықтың аралық буындарын толық ашпай, оның түпкі бастауын Наджм ад-Дин Кубраның есімімен байланыстырады.

Беркенің исламды қабылдауы жөніндегі бұл баяндау Әбілғазының «Түрік шежіресінде» сақталған нұсқамен жалпы сюжеттік желісі бойынша сәйкес келеді. Әбілғазының мәліметінше, Берке Сарайшыққа келген кезінде Бұхарадан жеткен керуен құрамындағы екі білімді адамды оңаша шақырып, олардан исламның негіздері мен шарттары туралы

сұрағаннан кейін мұсылмандықты қабылдаған [16, 152]. Екі шығармада да Беркенің исламға келуі мұсылман діндарларымен сұхбаттасу және діни ілімді түсіндіру арқылы жүзеге асқан оқиға ретінде сипатталады. Алайда Әбілғазы бұл адамдарды жалпылама түрде «екі жақсы кісі» деп көрсетсе, «Зубдат әл-фикраның» кейінгі баяндауында исламды тарату ісі нақты сопылық тұлғалармен байланыстырылады.

Сонымен қатар Әбілғазы Беркенің інісі Тоғай-Темірді исламға тартқанын хабарлайды [16, 152]. Бұл мәлімет «Зубдат әл-фикрадағы» Берке әулеті мүшелерінің бір бөлігінің исламды қабылдағаны туралы хабармен ішінара үндеседі. Дегенмен Тоғай-Темірдің исламды қабылдауы әулет мүшелерінің көпшілігі мұсылман болды деген тұжырымды толық дәлелдемейді. Оның үстіне XVII ғасырда жазылған «Түрік шежіресін» Беркенің исламды қабылдауы жөніндегі кейінгі шежірелік дәстүрдің бір нұсқасы ретінде қолданған дұрыс.

Д.ДеУиз Беркенің исламды қабылдауы туралы дәстүрдің мәні оның жеке діни таңдауын сипаттаумен ғана шектелмейтінін көрсетеді. Бұл дәстүр Беркенің мұсылмандық мәртебесін оның Шыңғыс хан әулетінен шыққан ханзада және Жошы Ұлысындағы заңды билік иесі ретіндегі мәртебесімен байланыстырады [15, 3-13]. Осы тұрғыдан алғанда, «Зубдат әл-фикрада» Беркенің исламды қабылдауы оның билеушілік бейнесін қалыптастыратын және кейінгі саяси қызметіне діни-идеологиялық мазмұн беретін негізгі сипаттардың бірі ретінде ұсынылған.

Ол Саад ад-Дин әл-Хамауиді Хорасанға, Камал ад-Дин [әс-Сырнақиды] Түркістанға, Низам ад-Динді қыпшақтарға жауынгер ретінде, Сейф ад-Дин әл-Бахирзиді Бұхараға жіберді. Ол Бұхарада орныққан кезде, Бараққа (Берке) өзінің айрықша ілтипатына бөленген, шейх Хадим есімді шәкіртін жіберді. Шейх Хадим онымен кездесіп, оған уағыз айтып, исламға деген сүйіспеншілігін оятты әрі оның жолын түсіндірді. Соның арқасында ол (Барақ - аудармашының ескертпесі) исламды қабылдады. Барақ (Берке) өз жақтастарының басым бөлігін исламға бет бұрғызды және шейхтің өзіне көрсеткен сол игілігі үшін оған қандай да бір жақсылық жасауды ниет етті.

Бұл үзінді алдыңғы хабардағы Берке ханның исламды қабылдауын Наджм ад-Дин Кубраның есімімен байланыстыратын тұжырымды нақтылауға мүмкіндік береді. Мұнда Кубрауийа дәстүрінің рухани сабақтастығы Наджм ад-Дин Кубра - Сейф ад-Дин әл-Бахарзи - шейх Хадим тізбегі арқылы көрсетілген. Әл-Бахарзи Наджм ад-Дин Кубраның шәкірті әрі Кубрауийа тариқатының Мауереннахрдағы беделді өкілдерінің бірі ретінде Бұхарада қызмет атқарған. Ал хроникада Беркені исламға тікелей үндеген тұлға ретінде әл-Бахарзидің мүриді шейх Хадим аталады. Ол Берке ханға уағыз айтып, ислам жолын түсіндіргеннен кейін билеуші исламды қабылдаған деп баяндалады. Шығарма Беркенің діни бетбұрысын Бұхарадағы Кубрауийа ортасымен байланыстырады. Дегенмен, шейх Хадимнің рөлін толық дәлелденген тарихи факт ретінде емес, хроникада сақталған исламды қабылдау нұсқасының негізгі элементі ретінде қарастырған жөн.

Сейф ад-Дин әл-Бахарзидің Наджм ад-Дин Кубраның шәкірті болғаны және Бұхарадағы Кубравия сопылық ортасының Берке ханмен байланысы С. Соучектің зерттеуінде де кездеседі. Автордың мәліметінше, Наджм ад-Дин Кубра әл-Бахарзиді діни уағыз жүргізу мақсатында Бұхараға жіберген. Кейін әл-Бахарзидің ықпалы жергілікті мұсылман ортасымен ғана шектелмей, қаладағы аса беделді сопылық шейхтердің біріне айналды. Исламды қабылдаған Берке ханның шейхпен кездесу үшін Бұхараға арнайы келуі әл-Бахарзидің Жошы Ұлысының билеуші ортасындағы беделін және Бұхарадағы Кубравия өкілдерінің Алтын Ордадағы исламдану үдерісімен байланысын аңғартады [12, 117-122]. Демек, жоғарыдағы үзіндідегі мәліметке сәйкес, Наджм ад-Дин Кубраның есімі Беркенің исламды қабылдауына тікелей қатысқан тарихи тұлға ретінде емес, осы үдерісте ықпал еткен кубрауийа рухани дәстүрінің негізін салушы ретінде аталған деп түсіндіруге болады.

Бұл үзіндіні американдық шығыстанушы Девин ДеУиздің моңғол дәуіріндегі Дешті Қыпшақтың исламдануына арналған іргелі зерттеуінде талданған аңыздық дәстүрмен

салыстыруға болады. Зерттеуші Берке ханның исламды қабылдауы туралы хабарлардың бірнеше нұсқада сақталғанын және билеушінің діни бетбұрысын сопылық-агиографиялық үлгі арқылы түсіндіретінін көрсетеді. Бұл деректерде уағызшы-сынақ-мойынсұну сюжеттік моделі қайталанады. Осы сюжеттік құрылым кейін Өзбек ханның Баба Түклес арқылы исламға келуі туралы аңыздарда анағұрлым толық әрі жүйеленген түрде көрініс табады. Яғни, Берке туралы баяндауды Дешті Қыпшақ пен Орта Азияның мұсылмандық тарихи жадында қалыптасқан ортақ нарративтің ертеректегі нұсқаларының бірі ретінде қарастырған жөн. Мұндай аңыздардың негізгі қызметі оқиғаның нақты тарихи барысын тіркеуден гөрі, хан билігінің исламдық заңдылығын негіздеу, сопылық әулиелерді исламданудың шешуші рухани делдалдары ретінде көрсету және жаңа діни-саяси тәртіпті қасиетті дәстүрмен байланыстыру болған [15, 83-87].

М. Фаверо Беркенің исламды қабылдауын орталық моңғол билігінен барған сайын дербестене түскен Жошы Ұлысындағы жаңа әлеуметтік-саяси бірегейліктің қалыптасуымен байланыстырады. Зерттеушінің пікірінше, «Берке ханның исламды қабылдауы орталық моңғол билігінен тәуелсіз жаңа Орданың қалыптасуымен тығыз байланысты болды. Бұл үдеріс тек саяси жағдайға бейімделудің көрінісі емес, Шыңғыс әулетінің дәстүрлі идеологиялық шеңберінен асып түсетін жаңа әлеуметтік бірегейлік пен ұжымдық ынтымақтастықтың негізін қалыптастырды» [13, 19-20]. Берке ханның өз жақтастарының басым бөлігін исламға бет бұрғызуы оның діни таңдауының саяси-әлеуметтік ортаға ықпал еткенін және исламның билеуші топ арасында тарала бастағанын көрсетеді. Ал шейхке жақсылық жасауды ниет етуі сопылық тұлғаны материалдық немесе саяси тұрғыдан қолдауға дайын болғанын және рухани тәлімге жауап ретінде көрсетілген ризашылық ретінде түсінуге болады. Яғни, бұл хабар Берке ханның исламдануы Кубравия өкілдерінің беделін күшейтіп, Жошы Ұлысының билеуші ортасы мен Бұхарадағы сопылық қауым арасында өзара рухани қатынастың қалыптасуына негіз болғанын көрсетеді.

Беркенің исламды қабылдаған нақты мерзімі жөнінде ортағасырлық деректер арасында айырмашылық бар. И.Вашари әл-Зәһаби, әл-Умари, әл-Қалқашанди және басқа авторлардың хабарларын салыстырып, оның исламды қабылдауының ықтимал мерзімін 1240–1253 жылдар аралығымен шектейді. Зерттеуші салыстырған бірқатар деректер Беркенің исламды қабылдауын Бұхарадағы сопылық ортамен және Сейф ад-Дин әл-Бахарзимен байланыстырады [11, 237-239]. Бұл мәліметтер «Зубдат әл-фикрада» берілген шейх Хадим туралы нұсқаны тікелей растамайды, бірақ оның әл-Бахарзи жетекшілік еткен Кубрауийа ортасының қызметімен байланысын түсіндіруге мүмкіндік береді. Сондықтан шейх Хадимнің уағызын Беркенің исламмен алғаш рет танысуы ретінде де, оның бұрын қалыптасқан мұсылмандық бағдарын бекіткен кезең ретінде де қарастыруға болады. Алайда соңғы түсіндіру болжамдық сипатта екенін ескерген жөн.

Ол шейхке өзі билік жүргізіп отырған елде кедейлер мен ізгі жандардың игілігіне арналған уақыптық мүлік бөліп, одан түсетін кірісті шейхтің қажетіне жинауды бұйырды. Сондай-ақ әл-Бахарзиге баиза жіберді. Ол шейхке жеткізілген кезде, әл-Бахарзи ханның елшісінен: «Бұл не?» - деп сұрады. Елші: «Бұл - шейх билігінің аймақтарға тараған қолы, ол шейхпен бірге болған әрбір адамды қорғайды», - деп жауап берді. Сонда шейх: «Оны есекке іліп, далаға жіберіңдер. Егер ол есекті шыбын-шіркейден қорғай алса, мен оны қабылдаймын. Ал егер есекті де қорғай алмаса, оның маған қандай пайдасы бар?» - деді де, оны қабылдаудан бас тартты. Елші кері оралып, шейхтің айтқан сөздерін Бараққа жеткізді. Сонда Барақ (Берке): «Мен оған өзім барамын», — деді. Ол жолға шығып, Бұхараға келді. Шейхтің есігінің алдында үш күн тұрса да, әл-Бахарзи оны қабылдауға рұқсат бермеді. Ақырында шейхтің кейбір мүридтері: «Бұл - алыс елден шейхтің батасын алуға және онымен жүздесуге келген ұлы патша. Оны қабылдаудың еш айыбы жоқ», - деп өтініш білдіргеннен кейін ғана шейх оған кіруге рұқсат берді. Барақ шейхтің алдына кіріп, сәлем берді. Шейх аяғын айқастыра отырған күйі оған жүзін де бұрмады. Алайда оның алдына ас пен сусын қойдырды. Барақ дәм

татып, шейхтің алдында исламға деген сенімін жаңғыртты. Содан кейін өз еліне қайтып, өзі де, оның ұрпақтары да исламды берік ұстанды. Оның бұйрықтары орындалып, үкімдері ел ішінде күшіне енді. Оның жұбайы Жиджек те исламды қабылдады. Ол өзіне шатырдан мешіт жасатып, қайда барса да, оны бірге алып жүретін болды. Шатыр мешіт өзі аялдаған жерге тігіліп отырды. Барақ пен оның жұбайының игі істерінің бірқатары төменде баяндалады.

Бұл үзіндіде Берке хан мен Сейф ад-Дин әл-Бахарзи арасындағы қатынас XIII ғасырдағы моңғол билеушілері мен Мауереннахрдың сопылық ортасы арасында қалыптасқан байланыстар аясында көрсетіледі. М. Биран келтірген мәліметтер бойынша, әл-Бахарзи Берке ханмен ғана емес, Беркенің бауырлары Бату және Беркечармен, сондай-ақ Хулагумен және моңғолдық әкімшілік өкілдерімен де байланыс орнатқан. Моңғол билеушілері арасында ол «Ұлық шейх» ретінде танылған [9, p. 36]. Бұл мәліметтер әл-Бахарзидің ықпалы тек Бұхарадағы мұсылман қауымымен шектелмей, әртүрлі моңғолдық билеуші орталарға таралғанын көрсетеді. Дегенмен М. Биран пайдаланған хабарлар да әл-Бахарзи туралы сопылық-биографиялық дәстүрге негізделгенін ескеру қажет.

Үзіндіде уақыптық мүлік бөлу мен пайза жіберу өзара байланысты болғанымен, мазмұны жағынан екі бөлек әрекет ретінде баяндалады. Уақып бөлу шейх пен оның айналасындағы кедейлер мен ізгі адамдарға тұрақты экономикалық қолдау көрсетуге бағытталса, пайза хан билігі берген қорғау мен белгілі бір артықшылықтарды білдіретін өкілеттік белгісі болған. Деректе кездесетін «баиза» атауын моңғолдық «пайза» терминінің мәтіндегі нұсқасы ретінде түсіндіруге болады. Елшінің оны «шейх билігінің аймақтарға тараған қолы» деп сипаттауы пайзаның жер иелігі емес, хандық қорғау мен өкілеттіктің нышаны болғанын аңғартады. Алайда пайза иесіне берілетін құқықтардың нақты көлемі құжаттың мазмұнына және оны алушының мәртебесіне байланысты болғандықтан, оны барлық жағдайда бірдей еркін жүріп-тұру, көлік пен азық алу құқығын берген белгі ретінде жалпыламаған жөн.

Хроникада Берке бастапқыда әл-Бахарзиге уақыптық мүлік пен пайза ұсынған қамқоршы билеуші ретінде көрінеді. Алайда шейхтің пайзаны қабылдаудан бас тартуы баяндаудың бағытын өзгертеді, саяси қамқорлық ұсынған хан кейін шейхтің батасы мен қабылдауын іздеген тұлғаға айналады. Пайзаны есекке іліп, далаға жіберу туралы сөз дүниелік билік ұсынған қорғаудың шектеулілігін білдіретін символдық әрекет ретінде түсіндірілуі мүмкін. Діни-агиографиялық тұрғыдан бұл эпизод шынайы қорғаныштың хандық биліктен емес, Құдайдан келетінін меңзейді. Сонымен бірге пайзаның қабылданбауы әл-Бахарзиді материалдық игілік пен саяси артықшылыққа тәуелсіз рухани тұлға ретінде бейнелейді.

Беркенің Бұхараға келіп, шейх есігінің алдында үш күн күтуі де билеушінің сопылық әулие алдында кішірейтілуі моделін жалғастырады. Саяси иерархияда жоғары тұрған хан баяндауда шейхтің қабылдауын күткен өтініш иесі ретінде көрсетіледі. Әл-Бахарзидің оған бірден жүз бұрмауы және ерекше құрмет танытпауы шейхтің рухани беделін ханның саяси мәртебесінен жоғары қоятын баяндау тәсіліне қызмет етеді. Осылайша, хроника Беркенің билігін жоққа шығармайды, бірақ оның діни заңдылығын сопылық шейхтің батасы және рухани мақұлдауымен байланыстырады.

Д. ДеУиз Беркенің исламды қабылдауы туралы хабарларда сопылық ұстаздың шешуші рухани делдал ретінде көрсетілуін моңғол дәуірінен кейін қалыптасқан билеушілердің исламды қабылдауы жөніндегі кең ауқымды нарративтік дәстүрмен байланыстырады. Сондықтан «Зубдат әл-фикрада» сақталған шейх Хадим мен әл-Бахарзи туралы хабарларды жекелеген миссионерлік әрекеттің сипаттамасы ретінде ғана емес, Бұхарадағы Кубрауийа ортасының Жошы Ұлысының саяси элитасымен байланысын дәріптейтін тарихи-агиографиялық баяндау ретінде қарастырған жөн [14, 266].

Мәтіндегі Беркенің әл-Бахарзи алдында «исламға деген сенімін жаңғыртуы» оның исламды екінші рет қабылдағанын білдірмейді. Алдыңғы үзіндіде оның шейх Хадимнің уағызынан кейін исламға келгені баяндалған. Сондықтан әл-Бахарзимен кездесу эпизодын

Беркенің бұрынғы діни таңдауын қайта растауы, сопылық шейхтің батасын алуы және мұсылман билеушісі ретіндегі мәртебесін рухани тұрғыдан бекітуі ретінде түсіндірген дұрыс.

Беркенің өзі мен ұрпақтарының исламды берік ұстанғаны туралы хабарды Жошы Ұлысының толық және бір мезгілде исламдануының дәлелі ретінде қабылдауға болмайды. Берке тұсында ханның отбасы мен саяси-әскери ортасының бір бөлігі мұсылмандық бірегейлігін ашық көрсете бастағанымен, Жошы Ұлысында әртүрлі діни қауымдар қатар өмір сүрді. Оның үстіне Беркенің мұрагерлері арасында исламды ұстанбаған билеушілер де болды. Сондықтан хроникадағы тұжырым Беркені исламды өз ортасына таратқан үлгілі мұсылман хан ретінде дәріптейтін жалпылама сипаттама болуы мүмкін. [15, 83]. М. Фаверо да Беркенің исламды қабылдауын оның жеке діни таңдауымен ғана шектемей, хан отбасы мен жақын ортасында жаңа ұжымдық бірегейліктің қалыптасуымен байланыстырады [13, 19].

Беркенің жұбайы Жиджектің исламды қабылдап, көшпелі шатыр мешіт жасатуы исламдық тәжірибенің далалық өмір салтына бейімделуін көрсетеді. Шатыр мешіт хан ордасымен бірге қозғалып, аялдаған жерде уақытша ғибадат кеңістігін қалыптастырған. Бұл дерек исламның көшпелі мәдениетті ығыстыру арқылы емес, соның тұрмыстық және кеңістіктік ерекшеліктеріне икемделу арқылы таралғанын көрсетеді [13]. Сонымен қатар Жиджек туралы хабар билеуші әулет әйелінің исламдық рәсімдерді орда кеңістігінде қолдауына қатысты құнды жеке мысал береді. Алайда осы бір хабардың негізінде Жошы әулеті әйелдерінің исламдану үдерісіндегі жалпы рөлі туралы кең қорытынды жасауға болмайды.

Беркенің әл-Бахарзиге уақып ұсынуын Сорқақтани бегімнің Бұхарадағы мұсылмандық оқу орнын қолдауымен салыстыруға болады. Жувейнидің мәліметінше, Сорқақтани бегім Бұхарада медресе салуға 1000 күміс балыш бөліп, оны басқаруды Сайф ад-Дин әл-Бахарзиге тапсырған. Бұл жерде Сорқақтанидың қолдауы тұрақты институционалдық сипат алса, Беркенің ұсынысы шейх тарапынан қабылданбайды. Бұл эпизодта әл-Бахарзи хандық қамқорлыққа тәуелсіз рухани тұлға ретінде бейнеленген [17, 525]. Екі жағдайда да Шыңғыс әулетінің өкілдері әл-Бахарзиге экономикалық ресурс ұсынып, Бұхарадағы мұсылмандық ортаны қолдауға ұмтылған. Алайда Сорқақтанидың қолдауы тұрақты институционалдық сипат алып, медресенің құрылуына негіз болса, «Зубдат әл-фикрада» Берке ұсынған уақып пен пайза шейх тарапынан қабылданбайды. Бұл айырмашылық хроникадағы әл-Бахарзи бейнесінің ерекше агиографиялық сипатын күшейтеді: ол хандық қамқорлыққа мұқтаж емес және саяси биліктен тәуелсіз рухани беделі иесі ретінде көрсетілген.

Бұл үзінді Берке мен әл-Бахарзи арасындағы кездесудің нақты тарихи жағдайларын сипаттаумен қатар, сопылық агиографияға тән билеушінің әулие алдында кішірейтілуі моделін де қамтиды. Оның деректік құндылығы уақып пен пайза тәрізді моңғолдық-исламдық институттар туралы хабарлардан, хан ордасы мен Бұхарадағы сопылық ортаның байланысын көрсетуінен және Беркенің мұсылман билеушісі ретіндегі бейнесінің мәмлүк тарихи жадында қалай қалыптасқанын анықтауға мүмкіндік беруінен көрінеді.

Сонымен қатар, «Зубдат әл-фикра фи тарих әл-хижра» шығармасында Берке ханның исламды қабылдауы және оның Хулагуға қарсы ұстанымы туралы төмендегі дерек берілген: *«Сол кезде (сол жылы – аудармашыдан) татарлар патшасы Барақтың (Беркенің) елшілері - әмір Жалал ад-Дин ибн әл-Қади мен шейх Нұр ад-Дин Әли келіп, оның исламды қабылдағанын хабарлады. Олармен бірге Барақтың (Беркенің) хаты да жеткізілді. Хатта татар әулеттерінің арасынан исламды қабылдап, кәпірлер (куффар) қатарынан шыққандар аталып, олардың тайпалары, рулары, адамдары мен жауынгерлері – үлкенінен кішісіне дейін егжей-тегжейлі баяндалған еді. Ол былай деді: «Біздің үлкендеріміз бен кіші бауырларымыз және олардың ұрпақтары исламды қабылдады. Олар – Будақұрдың ұлдары өздерінің нөкерлері және балаларымен бірге; Кукаджсу мен Бишубука елдері және сол елдердегі Кудғу, Қараджа, Биш Бұға, Шрамун, Бұрбақу; сондай-ақ Маңқадар өз әскері және адамдарымен бірге; Бек Қадақ Байнал, Такузағұл, Құтлық Темір Уаджи және оның ұрпақтары; Дорбай және Хорасан жорығына әзірлік жасау үшін аттандырылған түмен; сондай-ақ Байджудың*

қасына еріп барғандардың барлығы. Солардың қатарында Байнал ноян мен Абқахуа да бар. Олардың барлығы отбасыларымен бірге исламды қабылдап, діни міндеттер мен рәсімдерді орындады, зекет берді, Алла жолында ғазауат пен жиһад жасады. Олар: «Бізді осы жолға бастаған Аллаға мадақ болсын! Егер Алла бізді тура жолға салмағанда, біз өз бетімізбен тура жол таба алмас едік», - деді. Біз сондай-ақ: «Елші өзіне Раббысынан түсірілгенге иман келтірді», - деген аятты оқыдық.

Сұлтан мынаны білсін: мен өзімнің қаным мен тәнімнен болған Хулагуға қарсы Алланың ұлық сөзін үстем ету және ислам дініне деген берік сенімім себепті соғысқа аттандым. Өйткені ол (Хулагу - аудармашыдан) - залым. Ал залым Аллаға және Оның Елшісіне иман келтірмейді. Мен өзімнің хабаршыларым мен елшілерімді сұлтанның елшілерімен бірге жібердім. Олар - Ербұға, Ертіму және Унамас. Олармен бірге Ибн Шихаб ад-Дин Ғазиді де аттандырдым. Өйткені ол шайқасқа қатысып, соғыста болған таңғаларлық оқиғаларды өз көзімен көрді. Сондықтан ол сұлтанға көргендерінің барлығын баяндап бермек.

Бұдан кейін сұлтанға оның игілік пен бақыт жолында зор табысқа жеткенін мәлімдейміз. Өйткені ол мұсылмандар халифатына Аббас әулетінен шыққан имамды - әл-Хаким Биамриллаһты отырғызды. [Мен оның жігеріне ризашылығымды білдіріп, осы үшін Ұлы Аллаға мадақ айттым]. Әсіресе оның ислам әскерімен Багдатқа аттанып, сол өңірлерді кәпірлердің қолынан азат еткені туралы хабар маған жеткен кезде, бұл іске деген ризашылығым арта түсті.

Бұл хат Әтилде, алты жүз алпыс бірінші жылдың ражаб айының басында жазылды». Бұл - мазмұны кеңінен баяндалған әрі сөздері тым ұзақ хат. Жоғарыда келтірілген мәтін - сол хаттың мазмұнынан алынған үзінді.

Берке ханның Жошы Ұлысы кеңсесінде дайындалған түпнұсқа хаты сақталмағандықтан, «Зубдат әл-фикрада» берілген мәтінді оның мәмлүк кеңсесінде араб тіліне аударылып, ықшамдалып және редакцияланған нұсқасы ретінде қарастырған жөн. Үзіндінің соңында автордың өзі келтірілген мәтінді «мазмұны кеңінен баяндалған әрі сөздері тым ұзақ хаттан» алынған ықшам үзінді деп көрсетеді. Сондықтан оны Берке ханның кеңсесінде жасалған дипломатиялық құжаттың сөзбе-сөз сақталған түпнұсқасы ретінде қабылдауға болмайды.

М. Фаверо мәмлүк хатшыларының Жошы билеушілерінің жолдауларын араб тілінде мазмұндап, хроникалар мен кеңселік жинақтарға енгізгенін атап көрсетеді. Осыған байланысты хаттың Каирге бағдарланған саяси редакциясын ескеру қажет болғанымен, елшілердің есімдері, сапар мерзімдері, ауызша хабарлар мен алмасқан сыйлықтар туралы нақты мәліметтер оның жоғары деректік құндылығын сақтайды [18, 330]. Хаттың құрылымында жазбаша жолдау мен ауызша куәлік өзара толықтырылған. Берке өзінің елшілерімен бірге шайқасқа қатысып, соғыстағы оқиғаларды көзімен көрген Ибн Шихаб ад-Дин Ғазиді жібергенін хабарлайды. Демек, дипломатиялық миссия тек хат жеткізумен шектелмеген: елшілер хаттың мазмұнын түсіндіріп, саяси жағдай жөнінде ауызша ақпарат беруге және мәмлүк сарайының сұрақтарына жауап қайтаруға тиіс болған.

М. Фаверо Берке ханның Каирге жіберген елшілерінің 1263 жылғы 21 мамырда жеткенін көрсетеді. Алайда бұл дата хаттың «Әтилде 661 жылдың ражаб айының басында» жазылғаны туралы мәліметпен толық үйлеспейді. Ражаб айының басы шамамен 1263 жылғы мамыр айының алғашқы жартысына сәйкес келетіндіктен, Әтилден Каирге жетуге тым қысқа уақыт қалады. Бұл сәйкессіздік хаттың жазылу уақыты, мәмлүк кеңсесінде тіркелуі немесе хроникада даталануы барысында туған қателікпен байланысты болуы мүмкін [19, 101].

Хат мазмұнында өзара байланысты үш негізгі мәселе көрініс тапқан. Біріншіден, Беркенің және Жошы Ұлысына қарасты әулет мүшелері мен әскери ақсүйектердің исламды қабылдағаны жарияланады. Тайпалар мен әскери бөлімдердің тізімделуі Беркенің исламдануын жеке оқиға емес, оны қоршаған саяси-әскери ортаны қамтыған үдеріс ретінде көрсетуге бағытталған. Алайда бұл тізімді Жошы Ұлысының жаппай әрі бір мезгілде исламдануының тікелей дәлелі ретінде қабылдауға болмайды. Ол Беркенің мұсылман

билеушісі ретіндегі беделін көтеруге және оның Бейбарыспен одақ құруға діни-саяси құқығы бар екенін көрсетуге бағытталған дипломатиялық мәлімдеме қызметін де атқарған. Сонымен қатар, тізімдегі бірқатар кісі есімдері, жер-су атаулары мен этнонимдердің оқылуы күмәнді болғандықтан, оларды арабша мәтін және хаттың басқа мәмлүк нұсқалары бойынша қайта салыстыру қажет.

Хаттың исламдық мазмұнын Құраннан алынған дәйексөздер күшейтеді. «Егер Алла бізді тура жолға салмағанда, біз өз бетімізбен тура жол таба алмас едік» деген сөйлем Құранның 7:43 аятына, ал «Елші өзіне Раббысынан түсірілгенге иман келтірді» деген сөз 2:285 аятқа сәйкес келеді. «Алланың сөзін үстем ету» тіркесі де Құранның 9:40 аятымен мағыналық жағынан үндеседі. Бұл формулалар Беркенің саяси ұстанымын исламдық түсініктер арқылы заңдастырады.

Екіншіден, Беркенің Хулагуға қарсы соғысы діни тұрғыдан негізделген: әулеттік туыстықтан исламдық ынтымақтастық жоғары қойылып, бұл Берке мен Бейбарыстың әскери-саяси одағын мұсылмандық тұрғыдан заңдастыруға қызмет еткен. Хатта Хулагудың Беркенің «қаны мен тәнінен» шыққаны айтылғанымен, ол «залым» әрі исламға қарсы тұлға ретінде көрсетіледі.

Сонымен бірге діни факторды Берке-Хулагу қақтығысының жалғыз себебі ретінде қарастыруға болмайды. Қазіргі зерттеулерде қақтығысқа Жошы ұрпақтарының Кавказ бен Әзербайжанға қатысты әулеттік-аумақтық талаптары, Хулагу әскеріндегі жошылық ханзадалар мен жасақтардың тағдыры, сауда жолдарын бақылау және Моңғол империясындағы жалпы саяси дағдарыс әсер еткені көрсетіледі. Сондықтан хаттағы жиһад риторикасы қақтығыстың барлық себептерін ашатын бейтарап сипаттама емес, бұрыннан қалыптасқан саяси, әулеттік және аумақтық қайшылықтарға исламдық-идеологиялық мазмұн берген дипломатиялық түсіндіру ретінде бағалануға тиіс [20].

Үшіншіден, хатта Бейбарыстың Каирде Аббас әулетінің өкілі әл-Хаким Биамриллаһты халифа ретінде жариялауы мақұлданады. Бұл Беркенің Бейбарыс жүргізген исламдық легитимация саясатын қолдағанын және оны мұсылман билеушісі әрі исламның қорғаушысы ретінде танығанын көрсетеді. Алайда бұдан Берке Бейбарысты бүкіл ислам әлемінің әмбебап немесе жалғыз заңды билеушісі ретінде мойындады деген қорытынды шығаруға болмайды.

Мәтіндегі Бейбарыстың «ислам әскерімен Бағдатқа аттанып, сол өңірлерді кәпірлердің қолынан азат еткені» туралы сөйлем тарихи оқиғалармен тура сәйкес келмейді. 1261 жылы Бағдатқа бағытталған жорықты Каирде алғаш халифа деп жарияланған әл-Мустансир басқарды, ол жорық барысында моңғол әскерінен жеңіліп, қаза тапты. Ал әл-Хаким Биамриллаһ Каирде 1262 жылы ғана халифа ретінде жарияланды. Сондықтан үзіндіде екі халифаға қатысты оқиғалар қабаттасқан, есімдіктер қате аударылған немесе мәтін мәмлүк редакциясында өзгерген болуы мүмкін. Хаттың арабша мәтіні мен басқа нұсқаларын салыстырмайынша, бұл сөйлемді «Бейбарыс Бағдатты азат етті» деген мағынада түсіндіруге болмайды [20, 179].

Бұл дипломатиялық байланыстың жалпы контексі Р. Амитай-Прейстің зерттеуінде де кездеседі: автор Берке-Хулагу соғысының тікелей салдары ретінде Берке ханның мәмлүктермен әскери-саяси одақ құруын көрсетеді [20]. Бұл қатынасты Берке-Хулагу соғысының қарапайым «тікелей салдары» ретінде ғана емес, екі тараптың Илхан мемлекетіне қарсы бағытталған ортақ стратегиялық мүдделерінің нәтижесі ретінде сипаттаған дұрысырақ. Ал А.А. Порсиннің «Зубдат аль-фикра» дереккөзіне арнайы арналған монографиясында да осы шығарманың Алтын Орда тарихын, соның ішінде Берке хан дәуірін зерттеудегі орталық маңызы негізделген [21].

Татар билеушілері Барақ (Берке) ибн Бату мен Хулагу ибн Төле арасында болған шайқас туралы хабар *Бұған дейін Бату ханның ұлы Тағанның әйелі Барақшынның татарлар оның ұлы Тадан Мөңкені таққа отырғызуға келіспеген кезде, Иракты жаулап алуға әзірленіп жатқан Хулагуға хат жолдағанын айтқан едік. Ол хатында Хулагуды ағасының ұлдарының*

қолындағы солтүстік иелікті басып алуға үгіттеді. Хат қолына тиген соң, Хулагу әскерін дайындап, оған қарай жорыққа аттанды. Алайда ол Барақшын өлтіріліп, Барақ (Берке) таққа отырғаннан кейін ғана келіп жетті.

Хулагудың өзіне қарсы соғысу үшін келгені туралы хабар Берке ханға жеткенде, ол да әскері мен жақтастарын бастап, оған қарсы аттанды. Екі жақтың арасында Терек деп аталатын өзен бар еді. Қатты аяздың салдарынан оның суы қатып қалған болатын. Хулагу мен оның жауынгерлері мұз үстімен өтіп, Беркенің иелігіне кірді.

Екі қалың қол бетпе-бет келіп, қос әскер шайқасқа түскен кезде, Хулагу мен оның әскері жеңіліске ұшырап, өз жерлеріне қарай қаша жөнелді. Олар қатқан өзеннің үстіне жаппай жиналған сәтте, мұз астарынан жарылып, әскердің көп бөлігі суға кетті. Суға батпай аман қалғандар Хулагумен бірге қашып құтылып, өз жұрттарына оралды. Осы жылы олардың арасында соғыс басталып, екі тараптың арасындағы дұшпандық бұрынғыдан бетер күшейе түсті.

Бұл шайқасқа Берке жағында қатысқандардың арасында оның немере туысы Ноғай ибн [Татар ибн] Моғол ибн Жошы хан да болды. Шайқас кезінде оның бір көзіне соққы тиіп, содан кейін бір көзі көрмей қалды. Өзен суы шайқаста қаза тауып, суға кеткендердің денелерін жағаға шығарған кезде, әлгі Ноғай оларды құрлықта қаза тапқандардың денелерімен бірге жинап, үйінділер жасатты да: «Бұлар - немере туыстарымыз бен әулетіміздің ұрпақтарының денелері. Оларды далада ит-құсқа жем қылмаңдар!» - деді.

Шығармада Барақшынның Хулагуға жолдаған хаты мен 1262-1263 жылдардағы Берке–Хулагу соғысын бір-бірімен тікелей байланыстырып көрсетеді. Бірақ Барақшынның тақ мұрагерлігіне араласуы мен Беркенің билікке келуі 1257-1258 жылдар шамасында болған, ал Жошы және Хулагу ұлыстары арасындағы ашық соғыс бірнеше жылдан кейін басталды. Сондықтан Барақшынның хатын Берке-Хулагу соғысының тікелей әрі жалғыз себебі ретінде қабылдауға болмайды. Автор Жошы Ұлысындағы тақ үшін күрес пен кейінгі ұлысаралық соғысты бір себеп-салдарлық желіге біріктіріп, тарихи оқиғалардың хронологиясын ықшамдаған болуы мүмкін.

Берке-Хулагу қақтығысының қалыптасуына Моңғол империясындағы әулеттік қайшылықтармен қатар, Хулагудың Таяу Шығыста жүргізген жаулап алу саясаты да ықпал етті. Хулагу әскерінің Бағдадтағы Аббас әулеті халифатын құлатуы және Сирияға қарай жылжуы Мысыр мәмлүктеріне тікелей қауіп төндірді. Алайда 1260 жылғы Айн Жалут шайқасында мәмлүк әскері моңғол жасақтарын жеңіліске ұшыратты. Бұл шайқаста Хулагудың негізгі әскері емес, оның Сирияда қалдырған Кетбұға басқарған әскери корпусы жеңілгенін ескеру қажет. Сондықтан Айн Жалут шайқасын Хулагу әскерінің толық талқандалуы ретінде көрсету дұрыс емес. Соған қарамастан оның саяси және психологиялық маңызы өте жоғары болды. С. Соучектің бағалауынша, «мәмлүктердің жеңісі орасан зор психологиялық әсер туғызды, өйткені ол моңғолдардың жеңілмейтіндігі туралы аңызды жоққа шығарды» [12, 110].

Бұл жеңіс Мәмлүк сұлтандығының саяси беделін нығайтып, Хулагуға қарсы тұрған Берке ханмен дипломатиялық және әскери одақ орнатуына қолайлы жағдай қалыптастырды. Алайда Берке мен Бейбарыс арасындағы жақындасуды тек Айн Жалут жеңісінің тікелей салдары ретінде түсіндіруге болмайды. Одақтың қалыптасуына Мысыр мен Жошы Ұлысының Хулагуға қарсы ортақ мүддесі, Кавказдағы саяси жағдай, сауда жолдарын бақылау және Жошы жасақтарының Илхан мемлекеті аумағындағы тағдыры да ықпал етті.

Келтірілген үзіндіде баяндалған оқиға қазіргі тарихнамада Берке-Хулагу соғысының шешуші эпизодтарының бірі Терек өзені бойындағы шайқас туралы. Ал қазіргі зерттеулерде Терек бойындағы шайқас 1263 жылдың қаңтар айының ортасына жатқызылады [20, 79]. Сондықтан оқиғаны кейбір еңбектердегідей тек «1262 жылғы шайқас» деп көрсету хронологиялық тұрғыдан дәл емес: соғыс қимылдары 1262 жылы басталып, Терек бойындағы шешуші кезең 1263 жылдың қаңтарында өтті.

Бұл шайқас Шыңғыс хан ұрпақтары арасындағы алғашқы ірі қарулы қақтығыстардың

бірі ретінде Моңғол империясының саяси ыдырауын тереңдеткен маңызды тарихи оқиға болды. Дегенмен оны моңғол әулеттері арасындағы абсолютті алғашқы қарулы қақтығыс деп атаудан сақ болған жөн. Онымен бір мезгілде Құбылай мен Арықбұға арасындағы Төле әулетінің азамат соғысы жүріп жатқан еді. Терек шайқасының ерекшелігі - Жошы және Төле ұлыстарының әскери күштері арасында Кавказ аймағында болған ауқымды ашық қақтығыс болуында.

«Зубдат әл-фикрада» шайқас Берке мен Хулагудың тікелей бетпе-бет келуі ретінде баяндалады. Алайда басқа деректерге сүйенген қазіргі реконструкция бойынша, жорықтың бастапқы кезеңінде Хулагу Жошы Ұлысының Ноғай басқарған күштерін кейін шегіндірген, содан кейін оларды қууды ұлы Абақаға тапсырған. Терек өзені маңындағы шешуші шайқаста Абақа басқарған ильхандық әскер жеңіліске ұшырап, шегіну кезінде мұз ойылып, жауынгерлердің едәуір бөлігі суға кеткен. Абақаның өзі аман қалған [22, 554]. Осыған байланысты хроникадағы «Хулагу мен оның әскері жеңіліске ұшырады» деген тұжырымды Хулагудың жеке өзі Терек бойындағы шешуші шайқаста әскер басқарды деген мағынада қабылдауға болмайды. Хулагу жалпы жорықтың саяси және жоғарғы әскери басшысы болғанымен, Терек бойындағы шешуші кезеңде ильхандық күштерді оның ұлы Абақа басқарған. Жошы әскерінің алдыңғы бөлімдеріне Ноғай қолбасшылық етті, ал Берке негізгі күштермен кейін қосылған болуы мүмкін. Сондықтан «Зубдат әл-фикрада» Берке мен Хулагу нақты майдан қолбасшылары ретінде емес, бір-біріне қарсы тұрған Жошы және Төле әулеттерінің саяси өкілдері ретінде алдыңғы қатарға шығарылған деп түсіндіруге болады.

XIII ғасырдағы сириялық тарихшы, мәмлүк саяси ортасымен тығыз байланыста болған Ибн Уасилдің мәліметі де осы оқиғаның идеялық мазмұнын ашуға мүмкіндік береді. Оның хабарлауынша, шайқастан кейін қаза тапқандарды көрген Беркенің: «Моңғолдар моңғол қылышынан қырылып жатыр. Егер біз бірлікте болғанымызда, бүкіл әлемді бағындырар едік», деп өкініш білдіргенін жазады [20, 80]. Бұл хабар «Зубдат әл-фикрада» Ноғайдың: «Бұлар - немере туыстарымыз бен ұрпақтарымыздың денелері. Оларды далада ит-құсқа жем қылмаңдар», - деген сөздермен мазмұндық жағынан үндеседі. Екі хабарда да Терек шайқасы әскери жеңіс ретінде ғана емес, Шыңғыс хан ұрпақтарының өзара қырғыны және әулеттік бірліктің бұзылуы ретінде көрсетіледі. Мұнда Шыңғыс ұрпақтарының әртүрлі тармақтары арасындағы туыстық бірліктің бұзылуы бейнеленген. Бұл ортақ ақпарат көзінен, мәмлүк ортасында таралған ауызша хабарлардан немесе шайқас туралы қалыптасқан біртұтас нарративтік дәстүрден туындауы мүмкін. Алайда екі мәтіндегі сөздердің мазмұндық ұқсастығы олардың міндетті түрде бір ортақ жазба деректен алынғанын дәлелдемейді. Бір нұсқада өкініш сөзі Берке ханға, екіншісінде Ноғайға телінеді. Бұл айырмашылық шайқас туралы хабардың мәмлүк ортасында ауызша таралып, әр авторда әртүрлі тарихи тұлғамен байланыстырылғанын көрсетуі мүмкін. Сондықтан ортақ ақпарат көзі жөніндегі пікірді нақты қорытынды емес, ықтимал түсіндіру ретінде ұсынған дұрыс. Сонымен бірге бұл сөздер тарихи тұлғалардың сөзбе-сөз сақталған сөздері ғана емес, әулеттік қырғынды айыптайтын әдеби-моральдық формула болуы да мүмкін.

Терек өзеніндегі мұздың ойылып, әскердің суға кетуі мәтіндегі оқиғаның шарықтау шегін құрайды. Басқа деректерде бұл жағдай бірнеше әскери кезеңнің нәтижесі ретінде көрсетіледі: Ноғайдың шегінуі, ильхандық әскердің оны қуып Жошы Ұлысының аумағына өтуі, қарсы шабуыл және Абақа әскерінің мұзды өзен арқылы кейін шегінуі. «Зубдат әл-фикрада» осы оқиғалар біртұтас көрініске біріктірілген. Мұздың жарылуы жеңілістің жалғыз себебі ретінде емес, шегініп келе жатқан әскердің шығынын күрт арттырған табиғи фактор ретінде қарастырылуға тиіс. Демек, ильхандық әскер алдымен қарсы шабуыл нәтижесінде жеңіліп, содан кейін ретсіз шегіну барысында мұзды өзенге жаппай шыққан. Мұздың опырылуы шайқастың әскери нәтижесін тудырған негізгі себеп емес, қалыптасқан жеңілістің адам шығынын көбейткен фактор болған.

Берке-Хулагу қақтығысының негізінде Жошы әулетінің Кавказ бен Әзербайжанға

қатысты бұрынғы құқықтары, аталған аймақтардан түсетін кірістерді бөлу мәселесі, Хулагу жағында қызмет еткен Жошы әулеті өкілдерінің қаза табуы және ұлыстар арасындағы саяси бәсеке жатты. Беркенің исламды қабылдауы мен Бағдадтың күйреуіне көзқарасы бұл қайшылықты одан әрі күшейткен факторлардың бірі болды [20, 78]. Сондықтан Берке–Хулагу соғысын тек діни қарама-қайшылықпен немесе Борақшынның Хулагуға жолдаған хатымен түсіндіру жеткіліксіз. Қақтығыстың негізінде әулеттік билік, Кавказ бен Әзербайжанға бақылау орнату, бұрынғы жошылық құқықтар, аймақтан түсетін кірістерді бөлу және Хулагу әскеріндегі Жошы ұрпақтарының тағдырына байланысты өзара сабақтас себептер жатты. Бағдадтың 1258 жылы талқандалуы мен Беркенің исламдық ұстанымы осы қайшылықтарға қосымша діни-идеологиялық мазмұн берді.

Сол кезде (сол жылы – аудармашыдан), зұл-хижжа айының алтыншы күні пана ізделп, исламды қабылдауға ниет білдірген татарлардың үлкен бір тобы келді. Олардың саны мыңға жуық еді. Араларында Кармун, Имтағийе, Нүкие, Жабрақ, Құбан, Насғийе, Тышұр, Набту, Сабхи, Жұжлян, Ижқарқа, Иркүк, Қарай, Салағийе, Мунқадим және Сарған есімді ақсүйектер болды. Олар Барақтың (Беркенің) жақтастары еді. Барақ оларды Құлағуға көмек көрсету үшін жіберген болатын және олар біраз уақыт оның жанында болды. Құлағу мен Барақтың арасында жанжал туындап, дұшпандық орнаған кезде, Барақ оларға Құлағуды тастап, өзіне келуді бұйырып хат жолдады. Егер оған жете алмаса, Мысыр елінің әскерлері жағына өтуді тапсырды.

Олар келгеннен кейін исламды қабылдап, ғұсыл құйынып тазару рәсімін жасады. Жоғарыда аталғандардың арасындағы беделділері қолбасшылар мен әмірлер болып тағайындалды. Оларға иқта үлестері мен таблханалар берілді. Сондай-ақ олар мол сыйлықтармен, құрмет киімдерімен және тарту-таралғылармен марапатталды. [Оларды әл-Люке аймағына орналастырды].

Келтірілген үзінді «Зубдат әл-фикра фи тарих әл-хижра» шығармасындағы 661/1263 жылғы оқиғалар бөліміне жатады. Автор оқиғаны жеке куәландырғанын көрсетпейді, әрі хроникасын оқиғадан бірнеше онжылдық өткен соң, Ибн Абд аз-Захирдің сарайлық материалдарына сүйеніп құрастырған [23, 37]. Сондықтан бұл хабарды оқиғаның тікелей куәгерлік сипаттамасы ретінде емес, Мәмлүк сарайында қалыптасқан ресми ақпараттық дәстүрдің Бейбарыс әл-Мансури еңбегінде сақталған нұсқасы ретінде қарастырған жөн.

Бейбарыс әл-Мансуридің хабарлауынша, зұл-хижжа айының алтыншы күні Мысырға пана сұрап, ислам қабылдауға ниет білдірген саны мыңға жуық «татар» тобы келген. XIII-XIV ғасырлардағы араб-парсы тарихнамасында бұл атау моңғолдарды және моңғол билігіне байланысты әртүрлі әскери топтарды жалпылама белгілеу үшін қолданылған. Сондықтан үзіндідегі «татарлар» атауын келгендердің барлығының этникалық шығу тегін дәл анықтайтын ұғым ретінде қабылдауға болмайды. Топтың құрамында моңғолдармен қатар Жошы және Хулагу ұлыстарының әскерінде қызмет еткен түркі және басқа да әскери элементтер болуы ықтимал.

Қазіргі зерттеулерде Мәмлүк сұлтандығына сырттан келген осындай әскери топтарды белгілеу үшін «уафидия» ұғымы қолданылады. Н.Накамачи бұл атауды тұрақты әскери корпустың ресми және өзгермейтін атауы ретінде емес, әртүрлі кезеңдерде Мәмлүк мемлекетіне келген әскери босқындар мен олардың басшыларын біріктіретін шартты категория ретінде қарастыруды ұсынады. Оның көрсетуінше, «уафидия» термині замандас деректерде жүйелі түрде қолданылмаған және оның мағынасы уақытша әрі нақты айқындалмаған [24, 55].

Дерек келгендерді Берке ханның бұрын Хулагуға көмекке жіберген жақтастары ретінде сипаттап, екі ел арасында дұшпандық орнағанда оларды кері шақырғанын, ал бұл мүмкін болмаса Мысыр әскеріне қосылуды тапсырғанын хабарлайды. Бұл мәлімет Моңғол империясының әлі де ортақ әскери міндеткерлік қағидалары сақталған кезеңінде Жошы Ұлысының жасақтары Хулагудың Таяу Шығыстағы жорықтарына қатысқанын көрсетеді.

Берке мен Хулагу арасындағы қатынас шиеленіскеннен кейін мұндай жасақтардың бұрынғы қызмет орнында қалуы саяси тұрғыдан қауіпті болды. Олардың Беркенің бұйрығымен Мысырға өтуі Жошы-Хулагу қақтығысының әскер құрамына және жекелеген қолбасшылардың саяси бағытына тікелей әсер еткенін аңғартады [20, 78]. Оқиғаның негізгі желісі Ибн Абд аз-Захир [25], Ән-Нууайри [26] еңбектерінде де кездеседі. Ибн Абд аз-Захир Кармун басқарған топты 661/1263 жылы келген моңғолдардың екінші легі ретінде сипаттайды [25, 177]. Бұл салыстыру Мәмлүк сұлтандығына моңғол әскери топтарының бір мезетте емес, бірнеше кезеңмен келгенін көрсетеді. Сондықтан «мыңға жуық» деген санды 1263 жылы Мысырға өткен барлық моңғолдардың жалпы саны ретінде емес, Кармун бастаған белгілі бір топқа қатысты берілген көрсеткіш ретінде қарастырған дұрыс. Сонымен қатар ортағасырлық хроникаларда әскер саны көбіне шамамен берілетіндіктен, бұл мәліметті абсолютті дәл статистикалық көрсеткіш ретінде қолдануға болмайды.

Аталған хроникалардағы кісі есімдерінің жазылуында да айырмашылықтар болуы мүмкін. Кармун, Имтағийе, Нүкие, Жабрақ, Құбан және басқа есімдер араб жазуында түркі-моңғол атауларын таңбалау барысында фонетикалық өзгеріске түскен. Сондықтан олардың қазіргі қазақша берілуін түпкілікті анықталған нұсқа деп қабылдамай, арабша басылымдардағы жазылуы мен параллель деректердегі нұсқаларын салыстыру қажет.

Дегенмен, бұл үш хроника бір-бірінен толық тәуелсіз деректер болып саналмайды, себебі олар ортақ сарайлық-әкімшілік ақпараттық дәстүрге сүйенеді. Ибн Абд аз-Захир Бейбарыс сұлтанның кеңсесінде қызмет атқарып, оқиғаларға жақын кезеңде жазғандықтан, оның мәліметтері кейінгі авторларға негізгі дерек болған болуы мүмкін. Сондықтан үш шығармадағы ұқсас хабарларды бір оқиғаны бір-бірінен тәуелсіз растайтын үш бөлек куәлік ретінде көрсету дұрыс емес. Сандық, есімдік және хронологиялық айырмашылықтарды бір деректі дұрыс, екіншісін қате деп қарапайым түрде жіктемей, ортақ сарайлық хабардың әр шығармада қалай өңделгенін көрсететін мәтіндік айырмашылықтар ретінде бағалау қажет.

Деректе ислам қабылдағаннан кейін топ басшыларына әмірлік мәртебе берілуі, ықта үлестерінің тағайындалуы, таблхана ұстау құқығының берілуі, құрмет киімдері мен сыйлықтардың үлестірілуі олардың мәмлүк әскери-қызметтік жүйесіне ұйымдасқан әскери топ ретінде енгізілгенін көрсетеді. Мұндағы ықта жерді жеке меншікке беру емес, белгілі бір аумақтан түсетін кірісті әскери қызмет атқару шартымен пайдалану құқығын білдірді. Ал таблхана әмірдің әскери оркестр ұстау құқығына және оның сарайлық-әскери мәртебесіне байланысты болды. Алайда бұл мәртебелердің берілуі әрбір әмірдің қарамағына нақты саны белгіленген жасақ тапсырылғанын білдірмейді [24, 62]. Накамачидің зерттеуіне сәйкес, Бейбарыс тұсында келген моңғол уафидилерінің барлығы төменгі дәрежелі халқа әскері құрамына енгізілді деген бұрынғы пікір расталмайды. Олардың белгілі бір бөлігі құлдыққа айналдырылмай-ақ сұлтанға бағынышты патшалық әскер құрамына қабылданған, ал кейбір қолбасшылары кейін Мәмлүк әскери иерархиясында жоғары дәрежелерге жеткен. Бұл олардың ерікті әскери қызметшілер ретіндегі мәртебесі мен сұлтанға тікелей тәуелділігін көрсетеді [24, 69]. Үзіндінің соңындағы оларды «әл-Люке аймағына орналастырды» деген мәлімет келген топтың тек әскери қызметке қабылданып қана қоймай, белгілі бір кеңістікке ұйымдасқан түрде қоныстандырылғанын көрсетеді. Сонымен, үзінді Берке-Хулагу қақтығысының Мысыр мәмлүктерінің әскери жүйесіне тікелей ықпал еткенін көрсетеді. Беркенің бұрын Хулагуға көмекке жіберген жақтастары екі билеуші арасындағы соғыс басталғаннан кейін Мысырға өтіп, ислам қабылдау рәсімінен өткен және Бейбарыстың әскери-қызметтік жүйесіне енгізілген. Автор олардың қабылдануын исламдық ынтымақтастықтың көрінісі ретінде баяндағанымен, бұл үдерістің саяси және әскери маңызы да айқын болды: Бейбарыс жаңа жауынгерлер мен қолбасшыларға ие болса, Берке Хулагудың әскери әлеуетін әлсіретіп, Мысырдағы одақтасының күшін жанама түрде арттырды. Сонымен бірге бұл хабарды сандық көрсеткіштері мен діни формулалары толық объективті сипаттағы мәлімет ретінде емес, Бейбарыстың саясатын дәріптеген мәмлүк сарайлық тарихнамасының аясында пайдалану

қажет.

Сол жылы Абақа патшалық тағына отырып, Барақтың жауынгерлерімен соғысу үшін әскер жасақтады. Бұл олардың арасындағы екінші шайқас еді. Әскердің өз еліне қарай аттанғаны туралы хабар Бараққа жеткен кезде, ол да қол жинап, оған Бису Нұға ибн Татар ибн Моғол ибн Жошы хан ибн Шыңғыс ханды қолбасшы етіп тағайындады. Ол әскердің алдыңғы легінде аттанды. Кейін Барақ оның соңынан Йесантай есімді тағы бір қолбасшыны жіберді.

Абақаның жауынгерлері қалың қолымен түн қараңғылығының бөліктеріндей қаптап келе жатқан Йесантайға қарай ұмтылды. Олар оны талқандау үшін шоғырланып, күш біріктірді. Алайда Йесантай оларды жеңіп, кейін шегінуге мәжбүр етті. Сол кезде ол Абақа әскерлері Нұға мен оның жанындағы жауынгерлерді қоршауға алды деп ойлады. Алайда көп ұзамай өзі жеңіліске ұшырап, кейін шегінді де, ақырында қашуға мәжбүр болды.

Ал Нұға болса, Абақаның әскерін өкшелей қуып, оларға лап қойды. Ол олардың қатарын бұзып, тас-талқан етті және біразын өлтірді. Оларды жеңіп, Барақтың алдына қайтып келді. Бұдан кейін оның мәртебесі биіктеп, абыройы артты. Барақ оны бірнеше түменнің басына қойды. Сөйтіп, ол хандықтар арасында кеңінен танылды.

Ал Йесантайдың Барақ алдындағы кінәсі ауырлай түсті. Оның басынан кешкен оқиғаларды, Алла қаласа, алдағы жерде баяндаймыз.

Келтірілген үзінді 663 жылдағы (1264-1265 жылдар) оқиғаларға, нақтырақ айтқанда, Хулагу қайтыс болғаннан кейін оның ұлы Абақаның Елхан тағына отыруына қатысты. Абақаның таққа отыру рәсімі 663 жылдың 3 рамазанында, яғни 1265 жылғы 19 маусымда өткен. Сондықтан хроникада айтылған әскери қақтығыс Хулагу тұсында басталған Жошы-Илхан соғысының Абақа билігінің алғашқы кезеңінде қайта жалғасуын көрсетеді. Мәтіндегі «екінші шайқас» тіркесін соғыстың барлық кезеңдерін дәл санайтын хронологиялық белгі ретінде емес, автордың алдыңғы Терек шайқасынан кейінгі жаңа қақтығысты ажырату тәсілі ретінде түсінген жөн.

Шайқастың нәтижесі мәмлүк және парсы-илхандық деректерде қарама-қайшы баяндалады. Бейбарыс әл-Мансури Нұғаның илхандық әскерді қуып жетіп, оның қатарын бұзғанын және Беркенің алдына жеңіспен оралғанын хабарлайды. Рашид ад-Динге негізделген илхандық нұсқа бойынша, керісінше, Хулагудың ұлы Йошмұт 663 жылы (1265 жылдың соңында) Нұға әскерін жеңіп, оны шегінуге мәжбүр еткен. Бұдан кейін Абақа Кура өзенінен өтіп, Беркенің негізгі әскері жақындағанда кері шегінген [3]. Осы айырмашылық екі тарихнамалық дәстүрдің бір оқиғаны қарсы тұрған саяси орталықтардың мүддесіне сәйкес баяндағанын көрсетеді. Мәмлүк нұсқасы Беркенің одақтасы Ноғайдың жеңісін және оның беделінің өсуін алдыңғы қатарға шығарса, ильхандық нұсқа Йошмұттың жеңісін атап көрсетеді. Сондықтан шайқастың жеңімпазын тек «Зубдат әл-фикраға» сүйеніп анықтауға болмайды. Деректерді салыстыру кезінде олардың Мәмлүк және Илхан сарайларымен байланысты саяси бағытын ескеру қажет.

Ән-Нууайри [27] мен әл-Айни [28]. баяндауларының «Зубдат әл-фикрамен» композициялық және мазмұндық жақындығы олардың бір мәмлүк мәтіндік дәстүріне жататынын көрсетеді. Сондықтан бұл шығармалардағы ұқсас мәліметтерді бір-бірінен толық тәуелсіз үш куәлік ретінде пайдалануға болмайды. Олардың ортақ сарайлық хабарға немесе бір-бірімен байланысты мәтіндік дәстүрге сүйенуі ықтимал. Нұсқалар арасындағы айырмашылықтар оқиғаның әр авторда қалай қысқартылып, толықтырылып немесе риторикалық тұрғыдан өңделгенін анықтауға мүмкіндік береді.

Үзіндідегі «ол хандықтар арасында кеңінен танылды» деген жазбаға ұқсас дерек Әл-Айниде «ол хандар қатарында санала бастады» түрінде берілген және ол Нұғаның хан болғандығын білдірмейді. Нұға Жошы әулетінің өкілі әрі ықпалды әскери қолбасшы болғанымен, Жошы Ұлысының ханы болған жоқ, сондықтан бұл тіркес оның әскери-саяси беделінің өсуін білдіретін риторикалық сипаттама ретінде түсіндірілуі тиіс [29]. Демек,

үзіндінің деректанулық маңызы шайқастың жеңімпазын анықтаудан гөрі, 1265 жылғы қақтығыстың мәмлүк мәтіндік дәстүрінде қалай баяндалғанын және Ноғай беделінің өсуі қалай түсіндірілгенін көрсетуінде.

Ноғайдың бірнеше түменнің басына қойылғаны туралы мәлімет оның Берке билігінің соңғы кезеңінде әскери қолбасшы ретінде күшейе бастағанын көрсетеді. Алайда кейінгі дәуірдегі саяси ықпалын 1265 жылғы бір шайқастың тікелей әрі бірден қалыптасқан нәтижесі ретінде көрсетуге болмайды. Дж. Уилсонның зерттеуінше, Ноғайдың Жошы Ұлысындағы ықпалы біртіндеп күшейген, ал тарихнамада оның билігі кейде шамадан тыс жоғары бағаланған. Сондықтан үзінді Ноғайдың кейінгі саяси үстемдігінің нақты басталу сәтін емес, мәмлүк тарихи дәстүрінде оның беделінің өсуі қалай түсіндірілгенін көрсетеді.

Үзіндінің деректанулық маңызы шайқастың жеңімпазын түпкілікті анықтаудан гөрі, 1265 жылғы қақтығыстың мәмлүк мәтіндік дәстүрінде қалай баяндалғанын ашуда жатыр. Автор Ноғайдың әскери табысын оның Берке алдындағы мәртебесінің өсуімен байланыстырып, бұл эпизодты қолбасшының саяси беделге ие болуының бастапқы кезеңі ретінде ұсынады. Ал парсы-илхандық деректермен салыстыру бір оқиғаның қарсылас саяси орталарда әртүрлі түсіндірілгенін көрсетеді.

Солтүстік өлкелердегі татарлардың билеушісі, Шыңғыс ханның ұлы Жошы (Души) ханның ұлы Бату хан, яғни Сайын ханның ұлы Барақтың қайтыс болғаны туралы хабар
Сол жылы Барақ - солтүстік өлкелердегі татарлардың билеушісі қайтыс болды. Ол исламды өз қалауымен қабылдап, оның діни ғұрыптарын ашық ұстанды. Өз отбасын, руын, жақындары мен әскерін де ислам дініне кіргізді. Онымен әл-Мәлик әз-Заһир арасында бейбіт келісім жасалды. Барақ онымен хат алмасуын үзбей, байланысын бәсеңдеткен жоқ. Әл-Мәлик әз-Заһир оны Хулагу мен оның тайпаларына қарсы қойды. Бұған дейін баяндалғандай, олардың арасында соғыстар болған еді. Барақ қайтыс болған кезде, артында ер жынысты ұрпақ қалмады. Сондықтан оның орнына билікке бауырының ұлы отырды.

Берке ханның ислам қабылдауы жөніндегі мәліметтер әртүрлі тарихнамалық дәстүрлерде біркелкі сақталмаған. Байбарс ад-Дауадар «Зубдат әл-фикрада» Беркенің исламды Сайф ад-Дин әл-Бахарзидің шәкірті шейх Хадимнің уағызы арқылы қабылдағанын хабарлайды. Ал XVI ғасырда жазылған Өтеміс қажының «Чингиз-наме» шығармасында Берке туған кезінен мұсылмандыққа бейім тұлға ретінде сипатталады: нәресте кезінде ол мұсылман емес әйелдердің сүтін ембегеннен кейін мұсылман әйелге берілген. Бұл мотив ислам қабылдаудың нақты тарихи жағдайын түсіндіруден гөрі Беркенің мұсылмандық болмысын туа біткен қасиет ретінде көрсетуге және оны сакралдандыруға бағытталған. Сондықтан Өтеміс қажы баянын Беркенің конверсиясын тікелей куәландыратын дерек емес, оның мұсылмандығы туралы кейін қалыптасқан агиографиялық дәстүрдің көрінісі ретінде бағалау қажет [4, 96]. «Зубдат әл-фикра» мен «Чингиз-наме» арасындағы айырмашылық олардың жазылған уақыты мен жанрлық ерекшеліктеріне байланысты. Мәмлүк хроникасы Беркенің исламға келуін Бұхарадағы кубравиялық сопылық ортамен және нақты уағызшының қызметімен байланыстырса, Өтеміс қажы оның мұсылмандығын дүниеге келген сәтінен бастап байқалған қасиет ретінде көрсетеді. Бірінші нұсқа конверсияны тарихи-саяси оқиға түрінде, ал екінші нұсқа билеушінің киелі болмысын танытатын агиографиялық хикая түрінде баяндайды. Р. Хаутала мұсылман авторлары билеушінің исламды қабылдау нәтижелерін әсірелеп, оның қарамағындағы саяси-әскери ортаның тұтас мұсылман болғаны жөнінде жалпылама түсінік қалыптастыруы мүмкін екенін көрсетеді. Зерттеушінің салыстырмалы талдауы Жошы Ұлысында исламның таралуы ұзақ әрі біркелкі емес үдеріс болғанын, мұсылмандармен қатар дәстүрлі нанымдарды және христиандықты ұстанған қауымдардың да сақталғанын айғақтайды [30, pp. 65–79].

Беркенің исламды қабылдағаны және Бейбарыспен елшілік әрі хат алмасу байланыстарын орнатқаны мәмлүк деректері мен қазіргі зерттеулерде расталады. Берке тұсында ислам билеуші әулет пен оның айналасында тарала бастады, бірақ ұлыс халқы діни

жағынан біртекті болған жоқ [31]. Мари Фавероның пікірінше, Берке хан тұсында исламдану билеушінің жеке діни таңдауымен шектелмей, Жошы Ұлысының саяси элитасының бір бөлігін қамтыған ұжымдық сипат ала бастады. Беркенің соңынан бірқатар жошылық ақсүйектердің исламды қабылдауы хандардың «сұлтан» атағын қолдануына, Хорезмшахтар мен селжұқтардың саяси мұрасына сүйенуіне және Орталық Азия мен Анадолыдан ғұламалар мен сопыларды өз сарайына тартуына жағдай жасады. Осы тұрғыдан алғанда, *«Зубдат әл-фикрадағы»* Беркенің жақындарын, руы мен айналасындағы адамдарды исламға тартқаны туралы хабар тарихи үдерістің жалпы бағытымен сәйкес келеді. Алайда бұл мәліметті Берке билігі кезінде Жошы Ұлысының бүкіл халқы жаппай ислам қабылдады деп түсіндіруге болмайды, өйткені мемлекетте діни әралуандық сақталып, исламдану ең алдымен билеуші әулет пен саяси элитаның белгілі бір бөлігін қамтыды [13].

Беркенің ислам қабылдауы жеке діни таңдау болғанымен, оның салдары билеушінің жеке өмірімен шектелмеді. И. Вашари Беркенің туыстарының, айналасындағы ақсүйектердің және әскери күшінің құрамындағы бірқатар тайпалардың исламды қабылдағанын көрсетеді. Мәмлүк деректерінде Берке елшілігінің Каирге мұсылман татар әулеттері мен тайпаларының тізімін жеткізгені, ал оның иеліктерінде ғұламалар мен сейіттердің ханафи мазһабын тарата бастағаны баяндалады [11, 249]. Осы тұрғыдан алғанда, Берке дәуірі Жошы Ұлысының толық исламдануы емес, исламдық идеялар, діни қызметкерлер мен институттардың Дешті Қыпшаққа таралуының маңызды бастапқы кезеңі ретінде бағалануы тиіс.

Өтеміс қажының мәліметінше, Дешті Қыпшақ Берке ханға бағынғаннан кейін ол халықтың едәуір бөлігін исламға кіргізген [4, 99]. Алайда автор кейін Берке қайтыс болған соң бұл үдерістің тұрақты сипат алмағанын және халықтың бір бөлігінің бұрынғы сенімдеріне қайта оралғанын көрсетеді. Бұл мәлімет Берке дәуірін Жошы Ұлысының толық әрі түпкілікті исламданған кезеңі ретінде емес, билеуші мен оның айналасында басталған, бірақ әлі орнықпаған исламданудың алғашқы маңызды сатысы ретінде бағалауға мүмкіндік береді.

Берке хан туралы конверсиялық дәстүрлерді кейінгі Жошы Ұлысы билеушілерінің ислам қабылдауы жөніндегі хикаялардан оқшау қарастыруға болмайды. Д.ДиУис Берке туралы мәліметтерді Алтын Ордадағы исламдану хикаяларының кең ауқымды тарихи және эпикалық дәстүрі аясында талқылайды [31, 83]. Бұл тұрғыдан алғанда, билеушінің исламды қабылдауы туралы баяндау оның жеке сеніміндегі өзгерісті ғана емес, Шыңғыс әулетінің билігін мұсылмандық дүниетаным шеңберінде қайта түсіндіру үдерісін де көрсетеді. Сондықтан «Зубдат әл-фикрада» сақталған шейх Хадим мен Берке туралы хабарды кейінгі конверсиялық аңыздармен салыстыру оның тарихи өзегін ғана емес, саяси және діни мағынасын да ашуға мүмкіндік береді.

Бейбарыс пен Берке арасындағы дипломатиялық байланыс 660 жылы (1261-1262 жылдар) басталып, 661 жылы (1263 жылы) елшіліктер алмасуға ұласты. Олардың жақындасуының саяси негізі Хулагу мемлекетіне қарсы ортақ мүдде болды. Сондықтан «әл-Мәлик әз-Заһир оны Хулагуға қарсы қойды» деген тұжырым мәмлүк ортасының Бейбарыстың рөлін айқындайтын баяндау үлгісі саналады. Берке–Хулагу қақтығысының аумақтық және әулеттік себептері бұл байланыс орнағанға дейін қалыптасқан еді [20, 79].

Осы себепті Бейбарыс Беркені Хулагуға қарсы соғысуға мәжбүр етті немесе олардың арасындағы қақтығысты өзі туғызды деп түсіндіру дұрыс емес. Мәмлүк авторы Бейбарыстың дипломатиялық ықпалын күшейтіп көрсету үшін оны Беркенің Хулагуға қарсы әрекетінің негізгі ұйымдастырушысы ретінде бейнелейді. Шын мәнінде Жошы мен Хулагу ұлыстары арасындағы аумақтық, әулеттік және экономикалық қайшылықтар Мысырмен тұрақты дипломатиялық байланыс орнағанға дейін пайда болған. Бейбарыс осы дайын қақтығысты өз мемлекетінің сыртқы саяси мүддесіне тиімді пайдаланды.

Әбілғазы Берке ханның 663 хижра жылында (1265-1266 жж.) ішек шаншуынан қайтыс болғанын және оның патшалығы жиырма бес жылға созылғанын жазады [16, 152]. Алайда бұл хронология Беркенің билік ету мерзімі туралы қазіргі тарихнамада қабылданған

мәліметтермен сәйкес келмейді. Берке шамамен 1257-1266 жылдары билік жүргізген, сондықтан оның жиырма бес жыл патшалық құрғаны туралы мәлімет тарихи тұрғыдан расталмайды. Әбілғазының Беркенің өлімін 663 жылға жатқызуы да басқа деректердегі 665 жылмен сәйкес келмейді. Мұндай алшақтық жыл санаудағы қателіктен, қолжазбалық дәстүрден немесе Берке мен Хулагудың қайтыс болған жылдарына қатысты мәліметтердің араласуынан туындауы мүмкін. Сондықтан Беркенің өлім мерзімін анықтау кезінде замандас және оқиғаға жақын мәмлүк-парсы деректеріне басымдық берген дұрыс.

Берке 665 жылы (1266-1267 жылдары) Абақаға қарсы жорық кезінде қайтыс болып, Жошы Ұлысының тағына Батудың немересі, Тұқанның ұлы Меңгу-Темір отырды. Берке Кура өзені маңында Абақа әскеріне қарсы жорық барысында ауырып қайтыс болған деп баяндалады. Оның өлімі Жошы Ұлысындағы биліктің қайтадан Бату әулетінің тармағына өтуіне алып келді. Үзіндідегі «оның орнына билікке бауырының ұлы отырды» дегені осы оқиғаны меңзейді. Беркенің өлімінен кейін Абақа мен Меңгу-Темір арасында көп ұзамай бейбітшілік орнап, Берке мен Хулагу тұсында басталған ашық әскери қақтығыстың сол кезеңдегі белсенді сатысын аяқтады [33, 243]. Дегенмен Жошы және Илхан ұлыстары арасындағы Кавказ бен Әзербайжанға қатысты бәсеке толық жойылған жоқ. Сонымен қатар Мөңке-Темір Мәмлүк сұлтандығымен Берке тұсында қалыптасқан дипломатиялық қатынасты жалғастырды. Сондықтан Беркенің өлімі Жошы–Мәмлүк байланысының аяқталуын емес, оның жаңа билеуші тұсында жалғасуын білдіреді [33, 246].

Сонымен, Беркенің қайтыс болуы туралы хабар оның мұсылман билеушісі ретіндегі бейнесін, Бейбарыспен дипломатиялық байланысын және Хулагуға қарсы күресін бір қорытынды баяндауға біріктіреді. Автор Беркені өз ортасын исламға бастаған, Мәмлүк сұлтанымен тұрақты байланыс орнатқан және Хулагу әулетіне қарсы күрескен билеуші ретінде дәріптейді. Алайда бұл сипаттамадағы жаппай исламдану, Бейбарыстың соғысты ұйымдастырудағы рөлі және мұрагердің туыстық дәрежесі туралы тұжырымдарды басқа деректермен салыстырып, мәмлүк сарайлық тарихнамасының саяси бағытын ескере отырып пайдалану қажет.

Қорытынды

Зерттеу нәтижесінде «Зубдат әл-фикра фи тарих әл-хижра» шығармасының Берке хан дәуіріндегі Жошы Ұлысының саяси, діни және дипломатиялық тарихын зерттеудегі маңызды дереккөздердің бірі екені анықталды. Шығарма Беркенің исламды қабылдауы, Хулагу әулетімен қақтығысы және Мысыр мәмлүктерімен дипломатиялық байланысы жөніндегі өзара сабақтас мәліметтерді сақтаған маңызды дерек болып табылады. Оның құндылығы мәмлүк сарайына түскен хаттардың, елшілік хабарлардың және ауызша мәліметтердің мазмұнын жеткізуінде. Алайда сақталған мәтіндерді түпнұсқа құжаттардың сөзбе-сөз көшірмесі емес, араб тіліне аударылып, ықшамдалып, хрониканың баяндауына бейімделген нұсқалар ретінде қарастырған жөн.

Салыстырмалы талдау шығармадағы ақпараттың барлығы бірдей дәл емес екенін көрсетті. Мәтінде Жошы әулетінің генеалогиялық байланыстары шатастырылып, бірнеше кезеңнен тұрған әскери оқиғалар біртұтас баяндауға біріктірілген. Сонымен қатар Беркенің исламдық ұстанымы, Ноғайдың жеңістері және Бейбарыстың саяси рөлі мәмлүк сарайының мүддесіне сәйкес дәріптелген. Сондықтан «Зубдат әл-фикраның» сенімділігі оның мәліметтерін парсы, араб және түркі деректерімен салыстырып, автордың саяси ұстанымын ескеру арқылы анықталуы тиіс.

Зерттеу Берке дәуіріндегі исламданудың бүкіл Жошы Ұлысын бірден қамтымағанын, алдымен билеуші әулет пен саяси-әскери элитаның бір бөлігі арасында таралғанын көрсетті. Берке-Хулагу соғысының діни риторикамен түсіндірілуіне қарамастан, қақтығыстың негізінде әулеттік бәсеке, Кавказ бен Әзербайжанға қатысты талаптар және экономикалық мүдделер жатты. Ал Берке мен Бейбарыстың жақындасуы исламдық ынтымақтастықпен қатар, Илхан

мемлекетіне қарсы ортақ стратегиялық мүддеге негізделді.

Жалпы алғанда, жүргізілген зерттеу «Зубдат әл-фикра» еңбегінің тек мәмлүк-моңғол қатынастары тарихы үшін ғана емес, сонымен қатар Алтын Орда тарихын, оның ішінде Берке хан билігінің ішкі және сыртқы саясатын зерттеуде де құнды әрі толық игерілмеген дереккөз екенін көрсетті. Шығарманың негізгі маңызы жекелеген оқиғаларды хабарлауымен ғана емес, Берке ханның мұсылман билеушісі, Бейбарыстың одақтасы және Хулагу әулетінің қарсыласы ретіндегі бейнесінің мәмлүк тарихи дәстүрінде қалай қалыптасқанын ашуға мүмкіндік беруімен айқындалады.

Әдебиеттер тізімі:
деректер мен тарихнамалық еңбектер

1. Richards D.S. Baybars al-Dawadar Rukn al-Din al-Mansuri. Zubdat al-fikrah fī tārīkh al-hijrah. ed. by Beirut: al-Maʿhad al-Almānī lil-Abḥāth al-Sharqīyah; Berlin: al-Kitāb al-ʿArabī, 1998. XXXIV, 488 p. Bibliotheca Islamica; 42. ISBN 978-3-87997-135-0.

2. Ibn Waṣil. Mufarrij al-kurūb fī akhbār Banī Ayyūb / taḥqīq Jamāl al-Dīn al-Shayyāl, Ḥasanayn Muḥammad Rabīʿ, Saʿīd ʿAbd al-Fattāḥ ʿĀshūr. Al-Qāhira, 1953-1977. 5 vols.

3. Rashīd al-Dīn. The Successors of Genghis Khan. trans. by J.A.Boyle. New York: Columbia University Press, 1971.

4. Утемиш-хаджи. Чингиз-наме: факсимиле, перевод, транскрипция, текстологические примечания, исследование В.П.Юдина. подготовила к изданию Баранова Ю.Г. Комментарии и указатели Абусеитовой М.Х. Алма-Ата. 1992. 296 с.

5. Hirschler K. Studying Mamluk Historiography: From Source-Criticism to the Cultural Turn. Ubi Sumus? Quo Vademus? Mamluk Studies-State of the Art. ed. by S.Conermann. Göttingen: V&R unipress; Bonn University Press, 2013. P.159-186. DOI: 10.14220/9783737001007.159.

6. Filipau A. The Chronicle of Baybars al-Manṣūrī al-Nāṣirī ‘Zubda(t) al-Fikra(t) fī Tārīkh al-Hijra(t)’ in the Studies of the Mamluk State in Egypt in the Early Bahri Period. Gumilyov Journal of History. 2026. Vol. 154, no. 1. P. 60-75. DOI: 10.32523/3080-129X-2026-154-1-60-75.

7. Little D.P. An Introduction to Mamlūk Historiography: An Analysis of Arabic Annalistic and Biographical Sources for the Reign of al-Malik an-Nāṣir Muḥammad ibn Qalāʾūn. Wiesbaden. Franz Steiner Verlag, 1970. 154 p. (Freiburger Islamstudien; Bd. 2).

8. Holt P.M. Three Biographies of al-Ẓāhir Baybars. Medieval Historical Writing in the Christian and Islamic Worlds / ed. by D.O.Morgan. London. School of Oriental and African Studies, 1982. P. 19-29.

9. Biran M. The Mental Maps of Mongol Central Asia as Seen from the Mamluk Sultanate. Journal of Asian History. 2015. Vol. 49, no. 1-2. P. 31-51. DOI: 10.13173/jasiahist.49.1-2.0031.

10. Richard J. Berke Khan et les débuts de l’islamisation de la Horde d’Or. Revue des études islamiques. 1967. Vol. 35. P. 173-184.

11. Vásáry I. «History and Legend» in Berke Khan’s Conversion to Islam. Aspects of Altaic Civilization III: Proceedings of the Thirtieth Meeting of the Permanent International Altaistic Conference. ed. by D. Sinor. Bloomington: Indiana University, Research Institute for Inner Asian Studies, 1990. P. 230-252.

12. Soucek S. A History of Inner Asia. Cambridge: Cambridge University Press, 2000. XIII, 369 p. DOI: 10.1017/CBO9780511991523.

13. Favereau M. Introduction: The Islamisation of the Steppe // Revue des mondes musulmans et de la Méditerranée. 2018. №143. P. 13–26. DOI: 10.4000/remmm.10661.

14. DeWeese D. Altın Orda’da İslâmlaşma ve Yerel Din: Tarihî ve Dasitânî Gelenekte Baba Tükles ve İslâm’a Geçiş / çev. Harun Tuncer. İstanbul: Ketebe Yayınları, 2025. 600 s. ISBN 978-625-5929-64-8.

15. DeWeese D. Problems of Islamization in the Volga-Ural Region: Traditions about Berke

Khan. Proceedings of the International Symposium on Islamic Civilisation in the Volga-Ural Region (Kazan, 8–11 June 2001) / ed. by A. Çaksu, R. Mukhammetshin. Istanbul: Research Centre for Islamic History, Art and Culture (IRCICA), 2004. P.3-13. ISBN 92-9063-135-X.

16. Абуль-Гази Багадур-хан. Родословное древо тюрков. пер. и предисл. Г.С.Саблукова; послесл. и примеч. Н. О. Катанова. Казань: Типо-литография Императорского Казанского университета, 1906. 336 с.

17. Juvaini ʿAla al-Din ʿAta-Malik. The History of the World-Conqueror. trans. by J.A. Boyle..Cambridge, MA: Harvard University Press, 1958. Vol. II.

18. Favereau M. The Golden Horde and the Mamlūks. The Golden Horde in World History: A Multi-Authored Monograph. Kazan: Sh. Marjani Institute of History of the Tatarstan Academy of Sciences, 2017. P. 329–346. ISBN 978-5-94981-254-9.

19. Favereau M. Pervoe pis'mo khana Berke sultanu Beibarsu po mamliukskim istochnikam (661/1263 g.). Zolotoordynskaia tsivilizatsiia. 2011. №. 4. P. 101-113.

20. Amitai-Preiss R. Mongols and Mamluks: The Mamluk–Ilkhanid War, 1260-1281. Cambridge: Cambridge University Press, 1995. XV, 272 p. DOI: 10.1017/CBO9780511563485.

21. Порсин А. А. История Золотой Орды конца XIII - начала XIV веков в труде Рукн ад-Дина Бейбарса ал-Мансури «Зубдат ал-фикра». Казань: Институт истории им. Ш. Марджани АН РТ, 2018. 276 с. ISBN 978-5-94981-276-1.

22. Amitai R. Hulāgu Khan // Encyclopaedia Iranica. 2004. Vol. XII, fasc. 5.P. 554-557. URL: https://www.iranicaonline.org/articles/hulagu-khan/ (accessed: 18.06.2026).

23. Richards D. S. A Mamluk Amir's Mamluk History: Baybars al-Manṣūrī and the Zubdat al-Fikra. The Historiography of Islamic Egypt (c. 950-1800). ed. by H. Kennedy. Leiden: Brill, 2001. The Medieval Mediterranean; Vol. 31. P. 37-44.

24. Nakamachi N. The Rank and Status of Military Refugees in the Mamluk Army: A Reconsideration of the Wāfidīyah. Mamlūk Studies Review. 2006. Vol. 10, №1. P. 55-81.

25. Ibn ʿAbd al-Ẓāhir, Muḥyī al-Dīn ʿAbd Allāh. Al-Rawḍ al-zāhir fī sīrat al-Malik al-Ẓāhir. ed. by ʿAbd al-Azīz al-Khuwayṭir. Riyadh: Muʾassasat Fuʾād, 1976.

26. Al-Nuwayrī, Shihāb al-Dīn Aḥmad ibn ʿAbd al-Wahhāb. Nihāyat al-arab fī funūn al-adab. ed. by Muḥammad ʿAbd al-Hādī Shaʿīra. Al-Qāhira: al-Muʾassasa al-Miṣriyya al-ʿĀmma lil-Taʾlīf wa-l-Tarjama wa-l-Ṭibāʿa wa-l-Nashr, 1990. Vol. 30.

27. Al-Nuwayrī, Shihāb al-Dīn Aḥmad ibn ʿAbd al-Wahhāb. Nihāyat al-arab fī funūn al-adab. ed. by Saʿīd ʿAbd al-Fattāḥ ʿĀshūr. Al-Qāhira: Dār al-Kutub al-Miṣriyya, 1985. Vol. 27.

28. al-ʿAynī, Badr al-Dīn Maḥmūd. ʿIqd al-jumān fī taʾrīkh ahl al-zamān: ʿaṣr salāṭīn al-mamālīk, 648-712 H. Ed. Muḥammad Muḥammad Amīn. 5 vols. Cairo: Dār al-Kutub wa-l-Wathāʾiq al-Qawmiyya, 2010.

29. Wilson J.R. The Role of Nogai in the Golden Horde: A Reassessment. Acta Orientalia Academiae Scientiarum Hungaricae. 2022. Vol.75, №4. P. 609-637. DOI: 10.1556/062.2022.00232.

30. Hautala R. Comparing the Islamisation of the Jochid and Huleguid Uluses. Muslim and Christian Perspectives. Revue des mondes musulmans et de la Méditerranée. 2018. №143. P. 65-79. DOI: 10.4000/remmm.10705.

31. DeWeese D. Islamization and Native Religion in the Golden Horde: Baba Tükles and Conversion to Islam in Historical and Epic Tradition. University Park, PA: Pennsylvania State University Press, 1994. 656 p.

32. Favereau M. The Golden Horde and the Mamluks: The Birth of a Diplomatic Set-Up (660–5/1261–7). Mamluk Cairo, a Crossroads for Embassies: Studies on Diplomacy and Diplomatics. ed. by F.Bauden, M. Dekkiche. Leiden; Boston: Brill, 2019. P.302-326. DOI: 10.1163/9789004384637_008.

33. Favereau M., Pochekaev R.Yu. The Golden Horde, c. 1260-1502. The Cambridge History of the Mongol Empire. ed. by M. Biran, H.Kim. Cambridge: Cambridge University Press, 2023. Vol.I. P.243-318. DOI: 10.1017/9781316337424.005.

Reference liste:
sources and historiographical works

1. Richards D.S. Baybars al-Dawadar Rukn al-Din al-Mansuri. Zubdat al-fikrah fī tārīkh al-hijrah. ed. by Beirut: al-Maʿhad al-Almānī lil-Abḥāth al-Sharqīyah; Berlin: al-Kitāb al-ʿArabī, 1998. XXXIV, 488 p. Bibliotheca Islamica (Байбарс Әл-Давла әл-Дин Әл-Мансури. Зубдат Әл-Фивед. авторы: Бейрут: әл-Маъхад әл-Алмани лил-Абхат әл-Шарқия; Берлин: әл-Китаб әл-араби, 1998 ж. XXXIV, 488 Б. Ислам Кітапханасы); 42. ISBN 978-3-87997-135-0.

2. Ibn Waṣil. Mufarrij al-kurūb fī akhbār Banī Ayyūb (Ибн Вазир. Муфарридж әл-куруб формуласы ахбар Бани Айюб).. taḥqīq Jamāl al-Dīn al-Shayyāl, Ḥasanayn Muḥammad Rabīʿ, Saʿīd ʿAbd al-Fattāḥ ʿĀshūr. Al-Qāhira, 1953-1977. 5 vols

3. Rashīd al-Dīn. The Successors of Genghis Khan (Раш Маджид әл-Давла. Шыңғыс Ханның Мұрагерлері) trans. by J.A.Boyle. New York: Columbia University Press, 1971.

4. Utemish-khadzhi. Chingiz-name: faksimile, perevod, transkriptsiya, tekstologicheskiye primechaniya, issledovaniye V.P.Yudina. podgotovila k izdaniyu Baranova YU.G. Kommentarii i ukazateli Abuseitovoy M.KH. Alma-Ata. 1992. 296 s.

5. Hirschler K. Studying Mamluk Historiography: From Source-Criticism to the Cultural Turn. Ubi Sumus? Quo Vademus? Mamluk Studies-State of the Art (Мамлюк Тарихнамасын Зерттеу: Дереккөзден-Сыннан Мәдени Айналымға дейін. Уби Сумус? Вадемус деген не? МамлюктануҚазіргі Заман) ed. by S.Conermann. Göttingen: V&R unipress; Bonn University Press, 2013. P.159-186. DOI: 10.14220/9783737001007.159.

6. Filipau A. The Chronicle of Baybars al-Manṣūrī al-Nāṣirī ‘Zubda(t) al-Fikra(t) fī Tārīkh al-Hijra(t)’ in the Studies of the Mamluk State in Egypt in the Early Bahri Period (Бахри Дәуірінің Басындағы Египеттегі Мамлюк Мемлекетін Зерттеудегі Байбарс әл-Маншури әл-Наиридің «Зубда(т) әл-Фикра(т) фи Тарих әл-Хижра(т)» Шежіресі). Gumilyov Journal of History. 2026. Vol. 154, no. 1. P. 60-75. DOI: 10.32523/3080-129X-2026-154-1-60-75.

7. Little D.P. An Introduction to Mamlūk Historiography: An Analysis of Arabic Annalistic and Biographical Sources for the Reign of al-Malik an-Nāṣir Muḥammad ibn Qalāʾūn. (әл-Малик ан-Н-Сэр Мұхаммедбннің Билігі кезіндегі араб Жылнамалық Және Өмірбаяндық Дереккөздерін талдау). Wiesbaden. Franz Steiner Verlag, 1970. 154 p. Freiburger Islamstudien; Bd. 2

8. Holt P.M. Three Biographies of al-Ẓāhir Baybars. Medieval Historical Writing in the Christian and Islamic Worlds (Әл-āахир Байбарстың Үш Өмірбаяны. Христиан және Ислам Әлеміндегі ортағасырлық Тарихи Жазба) ed. by D.O.Morgan. London. School of Oriental and African Studies, 1982. P. 19-29.

9. Biran M. The Mental Maps of Mongol Central Asia as Seen from the Mamluk Sultanate (Мамлюк Сұлтандығынан Көрінетін Моңғол Орталық Азияның Психикалық Карталары). Journal of Asian History. 2015. Vol. 49, no. 1-2. P. 31-51. DOI: 10.13173/jasiahist.49.1-2.0031.

10. Richard J. Berke Khan et les débuts de l’islamisation de la Horde d’Or. Revue des études islamiques (Берке Хан Және Алтын Орданың Исламдануының басталуы. Исламтануға шолу). 1967. Vol. 35. P. 173-184.

11. Vásáry I. «History and Legend» in Berke Khan’s Conversion to Islam (Берке Ханның Исламды қабылдауындағы. «Тарих және аңыз»). Aspects of Altaic Civilization III: Proceedings of the Thirtieth Meeting of the Permanent International Altaistic Conference. ed. by D.Sinor. Bloomington: Indiana University, Research Institute for Inner Asian Studies, 1990. P. 230-252.

12. Soucek S. A History of Inner Asia (Ішкі Азия тарихы) Cambridge: Cambridge University Press, 2000. XIII, 369 p. DOI: 10.1017/CBO9780511991523.

13. Favereau M. Introduction: The Islamisation of the Steppe. Revue des mondes musulmans et de la Méditerranée (Кіріспе: Даланың Исламдануы. Мұсылман әлемі мен Жерорта теңізіне шолу). 2018. №143. P. 13–26. DOI: 10.4000/remmm.10661.

14. DeWeese D. Altın Orda'da İslâmlaşma ve Yerel Din: Tarihî ve Dasitânî Gelenekte Baba Tükles ve İslâm'a Geçiş. Çev (Баба Түклес Тарихи Және Даситани дәстүрінде және исламға көшуде Алтын Ордадағы исламдану және жергілікті дін). Harun Tuncer. İstanbul: Ketebe Yayınları, 2025. 600 s. ISBN 978-625-5929-64-8.

15. DeWeese D. Problems of Islamization in the Volga-Ural Region: Traditions about Berke Khan (Еділ - Жайық аймағындағы исламдану мәселелері: Берке Хан Туралы Дәстүрлер). Proceedings of the International Symposium on Islamic Civilisation in the Volga-Ural Region (Kazan, 8–11 June 2001). ed. by A. Çaksu, R. Mukhammetshin. Istanbul: Research Centre for Islamic History, Art and Culture (IRCICA), 2004. P.3-13. ISBN 92-9063-135-X.

16. Abul'-Gazi Bagadur-khan. Rodoslovnoye drevo tyurkov. per. i predisl. G.S.Sablukova; poslesl. i primech. N.O.Katanova. Kazan': Tipo-litografiya Imperatorskogo Kazanskogo universiteta, 1906. 336 s.

17. Juvaini ʿAla al-Din ʿAta-Malik. The History of the World-Conqueror (Джувайни әл-Дин әл-малик. Әлемді жаулап алушының тарихы). trans. by J.A.Boyle. Cambridge, MA: Harvard University Press, 1958. Vol. II.

18. Favereau M. The Golden Horde and the Mamlūks. The Golden Horde in World History (Алтын Орда Және Мамлюктер. Әлемдік Тарихтағы Алтын Орда) A Multi-Authored Monograph. Kazan: Sh. Marjani Institute of History of the Tatarstan Academy of Sciences, 2017. P. 329-346. ISBN 978-5-94981-254-9.

19. Favereau M. Pervoe pis'mo khana Berke sultanu Beibarsu po mamliukskim istochnikam (661/1263 g.). Zolotoordynskaia tsivilizatsiia. 2011. №. 4. P. 101-113.

20. Amitai-Preiss R. Mongols and Mamluks: The Mamluk-Ilkhanid War, 1260-1281 (Моңғолдар Мен Мамлюктер: Мамлюк-Илханидтер Соғысы, 1260-1281 жж). Cambridge: Cambridge University Press, 1995. XV, 272 p. DOI: 10.1017/CBO9780511563485.

21. Porsin A. A. Istoriya Zolotoy Ordy kontsa XIII - nachala XIV vekov v trude Rukn ad-Dina Beybarsa al-Mansuri «Zubdat al-fikra». Kazan': Institut istorii im. SH. Mardzhani AN RT, 2018. 276 s. ISBN 978-5-94981-276-1.

22. Amitai R. Hulāgu Khan (Хулагу Хан). Encyclopaedia Iranica. 2004. Vol. XII, fasc. 5.P. 554-557. URL: https://www.iranicaonline.org/articles/hulagu-khan/ (accessed: 18.06.2026).

23. Richards D.S. A Mamluk Amir's Mamluk History: Baybars al-Manṣūrī and the Zubdat al-Fikra. The Historiography of Islamic Egypt (c. 950-1800) (Мамлюк Әмірдің Мамлюк Тарихы: Байбарс әл-Маншури және Зубдат әл-Фикра. Ислам Египетінің Тарихнамасы (шамамен 950-1800)). ed. by H. Kennedy. Leiden: Brill, 2001. The Medieval Mediterranean; Vol. 31. P. 37-44.

24. Nakamachi N. The Rank and Status of Military Refugees in the Mamluk Army: A Reconsideration of the Wāfidīyah (Мамлюк армиясындағы әскери босқындардың дәрежесі мен мәртебесі: вафидияны қайта қарау). Mamlūk Studies Review. 2006. Vol. 10, №1. P. 55-81.

25. Ibn ʿAbd al-Ẓāhir, Muḥyī al-Dīn ʿAbd Allāh. Al-Rawḍ al-zāhir fī sīrat al-Malik al-Ẓāhir (Ибн 'абд әл -ааахир, Myhи' ад-Дин ' абд Аллah. «Әл-Рау Әл-захир «формуласы» сират Әл-Малик әл-ааахир».). ed. by ʿAbd al-Azīz al-Khuwayṭir. Riyadh: Muʾassasat Fuʾād, 1976.

26. Al-Nuwayrī, Shihāb al-Dīn Aḥmad ibn ʿAbd al-Wahhāb. Nihāyat al-arab fī funūn al-adab (Шихаб әл-Дин Амад ибн абд әл-Уаххаб. Нихаят әл-араб формуласы фунун әл-адаб). ed. by Muḥammad ʿAbd al-Hādī Shaʿīra. Al-Qāhira: al-Muʾassasa al-Miṣriyya al-ʿĀmma lil-Taʾlīf wa-l-Tarjama wa-l-Ṭibāʿa wa-l-Nashr, 1990. Vol. 30.

27. Al-Nuwayrī, Shihāb al-Dīn Aḥmad ibn ʿAbd al-Wahhāb. Nihāyat al-arab fī funūn al-adab (Шихаб әл-Дин Амад ибн абд әл-Уаххаб. Нихаят әл-араб формуласы фунун әл-адаб). ed. by Saʿīd ʿAbd al-Fattāḥ ʿĀshūr. Al-Qāhira: Dār al-Kutub al-Miṣriyya, 1985. Vol. 27.

28. al-ʿAynī, Badr al-Dīn Maḥmūd. ʿIqd al-jumān fī taʾrīkh ahl al-zamān: ʿaṣr salāṭīn al-mamālīk, 648-712 H. Ed. Muḥammad Muḥammad Amīn (Әл-джуман фи тарих ахл әл-заман: салан әл-мамалик, 648-712 Жж. Мұхаммед Мұхаммед Амин). 5 vols. Cairo: Dār al-Kutub wa-l-Wathāʾiq al-Qawmiyya, 2010.

29. Wilson J.R. The Role of Nogai in the Golden Horde. A Reassessment (Алтын Ордадағы Ноғайдың Рөлі. Қайта Бағалау). Acta Orientalia Academiae Scientiarum Hungaricae. 2022. Vol.75, №4. P. 609-637. DOI: 10.1556/062.2022.00232.

30. Hautala R. Comparing the Islamisation of the Jochid and Huleguid Uluses: Muslim and Christian Perspectives. Revue des mondes musulmans et de la Méditerranée (Жохидтер Мен Хулегуидтер Ұлыстарының Исламдануын салыстыру: Мұсылман және Христиан Көзқарастары. Мұсылман әлемі мен Жерорта теңізіне шолу). 2018. №143. P. 65-79. DOI: 10.4000/remmm.10705.

31. DeWeese D. Islamization and Native Religion in the Golden Horde: Baba Tükles and Conversion to Islam in Historical and Epic Tradition (Алтын Ордадағы исламдану және жергілікті дін: баба түклес және тарихи-эпикалық дәстүр бойынша исламды қабылдау). University Park, PA: Pennsylvania State University Press, 1994. 656 p.

32. Favereau M. The Golden Horde and the Mamluks: The Birth of a Diplomatic Set-Up (660–5/1261–7). Mamluk Cairo, a Crossroads for Embassies (Алтын Орда және мамлюктер: дипломатиялық құрылымның тууы (660-5 / 1261-7). Studies on Diplomacy and Diplomatics ed. by F.Bauden, M. Dekkiche. Leiden; Boston: Brill, 2019. P.302-326. DOI: 10.1163/9789004384637_008.

33. Favereau M., Pochekaev R.Yu. The Golden Horde, c. 1260-1502. The Cambridge History of the Mongol Empire (Алтын Орда, шамамен 1260-1502 жж. Моңғол Империясы). ed. by M.Biran, H.Kim. Cambridge: Cambridge University Press, 2023. Vol. I. P. 243-318. DOI: 10.1017/9781316337424.005.

жауапты автор туралы мәлімет (толық аты жөні, жұмыс орны, телефон, электрондық поштасы) - **Ташкараева Асель Мұхтаровна** - PhD философия докторы, Қазақ ұлттық спорт университеті Ғылым бөлімінің жетекшісі, «Жошы Ұлысын зерделеу ғылыми институтының» жетекші ғылыми қызметкері. Астана, Қазақстан. *телефон:* +77051211308. *email.ru:* assel_muxtarovna@mail.ru.

тақырыптық рубрикалар / тематические рубрики / subject headings

ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ
ИСТОРИЯ КАЗАХСТАНА
HISTORY OF KAZAKHSTAN

МРНТИ/ ҒТАХР/ IRSTI: 03.20
https://orcid.org/0000-0001-5853-3879
https://orcid.org/0000-0003-3375-3757
https://orcid.org/ 0009-0005-3734-1831

[1]Торгаутова Ш.А.*, [1]Сугирбаева Г.Д., [2]Буяр Ж.
[1]докторант III курса образовательной программы 8D01601 –
«Подготовка педагога истории» ЮКПУ им.Ө.Жәнібеков. Шымкент, Казахстан
[1]к.и.н, доцент. ЮКПУ им.Ө.Жәнібеков. Шымкент, Казахстан
[2]доктор PhD, профессор КТУ «Манас».Бишкек, Кыргызстан

ИСТОЧНИКОВЕДЧЕСКИЙ АНАЛИЗ ЗАКОНОДАТЕЛЬНЫХ АКТОВ РАННЕСОВЕТСКОГО ГОСУДАРСТВА 1917-1924 ГГ.: ВЛИЯНИЕ НА ПЕРЕСЕЛЕНИЕ И ФОРМИРОВАНИЕ ЭТНИЧЕСКОГО СОСТАВА ЮЖНОГО КАЗАХСТАНА

*Автор-корреспондент: e-mail:torgautova82@mail.ru

Аннотация: Целью исследования является исследование и анализ исторических законодательных источников, по вопросу правового регулирования раннесоветского государства в 1917-1924 годы, выявление причин, механизмов переселения и последствий переселенческой политики Советской власти, кардинально изменившей этническкую карту Южного Казахстана, через организацию потоков и земельные реформы. Изучение архивных документов, исследуемого периода (начало XX века - по 1924 г.) раскрывает вопросы репрессивной политики раннесоветского государства, повлиявшие на этнические и демографические изменения региона, в том числе и Южного Казахстана. Методологической основой исследования являются совокупность теоретико-методологических принципов и подходов историко-демографического направления, общеисторические методы, причинно-следственные связи, историко-генетический, историко-сравнительный, историко-типологический, историко-системный методы. Документы, свидетельствуют, о созданной разветвленной правовой системе, легитимизировавшей применение внесудебных и судебных репрессивнных мер. Акты, протоколы свидетельствуют о национальном движении по сохранению национальных ценностей, роль для населенного общества, случаи безполноценного судебного разбирательства, яркую антирелигиозную политику со стороны установившейся власти, конфискации имущества, выселение и изоляцию в лагерях, лишение гражданских прав. К 1924 году выявлено системное воздействие на социальные и этнические процессы населения, таким образом формирование основного полиэтнического состава Южного Казахстана на 1924 год.

Ключевые слова: источниковедческий анализ, законодательные акты и протоколы, переселение, этносы, 1917-1924, Южный Казахстан, методы

[1]Торгаутова Ш.А.*, [1]Сугирбаева Г.Д., [2]Буяр Ж.
[1]8D01601 - «Тарих педагогын даярлау» білім беру бағдарламасының III курс докторанты
Ө.Жәнібеков атындағы ОҚПУ, Шымкент, Қазақстан
[1]т.ғ.к., доцент. Ө.Жәнібеков атындағы ОҚПУ. Шымкент, Қазақстан
[2]PhD докторы, профессор. «Манас» КТУ. Бішкек, Қырғызстан

1917-1924 ЖЫЛДАРДАҒЫ КЕҢЕС МЕМЛЕКЕТІНІҢ АЛҒАШҚЫ КЕЗЕҢІНДЕГІ ЗАҢНАМАЛЫҚ АКТІЛЕРІНІҢ ДЕРЕКТАНУЛЫҚ ТАЛДАУЫ: ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАНҒА ҚОНЫС АУДАРУ ЖӘНЕ ЭТНИКАЛЫҚ ҚҰРАМЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫНА ӘСЕРІ

*Автор-корреспондент: e-mail:torgautova82@mail.ru

Түйін: Зерттеудің мақсаты 1917-1924 жылдардағы ерте кеңес мемлекетін құқықтық реттеу мәселесі бойынша тарихи заңнамалық дереккөздерді зерттеу және талдау, ағындар мен жер реформаларын ұйымдастыру арқылы Оңтүстік Қазақстанның этникалық картасын түбегейлі өзгерткен Кеңес өкіметінің қоныс аудару саясатының себептерін, механизмдерін және салдарын анықтау болып табылады. Зерттелетін кезеңдегі мұрағаттық құжаттарды зерттеу (XX ғасырдың басы - 1924 жылға дейін) аймақтың, оның ішінде Оңтүстік Қазақстанның этникалық және демографиялық өзгерістеріне әсер еткен ерте Кеңес мемлекетінің репрессиялық саясатының мәселелерін ашады. Зерттеудің әдіснамалық негізі тарихи-демографиялық бағыттың теориялық-әдіснамалық принциптері мен тәсілдерінің жиынтығы, жалпы тарихи әдістер, себеп-салдарлық байланыстар, тарихи-генетикалық, тарихи-салыстырмалы, тарихи-типологиялық, тарихи-жүйелік әдістер болып табылады. Актілер, хаттамалар ұлттық құндылықтарды сақтау жөніндегі ұлттық қозғалысты, халық қоғамы үшін рөлді, толық емес сот ісін жүргізу жағдайларын, қалыптасқан билік тарапынан жарқын дінге қарсы саясатты, мүлікті тәркілеуді, лагерьлерде көшіруді және оқшаулауды, азаматтық құқықтардан айыруды куәландырады. 1924 жылға қарай халықтың әлеуметтік және этникалық процестеріне жүйелі әсер анықталды, Осылайша Оңтүстік Қазақстанның 1924 жылға арналған негізгі полиэтникалық құрамының қалыптасуы анықталды.

Кілт сөздер: деректану талдауы, заңнамалық актілер мен хаттамалар, қоныс аудару, этностар, 1917-1924, Оңтүстік Қазақстан, әдістер

[1]Torgautova Sh.A.*, [1]Sugirbaeva G.D., [2]Buyar C.
[1]doctoral student of the second year of the educational program
8D01601 - «History teacher training» of the O.Zhanibekov SKPU. Shymkent, Kazakhstan
[1]candidate of historical sciences, associate professor, O.Zhanibekov SKPU. Shymkent, Kazakhstan
[2]doctor PhD, Professor, Kyrgyz-Turkish University «Manas». Bishkek. Kyrgyzstan

A SOURCE-BASED ANALYSIS OF THE LEGISLATIVE ACTS OF THE EARLY SOVIET STATE OF 1917-1924: IMPACT ON THE RESETTLEMENT AND FORMATION OF THE ETHNIC COMPOSITION OF SOUTHERN KAZAKHSTAN

*Corresponding-author: e-mail:torgautova82@mail.ru

Abstract: The purpose of the study is to study and analyze historical legislative sources on the issue of legal regulation of the early Soviet state in 1917-1924, to identify the causes, mechanisms of resettlement and the consequences of the resettlement policy of the Soviet government, which radically changed the ethnic map of Southern Kazakhstan, through the organization of flows and land

reforms. The study of archival documents from the period under study (the beginning of the twentieth century to 1924) reveals the issues of the repressive policy of the early Soviet state, which influenced the ethnic and demographic changes in the region, including Southern Kazakhstan. The methodological basis of the research is a set of theoretical and methodological principles and approaches of the historical and demographic direction, general historical methods, causal relationships, historical-genetic, historical-comparative, historical-typological, historical-systemic methods. The documents show that an extensive legal system has been created that legitimized the use of extrajudicial and judicial repressive measures. The acts and protocols attest to the national movement for the preservation of national values, the role of the populated society, cases of incomplete judicial proceedings, vivid anti-religious policies on the part of the established authorities, confiscation of property, eviction and isolation in camps, deprivation of civil rights. By 1924, a systemic impact on the social and ethnic processes of the population was revealed, thus forming the main multiethnic composition of Southern Kazakhstan in 1924.

Keywords: source analysis, legislative acts and protocols, resettlement, ethnic groups, 1917-1924, South Kazakhstan, methods

Введение

Одним из важных исторических источников по истории формирования полиэтнического состава Южного Казахстана, уже в начале XX века по 1924 год, являются документы, опубликованные в сборнике материалов государственной комиссии по полной реабилитации жертв политических репрессий (20-50 годы), собранных в ходе созданной комиссии по реабилитации жертв политических репрессий, на основании Указа Президента Республики Казахстан К.К.Токаева от 24 ноября 2020 года. Документы, вошедишие в сборник, представляют собой нормативные правовые акты государственных и партийных органов СССР и Казахстана, регламентировавшие социально-политические и экономические вопросы государтва, а также повлекшие за собой репрессивную политику в отношении разных социальных слоев и групп населения [1,6-7].

Уникальные документы проанализированы, в ходе изучения в хронологическом порядке, выявляют характер нормативно-правовых и законодательных актов, которые впоследствии усилили приток и наоборот отток этносов из областей Казахстана, приграничных территорий, составив обновленную картину полиэтничности в регионе. В сборник вошли документы, послужившие основанием для массовых политических репрессий в Казахстане в период с 1920-1950 годы. Значительная часть документов опубликованы впервые. Рассекреченные архивные документы, дали возможность изучить правовые и политические основы, а также конкретные механизмы репрессивной политики в отношении различных категорий жертв массовых репрессий. Большая работа над сборником проведена коллективом Института истории и этнологии им. Ш.Уалиханова, под общей редакцией Е.Т.Карина, выпущены в 2022 году в Республике Казахстан а также были сформированы сотрудниками проектного офиса государственной комиссии под руководством С.А.Касымова.

Изучение архивных документов, исследуемого периода (начало XX века - по 1924 г.) раскрывают вопросы этического и демографического изменения, влияние переселений, голод и локальные движение, басмаческое движение. Политические изменения после революции 1917 года, создали основу для расширения движения и усиления влияния среди местного населения. Социально-экономические кризисы и региональные диспропорции развития в Среднеазиатском регионе (Фергана, Бухара, Хива) усугубили народное недовольство, возникновение басмачества, которое далее превратилось в сложное историческое явление антисоветской национально-осободительной борьбы. Первые советские репрессии, повлияли на этническую структуру региона, включая депортации баев, депортации религиозных деятелей, усилены переселенческие процессы в период первой российской революции 1905-1907 годы, формирование в Казахстане в начале XX века движения Алаш, революции 1917

года, гражданской войны 1918 года и послереволюционный период до размежевания границ 1924 года [2, 79-94].

Документы содержат данные о причинах изменения состава населения, особенно влияние на резкое понижение коренного этноса казахов, увеличение доли некоренного населения в 1920-х годах. В ходе анализа репрессивной политики можно проследить за внутренним и внешним движением населения, факторами воздействующими на изменение этнического баланса в южных регионах Казахстана. Источники зафиксировали первые волны депортаций и вынужденные переселения, которые в результате сформировали полиэтнический облик региона в раннесоветский период. Материалы позволили объективно оценить малоизвестные факты истории и процессы формирования полиэтнического общества Казахстана.

Целью исследования является источниковедческий анализ законодательных актов раннесоветского государства 1917-1924 гг., анализ правового регулирования миграционной политики в 1917-1924 годы, выявление причин, механизмов и последствий переселенческой политики Советской власти, кардинально изменившей этническкую карту Южного Казахстана, через организацию потоков и земельные реформы. Исследователь ставит в задачи - изучение и анализ влияния раннесоветских нормативных актов, принятых в период 1917-1924 годов, на миграционные процессы в Южном Казахстане, определить основные этапы, формы и последствия изменений этнического состава региона под влиянием государственной политики в области землеустройства и переселения в 1917-1924 годы; выявить характер переселений - то есть внутренние факторы и внешние факторы; влияние земельных реформ и изъятие земель у коренного населения на этнодемографическую ситуацию; оценить изменение состава и доли этнических групп в регионе на основе архивных материалов и данных переписей, определить последствия переселенческой политики для традиционного хозяйства и культуры казахов в исследуемый период.

Проблема методологическиой основы изучения политичеких репрессий имела прикладной аспект, так как без всесторонней научной оценки учета особенностей и специфики репрессий в Казахстане, невозможно было в полной мере провести процесс реабилитации жертв репрессий. Анализируя репрессивную политику в СССР на современной этапе, ее начальный этапы проходившие с начала 20-х годов, цели и осуществеленные в действие в дальнейшие 30-е, 40-е, 50-е годы XX века в совокупности сформировали серию политических задач государства и органов власти, по так называемым «репрессивным мерам принуждения по политическим мотивам» к этносам, социальным и профессиональным группам, общностям. Исследуемый период затронувший начало XX века до 1924 года, стал также и одним из основополагающим для изучения основ по переселению этносов на территорию Южного Казахстана, соответственно формирующего полиэтнический состав населения Южного региона Казахстана.

Исследование документов, позволило дать характеристику проведенной репрессивной политики, по направлениям деятельности коренного населения, влияние на социально-экономическое и политическое развитие региона в целом.

Several studies also propose that the suffix *-tai* in *Tarbagatai* is derived from the Mongolian language, where it corresponds to the Kazakh suffix *-ly/-li" (-dy/-di, -ty/-ti)*, which denotes possession. O.T. Molchanova states, «Here, the suffix *-tai* is probably a general addition, and its etymology can be said not to come from Turkic languages. It is widely used in Mongolian as a grammatical marker of relative adjectives or possessive nouns... Therefore, it is plausible to consider this as a result of Turkic-Mongolian linguistic interaction» [20, 83]. «In Kazakh, there is the suffix *-lai*/*-dai*/*-tai*. However, this suffix does not have an attributive meaning, but rather an assimilative one.

Unlike the Mongolian suffix *-tai* it doesn't truncate *-n* in the word. Therefore, there is no doubt that this word was borrowed from Mongolic languages» [21, 59]. Additionally, toponyms containing the Mongolian suffix *-tai* are found across a broad area of Central Asia and Kazakhstan, from Baikal to the Zhaiyk River. Therefore, it is possible to say that the historical truth of the toponymic tradition prevails in the name of *Tarbagatai*.

Historical toponymic legends should have a historical character. It should reflect the realities of a certain era. The zootoponym *Tarbagatai* embodies this feature: within the oronym, a historical marker is evident, rather than an artistic image. For instance, historical data indicate that following the invasion of Genghis Khan, the influence of the Mongolian language on Turkic languages was substantial. The introduction of the zootoponym *Tarbagatai* can be linked to this superstrate process, where the dominant language influences the language of the conquered. The origin of the name is thus tied to the history of this region. Consequently, by preserving the toponymic legend, future generations can gain a deeper and more accurate understanding of the landscape and geographical context of the area (which at one time was home to many marmots).

In general, legends often arise from the historical circumstances experienced by a people. S. Kaskabasov argues that the plots of legends are frequently national in character, and many are even regional or local [6, 122]. This observation is particularly relevant when considering the nature of historical and toponymic legends.

Common toponymic legends related to zootoponyms

This type of legend does not heavily rely on historical data but rather emerges from history, reflecting a certain reality among nations. Unlike other types, mythical imagery is not present in this category of legends. According to S. Kaskabasov, these legends often have a somber tone, with abrupt endings that leave the characters in unfortunate situations [6, 147].

The general toponymic type of legend is widely developed among Turkic peoples, and examples can be found in various collections of legends. One such example, which has not been extensively considered from a scientific etymological perspective, is the zootoponym *Konyrkulzha*.

The legend associated with *Konyrkulzha* in «Babalar Sozi» can be regarded as a typical example of a general toponymic legend.

According to the legend: «This is a mountain with a very high cliff. Long ago there were many arkhars on this mountain. Of course, where there is a steppe, there is also an arkhar, right? But the arkhars of Konyrkulzha was a very rare species. A hunter named Sabit, who lived and traveled around this mountain, was known for his accuracy – never missing a bird. One day, a coach told him, «Your death will be caused by a wild lamb or a kid of the arkhar goat that you raised yourself». Sabit, reluctant to kill the young arkhar, decided to wait until it grew up. Once, his children accidentally released the arkhar from its cage, hoping to play with it, and it escaped to the mountains. Sabit forgot the coach's warning and continued hunting, assuming the wolves would have eaten the arkhar. One day, while hunting again, he was shooting arkhars and saw a child of the arkhar that he raised. It had been away for about three years. Sabit encountered the now fully grown arkhar, its eyes blazing. Only then did Sabit remember the coach's words. He decided to kill the arkhar before it could fulfill the prophecy, but the arkhar vanished. Sabit climbed to the top of the cliff, intending to shoot it. As he admired the view of the village from the mountaintop, he heard a loud sound behind him. Turning around, he saw the same arkhar preparing to attack. Before Sabit could reach for his gun, the arkhar charged at him. The frightened Sabit doesn't even have time to get his gun out. In a frantic moment, Sabit managed to shoot the arkhar, but both tumbled down the cliff to their deaths. Thus, both the hunter and the arkhar died. Thus, the mountain's name, «Konyrkulzha» originates from the color of the arkhar and this legend» [12, 174-175].

The legend has a general character: it does not describe a specific historical event but rather originates from everyday life. Therefore, it can be classified as a general toponymic legend. The name of *Konyrkulzha* does not incorporate any mythical concepts or fantasy Although the legend begins as a positive story of heroism and hunting, it concludes tragically with the deaths of both the hunter and

the arkhar (kulzha). This toponymic legend, which explains the mountain's name, serves educational, local, and informational purposes.

There is little scientific research on the etymology of the zootoponym *Konyrkulzha*. The origin of the toponymic legend *Konyrkulzha*, the name of a mountain in the modern Karaganda region, suggests that the *konyr* (brown) element of the oronym is used in its coloristic sense. Generally, the Kazakh people referred to *arkhar, kulzha, deer, elk, and mountain goats* as brown game, depending on their species and color. This term is also found among Mongolian Kazakhs, who considered animals such as arkhar, kulzha and mountain goats to be sacred, with a guardian in heaven, hence calling them «konyr» (brown). They had a guardian in heaven, so they were called «konyr (brown)». We believe that the basis for the toponym may be the term «konyr (brown)», found in mountain and forest areas where mountain goats, arkhars, and deer live [22, 208]. It is likely that this toponym reflects the long-term interaction between Turkic and Mongolian languages. And *kulzha*, which is part of the oronym, is a Turkic word; Kazakhs call a male arkhar *kulzha* [23, 303]. Although the legend typically uses the word *arkhar*, it seems that the name *kulzha* was adopted to maintain accuracy in the mountain's name. Thus, the legend logically explains why the mountain is called *Konyrkulzha* rather than *Konyrarkar*. The hunter, skilled in his craft, ultimately meets his fate at the hands of the more formidable kulzha. The oronym *Konyrkulzha* was thus formed, possibly based on a real-life event.

Mythological toponymic legends related to zootoponyms

In general, although some opinions suggest that toponymic legends are purely historical and do not reflect mythical concepts or actions of mythical characters [6, 125], it is important to acknowledge the presence of various mythological elements preserved in such legends. This is stated in scientific works on toponymy [10, 95; 8, 2120; 24, 9].

In mythological toponymic tales, the basis for naming a toponymic object often lies in fictional stories born from the collective imagination of the people, featuring mystical creatures. These legends differ from historical and general toponymic legends by their broader area of distribution. Folklorist A. Konyratbayev states, «The main characteristic of mythological legends is their commonality among different neighbouring countries and peoples» [5, 73]. This is because tribes and peoples often shared common ideas about mythical images created by human imagination. For example, in the early Turkic tribes, «the primary mythology was about a white horse, seven robbers, Urker, Zukhra, then legends were told about people, animals and beasts. Any fairy tale, legend, or epic is born from a depiction of life that initially has a real meaning, leaving its residue in the mind. Legends created in the form of figurative-logical thinking are a remarkable achievement of human imagination» [5, 73-74].

One of the most prevalent zootoponyms is associated with the *snake*, which holds an important place in Turkic, including Kazakh, mythological toponymic legends. «The snake is a symbol found in almost all mythological traditions. Mythological legends about snakes are widespread among the peoples of Central Africa, Central America, North America, and South and Southeast Asia. Archaeological findings suggest that the image of the snake held significant importance in the beliefs of ancient peoples across Asia, from Greece to Tibet» [25, 288-289].

In Kazakh mythological legends, the image of the snake is depicted both as a positive and negative character, reflecting various aspects of mythical knowledge. However, in Kazakh beliefs, there is a prevailing respect for snakes. For example, in the Kazakh language there is an expression: «if you see a snake, pour white». This means that «if a snake enters the house, it should not be killed; instead, milk should be poured into a bowl in front of it, or white liquid (milk, airan, or kumis) should be poured on its head, and it should be gently guided out of the house». This expression reflects an innate respect for the snake. Therefore, it can be assumed that the image of the snake is abundantly preserved in the mythological and folklore traditions of the Kazakh people.

The «Babalar sozi» («The Word of Ancestors») contains the following zootoponymic mythological legend associated with the *snake*:

«During a time of war, the inhabitants of Tortkultobe faced capture by an enemy force Desperate for a solution, they realized that their only hope lay in assassinating the Khan. But how could they achieve this? Seeking answers, a man named Sadi arrived from the conquered land. Sadi possessed a unique ability: he understood the language of snakes and could communicate with them, compelling them to obey his commands. Sadi spent three days in a vast cave near Tortkultobe, where he encountered a colossal serpent. The snake inquired about his purpose.

Sadi explained that the Khan's destructive actions were devastating the country, and he sought assistance:

- In my hand I have gold, like the eye of a button, which I took from a rich man during my service. In my opinion, there is no khan who would not be interested in gold. Let me go to the Khan, saying that I took that gold from your cave. He will come believing, and then you will send his soul to hell, he begged.

Satisfied with Sadi's arguments, the snake agrees. Sadi came to the khan early in the morning, showed him the gold in his hand, intrigued him and told him that the gold was in the snake cave.

- The huge snake wants you to come alone, – he said. At that very moment the khan, looking up, went alone to the snake's cave. At that very moment the khan, looking up, went alone to the snake's cave. When he approached the entrance to the cave, poison spurted from the snake's tongue:

- You have found your fate yourself! – she said.

The Khan, poisoned by a snake, announces to his country that he is going to move to another place and sets off on his journey. When poisoned khan reached the spring:

- I want to drink. Get me out of the cart! – he said, leaning on the bank of the spring. At this moment, the snake venom quickly spread throughout his body, stung by the icy spring water, and the khan died. The Grand Vizier saw this: - Oh, no! – he shouted. - We have lost our khan! This spring is «Zhylandy bulak (Snake's Spring)». Don't come any closer! Come on, let's get away from here quickly.

Since then, the place where the khan died was called «Zhylandy bulak» [12, 120-121].

The veracity of events within toponymic legends remains uncertain; in other words, they emerge from the realm of mythical knowledge Consequently, we classify them as mythological toponymic legends. Many of these legends originate from the dreams and imaginations of people who yearn for justice and equality, often seeking aid from snakes. In ancient mythological beliefs, snakes are frequently depicted as guardians of humanity. S. Kondybai's research provides relevant insights: «In Kazakh folklore, a snake grants the person who aids it the ability to understand the language of animals, interpret dreams, and discern their meanings. Additionally, the snake bestows magical items such as stones or rings upon the helper. Toponymic legends even suggest that coins were left in houses where milk was offered, placed near the milk container» [25, 301-302].

The snake cult played a significant role in the beliefs of ancient civilizations. In Greek mythology, Athena, the goddess of wisdom, was associated with snakes. In the Kazakh language there is a concept of «Zhylan-Kydyr» or Kydyr (Kyzyr), which appears in the image of a snake: that is, in the Muslim understanding, Kydyr, who gives happiness and good luck, can appear to a person in the form of a snake [25, 301-302].

There are several zootoponyms based on the name of the snake in the Turkic region, including within the toponymic space of Kazakhstan, where the snake was regarded as a cult symbol. Some of these have evolved into toponymic legends. The Kazakh land, especially the Central region, is rich in zootoponyms with the name of a snake. *Zhylan, Zhylandy, Zhylanshyk, Zhylan zhailagan, Zhylan bulak, Zhylandytobe, Zhylantau, Zhylantobe, Zhylandy kainar*, etc. The reason for the names of zootoponyms is explained by the presence of snakes in Central Kazakhstan (Ulytau) at one time. In this regard, Zh. Zhumabekov's research presents interesting and actual data. As for the history of the name *Zhylandy*, there is basically one answer: «because of the large number of snakes», «frequent hordes of snakes», «a place where snakes live». If we take this into account, then in the Kazakh steppe a system of names related to other animals and birds was formed. For example, there are many wolves

in the steppes of Saryarka, but there are no toponyms associated with wolf names [26, 36]. The author believes that the reason for the large number of zootoponyms with the name of a *snake* in the Central region is associated with the Kimyaks, who inhabited the region of modern Kazakhstan in the Middle Ages and created a powerful state. The Kimyaks, like other Turkic peoples, believed in the snake cult and considered themselves a snake people. Therefore, considering that in the Middle Ages Central Kazakhstan was the homeland of the Kimyaks, the name Zhylandy can be considered a legacy of the Kimyak era [26, 37].

In any case, zootoponyms with the name of a *snake* clearly encompass ancient mythical knowledge and folk beliefs. In this regard, we can fully agree with S. Yıldırım's opinion: «There are traces of mythical knowledge in toponymic legends» [8, 2120]. This is evidenced by some toponymic legends that have survived in the country.

Conclusion

Toponymic legends play a crucial role in uncovering the history and semantic significance of toponyms. These legends reveal that Kazakh place names – spanning steppes and regions – are deeply intertwined with the rich history and culture of the people. In Kazakh toponymic legends, the zootoponymic layer is particularly prominent, reflecting the lifestyle of a people who have long been engaged in cattle breeding, hunting, and irrigation agriculture. It can be said that in the legends, myths, traditions and stories of the Kazakh people, living in close contact with Mother Nature, a whole encyclopedia of the animal world has been created. Zootoponyms in Kazakh toponymic legends are typically classified into historical, general, and mythological toponyms. This classification of the zootoponymic layer is, of course, conditional. However, when analyzing the origins and semantic fields of toponyms within the context of legends, their historical, general, and mythological characteristics become apparent. This is clearly demonstrated in the interpretation of the zootoponyms *Tarbagatai, Konyrkulzha, and Zhylandy Bulak* in toponymic legends. The origin of the zootoponym *Tarbagatai*, for example, is linked to the once-large population of marmots (with *tarbaga* being the Mongolian word for marmot) in the eastern region of Kazakhstan. The Mongolian linguistic element in the name highlights the historical connections between the Kazakh and Mongolian (Kalmyk, Dzungar) peoples. The legend of *Konyrkulzha*, on the other hand, shows that its zootoponymic name was not derived from a specific historical event but rather from its common natural features. The presence of mythological elements in the creation of the zootoponym *Zhylandy Bulak* indicates that mythological motifs are preserved in toponymic legends.

As evidenced by the analysis, folk etymology is of particular importance in uncovering the origins and semantic meanings of toponyms associated with animal names in toponymic legends. It is clear that the basis for naming these differentiated zootoponyms is rooted in folk etymology, and that scientific interpretations often build upon this foundation. Therefore, it can be inferred that folk etymology plays a significant role in identifying the linguistic and historical underpinnings of zootoponyms.

References list:
sources and historiographical works

1. The History of Central Asia. (История Центральной Азии). Almaty: Kazakh University, 2017, 442 p. P. 39.

2. Margulan, A. Ancient song epics. (Ежелгі жыр, аңыздар). Almaty: Zhazushy, 1985, 368 p. P. 151.

3. Auezov, M. Time and literature. (Уақыт және әдебиет). Almaty: Kazakh state publishing house of fiction, 1962, 321 p. P. 55.

4. Gabdullin, M. Oral literature of the Kazakh people. (Қазақ халқының ауыз әдебиеті). Almaty: Mektep, 1996, 368 p. P. 141-142.

5. Konyratbayev, A. History of Kazakh folklore. (Қазақ фольклорының тарихы). Almaty: Ana tili, 1991, 288 p. P. 73; 73-74; 74-97.

6. Kaskabasov, S. Kazakh folk prose. (Қазақ халық прозасы). Almaty: Gylym, 1984, 272 p. P. 144-150; 122; 125; 147

7. Ibrayev, S., Bakhadyrova, S., & Rakhymov, B. Folklore of Turkic peoples. (Түркі халықтарының фольклоры). Astana: Foliant, 2009, 432 p. P. 2101-2121.

8. Yıldırım, S. Toponymic Legends of Kazakh Turks. Turkish Studies. Volume 7/1, 2012, 2101-2121 pp. P. 2120. http://dx.doi.org/10.7827/TurkishStudies.3078.

9. Tuyakbayev, G., Taiman, S., & Botabayeva, Zh. Motives common to turkic people in Kazakh toponymic legends. Milli Folklor, Year 35, Volume 18, Issue 138, 2023, 144-153 pp. DOI: 10.58242/millifolklor.1185. P. 144-153.

10. Taspolatov, B. T. Toponyms of Kazygurt. (Қазығұрт топонимдері). Shymkent: Alem, 2016, 162 p. P. 95; 96.

11. Tynyshpayev, M. The history of the Kazakh people. (История казахского народа). Almaty: Sanat, 2002, 224 p. P. 154.

12. The Word of Ancestors. (Бабалар сөзі). 100-volume, Volume 80. Astana: Foliant, 2011, 472 p. P. 174-175; 241.

13. Konkashpayev, G. K. Dictionary of Kazakh geographical names. (Словарь казахских географических названий). Almaty: Publishing House of the Academy of Sciences of the Kazakh SSR, 1963, 186 p. P. 109.

14. Abdrakhmanov, A. Toponymy and etymology. (Топонимика және этимология). Almaty: Gylym, 1975, 172 p. P. 171-172.

15. Koishybayev, E. Dictionary of place-water names of Kazakhstan. (Қазақстанның жер-су аттары сөздігі). Almaty: Mektep, 1985, 256 p. P. 217.

16. Sagidoldakyzy, G. Reflection in toponymy of the historical and cultural ties of the Turkic and Mongolian peoples. (Түркі және моңғол халықтарының тарихи-мәдени байланыстарының топонимияда бейнеленуі). Almaty, 2000, 254 p. P. 179.

17. Gorbunov, A. P. A short encyclopedic dictionary of historical toponyms. (Краткий энциклопедический словарь исторических топонимов). Almaty, 2014, 528 p. P. 384.

18. Kosymova, G. Etymology of historical names. (Тарихи атаулардың этимологиясы). Almaty: Epigraph, 2019, 160 p. P. 127.

19. Mamısheva, M. E., & Seiitova, Sh. B. Semantics of names in Tarbagatai toponyms. (Тарбағатай топонимінің семантикасы). Bulletin of L. N. Gumilyov ENU. Philology series, 2022, 3 (140), 95-102 pp. P. 96. https://doi org/10.32523/2616-678X-2022-140-3-95-102

20. Molshanova, O. T. The *mai* element in toponymy in Central Asia and adjacent territories. (Элемент *май* в топонимии в Средней Азии и смежных территорий). Onomastics of Central Asia. Moscow: Nauka, 1978. 81-86 pp. P. 83.

21. Dybo, A.V., Baibossyn, A.M., Kenzhalin, K.K., Begimova, G.A., Abdualiuly, A., & Knoninov, V.N.Revisiting the Mongolian Stratum of Kazakh Place Names. Problems of Onomastics, 2024, 21(1), 27-71 pp. P. 59. https://doi.org/10.15826/vopr_onom.2024.21.1.002

22. Madieva G., Sapashev O., Biyarov B., Alimkhan A., & Smailova A. Toponymic space of East Kazakhstan. (Топонимическое пространство Восточного Казахстана). Ust-Kamenogorsk: Reklamnyj Dajdzhest, 2008, 208 p. P. 208.

23. Dictionary of the Kazakh literary language. (Қазақ әдеби тілінің сөздігі). Fifteen volumes. Volume 10. Almaty, 2011, 752 p. P. 303.

24. Sokil, V. V. Toponymic tarditions and legends of Ukrainians Karpat. (Топонимические легенды и предания украинцев Карпат). Minsk, 1990, 453 p. P. 9.

25. Kondybai, S. Ancient Kazakh mythology. (Арғы қазақ мифологиясы). Almaty: Arys, 2024, 1021 p. P. 301-302.

26. Zhumabekov, Zh. Toponym «Zhylandy» in Central Kazakhstan. (Орталық Қазақстан өңіріндегі «Жыланды» топонимі). Onomastic Messenger, 2007, № 1, 35-38 pp. P. 36; 37.

Information about the author responsible for the correspondence (place of work, phone number, e-mail): **Konyratbayev Ordaly Moldalyuly** - Candidate of Historical Sciences, Senior Researcher Research Center «History and Ethnology», M.Auezov South Research Kazakhstan University, Shymkent, Kazakhstan, e-mail: ordaly1962@mail.ru.

тақырыптық рубрикалар / тематические рубрики / subject headings

ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ
ИСТОРИЯ КАЗАХСТАНА
HISTORY OF KAZAKHSTAN

ҒТАХР/ МРНТИ/ IRSTI: 03.20
https://orcid.org:0000-0003-0449-9796
https://orcid.org/0000-0003-3057-7161
https://orcid.org: 0000-0001-9481-0271

[1]Енсенов Қ.А., [1]Сейтказина К.О.*, [2]Абдырахманов Т.А.
[1]тарих ғ.к., қ.профессор, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ. Астана, Қазақстан
[1]тарих ғ.к., қ.профессор, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ. Астана, Қазақстан
[2]тарих ғ.д., профессор, ж.ғ.қ. ҚҰҒА Философия институты. Бішкек, Қырғызстан

СЕМЕЙ ПОЛИГОНЫНЫҢ ЖАБЫЛУ ТАРИХЫ

*Автор-корреспондент: seitkazina_ko@enu.kz

Түйін: Мақалада Семей ядролық полигонының жабылу тарихы, Қазақстандағы антиядролық қозғалыстың қалыптасуы мен дамуы, сондай-ақ тәуелсіз Қазақстанның ядролық қарусыздану саясаты қарастырылады. «Невада-Семей» қозғалысының қоғамдық-саяси маңызы, оның ядролық сынақтарды тоқтатудағы рөлі және полигонның жабылуына ықпалы талданады. Сонымен қатар Семей полигонында жүргізілген ядролық сынақтардың экологиялық, әлеуметтік және медициналық зардаптары сипатталады. Қазақстанның ядролық қарудан өз еркімен бас тартуының халықаралық қауіпсіздікті нығайтудағы маңызы мен әлемдік қауымдастық тарапынан жоғары бағаланғаны көрсетіледі. Полигонды жабу мен ядролық қарудан бас тарту Қазақстан тарихындағы ең маңызды саяси шешімдердің бірі ретінде бағаланады және оның тарихи маңызы қазіргі кезеңде де өзектілігін жоғалтпады. Зерттеудің методологиялық негізі тарихи танымның объективтілік, тарихи сабақтастық және жүйелілік қағидаттарына сүйенеді. Бұл қағидаттар оқиғаларды олардың тарихи контекстінде қарастырып, себеп-салдарлық байланыстарды анықтауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар зерттеу барысында тарихи-салыстырмалы әдіс кеңінен қолданылды, ол Кеңес Одағы кезеңіндегі ядролық саясат пен тәуелсіз Қазақстанның ядролық қарусыздану бағытын салыстыруға негізделген. Зерттеу нәтижелері Қазақстанның ядролық қарусыз әлем құру жолындағы бастамаларының тарихи маңызын айқындайды.

Кілт сөздер: Семей ядролық полигоны, Невада-Семей қозғалысы, антиядролық саясат, ядролық қарусыздану, экологиялық зардаптар, халықаралық қауіпсіздік

[1]Енсенов К.А., [1]Сейтказина К.О.*, [2]Абдырахманов Т.А.
[1]к.и.н., ассоц.профессор. ЕНУ им.Л.Гумилева. Астана, Казахстан
[1]к.и.н., ассоц.профессор. ЕНУ им.Л.Гумилева. Астана, Казахстан
[2]д.и.н., профессор, в.н.с. Института философии НАН КР. Бишкек, Кыргызстан

ИСТОРИЯ ЗАКРЫТИЯ СЕМИПАЛАТИНСКОГО ПОЛИГОНА

*Автор-корреспондент: seitkazina_ko@enu.kz

Аннотация: В статье рассматривается история закрытия Семипалатинского ядерного полигона, становление и развитие антиядерного движения в Казахстане, а также политика ядерного разоружения независимого Казахстана. Анализируется общественно-политическое значение движения «Невада-Семипалатинсик», его роль в прекращении ядерных испытаний и влияние на закрытие полигона. Также будут описаны экологические, социальные и медицинские последствия ядерных испытаний, проведенных на Семипалатинском полигоне. Отмечается важность добровольного отказа Казахстана от ядерного оружия в укреплении международной безопасности и высокая оценка мировым сообществом. Закрытие полигона и отказ от ядерного оружия оценивается как одно из важнейших политических решений в истории Казахстана, и его историческое значение не утратило своей актуальности и на современном этапе. Методологическая основа исследования опирается на принципы объективности, исторической преемственности и системности исторического познания, позволяющие рассматривать события в их историческом контексте и выявлять причинно-следственные связи. В ходе исследования использован историко-сравнительный метод, основанный на сравнении курса ядерной политики в советский период и ядерного разоружения независимого Казахстана. Результаты исследования определяют историческое значение инициатив Казахстана по созданию мира без ядерного оружия.

Ключевые слова: Семипалатинский ядерный полигон, движение «Невада-Семипалатинск», антиядерная политика, ядерное разоружение, экологические последствия, международная безопасность

[1]Yensenov K.A., [1]Seitkazina K.O.*, [2]Abdyrakhmanov T.A.
[1]Candidate of Historical Sciences, Associate Professor. L.N.Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
[1]Candidate of Historical Sciences, Associate Professor. L.N.Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
[2]Doctor of Historical Sciences, Professor Leading Research Fellow,
Institute of Philosophy NASc KR. Bishkek, Kyrgyzstan

THE HISTORY OF THE CLOSURE OF THE SEMIPALATINSK NUCLEAR TEST SITEl

*Corresponding author: seitkazina_ko@enu.kz

Abstract: The article examines the history of the closure of the Semipalatinsk nuclear test site, the formation and development of the anti-nuclear movement in Kazakhstan, as well as the policy of nuclear disarmament of independent Kazakhstan. The article analyzes the socio-political significance of the Nevada-Semipalatinsk movement, its role in stopping nuclear testing and its impact on the closure of the landfill. The environmental, social and medical consequences of the nuclear tests conducted at the Semipalatinsk test site will also be described. The importance of Kazakhstan's voluntary renunciation of nuclear weapons in strengthening international security is noted and highly appreciated by the international community. The closure of the test site and the abandonment of nuclear weapons is assessed as one of the most important political decisions in the history of Kazakhstan, and its historical significance has not lost its relevance at the present stage. The methodological basis of the research is based on the principles of objectivity, historical continuity and consistency of historical knowledge, which allow us to consider events in their historical context and identify cause-and-effect relationships. The research uses a historical and comparative method based on a comparison of the course of nuclear policy during the Soviet period and the nuclear disarmament of independent Kazakhstan. The results of the study determine the historical significance of Kazakhstan's initiatives to create a world without nuclear weapons.Keywords: Semipalatinsk Nuclear Test Site, Nevada–Semipalatinsk Movement, anti-nuclear policy, nuclear disarmament, environmental consequences, Kazakhstan, international security.

Keywords: Semipalatinsk nuclear test site, Nevada-Semipalatinsk movement, anti-nuclear policy, nuclear disarmament, environmental consequences, international security

Кіріспе

XX ғасыр адамзат тарихында ғылым мен техниканың қарқынды дамуымен қатар, жаппай қырып-жою қаруларының пайда болып, олардың кең көлемде сыналуымен ерекшеленді. Әсіресе ядролық қарудың жасалуы мен оны тәжірибелік тұрғыда сынау әлем халықтарына зор қауіп төндірді. Кеңес Одағы кезеңінде ядролық қаруды сынауға арналған ең ірі әскери нысандардың бірі Қазақстан жерінде орналастырылды. Солардың ішіндегі ең ауқымдысы әрі зардаптары жағынан аса қауіптісі Семей ядролық сынақ полигоны болды. Полигон аумағында 1949 жылдан бастап қырық жылдан астам уақыт бойы жүздеген ядролық және термоядролық жарылыстар жүргізілді. Бұл сынақтар қоршаған ортаға, табиғи ресурстарға және халықтың денсаулығына орны толмас зиян келтірді.

Семей полигонында жүргізілген ядролық сынақтардың салдары тек белгілі бір аймақпен шектеліп қалмай, республиканың әлеуметтік-экономикалық дамуына да кері әсерін тигізді. Радиациялық сәулеленудің нәтижесінде қатерлі ісік, генетикалық мутациялар, туа біткен аурулар мен түрлі созылмалы дерттердің көбеюі байқалды. Сонымен қатар ауа, су және топырақтың ластануы экологиялық жағдайдың күрт нашарлауына әкелді. Осыған байланысты полигон мәселесі уақыт өте келе тек аймақтық емес, халықаралық маңызы бар мәселеге айналды.

1980-жылдардың соңында қоғамда ядролық сынақтарға қарсы наразылық күшейіп, оның нәтижесінде «Невада-Семей» антиядролық қозғалысы дүниеге келді. Бұл қозғалыс Қазақстан халқының бейбітшілік пен қауіпсіздік жолындағы күресінің символына айналып, ядролық сынақтарды тоқтату бағытындағы маңызды қоғамдық күш болды. Қозғалыстың ықпалымен және халықтың жаппай қолдауымен Семей полигонын жабу мәселесі мемлекеттік деңгейде қарастырылып, тарихи шешім қабылданды.

1991 жылғы 29 тамызда Семей ядролық полигонын жабу туралы Жарлыққа қол қойылуы Қазақстан тарихындағы аса маңызды оқиғалардың бірі болды. Бұл шешім тек экологиялық және гуманитарлық тұрғыдан ғана емес, сонымен қатар тәуелсіз Қазақстанның сыртқы саясаты мен халықаралық беделінің қалыптасуында ерекше рөл атқарды. Кейін Қазақстан әлемдегі төртінші ірі ядролық арсеналдан өз еркімен бас тартып, ядролық қарусыздану ісінің жаһандық көшбасшыларының біріне айналды.

Осы мақалада Семей ядролық полигонының жабылу тарихы, антиядролық қозғалыстың қалыптасуы мен қызметі, полигон қызметінің экологиялық және әлеуметтік зардаптары, сондай-ақ Қазақстанның ядролық қарусыздану саясатының тарихи маңызы жан-жақты қарастырылады.

Тарихи сараптама

Қазақстан Республикасының тәуелсіздігін алған алғашы күндерден басталған қызметінің басты бағыты өзінің территориясындағы Кеңес Одағынан қалған аса мол көлемдегі ядролық қарудың, оны жеткізу құралдарының болашағының қалай болатындығына арналды. Бұл жағдай мемлекеттің ішкі мәселесінен шығып, халықаралық деңгейдегі күрделі құбылысқа айналды. Қазақстанның ядролық қаруының тағдыры АҚШ-тан басталған Еуропа, Азия мемлекеттері мен халықтарын алаңдатты.

Семей ядролық полигонының тарихы XX ғасырдағы халықаралық әскери-саяси жағдайлармен және «қырғи-қабақ соғыс» кезеңіндегі қарулану жарысымен тікелей байланысты. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін АҚШ пен Кеңес Одағы арасындағы әскери бәсекелестік күшейіп, ядролық қару стратегиялық басымдықтың басты құралына айналды. Осыған байланысты Кеңес Одағы өзінің ядролық бағдарламасын жедел дамыту мақсатында арнайы сынақ алаңдарын ұйымдастыруға кірісті. 1947 жылы Қазақстан аумағындағы Семей өңірі географиялық орналасуы мен табиғи жағдайларына байланысты ядролық сынақ

полигоны ретінде таңдалып, екі жылдан кейін алғашқы атом бомбасының сынағы өткізілді.

1949 жылғы 29 тамызда Семей полигонында алғашқы ядролық жарылыс жасалды. Бұл оқиға Кеңес Одағының ядролық мемлекеттер қатарына қосылуына мүмкіндік берді. Алайда әскери-стратегиялық мақсаттар үшін жүзеге асырылған бұл саясат жергілікті халықтың мүддесімен санаспады. Полигон маңындағы тұрғындар сынақтардың нақты зардаптары туралы ақпараттандырылмады және олардың денсаулығын қорғауға бағытталған шаралар толық көлемде жүргізілмеді. Соның нәтижесінде аймақтағы халық ұзақ жылдар бойы радиациялық әсерге ұшырады.

1949-1989 жылдар аралығында Семей полигонында 456 ядролық және термоядролық сынақ өткізілді. Оның ішінде жүзден астамы жер үстінде және атмосферада жүргізілсе, қалған бөлігі жер астында жүзеге асырылды. Бұл жарылыстардың жиынтық қуаты Хиросима қаласына тасталған атом бомбасының қуатынан бірнеше мың есе асып түсті. Тарихи деректер көрсеткендей, сынақтар барысында қоршаған ортаға орасан зор көлемде радиоактивті заттар таралып, олардың әсері Семей облысымен қатар Павлодар, Қарағанды және Шығыс Қазақстан өңірлеріне де жетті [1, 23].

1960-1980 жылдары ядролық сынақтардың салдары жөнінде ғылыми зерттеулер жүргізілгенімен, олардың нәтижелері көп жағдайда құпия сақталды. Кеңестік билік әскери мүддені бірінші орынға қойып, экологиялық және гуманитарлық мәселелерді екінші кезекке ысырып тастады. Соған қарамастан, жергілікті дәрігерлер мен ғалымдар арасында радиацияның адам денсаулығына тигізетін зияны туралы пікірлер қалыптаса бастады. Кейінгі зерттеулер қатерлі ісік, қан аурулары, жүйке жүйесінің бұзылуы, туа біткен кемістіктер мен генетикалық мутациялардың көбеюін радиациялық әсермен байланыстырды [2, 14].

1980-жылдардың екінші жартысында Кеңес Одағында жариялылық пен демократиялық өзгерістердің басталуы Семей полигоны мәселесінің ашық көтерілуіне мүмкіндік берді. 1989 жылы ақын және қоғам қайраткері Олжас Сүлейменовтің бастамасымен «Невада-Семей» халықаралық антиядролық қозғалысы құрылды. Қозғалыстың атауы АҚШ-тағы Невада ядролық сынақ полигоны мен Семей полигонының ортақ тағдырын білдірді. Бұл қозғалыс қысқа уақыт ішінде кең қолдау тауып, миллиондаған адамдардың қатысуымен өткен қоғамдық наразылық акцияларын ұйымдастырды [3, 8-9].

Тарихи тұрғыдан алғанда, «Невада–Семей» қозғалысы Қазақстандағы алғашқы ірі қоғамдық-саяси қозғалыстардың бірі болды. Ол тек экологиялық мәселелерді көтеріп қана қоймай, азаматтық қоғамның қалыптасуына және ұлттық сананың өсуіне ықпал етті. Қозғалыс қызметі нәтижесінде полигондағы сынақтардың зардаптары халықаралық деңгейде талқыланып, әлемдік қауымдастықтың назарын аударды. Бұл жағдай Кеңес Одағы басшылығына да қысым жасап, сынақтарды қысқарту туралы шешімдердің қабылдануына әсер етті.

1991 жылғы 29 тамызда Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Семей ядролық полигонын жабу туралы Жарлыққа қол қоюы тарихи маңызы зор оқиға болды. Бұл шешім Кеңес Одағының әлі толық ыдырамаған кезеңінде қабылданғандықтан, оның саяси маңызы ерекше болды. Қазақстан әлемде алғашқылардың бірі болып ірі ядролық сынақ алаңын біржақты тәртіппен жапқан мемлекет ретінде танылды. Бұл қадам елдің болашақтағы сыртқы саясатының негізгі бағыттарының біріне айналған бейбітшілік пен қауіпсіздік қағидаттарын айқындады [4, 2].

Тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстан аумағында орналасқан стратегиялық ядролық қару мәселесі күн тәртібіне шықты. Кеңес Одағы ыдыраған кезде республика аумағында әлемдегі төртінші ірі ядролық арсенал орналастырылған еді. Қазақстан басшылығы халықаралық қауіпсіздік пен ұлттық мүддені ескере отырып, ядролық қарудан ерікті түрде бас тарту туралы шешім қабылдады. 1990-жылдардың ортасына қарай барлық ядролық оқтұмсықтар республика аумағынан шығарылып, зымырандық кешендер жойылды.

Бұл тарихи шешім Қазақстанның халықаралық беделін айтарлықтай арттырды. Ел

ядролық қаруды таратпау және қарусыздану саласындағы жаһандық бастамалардың белсенді қатысушысына айналды. Қазақстанның тәжірибесі халықаралық ұйымдар мен көптеген мемлекеттер тарапынан оң бағаланып, кейінгі жылдары ядролық қауіпсіздік мәселелеріндегі маңызды үлгі ретінде қарастырылды [5, 1].

Осылайша, Семей ядролық полигонының жабылу тарихы тек бір әскери нысанның қызметін тоқтатумен шектелмейді. Бұл оқиға Қазақстан қоғамының экологиялық қауіпсіздік үшін күресінің, ұлттық тәуелсіздікке ұмтылысының және халықаралық бейбітшілікке қосқан үлесінің көрінісі болып табылады. Полигонды жабу мен ядролық қарудан бас тарту Қазақстан тарихындағы ең маңызды саяси шешімдердің бірі ретінде бағаланады және оның тарихи маңызы қазіргі кезеңде де өзектілігін жоғалтқан жоқ.

Тарихнамалық талдау

Семей ядролық полигонының тарихы, оның жабылуы және Қазақстанның ядролық қарусыздану саясаты отандық және шетелдік тарихнамада кеңінен зерттелген мәселелердің бірі болып табылады. Бұл тақырыпқа арналған ғылыми еңбектерді шартты түрде бірнеше бағытқа бөліп қарастыруға болады: біріншісі – полигонның құрылуы мен қызметінің тарихын зерттейтін еңбектер; екіншісі – ядролық сынақтардың экологиялық және медициналық зардаптарын қарастыратын зерттеулер; үшіншісі – «Невада–Семей» антиядролық қозғалысы мен полигонның жабылу үдерісіне арналған еңбектер; төртіншісі - Қазақстанның ядролық қарудан бас тартуы мен халықаралық қауіпсіздік саласындағы бастамаларын талдайтын зерттеулер.

Кеңестік кезеңдегі ғылыми әдебиеттерде Семей полигоны туралы мәліметтер шектеулі түрде берілді. Өйткені полигон қызметі әскери құпия нысан ретінде қарастырылып, оның жұмысына қатысты ақпараттар көпшілікке жарияланбады. Сол себепті кеңестік тарихнамада полигонның қызметі негізінен КСРО-ның қорғаныс қабілетін нығайтудағы жетістік ретінде сипатталды. Ядролық сынақтардың халық денсаулығына және қоршаған ортаға тигізген зардаптары туралы мәліметтер ресми жарияланымдарда көрсетілмеді немесе өте аз көлемде қамтылды.

1980-жылдардың соңындағы жариялылық саясатының нәтижесінде Семей полигоны мәселесі ашық талқылана бастады. Осы кезеңде жарық көрген алғашқы еңбектердің қатарында қоғам қайраткері және мемлекет қайраткері Кешірім Бозтаевтың зерттеулері ерекше орын алады. Оның «Семей полигоны» атты еңбегінде ядролық сынақтардың әлеуметтік және экологиялық салдары, сондай-ақ полигонды жабу жолындағы қоғамдық күрестің тарихы баяндалған [6, 132]. Автор өз еңбегінде сол кезеңдегі оқиғалардың тікелей куәгері ретінде құнды деректер мен құжаттарды келтіреді.

Антиядролық қозғалыстың тарихын зерттеуде Олжас Сүлейменовтің еңбектері маңызды дереккөз болып табылады. Оның мақалалары мен баяндамаларында «Невада–Семей» қозғалысының құрылу себептері, негізгі мақсаттары және халықаралық деңгейдегі қызметі кеңінен сипатталған. Зерттеушілер бұл қозғалысты Қазақстандағы азаматтық қоғамның қалыптасуына ықпал еткен алғашқы қоғамдық-саяси ұйымдардың бірі ретінде бағалайды. Сонымен қатар қозғалыстың халықаралық антиядролық ұйымдармен байланысы және әлемдік қоғамдық пікірге әсері де ғылыми әдебиеттерде кеңінен қарастырылады [7, 220].

Семей полигонының экологиялық және медициналық зардаптарын зерттеу бағытында қазақстандық ғалымдардың еңбектері маңызды орын алады. Әсіресе медицина және радиациялық қауіпсіздік саласындағы зерттеулерде сынақтардың адам денсаулығына тигізген әсері жан-жақты талданған. Қазақ КСР Ғылым академиясының ғалымдары жүргізген зерттеулер мен кейінгі тәуелсіздік кезеңіндегі ғылыми жұмыстарда радиациялық сәулеленудің қатерлі ісік ауруларының, қан жүйесі ауруларының, генетикалық мутациялардың және туа біткен кемістіктердің көбеюіне ықпал еткені дәлелденді. Бұл бағыттағы еңбектер Семей полигоны мәселесін әскери немесе саяси тұрғыдан ғана емес, гуманитарлық және экологиялық тұрғыдан да бағалауға мүмкіндік береді [8, 237].

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін тақырыптың зерттелу аясы едәуір кеңейді. Тәуелсіздік кезеңіндегі тарихнамада полигонның жабылуы Қазақстанның егемен мемлекет ретінде қалыптасуымен тығыз байланыста қарастырылады. Осы бағыттағы еңбектердің ішінде Қазақстанның Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың еңбектері ерекше орын алады. Оның «Ғасырлар тоғысында», «Тәуелсіздік дәуірі» және басқа да кітаптарында Қазақстанның ядролық қарудан бас тарту саясатының себептері мен халықаралық маңызы баяндалады. Автор ядролық қарусыздану туралы шешімнің қабылдану үдерісін, халықаралық келіссөздерді және әлемдік державалармен жүргізілген дипломатиялық жұмыстарды сипаттайды [9, 245].

Қазақстанның ядролық қарусыздану тәжірибесі халықаралық зерттеушілердің де назарын аударды. Американдық, британдық және ресейлік ғалымдардың еңбектерінде Қазақстанның әлемдегі төртінші ядролық арсеналдан ерікті түрде бас тартуы халықаралық қауіпсіздік саласындағы бірегей тарихи оқиға ретінде бағаланады. Британдық зерттеуші Джонатан Айткен өз еңбектерінде Қазақстанның ядролық қарудан бас тарту арқылы халықаралық беделге ие болғанын және әлемдік қауіпсіздікке елеулі үлес қосқанын атап көрсетеді. Шетелдік тарихнамада Қазақстанның бұл тәжірибесі ядролық қаруды таратпау режимінің табысты үлгілерінің бірі ретінде қарастырылады [10, 90].

Қазіргі кезеңдегі зерттеулерде Семей полигоны мәселесі жаңа қырынан қарастырылуда. Соңғы жылдары жарияланған ғылыми жұмыстарда полигонның экологиялық мұрасы, зардап шеккен халықты әлеуметтік қорғау мәселелері, радиациялық қауіпсіздік және сынақ аймағын бейбіт мақсатта пайдалану тәжірибесі зерттелуде. Сонымен қатар Қазақстанның халықаралық антиядролық бастамалары мен жаһандық қауіпсіздік жүйесін нығайтудағы рөліне ерекше назар аударылып келеді.

Медеу Сәрсекенің «Семей қасіреті» атты деректі тарихи хикаятында полигон аумағында ұзақ жылдар бойы жүргізілген ядролық сынақтардың халық өміріне тигізген зардабы кеңінен баяндалады. Автор бұл қасіретті тарихи деректер, оқиғалар және сол кезеңді көзімен көрген адамдардың тағдыры арқылы көрсетеді. Ядролық сынақтардың зардабы Семей өңіріндегі халықтың денсаулығына ғана емес, табиғи ортаға да үлкен зиян келтірді. Сәрсекенің еңбегі Семей полигонының тарихын халық жадында сақтаудың және ядролық сынақтардың адамзатқа әкелетін зардабын ұмытпаудың маңызды дереккөзі болып табылады [11, 24–32].

Тоғжан Қасенова «Атом улаған дала: Қазақстанның бомбадан бас тарту жолы» еңбегінде Қазақстан аумағында жүргізілген ядролық сынақтардың тарихын, оның халық пен табиғатқа тигізген зардабын және елдің ядролық қарудан бас тарту жолын жан-жақты баяндайды. Автордың зерттеуіне сүйенсек, ядролық сынақтардың адам денсаулығына кері әсері ерте кезден белгілі болғанымен, сынақтар ұзақ уақыт бойы тоқталмағандығын атап өтеді. Семей полигонында ядролық сынақтардың ұзақ жылдар бойы жүргізілуі халықтың денсаулығына, қоршаған ортаға және тұтас аймақтың әлеуметтік жағдайына ауыр зардап әкелді. 1989 жылы ядролық сынақтарға қарсы қоғамдық қозғалыстар күшейіп, бұл мәселе ашық талқылана бастады. Кейін Қазақстан тәуелсіздік алған соң ядролық мұрадан бас тарту бағытын таңдады. Т.Қасеновaның еңбегі осы тарихи үдерісті архивтік құжаттармен және куәгерлердің естеліктерімен байланыстыра қарастырады [12, 70-80].

Материалдар мен әдістер

Теориялық талдау

Тарихнамалық материалдарды талдау көрсеткендей, Семей ядролық полигонының жабылу тарихы көпқырлы ғылыми мәселе болып табылады. Отандық және шетелдік зерттеулер бұл оқиғаның тек Қазақстан тарихындағы ғана емес, бүкіл әлемдік қауіпсіздік тарихындағы маңызын дәлелдейді. Дегенмен полигон қызметінің әлеуметтік, демографиялық және экологиялық салдарын кешенді түрде зерттеу жұмыстары әлі де жалғасуда. Сондықтан аталған мәселе қазіргі тарих ғылымы үшін өзектілігін сақтап отырған маңызды зерттеу бағыттарының бірі болып табылады.

Зерттеу жұмысының негізгі мақсаты - Семей ядролық полигонының жабылу тарихын, оның себептері мен тарихи маңызын кешенді түрде талдау. Осы мақсатқа жету үшін төмендегідей міндеттер қойылады:

Біріншіден, Семей ядролық полигоны қызметінің тарихи қалыптасуы мен даму кезеңдерін қарастыру, оның Кеңес Одағының ядролық бағдарламасындағы рөлін анықтау. Екіншіден, 1949–1989 жылдар аралығында жүргізілген ядролық сынақтардың экологиялық, әлеуметтік және медициналық зардаптарын ғылыми деректер негізінде талдау. Үшіншіден, 1989 жылы құрылған Невада-Семей қозғалысының қалыптасу себептерін және оның полигонды жабу үдерісіне тигізген ықпалын зерттеу. Төртіншіден, Қазақстан Республикасының тәуелсіздік жылдарындағы ядролық қарусыздану саясатының негізгі бағыттарын және оның халықаралық деңгейдегі маңызын бағалау. Бесіншіден, Семей полигонының жабылуының Қазақстанның халықаралық беделіне, қауіпсіздік саясатына және жаһандық антиядролық қозғалысқа қосқан үлесін айқындау. Аталған міндеттерді орындау зерттеу тақырыбының мазмұнын толық ашуға және Семей полигоны мәселесінің тарихи маңызын жан-жақты түсіндіруге мүмкіндік береді.

Берілген зерттеу жұмысы Семей ядролық полигонының жабылу тарихын, антиядролық қозғалыстың қалыптасуын және Қазақстанның ядролық қарусыздану саясатының эволюциясын кешенді түрде қарастыруға бағытталған. Зерттеу тақырыбының күрделілігі мен көпқырлылығы оны талдауда тарихи, пәнаралық және жүйелі әдістерді қолдануды талап етеді.

Зерттеудің методологиялық негізі тарихи танымның объективтілік, тарихи сабақтастық және жүйелілік қағидаттарына сүйенеді. Бұл қағидаттар оқиғаларды олардың тарихи контекстінде қарастырып, себеп-салдарлық байланыстарды анықтауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар зерттеу барысында тарихи-салыстырмалы әдіс кеңінен қолданылды, ол Кеңес Одағы кезеңіндегі ядролық саясат пен тәуелсіз Қазақстанның ядролық қарусыздану бағытын салыстыруға негізделген.

Негізгі зерттеу нысандарының бірі ретінде Семей ядролық полигоны қарастырылып, оның қызметі мен салдары архивтік деректер мен ресми құжаттар негізінде талданды. Архивтік деректерді талдау әдісі зерттеудің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады, себебі ол оқиғалардың нақты хронологиясын анықтауға және тарихи фактілердің шынайылығын тексеруге мүмкіндік береді. Бұл ретте Қазақстан Республикасы Президентінің архиві, сондай-ақ Ресей Федерациясының сыртқы саясат архивінен алынған құжаттар дереккөз ретінде пайдаланылды.

Сонымен қатар, зерттеу барысында контент-талдау әдісі қолданылды. Бұл әдіс арқылы саяси қайраткерлердің баяндамалары, ресми құжаттар, ғылыми еңбектер мен қоғамдық қозғалыстардың материалдары сарапталды. Атап айтқанда, Невада-Семей қозғалысының үндеулері мен қоғамдық мәлімдемелері талданып, оның қоғамға ықпалы бағаланды. Бұл әдіс қозғалыстың идеологиялық және әлеуметтік мәнін ашуға мүмкіндік берді.

Жүйелік талдау әдісі арқылы Семей полигоны мәселесі тек экологиялық немесе медициналық проблема ретінде емес, сонымен қатар саяси, әлеуметтік және халықаралық қауіпсіздік контекстінде қарастырылды. Бұл тәсіл ядролық қарудан бас тарту процесін біртұтас тарихи жүйе ретінде түсіндіруге мүмкіндік береді.

Сондай-ақ, зерттеуде индукция және дедукция әдістері қолданылды. Индуктивті талдау нақты тарихи фактілерден жалпы қорытынды жасауға мүмкіндік берсе, дедуктивті әдіс Қазақстанның ядролық қарусыздану саясатын жалпы халықаралық қауіпсіздік жүйесімен байланыстыра қарастыруға жағдай жасады.

Методологиялық тұрғыдан зерттеу пәнаралық сипатқа ие, өйткені ол тарих, саясаттану, экология және халықаралық қатынастар ғылымдарының тоғысында қарастырылады. Бұл тәсіл Семей полигонының жабылуы сияқты күрделі тарихи құбылысты жан-жақты талдауға мүмкіндік береді. Семей ядролық полигонының жабылу тарихын зерттеу қазіргі тарихи ғылымдағы кешенді және көпқырлы мәселелердің бірі болып табылады. Бұл тақырыпты

теориялық тұрғыдан талдау үшін ең алдымен ядролық қару, ядролық қауіпсіздік, антиядролық қозғалыстар және мемлекеттердің қарусыздану саясатына қатысты ғылыми концепциялар мен теориялық тұжырымдар қарастырылады. Теориялық анализ тарихи, саяси және әлеуметтік ғылымдардың тоғысында жүзеге асырылады, себебі Семей полигоны мәселесі тек әскери-стратегиялық құбылыс емес, сонымен қатар әлеуметтік, экологиялық және халықаралық қауіпсіздікпен тікелей байланысты күрделі процесс болып табылады.

Ядролық қару теориясы халықаралық қатынастар ғылымында «тежеу теориясы» (deterrence theory) және «қауіпсіздік дилеммасы» (security dilemma) ұғымдары арқылы түсіндіріледі. Бұл теорияларға сәйкес, мемлекеттер ядролық қаруды ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету құралы ретінде қарастырады. Кеңес Одағы кезеңінде Семей ядролық полигоны осы тежеу саясатының бір бөлігі ретінде жұмыс істеді. Алайда ұзақ мерзімді перспективада ядролық сынақтардың әлеуметтік және экологиялық салдары бұл саясаттың гуманитарлық және экологиялық дағдарысқа әкелетінін көрсетті.

Антиядролық қозғалыстар теориясы азаматтық қоғамның қалыптасуы мен әлеуметтік қозғалыстардың дамуы контексінде қарастырылады. Бұл теория бойынша, қоғамдағы экологиялық немесе гуманитарлық қауіптер күшейген кезде азаматтық белсенділік артып, әлеуметтік қозғалыстар пайда болады. Қазақстандағы Невада-Семей қозғалысы осы теориялық модельдің нақты көрінісі болып табылады. Қозғалыс тек экологиялық талаптармен шектелмей, саяси шешімдерге ықпал ете алатын қоғамдық күшке айналды.

Құрылымдық-функционалдық теория тұрғысынан алғанда, мемлекет – қоғам - халықаралық жүйе арасындағы өзара байланыс маңызды орын алады. Семей полигонының жабылуы осы үш деңгейдің өзара әрекеттесуінің нәтижесі ретінде қарастырылады. Мемлекет ішіндегі қоғамдық қысым (антиядролық қозғалыс), саяси элитаның стратегиялық шешімдері және халықаралық қауымдастықтың талаптары бір жүйеге бірігіп, полигонның жабылуына алып келді.

Рационалды таңдау теориясы (rational choice theory) тұрғысынан Қазақстанның ядролық қарудан бас тарту шешімі тиімді саяси-экономикалық есептеулердің нәтижесі ретінде түсіндіріледі. Тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстан алдында екі таңдау тұрды: ядролық арсеналды сақтау немесе халықаралық интеграция мен қауіпсіздік кепілдіктерін алу мақсатында одан бас тарту. Теориялық тұрғыдан алғанда, Қазақстан екінші нұсқаны таңдау арқылы ұзақ мерзімді ұлттық мүддені басым қойды.

Аннотация: В статье рассматривается воспитательный потенциал изучения жизненного пути национальных личностей на уроках истории. Данный анализ проводится на основе научного наследия Е.Бекмаханова. Цель исследования - раскрыть связь направления персонологического анализа в трудах ученого с содержанием патриотического, гражданского и ценностного воспитания в современном курсе истории Казахстана. В работе применены герменевтический, компаративный и методический подходы, сопоставлены образ Кенесары Касымулы в исследованиях Е.Бекмаханова и подходы к изучению исторических личностей в современной школьной программе. Автор обосновывает, что изучение исторической личности не должно сводиться к запоминанию фактов, а должно способствовать формированию исторического сознания, национальной идентичности, академической честности и гражданской ответственности учащихся. В статье предложены методические приемы работы с текстом, дискуссионные вопросы, моральная дилемма, деконструкция и ролевая игра. Результаты исследования показывают, что использование трудов Е. Бекмаханова на уроках истории развивает критическое мышление, историческое суждение и государственническую позицию учащихся.

Ключевые слова: Справедливый Казахстан, честный гражданин, общенациональная идеология, персонология, Ермухан Бекмаханов, К.Касымулы.

[1]Ismailova B.A.*, [1]Orynbasarova G.Zh., [2]Kozhamzharova D.P.
[1]Second-year doctoral student of specialty 8D01601 – «History teacher training», O.Zhanibekov SKPU. Shymkent, Kazakhstan
[1]Candidate of Historical Sciences, Associate Professor. O.Zhanibekov SKPU. Shymkent, Kazakhstan
[2]Doctor of Historical Sciences, Professor, Kazakhstan Republic under the President National Sciences Academician Academy. Almaty, Kazakhstan

THE EDUCATIONAL POTENTIAL OF LEARNING THE WAY OF LIFE NATIONAL FIGURES IN HISTORY LESSONS

*Corresponding author: balnur.ismaylova1988@mail.ru

Abstract: The article examines the educational potential of studying national figures in history lessons based on E. Bekmakhanov's scholarly legacy. The purpose of the study is to define the methodological value of his works in developing students' historical consciousness, civic responsibility and value-based understanding of the past. The study uses hermeneutic, comparative and methodological analysis. Special attention is given to the image of Kenesary Kassymuly in E. Bekmakhanov's research and its interpretation in modern school history education. The article shows that historical personality study should not be limited to factual memorization. It can support students' critical thinking, academic integrity and civic position through text analysis, discussion questions, moral dilemmas, deconstruction and role play. The proposed approach allows E. Bekmakhanov's legacy to be used as a methodological resource in history teaching.

Keywords: Just Kazakhstan, honest citizen, national ideology, personology, Yermukhan Bekmakhanov, K.Kassymuly.

Кіріспе

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен «Адал азамат» ұғымы білім беру бағдарламалары мен идеологиялық саясаттың басты бағытына айналды. «Адал азамат» тұжырымдамасы «Әділетті Қазақстан» құрудың негізі — озық ойлы, еңбекқор, әділдікті бәрінен биік қоятын және өз ісіне жауапты тұлға қалыптастыру.

Білім беру жүйесінде тарих пәнінің міндеті оқушыларға тарихи фактілер мен даталарды меңгертумен ғана шектелмейді. Тарих сабағы білім алушының тарихи санасын, ұлттық бірегейлігін, азаматтық жауапкершілігін және құндылықтық бағдарын қалыптастыратын маңызды пәндік кеңістік ретінде қарастырылады. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында білім беру жүйесінің негізгі міндеттерінің бірі ретінде жеке тұлғаның шығармашылық пен рухани дене мүмкіндіктерін дамыту болып табылады. Адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, даралықты дамыту негізі [1]. Талап тарих пәнінің тәрбиелік қызметін күшейтеді. Тарихи білімді тұлғалық даму және азаматтық ұстаным қалыптастыру құралымен байланыстыра қарастыруды талап етеді.

Қазақстандағы тәрбие жұмысының құрылымында ұлттық құндылықтар, адалдық пен еңбекқорлық негізгі тетік. Жауапкершілік және отаншылдық ұғымдары өзекті тұсы. 2024 жылғы «Біртұтас тәрбие» бағдарламасында білім беру ұйымдарындағы тәрбие процесін құндылыққа және құзыреттілікке бағдарланған тәсіл арқылы ұйымдастыру көзделеді [2]. Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаев Ұлттық құрылтайдың «Әділетті Қазақстан - Адал азамат» атты екінші отырысында жоғарыла айтылған ұғымдарын ел дамуының құндылықтық негіздерімен байланыста сипаттады [3]. Тарих сабағында ұлттық тұлғаларды зерттеу оқушыға өткенді жаңаша көзбен бағалауға мүмкіндік туғызады. Тарихи оқиғалар жай деректер ретінде емес, тұлғалық және азаматтық қырынан қарастырылады. Осылайша оқушы тарихты терең сезінеді. Құндылықтық талдау да осы үдерістің маңызды бөлігі болып табылады.

Ұлттық тұлғаларды оқыту мемлекеттік саясатпен тығыз байланысты мәселе. Қазақстан тарихи-мәдени жадын жаңартуды өз бағытының өзегіне айналдырған. «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласында тарихи сана мен ұлттық жадыны қалпына келтіру мәселесі арнайы сөз болады. Сонымен қатар ондай ірі тарихи есімдерді насихаттаудың және «Ұлы даланың ұлы есімдері» жобасын жүзеге асырудың маңыздылығы нақты атап көрсетілген [4].

Мектеп тарихын оқытуда жеке тұлға арқылы кезеңді түсіндіру тәсілі, менің ойымша, ең тиімді жолдардың бірі. Оқушы белгілі бір адамның өмірін, оның таңдауларын, күресін қадағалай отырып, тарихи ортаны өзі сезінгендей қабылдайды. Абстрактілі дата мен оқиғалар жинағынан гөрі, нақты адам тағдыры арқылы берілген ақпарат есте жақсы қалады.

Е. Бекмахановтың зерттеулері осы тұрғыдан ерекше орын алады. Ол XIX ғасырдың 20–40-жылдарындағы қазақ тарихын, атап айтқанда отаршылдыққа қарсы халық қозғалысын терең талдаған. Кенесары Қасымұлы бастаған қарулы қарсылықтың табиғаты мен мәні осы еңбектерде дәлелді түрде ашылған, сондықтан бұл материалдар сабақта тікелей қолдануға жарамды [5, 43-45].

Бекмаханов мәтіндерімен жұмыс істеу оқушыға тек фактіні жаттауды емес, деректі сауатты оқуды үйретеді. Бір оқиғаның бірнеше түрлі бағасы болуы мүмкін екенін, тарихшының өз позициясы мен дәуірі оның пікіріне ықпал ететінін оқушы осы арқылы байқайды. Бұл сыни ойлауды қалыптастырудың нақты, практикалық жолы.

Тарихи әділет пен академиялық адалдық күрделі ұғымдар. Оларды оқушыға жеткізу оңай емес. Бекмаханов мұрасы осы ұғымдарды нақты мысалдар арқылы ашып көрсетеді.

Зерттеу жұмысы Е.Бекмаханов мұрасына арналған. Ол мектептегі Қазақстан тарихы сабағымен тікелей байланыста қарастырылады. Негізгі назар ұлттық тұлғаларды оқыту мазмұнына аударылады. Дереккөз ретінде бірнеше материал пайдаланылды. Олардың қатарында Е. Бекмахановтың XIX ғасырдың 20–40-жылдарына арналған еңбегі бар. Сонымен қатар ғалым туралы естелік жазбалар алынды. Тарихты оқытудың әдістемелік ұстанымдары да негізге алынды. Құндылықтық тәрбиеге бағытталған нормативтік құжаттар да қамтылды [6; 7].

Зерттеудің мақсаты айқын белгіленген. Е.Бекмахановтың ғылыми еңбектері арқылы тарихи тұлғаларды мектеп сабақтарында оқытудың тәрбиелік мүмкіндіктері зерделенеді. Сабақтарда қолдануға болатын әдістемелік тәсілдер де анықталады. Осы мақсат бірнеше міндетті белгіледі. Солардың бірі Е.Бекмаханов еңбектеріндегі Кенесары Қасымұлы бейнесін

талдау.

Ғалым мұрасын қазіргі мектеп оқулықтарындағы тұлғатану мазмұнымен салыстыру; тарихи тұлғаларды оқытуға арналған әдістемелік тәсілдерді жүйелеу; Е. Бекмаханов еңбектерін сабақта қолданудың танымдық, құндылықтық және әрекеттік мүмкіндіктерін анықтау.

Тарихнамалық негізді қалыптастыруда бірнеше зерттеушінің еңбегі пайдаланылды. М.Қ. Қозыбаевтың кеңестік кезеңдегі ақтаңдақтарға қатысты тұжырымдары [8], К. Нұрпейістің Бекмаханов еңбектерінің қазақ тарихындағы орны туралы пайымдары [9], сондай-ақ М.Х. Әбусейітова мен Т. Омарбековтің әдіснамалық зерттеулері [10;11] осы қатарда. Ұлттық саяси элита мәселелерін қарастыруда М. Қойгелдиевтің еңбегі мен «Қазақстан тарихы: очерктер» басылымы қосымша тірек болды [12;13]. Кенесары Қасымұлы бейнесін мектеп мазмұны тұрғысынан нақтылау және салыстыру үшін З.Е. Қабылдинов, Ж.Н. Қалиев және А.Т. Бейсембаева құрастырған 8(7)-сынып оқулығының тақырыптық материалдары [14,3-5;101-104], тарихты оқыту әдістемесі мен тұлғатану мәселелерін қарастырған Г. Сармурзина еңбегі [15, 45-52] және Х.А. Аубакирова мақаласы [16, 85-92] негізге алынды.

Кенесары Қасымұлы қозғалысын Бекмаханов тек шайқастар тізбегі ретінде қарастырмады - оны қазақ қоғамындағы мемлекеттілік пен саяси дербестік мәселесінің көрінісі деп бағалады. XIX ғасырдың 20–40-жылдарын зерттеу барысында ғалым осы қозғалыстың әлеуметтік негізін, саяси мақсатын және отаршылдыққа қарсы сипатын ғылыми тұрғыдан ашып берді [5, 43–45]. Тарихи тұлға оның еңбегінде өмірбаяндық дерек деңгейінен жоғары көтеріледі - белгілі бір кезеңнің қоғамдық қайшылықтары мен халықтық қозғалыстардың ішкі логикасымен тығыз байланыста қаралады.

Осы тұрғыдан Кенесары бейнесі мектеп тарихы үшін ерекше дидактикалық мүмкіндік ашады. Ұлттық қозғалыстардың себеп-салдарын, тарихи шешімдердің ауқымын, саяси көшбасшылыққа жүктелетін жауапкершілікті — осының бәрін оқушымен талқылауға Бекмаханов зерттеулері нақты тірек бола алады. Қазақ тарихнамасындағы тұлғатану бағыты да көп жағынан осы еңбектерден бастау алады.

Бекмахановтың зерттеу тәсілі мектеп сабағында, әсіресе деректермен жұмыс жасауды үйрету тұрғысынан, нақты қолданысқа ие. Ғалым мұрағат қорларын, ресми актілерді және тарихи фактілерді бір-біріне қарама-қарсы қойып пайдаланды — осы салыстырмалы талдау арқылы бір оқиғаның бірнеше түрлі бағаланатынын және бұл бағалардың артында авторлық ұстаным, кезеңнің идеологиясы немесе дереккөздің шығу тегі жатқанын көрсетті. Мұндай материал сабаққа енгізілсе, оқушы алдына қойылған мәтінді бірден қабыл алудың орнына, оны кім жазған, қашан, не мақсатпен деген сұрақтардан бастап өзі жіктеуге мәжбүр болады. Бұл - тарихи сауаттылықтың басты белгісі.

Бекмахановтың өз тағдыры да оқу үдерісінде бөлек орын алуы мүмкін. Ол жазған еңбектері үшін ғылыми қудалауға ұшырады, мансабынан айырылды — бірақ кейін ақталды. Осы желі арқылы сыныпта тарихшының идеологиялық қысым жағдайындағы жауапкершілігін, ғылыми пікір мен ресми бағыттың арасындағы шиеленісті талқылауға болады. Алайда тұлғаны жай ғана мақтаумен немесе «трагедиялық ғалым» үлгісімен шектеп тастаса, дидактикалық мән жоғалады. Бекмахановты дәуірінің нақты тарихи контексінде, деректерге сүйене отырып қарастырғанда ғана оның өмірбаяны оқушы үшін шынайы аналитикалық материалға айналады.

Мектеп тарихында ұлттық тұлғалардың өмір жолын қарастыру білім мен тәрбиені бір арнаға тоғыстырады. Кенесары Қасымұлы немесе Е. Бекмаханов сияқты есімдер оқушыға нақты мысал арқылы көп нәрсені үйретеді. Елдік мүдде дегеніміз не, азаматтық таңдау қалай жасалады, тарихи жауапкершілік қандай болады осының бәрін оқушы тірі деректер негізінде түсінеді.

Тұлғатану бағыты өмірбаяндық мәліметтерді жаттатумен шектелмейді. Ол оқушының тарихи ойлау қабілетін өсіретін жүйе ретінде қызмет атқарады. Сонымен бірге тарихи

оқиғаларға құндылықтық тұрғыдан баға беру дағдысын да қалыптастырады.

Материалдар мен әдістер

Теориялық талдау

Зерттеуде төрт негізгі әдіс қолданылды. Біріншісі тарихи-әдіснамалық талдау. Бұл арқылы Бекмахановтың Кенесары көтерілісін қалай сипаттағаны, тарихи тұлғаны қандай принциптер негізінде бейнелегені және авторлық тұжырымдарының ғылыми тірегі не екені зерделенді. Сонымен қатар осы еңбектердің мектеп сабағында мазмұндық ресурс ретінде пайдаланылу мүмкіндігі бағаланды.

Екіншісі герменевтикалық талдау. Бекмахановтың мәтіндерінде отаршылдыққа қарсылық, азаттық, азаматтық ұстаным сияқты ұғымдар қалай берілген осы мағыналық қабаттарды ашу үшін қолданылды. Мәтінді тек оқып шығу емес, оны оқушының жас деңгейіне, пәндік дайындығына және сабақтың тәрбиелік мақсатына қарай түсіндіру мәселесі де осы әдіс аясында қаралды. Нәтижесінде мәтіндегі құндылықтық мазмұн, авторлық баға және тұлға бейнесін оқу үдерісіне қалай кіріктіруге болатыны айқындалды.

Компаративтік талдау Е. Бекмаханов зерттеулеріндегі тұлға бейнесі мен қазіргі мектептегі Қазақстан тарихын оқыту мазмұнын салыстыруға бағытталды. Салыстыру барысында тарихи тұлғаны бағалау ұстанымы, дерекпен жұмыс жасау сипаты, оқушының тарихи пайымын дамыту мүмкіндігі, ұлттық құндылықтармен байланыс және тәрбиелік ықпал өлшемдері ескерілді. Осы негізде тарихи тұлғатану бағытының қазіргі сабақ құрылымындағы әдістемелік қызметі нақтыланды.

Е.Бекмаханов мұрасын сабақ үдерісінде қолдануға арналған әдістемелік тәсілдерді жүйелеуге қолданылатын Педагогикалық модельдеу әдісі. Зерттеу мазмұнында мәтінмен жұмыс, дискуссиялық сұрақтар, моральдық дилемма, тарихи деконструкция, салыстырмалы талдау және рөлдік ойын тәсілдері қарастырылды. Тәсілдер оқушылардың тарихи пайымын, азаматтық жауапкершілігін, академиялық адалдығын және ұлттық бірегейлік туралы түсінігін дамытуға бағытталды.

Тәрбиелік әлеуетті бағалауда үш өлшем негізге алынды: танымдық, құндылықтық және әрекеттік. Танымдық өлшем дегеніміз — оқушының тарихи дерекке деген түсінік деңгейі, тұлға қызметін саналы қабылдауы. Отаншылдық, әділдік, адалдық, жауапкершілік — осы құндылықтарды меңгеру екінші өлшемнің мазмұнын құрады. Ал үшінші — әрекеттік — өлшемде оқушының мәтінді талдай алуы, пікірін дәлелдеуі, өз азаматтық ұстанымын айта білуі басты назарда болды.

Кесте – 1. Е.Бекмаханов зерттеулері мен қазіргі мектеп бағдарламасындағы тұлғатану бағыттарын салыстыру

№	Салыстыру өлшемдері (Критерийлер)	Е.Бекмаханов зерттеулеріндегі тұлғалық сипаттамалар	Білім беру бағдарламасындағы тұлғатану бағыты
1	Идеологиялық платформа	Марксистік-лениндік методология. Тұлғалар таптық күрес пен кеңестік цензура шеңберінде бағаланды.	Ұлттық-мемлекеттік идеология. Тұлғалар ұлттық мүдде мен тәуелсіздік құндылықтары тұрғысынан қарастырылады.
2	Тұлға мен халықтың рөлі	«Тарихты тудырушы — халық бұқарасы». Тұлға — халықтың еркін орындаушысы, таптық мүдденің	«Тұлға тарихты жасайды». Көшбасшының жеке харизмасы, шешімдері мен рөлі бірінші орынға шығады.

		жетекшісі.	
3	Кенесары хан бейнесі	Прогрессивті феодалдық монарх. Отаршылдыққа қарсы күрескер, бірақ қаталдығы мен қателіктері таптық тұрғыдан сыналды.	Ұлттық азаттық символы, ұлы реформатор. Мемлекеттілікті қалпына келтіруші ретінде тек жағымды және дәріптеуші сипатта.
4	Бағалау бағыты	Біржақты саяси-әскери қызмет. Тұлғаның тек отаршылдыққа қарсылығы немесе әлеуметтік қайшылықтардағы рөлі зерттелді.	Көпқырлы жан-жақтылық. Саяси қайраткерлермен қатар ағартушылар, ғалымдар, рухани тұлғалар тең дәрежеде қамтылған.
5	Сын мен объективтілік	Мәжбүрлі таптық сын. Кез келген хан немесе сұлтанның буржуазиялық-феодалдық тегіне баса назар аударылды.	Сыни ойлау (SWOT-талдау). Тұлғаның қателіктері мен шешімдері сол дәуірдің тарихи контексімен байланыстыра, объективті бағаланады.
6	Оқушыға/Оқырманға әсері	Академиялық-тарихи таным. Архивтік деректерге негізделген ғылыми баяндау, идеологиялық тұжырымдарды сіңіру.	Патриотизм мен құндылықтарды қалыптастыру. Тұлғаның жеке қасиеттері арқылы оқушы бойында азаматтық ұстанымды тәрбиелеу.

Тәжірибелік бөлім

Е.Бекмаханов мұрасы тарих сабағында бірнеше бағытта қолданылады. Біріншіден, оқушы тарихи мәтінмен тікелей жұмыс жасайды. Екіншіден, әртүрлі дереккөздерді салыстырып, өз қорытындысын шығарады. Үшіншіден, тұлғаның азаматтық ұстанымын талдайды.

Осы жұмыс барысында оқушы дайын тұжырымды жай қабылдаудан арылады. Мәтіннің қай кезеңде жазылғанын, авторының қандай позиция ұстанғанын және деректік негізі қаншалықты мықты екенін өзі зерттейді. Мұндай тәсіл тарихты тұлғаға бағдарланған талдау ұстанымдарымен үйлеседі [15, 45-52].

Әдістемелік зерттеулер де осыны растайды. Интерактивті әдістерді сабаққа енгізу оқушының тарихи материалды өз бетінше талдау қабілетін арттырады. Бұған қоса пікір білдіру және деректермен жұмыс істеу дағдылары да жетіледі [17, 102-110].

Әдістемелік жұмыстың орталық бөлігі - Бекмахановтың Кенесары туралы жазғандарын қазіргі оқулықтардағы түсіндірмелермен тікелей салыстыру. Бұл тәсіл оқушыны екі қарама-қарсы қателіктен алыстатады. Біріншісі - тұлғаны сынсыз мадақтау. Екіншісі - негізсіз жоққа шығару. Оқушы Кенесары қозғалысын өз бетімен зерттейді. Қозғалыстың пайда болу себептерін іздейді. Оның саяси мақсаттарын анықтайды. Қозғалыс сүйенген күштерді және тарихта қалдырған ізін дәлелдер негізінде талдайды. Осы жұмыс барысында оқушы бір нәрсені өз көзімен көреді. Тарихи оқиғалар ешқашан бір өлшеммен бағаланбайды. Бір оқиғаға берілген пікірлер неліктен алшақ болатынын ол іс жүзінде түсінеді.

Сабақта оқушыларға Бекмаханов мәтінінен және қазіргі оқулықтан үзінділер қатар беріледі. Міндет қарапайым: екі мәтінді салыстыру, айырмашылықтарды табу және сол айырмашылықтың себебін түсіндіру. Талдау сұрақтары оқушыны негізгі ұғымдарды анықтауға, авторлық ұстанымды дереккөздің табиғатымен байланыстыруға бағыттайды. Мұның нәтижесінде мәтін оқушы үшін жай ақпарат көзіне айналып қалмайды — ол мағына мен құндылықтың белгілі бір кезеңде қалай қалыптасқанын көрсететін материалға айналады.

Компаративтік тапсырмалар оқушыға бір тұлғаға қойылған әр түрлі бағаларды зерделеуге жол ашады. Кеңес дәуірінің тарихнамасында идеологиялық талаптар басты орын алды. Тәуелсіздік алынғаннан кейін тарихты ұлттық мүдде тұрғысынан қайта бағалау үрдісі басталды. Мектеп бағдарламасында болса тәрбиелік мақсат жетекші қызмет атқарады.

Осы үш бағытты қатар қойып талдай отырып, оқушы тарихи деректерге сын көзбен қарауға үйренеді. Ол жай оқып шықпайды - дәлел іздейді, салыстырады, өз тұжырымын қалыптастырады. Осылайша пікірін негіздеу және дербес қорытынды жасау дағдысы біртіндеп орнығады.

Моральдық дилемма тапсырмасында оқушылар Бекмахановтың ғылыми ұстанымын оның өмір сүрген кезеңімен бірге қарастырады. Мақсат - ғалымның таңдауын бүгінгі өлшеммен бағалау емес, сол дәуірдің саяси қысымы мен идеологиялық шектеулерін ескере отырып, оның азаматтық жауапкершілік туралы шешімін түсіну. Оқушы «ол дұрыс па, бұрыс па» деген жеңіл сұраққа емес, «ол неге солай жасады және басқаша мүмкін бе еді» деген күрделі сұраққа жауап іздейді.

Рөлдік талдау мен пікірталас форматы осы жұмысты ауызша дәлелдеу деңгейіне шығарады. Сабақта оқушылар айыптаушы, қорғаушы, тәуелсіз зерттеуші немесе сарапшы рөлін алады. Рөл таңдалғаннан кейін пікірін дерексіз емес, нақты тарихи материалға сүйеніп жеткізуі тиіс. Бұл тәсіл қарсы ұстанымды да ескеруді талап ететіндіктен, оқушы жалған сенімділіктен арылып, дәлелге негізделген қорытынды жасауға үйренеді. Осылайша тарихи білім репродуктивті деңгейден аналитикалық деңгейге көтеріледі.

Ұсынылған тәсілдердің нәтижесі үш бағытта байқалады. Танымдық жағынан оқушы тарихи тұлға мен деректі белгілі бір кезеңмен байланыстыра түсінеді. Құндылықтық жағынан азаматтық жауапкершілік, адалдық және тарихи әділет туралы түсінік пайда болады. Әрекеттік жағынан мәтін талдау, салыстыру және өз позициясын негіздеу икемі дамиды. Осыған орай Е. Бекмаханов мұрасын сабақта пайдалану ұлттық тұлғатануды тарихи ойлаумен және тәрбиелік мазмұнмен ұштастыратын әдістемелік тәсіл болып табылады.

Е.Бекмаханов мұрасын тарих сабағында пайдалану үш элементті бір жүйеге біріктіруді талап етеді: тарихи дерек, тұлға бейнесі және тәрбиелік мақсат. Ұсынылған педагогикалық модель оқушыны мәтін талдауға жетелейді. Сонымен бірге тұлғаның азаматтық ұстанымын түсіну де назарда ұсталады. Тарихи оқиғаны құндылықтық тұрғыдан бағалау дағдысы да осы модель арқылы дамиды. Модельдің негізінде танымдық, құндылықтық және әрекеттік өлшемдер өзара тығыз байланыста қарастырылады.

Кесте – 1. Е.Бекмаханов мұрасын тарих сабағында қолданудың педагогикалық моделі

Модель компоненті	Мазмұндық негіз	Сабақтағы әдістемелік әрекет	Қалыптасатын нәтиже
Тарихи деректі талдау	Е. Бекмаханов еңбектеріндегі Кенесары Қасымұлы қозғалысына қатысты деректер	Мәтін үзіндісін талдау, дерек авторын анықтау, тарихи ұғымдарды нақтылау	Тарихи мәтінді түсіну, дереккөзге сын тұрғысынан қарау
Тұлға бейнесін салыстыру	Кеңестік тарихнамадағы және қазіргі мектеп мазмұнындағы тұлға бағасы	Екі түрлі мәтінді салыстыру, бағалау өлшемдерін анықтау, айырмашылықты дәлелдеу	Салыстырмалы талдау дағдысы, тарихи пайым
Құндылықтық мазмұнды ашу	Азаматтық ұстаным, елдік мүдде,	Дискуссиялық сұрақтар, моральдық дилемма,	Азаматтық жауапкершілік,

	академиялық адалдық, тарихи жауапкершілік	дәлелді пікір айту	құндылықтық бағдар
Тарихи жағдайды контекстік түсіндіру	XIX ғасырдағы отаршылдық саясат, ұлттық қозғалыстар, кеңестік идеологиялық қысым	Оқиғаны дәуір жағдайымен байланыстыру, себеп-салдарлық талдау жасау	Тарихи контекстті түсіну, біржақты бағалаудан арылу
Әрекеттік қорытынды жасау	Оқушының мәтінмен, дерекпен және тарихи тұлға бейнесімен жұмыс нәтижесі	Қорытынды жазу, шағын пікір қорғау, рөлдік талдау элементтерін қолдану	Дәлел келтіру, жеке позицияны ғылыми негіздеу

Бұл модель тарихи тұлғаны жай өмірбаяндық мәліметтер жиынтығы ретінде қарастырмайды. Тұлға бейнесі тарихи ойлау мен тәрбиелік мазмұнды жалғастыратын оқу материалына айналады. Е. Бекмаханов еңбектері арқылы оқушы деректермен жұмыс істеудің маңызын ұғынады. Тарихи бағаның уақытқа қарай өзгеретінін де байқайды. Азаматтық ұстанымның қоғам үшін қаншалықты мәнді екенін түсінеді. Ұлттық тұлғаларды оқыту оқушының тарихи санасын қалыптастырумен шектелмейді. Дәлелді ойлау дағдысы да осы үдерісте нығаяды. Оқушы оқиғаларды салыстыруға, жауапты қорытынды жасауға үйренеді. Осылайша Е. Бекмаханов мұрасы сабақта тек тарихи ақпарат көзі емес, оқушы тұлғасын дамытатын педагогикалық құралға айналады.

Ұлттық білім беру тарихындағы ағартушылық институттардың тәжірибесі де тұлғатану, тарихи сана және қоғамдық жауапкершілік мәселелерінің педагогикалық мазмұнда өзара байланыста қарастырылғанын көрсетеді [18, 65-72].

Нәтижелер мен талқылау

Е.Бекмаханов еңбектерін сабақта пайдаланудың тиімділігі үш нәрсенің үйлесіміне байланысты. Тарихи дерек, тұлға бейнесі және тәрбиелік мақсат бір-бірімен сабақтаса қарастырылуы тиіс. Оқушы Кенесары қозғалысын жеке алмайды. Оны Бекмахановтың ғылыми көзқарасымен және сол дәуірдің саяси ахуалымен қосып зерделейді. Осы байланыс оқиғаның мәнін тереңірек ашады. Ұлттық тұлғаларды оқыту осылайша бірнеше дағдыны қатар дамытады. Оқушының тарихи ойлауы жетіледі. Деректермен жұмыс істеу іскерлігі артады. Азаматтық жауапкершілік сезімі қалыптасады.

Зерттеу Е.Бекмаханов мұрасының мектеп сабағында нәтижелі қолданылатынын дәлелдеді. Ол ұлттық тұлғатану бағытын тәрбиелік мазмұнмен байланыстырудың нақты жолын көрсетеді. Ғалымның Кенесары туралы еңбектері оқушыға ұлттық қозғалыстардың саяси табиғатын түсіндіреді. Тарихи тұлғаның қоғамдық рөлі де осы еңбектер арқылы анықталады. Дәлелге сүйенген ғылыми талдаудың маңызы да айқын көрінеді [5, 43-45].

Талдау барысында Бекмаханов зерттеулеріндегі тұлға бейнесі бірнеше қызмет атқаратыны анықталды. Ол тарихи деректі оқушыға жеткізудің тиімді құралына айналады. Сонымен бірге оқиғаны тарихи контексте бағалаудың негізін қалайды. Үшіншіден, оқушының азаматтық ұстанымын қалыптастыратын мазмұндық ресурс рөлін атқарады. Осы тұрғыдан тарихи тұлға жай өмірбаяндық мәліметтер жиынтығы болып қалмайды. Ол тарихи шешім, қоғамдық жауапкершілік және деректермен жұмыс мәдениетін танытатын оқу материалына айналады.

Кенесары қозғалысын Бекмаханов бір ғана бағамен сипаттамайды отаршылдық, мемлекеттілік идеясы, ішкі саяси ахуал, қозғалыстың әлеуметтік тірегі бір-бірімен байланыста қаралады. Осы көпқырлы талдау оқушыны дайын қорытындыны жай қабылдаудан алшақтатады. Тұлғаның іс-әрекеті дәуірден бөлек түсіндірілмейді себеп-салдар байланысы

контекст арқылы ашылады.

Зерттеу барысында ұлттық тұлғаларды оқытуға арналған әдістемелік компоненттер анықталып жүйеленді. Олардың мазмұны 3-кестеде көрсетілген.

Кесте - 1. Е. Бекмаханов мұрасын тарих сабағында қолданудың тәрбиелік-әдістемелік компоненттері

Компонент	Мазмұны	Оқушыда қалыптасатын нәтиже
Дерекпен жұмыс	Е.Бекмаханов еңбектеріндегі тарихи мәтіндерді талдау, дерек авторын және бағалау ұстанымын анықтау	Тарихи дерекке сын тұрғысынан қарау, мәтін мазмұнын дәлелмен түсіндіру
Тұлға бейнесін талдау	Кенесары Қасымұлының саяси қызметін тарихи жағдаймен байланыста қарастыру	Тұлғаның тарихи рөлін контекстік тұрғыдан бағалау
Құндылықтық пайым	Азаматтық ұстаным, тарихи әділет, елдік мүдде, академиялық адалдық мәселелерін талдау	Жауапкершілік, адалдық, азаматтық көзқарас туралы түсініктің қалыптасуы
Салыстырмалы бағалау	Кеңестік тарихнама мен қазіргі мектеп мазмұнындағы тұлға бағасын салыстыру	Салыстыру, дәлелдеу, қорытынды жасау дағдысының дамуы
Әдістемелік қолдану	Мәтінмен жұмыс, пікірталас, моральдық дилемма, рөлдік талдау элементтерін пайдалану	Тарихи ойлау, дәлелді сөйлеу, жеке позицияны негіздеу қабілетінің артуы

Дерекпен жұмыс оқушының мәтінді оқи білу мәдениетін қалыптастырады. Тұлға бейнесін талдағанда маңыздысы жеке адам рөлін не асыра, не кемсіте бағаламау. Салыстырмалы бағалау әртүрлі тарихнамалық ұстанымдарды ажыратуға үйретсе, құндылықтық пайым тарихи материалды азаматтық тәрбиемен жалғастырады. Осы компоненттердің бәрі пәндік білім мен тәрбиелік мақсатты біріктіруге бағытталған.

Талқылау нәтижелері бір нәрсені айқын көрсетті: тарихи тұлғаны оқытуда эмоциялық мадақтау басымдыққа ие болмауы тиіс. Тәрбиелік әсер біржақты дәріптеуден емес, тұлға әрекетін дерек, дәуір және қоғамдық жағдай аясында түсіндіруден туады. Бекмаханов мұрасын сабақта қолдану тарихи дәлдік, әдіснамалық сақтық және құндылықтық талдауды бір мезгілде ұстануды талап ететін жұмыс.

Оқушы дайын мәліметті жай қабылдамайды дерекпен жұмыс істейді, салыстырады, бағалайды, өз қорытындысын дәлелдейді. Міне, осы ауысым репродуктивті деңгейден аналитикалық деңгейге өтудің мәні. Ұсынылған әдістемелік жүйе осы мақсатқа құрылған.

Бекмаханов еңбектері мектеп тарихында жай ғана қосымша материал емес — ұлттық тұлғаларды оқытудың нақты ғылыми тірегі. Оның зерттеулері оқушыға да, мұғалімге де ойлануға нақты нүкте береді.

Қорытынды

Бекмахановтың Кенесары қозғалысына берген бағасы бір жақты емес, дәлелге сүйенген. Сондықтан оны сабақта қолданғанда оқушы оқиғаны тек "болды — болмады" деңгейінде емес, себеп-салдар, тарихи жағдай, тұлғаның рөлі тұрғысынан қарастыра бастайды. Бұл тарихи ойлаудың нақты белгісі.

Азаматтық жауапкершілік немесе елдік мүдде сияқты ұғымдарды оқушыға дайын анықтамамен беру онша нәтижелі емес. Бекмаханов мысалы керісінше жұмыс істейді: оқушы ғалымның өз тағдырын, саяси қысымға қарамастан ғылыми позициясынан таймағанын көреді

де, «академиялық адалдық» деген не екенін өзі түйсінеді.

Зерттеу барысында анықталған әдістемелік бағыттарды қысқаша топтасақ: тарихи мәтінді талдау, бірнеше дереккөзді салыстыру, тұлғаны тарихи ортамен бірге қарастыру, моральдық дилеммаларды сыныпта ашық талқылау. Бұлардың бәрі жеке дағды ретінде емес, бір-бірімен байланысқан жүйе ретінде қолданылғанда ғана тиімді.

Сайып келгенде, Бекмаханов мұрасы сабақта екі мақсатты бір мезгілде орындайды тарихи білімді тереңдетеді және азаматтық санасы қалыптасқан оқушы тәрбиелеуге үлес қосады. Аталған тәсілдер оқушыны дайын ақпаратты қабылдаушы деңгейінде қалдырмай, тарихи дерекпен жұмыс істейтін, салыстыратын, бағалайтын және өз тұжырымын негіздей алатын субъект ретінде қалыптастыруға бағытталады.

Ұлттық тұлғаларды оқытуда тәрбиелік әсер тұлғаны біржақты дәріптеу арқылы емес, оның өмір жолын, қоғамдық қызметін және тарихи кезеңдегі таңдауын ғылыми негізде түсіндіру арқылы қалыптасады. Е. Бекмаханов мұрасы осы тұрғыдан тарих сабағында тарихи ойлау, құндылықтық пайым және азаматтық ұстаным қалыптастыруға мүмкіндік беретін әдістемелік ресурс ретінде бағаланады. Зерттеу нәтижелері ұлттық тұлғатану бағытын Қазақстан тарихын оқыту мазмұнында жүйелі қолдану оқушылардың тарихи пайымын, дерекпен жұмыс жасау мәдениетін және жауапты азаматтық көзқарасын дамытуға ықпал ететінін көрсетеді.

Әдебиеттер тізімі:
деректер мен тарихнамалық еңбектер

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы.
2. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 30 шілдедегі № 194 бұйрығы.
3. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық құрылтайдың «Әділетті Қазақстан – Адал азамат» атты екінші отырысында сөйлеген сөзі. Түркістан қаласы, 2023.
4. Назарбаев Н.Ә. Ұлы даланың жеті қыры. 2018.
5. Бекмаханов Е. XIX ғасырдың 20–40 жылдарындағы Қазақстан. Алматы, 1994.
6. Бекмаханов Е. Қазақстан тарихы: көмекші құрал. Алматы, 1957.
7. Бекмаханова Х. Елі үшін туған ер: Е.Бекмаханов туралы естеліктер. Алматы: Жазушы, 2005. 216 б.
8. Қозыбаев М.Қ. Ақтаңдақтар ақиқаты. Алматы, 1992.
9. Нұрпейіс К. Ермұхан Бекмаханов және қазақ тарихы мәселелері. Алматы, 2005.
10. Әбусейітова М.Х. Қазақ тарихнамасының мәселелері. Алматы, 2010.
11. Омарбеков Т. Қазақстан тарихының өзекті мәселелері. Алматы, 2014.
12. Қойгелдиев М. Ұлттық саяси элита. Алматы, 2004.
13. Қазақстан тарихы: очерктер. Алматы, 2013.
14. Қабылдинов З.Е., Қалиев Ж.Н., Бейсембаева А.Т. Қазақстан тарихы. XVIII–XIX ғасырлар: жалпы білім беретін мектептің 8(7)-сыныбына арналған оқулық. Алматы: Атамұра, 2018. 208 б.
15. Сармурзина Г. Тарихты оқыту әдістемесі және тұлғатану мәселелері // Отан тарихы. 2018. № 3. 45-52 бб.
16. Aubakirova Kh.A. Military art of Kazakhs in the period of Kenesary Kasymov's movement // Bulletin of the Karaganda University. History. Philosophy Series. 2025. Vol. 30. № 1(117). P. 85-92. doi: 10.31489/2025HPh1/85-92.
17. Даниярова А.Е. Применение интерактивных методов при проведении практического (семинарского) занятия в процессе изучения истории Казахстана // Вестник Карагандинского университета. Серия «История. Философия». 2025. Т.30. № 1(117). С. 102-110. doi: 10.31489/2025HPh1/102-110.
18. Жолдас А.К., Батырбекқызы Г., Ахметшина Г.У., Жумабеков М.У. Ташкенттегі алғашқы Қазақ ағарту институтының тарихы және қызметі // Қарағанды университетінің хабаршысы. Тарих. Философия сериясы. 2025. Т.30. № 4(120). 65–72 бб. doi: 10.31489/2025HPh4/65-72.

Referens liste:
sources and historiographical works

1. Qazaqstan Respublikasynyn «Bilim turaly» Zany. Qazaqstan Respublikasynyn 2007 zhylgy 27 shildedegi № 319 Zany
2. «Birtutas tarbie» bagdarlamasy. Qazaqstan Respublikasy Oqu-agartu ministrinin 2024 zhylgy 30 shildedegi № 194 buirygy
3. Memleket basshysy Qasym-Zhomart Toqaevtyn Ulttyq quryltaydyn «Adiletti Qazaqstan - Adal azamat» atty ekinshi otyrysynda soilegen sozi. Turkistan qalasy, 2023
4. Nazarbaev N.A. Uly dalanyn zheti qyry. 2018
5. Bekmakhanov E. XIX gasyrdyn 20-40 zhyldaryndagy Qazaqstan. Almaty, 1994
6. Bekmakhanov E. Qazaqstan tarikhy: komekshi qural. Almaty, 1957
7. Bekmakhanova Kh. Eli ushin tugan er: E. Bekmakhanov turaly estelikter. Almaty: Zhazushy, 2005. 216 p.
8. Qozybaev M.K. Aqtandaktar aqiqaty. Almaty, 1992.
9. Nurpeis K. Ermukhan Bekmakhanov zhane qazaq tarikhy maseleleri. Almaty, 2005.
10. Abuseitova M.Kh. Qazaq tarikhnamasynyn maseleleri. Almaty, 2010.
11. Omarbekov T. Qazaqstan tarikhynyn ozekti maseleleri. Almaty, 2014.
12. Qoigeldiev M. Ulttyq sayasi elita. Almaty, 2004.
13. Qazaqstan tarikhy: ocherkter. Almaty, 2013.
14. Qabyldinov Z.E., Qaliev Zh.N., Beisembaeva A.T. Qazaqstan tarikhy. XVIII–XIX gasyrlary: zhalpy bilim beretin mekteptin 8(7)-synybyna arnalgan oqulyq. Almaty: Atamura, 2018. 208 p.
15. Sarmurzina G. Tarikhty oqytu adistemesi zhane tulgatanu maseleleri. Otan tarikhy, 2018, no. 3, pp. 45-52.
16. Aubakirova Kh.A. Military art of Kazakhs in the period of Kenesary Kasymov's movement. Bulletin of the Karaganda University. History. Philosophy Series, 2025, vol. 30, no. 1(117), pp. 85-92. doi: 10.31489/2025HPh1/85-92.
17. Daniyarova A.E. Primenenie interaktivnykh metodov pri provedenii prakticheskogo (seminarskogo) zaniatiia v protsesse izucheniia istorii Kazakhstana [Application of interactive methods when giving a practical lesson (seminar) in the process of studying the history of Kazakhstan]. Vestnik Karagandinskogo universiteta. Seriia «Istoriia. Filosofiia» – Bulletin of the Karaganda University. History. Philosophy Series, 2025, vol. 30, no. 1(117), pp. 102–110. doi: 10.31489/2025HPh1/102-110.
18. Zholdas A.K., Batyrbekqyzy G., Akhmetshina G.U., Zhumabekov M.U. Tashkenttegi algashqy Qazaq agartu institutynyn tarikhy zhane qyzmeti [History and activity of the first Kazakh Institute of Education in Tashkent]. Qaragandy universitetinin khabarshysy. Tarikh. Filosofiia seriiasy – Bulletin of the Karaganda University. History. Philosophy Series, 2025, vol. 30, no. 4(120), pp. 65–72. doi: 10.31489/2025HPh4/65-72.

жауапты автор туралы мәлімет (толық аты жөні, жұмыс орны, телефон, электрондық поштасы) **Исмайлова Балнұр Абдухалыққызы** - 8D01601 - «Тарих педагогын даярлау» білім беру бағдарламасының I курс докторанты, Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті. Шымкент қ., Қазақстан Республикасы. тел.: +7 778 686 40 59e-mail: balnur.ismaylova1988@mail.ru

тақырыптық рубрикалар / тематические рубрики / subject headings

ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ
ИСТОРИЯ КАЗАХСТАНА
HISTORY OF KAZAKHSTAN

ҒТАХР / МРНТИ / IRSTI: 03.23.31
https://orcid.org/0000-0009-5154-986X
https://orcid.org/0009-0006-3951-4174
https://orcid.org/0009-0001-2304-7122

[1]Жанысбекова Г.А.*, [2]Батманов Ж.Қ., [3]Омар Г.Б.

[1]тарих ғ.к., доцент, «Тұлға дамыту және тәрбие»
орталығының басшысы. М.Әуезов атындағы ОҚЗУ, Шымкент, Қазақстан
[2]Магистр, тарих пәнінің мұғалімі. А.Молдағұлова атындағы №29 ЖООМБ.
Шымкент, Қазақстан
[3]ҒК, Саяси қуғын-сүргін музейі, Шымкент, Қазақстан

ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ ӘЙЕЛ КИІМІНІҢ ПІРІ – КИМЕШЕК

*Автор-корреспондент: amirbaevna62@mail.ru

Түйін. Мақалада қазақ қоғамында тұрмысқа шыққаннан кейін жас ананың алғашқы сәбиін дүниеге әкелуімен байланысты киілетін дәстүрлі бас киім – кимешектің рөлі зерттеледі. Кимешектің гигиеналық, әлеуметтік және психологиялық-қорғаныстық қызметі; оның әшекейлері арқылы әйелдің ру, ауыл, әулеттегі мәртебесін көрсететін ақпараттық мәні талданады. Архивтік деректерге сүйене отырып, Қазақстан тарихы мен этнографиясында алғаш рет XX ғасырдың 20-шы жылдарында кимешектің мемлекеттік саясат арқылы қолданыстан шығарылу фактісі анықталды. 1920-1950 жылдардағы саяси қуғын-сүргін тек қоғам қайраткерлерін ғана емес, дәстүрлі отбасылық құндылықтарды да нысанаға алды. Кеңес өкіметінің «Кимешекті шешу» науқаны дәстүрлі қазақ қоғамының байланысын үзуге бағытталған зымиян әдістердің бірі болды. Соның тағы бір көрінісі – отбасылық өмірге қол сұғу болды. Мақаланың ғылыми жаңалығы – бұл процестің алғаш рет ғылыми айналымға енгізілуінде. Практикалық маңызы – Тәуелсіз Қазақстанда ұлттық құндылықтарды қайта жаңғыртуға үлес қоса алады

Кілт сөздер: кимешек, келін, жас ана, көшпелі қоғам, 8 наурыз

[1]Жанысбекова Г.А.*, [2]Батманов Ж.Қ., [3]Омар Г.Б.

[1]к.и.н., доцент, начальник центра «Развитие личности и воспитание».
ЮКИУ им.М.Ауэзова. Шымкент, Казахстан
[2]Магистр, учитель истории.ОСОШ им.А.Молагуловой. Шымент, Казахстан
[3]НС. Музей жертв политических репрессий. Шымкент, Казахстан

КИМЕШЕК - ПОКРОВИТЕЛЬ ЖЕНСКОЙ ОДЕЖДЫ В КАЗАХСКОМ ОБЩЕСТВЕ

*Автор-корреспондент: amirbaevna62@mail.ru

Аннотация. В статье исследуется роль традиционного головного убора кимешек, который в казахском обществе надевала молодая мать после замужества и рождения первенца. Рассмотрены гигиеническая, социальная и психолого-защитная функции кимешека, а также информационное значение его декора, отражающего статус женщины в роде и общине. На основе архивных данных впервые в истории Казахстана и этнографии установлен факт целенаправленного изъятия кимешека из употребления в 1920-е гг. XX века. Показано, что политические репрессии 1920–1950-х гг. были направлены не только против интеллигенции, но и против семейных традиций. Кампания советского правительства «Снятие кимешека» рассматривается как один из методов разрушения традиционного казахского общества. Научная новизна работы заключается в введении впервые данной темы и проблемы в научный оборот. Практическая значимость состоит в возможности использования результатов для возрождения национальных ценностей в период Независимого Казахстана

Ключевые слова: кимешек, сноха, молодая мать, кочевое общество, 8 марта

[1]Zhanysbekova G.A., [2]Batmanov Zh.K., [3]Omar G.B.
[1]Candidate of Historical Sciences, Associate Professor, Head of the Center for Personality Development and Upbringing. M.Auezov SKRU. Shymkent, Kazakhstan
[2]mahister, history teacher.OSOSH named after A.Molagulova. Shyment, Kazakhstan
[3]NS. The Museum of Victims of Political Repression. Shymkent, Kazakhstan

THE KIMESHEK - THE PATRON OF WOMEN'S CLOTHING IN KAZAKH SOCIETY

Abstract. This article examines the role of the kimeshek, a traditional headdress worn by young Kazakh mothers after marriage and the birth of their first child. The study analyzes its hygienic, social, and psychological-protective functions, as well as the informational meaning of its ornamentation, which encoded a woman’s status within the clan and community. Based on new archival sources, the article for the first time in Kazakh history and ethnography identifies the forced removal of the kimeshek from use in the 1920s as part of state policy. It argues that the political repressions of the 1920s–1950s targeted not only public figures but also traditional family values. The Soviet campaign «Removal of the Kimeshek» is presented as a deliberate strategy to disrupt the social bonds of Kazakh society. The scientific novelty lies in introducing this previously unstudied phenomenon into academic discourse. The practical significance of the research lies in its contribution to the revival of national cultural heritage in Independent Kazakhstan.

Keywords: kimeshek, kelin, young mother, nomadic society, March 8.

Кіріспе

Қазақ қоғамының әйелдер қауымының бас киімдерінің етістік түбірінен құрылғанын байқауымызға болады: орамал – орау; жаулық – жабу; кимешек – кию деген сияқты. Дегенмен, сөзжасалым бағытындағы зерттеулерді филология мамандарына қалдыра отырып, қазақ ар-инабатының байрағы болған кимешектің XX ғасырдағы тарихтың бұралаң сәттерінен біздің уақытымызға дейін қандай күйзелісті жағдайда келіп жеткеніне тарихи талдау жасауға бет бұрайық.

Мақала мақсаты кимешектің қазақ қоғамының өмірлік қажеттіліктері мен философиясымен астарласа бірге дамыған киелі қасиетінің қасіретті «Кіші Қазан» кезінде мақсатты түрде ұмыттырылып, кимешектің қоғамбағыттаушы күшінің кеңестік арнайы зорлықшыл әрекеттері арқылы жойылғандығы, тек Тәуелсіздік жылдарында ғана елімізге қайта оралғандығы, дегенмен, соның өзінде «Кимешекті әжелер» деген сөз тіркесі арқылы бұл бас киімнің тек кеуана, қария әжелеріміздің ғана пайдаланатын бұйымы деген жаңсақ түсініктің қалыптасқандығына қоғам назарын аудару арқылы оның XXI ғасырға өзінің сән-

салтанаты, қайтадан толыққан әлеуметтік-философиялық мәні және тарихи астарымен шынайы келіп жетуіне ғылыми негіздеме жасауға ұмтылыс болып табылады. Өйткені, кимешекке алғашқы күйретуші соққыны «Кіші қазан» қанды науқанының зорлықшыл саясаты берген болса, бүгінгі күнде базарларда астына қатырма қағаз салып тіккен кимешектердің тек Наурыз мейрамында ғана елеп-ескерілетіндігі нәтижесінде ерекше қасиетті бас киімнің сапасызданuы, құнсызданuы арқылы бүгінгі күндердегі тарихи жадыдан өз орнын таба алмауы мәселесі біздің қоғамның шешуі қажет күрделілігі жоғары проблемалық мәселе болып қалыптасқандығын көруімізге болады. Осы жерде мәселенің тағы бір ұшы бой көрсететінін нақтылау керек: ол – жекелеген ізденушілер мен зерттеушілерді қоспағанда бүгінгі таңдағы қазақстандық қоғамның өзінің әлеуметтік-ғылыми проблеманы түсініп-сезінуі аса төменгі дәрежеде екендігі жағдайы. Бұған оқу орнымызда 2026 жылдың Наурыз мейрамында өткізілген «Кимешекті Аналар шеруі» атты іс-шараны жоспарлап дайындаған кезімізде толық көз жеткізілді [8].

Сырт көзге сұлу көрінген ерекше салтанатты бұл шеру жоғары оқу орындарының профессор-оқытушылары арасындағы алғаш рет өткізілгендіктен көпшіліктің назарын өзіне аударып елең еткізді. Дегенмен, кимешекке қарай басқан тек алғашқы қадамдардың бірі болғандықтан, мақалада көрсетілген кемшіліктердің біразының орын алуы арқылы кимешекті қазақ қоғамына шынайы алып келудің қиыншылығы мен күрделілігі мол құбылыс болатындығы айқындалды. Сондықтан, осындай қарама-қарсылықтың қазақ қоғамы алдында тұрғандығын оның әрбір мүшесі түсіне білуі аса қажет екендігі түйінді мәселесі ғылымда алғаш рет және өткір қойылып отыр. Осыған орай, мақалалық зерттеу нәтижесінде кимешектің қазақ тарихи қоғамында тұрмысқа шығып, нәресте сүйген әрбір жас ананың киімі қызметінен қандай зұлматты пәрмендердің күшінен біржола ажыратылғандығын жаңадан іздестіріліп табылған архив құжаттары негізінде нақтылауды жүзеге асыру жоспарланып отыр.

Материалдар мен әдістер

Теориялық талдау

Кимешекке назар аудару, оны зерттеу тек еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін ғана біртіндеп тұрақты жүйеге қойыла бастады. Осыған қарамастан, көптеген кимешек үлгілері толығымен жойылып кеткендігін кейбір суреттерге қарап болжамдауға болады. Бұл туралы қолөнершілер одағының мүшесі, қазақтың XVIII-XIX ғасырларда киген байырғы этнографиялық киімдеріне ерекше қызығушылық танытатын, өзінің дербес қорында әр рудың 30 кимешегінің түпнұсқасы жинақталған Тілек Сұлтанов: «Бізге дейін көп кимешектің үлгісі жеткен жоқ, өте кеш қимылдадық. 60-70-жылдары (XX ғасырдың – автор) кимешек тақырыбын қолға алып, деректі дүние жасап, сол уақыттағы әжелердің айтқанын таспалап, альбом-кітап қылып қалдырған болса, қазіргі зерттеушілер мұншалық қиындық көрмес едік. Тоқсаныншы жылдары кимешек киген әжелердің соңғы буыны дүниеден өтіп кетті. Бұдан кейін жаңа буын, жаңа ұрпақ келді де, кимешектерді шын мәнінде жоғалтып алдық. Қазір кимешектің қалыбын бұзбай сақтап киіп жүрген көбіне Қытай, Моңғолия жеріндегі қазақтар. Ал еліміздің ұлан-байтақ жеріндегі әр руға тән алуантүрлі кимешек үлгілерін қайта жаңғырту өте күрделі еңбек. Мұрағаттардағы тарихи суреттерге зер салсақ, кимешектер мен күндіктердің сантүрлілігіне, сән-салтанатына таңырқайсың. Бүгінде солардың үлгілері түгілі, кимешек жайын білетін адам таба алмайсың. Көне суреттерге қарап, кимешектерді соларға ұқсатып жаңғыртып қана амалдап жүрміз», – дейді [9].

Яғни, кимешек тақырыбы этнография ғылымы жағынан да, тарих ғылымдары жағынан да ақтаңдақтарға толы екендігін көреміз. Қойылған мәселелерді теориялық және тәжірибелік тұрғыдан талдауға көшу алдында кимешек бас киіміне шолу жасау қажет. Кимешек – көшпелі қазақ қоғамында өмір сүрген әйелдердің қажеттілігі үшін пайда болып, біртіндеп қалыптасқан деп топшылауға болатын, мойын мен кеудені, иық мен арқаны толық жабатын, басына тығыз оралған жұқа ақ матадан құрастырылып тігілген кимешектің өзі және географиялық-аумақтық

ерекшелігіне байланысты күндік немесе шылауыш деп аталатын екі бөліктен тұратын қазақ әйелдерінің бас киімі. Кимешектің формасының қалыптасуына климаттық және салт-дәстүрдің, нақтылай айтқанда көшпелі өмір салты, әсіресе көп уақыт салт атты жүрудің әсері айқындаушы фактор болуы да ықтимал. Өйткені ол көші-қонмен жүрген қазақ әйелдеріне, жел өтінде қобырап кетпейтін, әр уақыт қайтадан байлап-оралмайтын (басқа киіле салатын) жинақы да шымыр бас киімнің түрі. Мұндай бас киім басқа халықтарда кездесе бермейді, - деген болжамдар да бар [10].

Қазақ аналарының кимешектері әрдайым ақ түстен дайындалған. Орталық Қазақстанда кимешекті нілге салып ерекше ақшаңқан-көгілдір түс беру де келіншектер арасында ерекші сәнге айналған екен. Ал, қара, қоңырқай Кимешекті тігу аса шеберлікті қажет ететіндіктен өте шебер тігіншілер ғана тігеді.

Кимешектің құрылымы және бөлшектері мыналар:

1. Жақ – бетті айналдыра қаптайтын бөлігі; шықшыт – маңдай мен иек тұсын жабатын, әшкейленген алдыңғы бөлігі;

2. Құйрықша – артқа түсетін ұзын жамылғы бөлігі. Ол әйелдің арқасын тобыққа дейін жауып, оның ибалы, ұятты жан екендігін білдірген, көлденең көзден көлегейлейтін қызмет атқаруы тиіс болған;

3. Шылауыш – негізінен Орта жүз әйелдерінің кимешектің үстінен тартатын көлемі 1-1,5 метрлік төртбұрыш жаулық мата. Шылауыш тағылатын кимешек түрі Солтүстік Қазақстанда «орама кимешек» деп аталған. Бұл үшін тігілмей пішілген мата кесегі басқа тартылған. Киген кезде кәдімгі кимешектен айырмашылығы болмаған. Үшбұрыш етіп бүктелген соң ұзын бөлігі шамамен 2 метрден асатын орамал формасына келеді. Осы ортаңғы жиегі 6-7 см етіп қайтара бүктелгеннен кейін, орамалдың оң жағы ұзын, сол жағы қысқаша етіп алынады. Шылауыш сол жақтан тартылып, мойынды ораған кезде оң иықтан асып, кеуде тұсына жететіндей болады. Ал, ұзын жағы арқада төгілдіріп қалып, құйрықша қызметін қоса атқарады.

4. Күндік – қазақ әйелдерінің (әсіресе Ұлы жүз бен Орта жүз өңірлерінде) кимешектің сыртынан басты айналдыра сәндеп орайтын дербес бөлігі немесе соған жалғас жаулығы. Күндік тұрмыстық және салтанаттық үлкен мәнге ие болған: оны ақ түсті бөзден, жұқа матадан немесе жібектен жасаған. Матаның ұзындығы әр рудың дәстүріне қарай 3-4 құлаштан (7–8 метр) бастап, тіпті бірнеше метрге дейін жеткен [11].

Күндік кимешектің үстінен чалма (сәлде) тәрізді қаттап оралады. Маңдай тұсына келгенде үшбұрыш тәрізді қаттама жасалып, күн көзінен қорғау үшін сәл еңкейтіп қойылатындықтан, атауы «күндік» деп қалыптасқан. Оралған соң шешіліп кетпеуі үшін желке мен шықшыт тұсынан арнайы түйреуіштермен бекітілген [12].

Әдетте күнделікті өмірде кимешектің өзі жеке киелітін болса, күндік тойлар мен салтанатты мерекелерде оралатын болған [9].

Күндіктің көшпелі өмірде күндіктің атқаратын прагматикалық рөлі зор болған. Оқыс жағдайда таңғыш дәке, жаңа туған нәрестеге жөргек, ал қиын-қыстау сәтте кебін ретінде де қолданыла беретін өте әмбебап таза мата есебінде жүрген;

5. Төбелдірік – жас келіншектердің желектің, шылауыштың төбесіне киілетін домалақ формадағы кестеленіп, шашақталып әсемделген әдемі ерекше бас киім бөлшегі. Жаңа үйленген отау иесіне «құсың құтты болсын» деп тілек айтылады. Өйткені, төбелдірікті кимешек киген әйелді жанынан қарағанда құсқа ұқсайды. Әсемделіп тігілген төбелдірігі құстың басын, ал әйелдің иығымен қоса, шашын жауып тұратын кимешектің алдыңғы, артқы жағы құстың қанатын, құйрығын бейнелейді. Ересек аналар төбелдірік тақпайды. Төбелдіріктің ерекше сәнділігіне қарап, оны да негізінен мерекелік киім деп топшылауымызға болады [1].

Тәжірибелік бөлім

Қазақстанның жер аумағының өте үлкен болуына байланысты оның әрбір өлкесін мекендеген рулар мен тайпалардың күнделікті өмірінде, киім салтында өзгешеліктер болады. Осындай өзгешеліктер кимешектерге де қатысты болған. Кимешекті Қазақстанның кейбір жерлерінде «бұрама жаулық», «иекше» деп те атайды екенӘр түрлі қазақ тайпалары мен руларының кимешектері ою-өрнектің ұзындығы мен сипаты жағынан, бас бөлігіндегі бөлшектерімен ерекшеленеді. Жас әйелдердің кимешегі әсіресе кестелермен, түрлі-түсті тігістерімен, өрімдерімен, сондай-ақ коралл мен інжу моншақтармен, күміс сөлкебайлар және басқа да бөлшектермен безендірілген. Екі жақтаудың сәніне көп көңіл бөлінсе, «құйрық» шашақ бекітіп тіккен, төбесіне «төбелдірік» деп аталатын арнайы дайындалған жеке әшекей таққан.

Шығыс Қазақстандағы найман руларының кимешектері негізінен қысқалау пішіліп, тік бұрышының тек жоғарғы бұрыштары көлбеулеу келіп, оның екі жағына шаршы тәрізді арқа бөлігі тігіледі. Біздің облыстық этнографиялық мұражай- қорықтың қорында отыздан астам кимешек бар. Олардың бір-бірімен ұқсастықтарымен қоса пішілу үлгілерінде, әшекейлерінде де өзіндік ерекшеліктері бар. Солтүстік және Орталық Қазақстанда кимешектердің алдыңғы жағы трапеция немесе үшкірленіп пішіліп, жоғары бөлігінде бетке орын қалдырылған; арқа жағы дұрыс ромба түрінде келеді де, құйрығы тізеге тіпті өкшеге дейін түсетін болған. Солтүстік Батыс Қазақстанда (Орал және Торғай облыстары) төменгі жаулық үшбұрыштан бүктетіліп, шаршы матадан ғана тұрған. Оны басына тартып, шеттерін кеуде тұсында айқастырған, не желке жағына жіберген деген мәлімет энциклопедиядан табылды. Сырдария бойымен Кіші жүз руында кездесетін кимешек түрі «бүрмелі» деп аталады. Алдыңғы жағы бұрышталып пішіледі. Төменгі ұзын жағы кеудеге түсіп, ал жоғарғы жағы бүктеліп бетті екі жағынан қоршап тұру үшін басқа байлап, бекітіліп қоятын болған. Қарақалпақ, қырғыз, қытай елдерінің батысында мекен еткен халықтарда кездеседі. Кимешектің бетке келетін тұсы ойып алынады да, төбесі тұйық болады. Кеудесін, жағын, бет жақтауларын көмкеріп кестелейді. Күміспен, тана моншақтармен шеттіктеледі. Оңтүстікте кеңінен тараған кимешек түрі ұзынынан екіге бүктеліп пішілген мата кесіндісінен жасалатын болған. Пайда болған тік бұрыштың жартысынан бастап, қиғаштап кесіп алып, кесілген жерді тігіп алады. Тігіс арқаның ортасына түседі. Пішін бұрыштары жоқ үшбұрыш түрінде болған. Беттің орнын ашып, дөңгелек немесе сопақ төбешік және маңдайша жапсырып тіккен [1, 94]

Жалпы алғанда кез-келген киім – денені ауа райының, сыртқы ортаның зиянды әсерінен қорғайтын, адамның денесіне киюге арналған жасанды жамылғы түрі, тұтыныс бұйымы десек, кимешек осындай қызметпен бірге, жас келін келіп түскен өзі үшін бөтен әулетке «тастай батып, судай сіңген» статусын көрсететін символдық қызметті де қоса атқарған. Нәтижесінде кимешек үлкен шаңырақтың, бір әулеттің құрметті анасы екендігін көрсететін символикалық мағынасы бар ерекше қасиетке ие болуымен ерекшеленген. Кимешекті ерекше қастерлеп, таза киюге тырысқан. Кір, лас киім киген адамның басынан бағы, берекесі қашады, өзін марту басады деп білген. Көп жасаған қарт ана кимешегін өзінің жанына жақын келініне көзімдей көр деп мұра ретінде қалдырған. Кейде кимешекті әдейілеп сұрап алатындар да болған екен. Кимешек кигізу салтына келер болсақ, жаңа әулетке келін болып түскен келіннің балалы болған күннен бастап киген. Бұған келіншек өзі де дайындық жасайды. Енесінің, абысын-ажынының көмегімен кимешекті пішіп, әшекей кестелерін өзі тігеді. Өрнегін өз қалауынша таңдайды. Жас келіннің перзенті қырқынан шыққанда енесі: «сен енді санатқа қосылдың, бұрын сен бала едің, енді ана болдың. Енді осы үйдің толық мүшесісің», - деп келінінің маңдайынан сүйіп, батасын берген. Содан соң ауыл әйелдері, бәйбішелер әдейі жиналып келіп, келінге үйінен келген киелі киім кимешекті өз қолдарымен кигізеді. Оны келіннің енесі ұйымдастырады. Кимешек кигізу рәсімін жасау ұсынылған қадірлі жасы үлкен әйел келіннің енесінен сый алады. Келіннің төркіні бұл бас киімді қыздары тез балалы болсын деп сандыққа әдейі ырымдап та салатын кездері болады екен [1, Б.97].

Кез-келген ою-өрнекті белгілі-бір мағынамен, ішкі сырымен бірге өретін қазақ қоғамы кимешектің символикалық мағынасын жас келінді қатарға алынғанын көрсетумен шектеп қоймаған. Кимешек – көшпелі қоғамдағы әйелдің сатылап өзгеретін статустық дәрежесін көрсетіп берген. Кимешектің әшекейленуі әйелдердің жас ерекшеліктері мен олардың әлеуметтік орнын аңғартады. Бойжеткеннің басқа ауылға келін болып келе жатқанында, үйлену тойы үстінде киетін статустық киімі – сәукеле болса, той өткен соң ауыр бас киім жеңілдеу келген, кез-келген уақытта жүзін ептілікпен бүркеп жіберіп, көлденең көзден жүзін жасыру қызметін атқаратын желек атты бас киім киілген. Желегі желбіреген жас келін кез-келген ауылдың сәні, қуанышы. Желек – уақытша, жас нәрестесін дүниеге әкелген ананың бас киімі - кимешекпен ауыстырылатын өтпелі кезең киімі.

Ал, алғашқы кимешек «Қызыл жақ» деп аталып, қызыл жіппен шым кестеленіп әсем безендірілген. Оның күндігі онша биік болмаған, оған орайтын матаның ұзындығы 12 метрден аспайтын болған. Жас анаға сәбиі үшін жаялық қажет болған кезде осы күндікке ораған шылауыштан кесіп алып, пайдаланған. Кез-келген көш кезінде базар-дүкендерден алыс жолдарда кимешек шылауышы жас анаға негізгі көмекші болған. Дәстүрлі қазақ қоғамында әрбір ана көп балалы болғандығын еске алар болсақ – кимешектің қызметінің өте-мөте жоғары болғандығын түсіне беруге болады. Ал, орта жастағы, 3-4 балалы әйелдер киетін кимешек «Сарыжақ» деп аталып, сары, алтын түспен кестеленіп өрнектелген. Отыз жастан асқан соң күміспен, моншақпен әшекейленген. Орта жастан асқан әйелдер түрлі-түсті жіптермен жұқалап жүргізген тігіс пен кестені қанағат тұтқан. Бұл баяғы жас келіннің әулет анасына айналған кезеңіне тұспа-тұс келеді. Әйел-ананың өмірсерігіне айналған баскиім оның кім екенін айналаға әйгілеп, өзіне сәйкес қадыр-құрметінің бар екенін көрсетеді.

Өмір зулап ағып, орта жастағы ана енді шашына ақ кіріп, балалары есейген кезеңде ауыл мен әулет өміріндегі жоғары дәрежесі мен өмірдің қызыл-жасылынан баз кешкен жағдайын білдіретін, кимешегі бет жақтауы тарлау келіп, әдемі кестеленген «Ақ жақ» деп аталатын кимешекке ауысады. Ауыл адамдары «Ақжақты» кимешек иесімен ақылдасады, алғашқы сәлем ақжақты анаға беріледі, ол төрге отырғызылады. Ақжақ кимешектің күндігі биік, ұзындығы 20 метрге дейін жететін болған. Бұл тағы да көшпелі өмірдің қатаң талабынан туындаған ерекшелік. Ол әр уақытта қартайған ананың «торқалы той, топырақты өлімге» даяр екендігін көрсетіп, өзінің болашық кебінінің бар екендігін көрсетеді.

Толарсақтан саз кешкен көшпелі өмірде азаматтарымыздың жаугершілік іс-қимылдардан соң шейіт кетіп, жесір қалған келіншек кимешегі ақ жіппен жай ғана су тартқан, кестеленбеген кимешекке ауыстырылған. Бас киімдердің зерттеушілерінің бірі А.Кенжинаның тапқан тағы бір дерегі бойынша күйеуі қайтыс болған әйелдер кимешегін күйеуінің жылдық асын бергенше теріс киіп, содан кейін оң киетін салт болыпты. Егер мұндай әйелдер тағы да тұрмысқа шығатын болса, онда кимешек қайтадан кестеленеді екен. Кимешек бас киім болғандықтан, оған қатысты ырым-тиымдар да бар. Бас киімді іліп қояды, кез-келген жерге тастай салмайды, аяқ асты етпейді. Олай жасаса, бастан бақ таяды. Ер адам әйелдің жаулығын басына салмайды. Қыз бала басына ақ, қара орамал тартпауға тиісті. Ақ – жаулықтың, қара – қайғының белгісі. Қазақ аналары жалаңбас отырып бала емізбейді, ас-су әзірлемейді. Бас киімнің төбесін басып кимейді, оны айырбастамайды, ешкімге сыйламайды, сатпайды. Сыйлыққа киілмеген, жаңа баскиім алып беруге болады [12].

Нәтижелер мен талқылау

Табиғаттың қатал заңына бірлесе қарсы тұрып, айрандай ұйып отырған қазақ ауылдарына қарсы тағы бір сойқан XX ғасырдың бас кезінде «Кіші қазан» деген атпен көтерілді. Қазақ даласына төңкеріс жетпеді деген сылтаумен қазақ ауылдарының дәстүрлі мәнін толық жою кезінде қудалауға түскен ер-азаматтармен бірге ауыл әйелдерінің бас киімі – кимешек те аналардың басынан жұлынып алынып, тарих шаңына тіке мағынасында көміліп қала бергенін, сол үшін биылғы жылы басталғанына 100 жыл толып отырған «Кіші Қазан»

атты саясаттың тек кәмпескелеу мен ұжымдастыру ғана қазақ әйелдерін басын жалаңаштаумен айналысқанын кейбір зерттеушілер ғана білгеніменен, көпшілік көпшілікке беймәлім тарихи факт. Бет-аузын толық тұмшалап алатын басқа бауырлас ұлттардың нәзік жандыларына қарағанда неғұрлым еркіндікте жүретін қазақ қыз-келіншектерінің бас киімдерін шешу кеңес билігінің «ұрдажық қолшоқпарлары» үшін оншама қиын болмағанымен, ішкі трагедиясы мен ауыр салдары ғасырға жеткен бұл қайғылы үрдіс сонау 1920-шы онжылдықтың соңғы жылдарында жүзеге асты [13, 189-197.].

Өйткені, «Кіші Қазан» деп ардақтап ат қойып, қазақ елінің басына ауыр зұлмат түсірген кезеңде сүттей ұйыған, еңкейген кәрісінен еңбектеген жасына дейін еркіншіл, бостандықсүйгіш, туысқандық байланысы мен өзара сый-құрметі өте-мөте мықты қазақ ауылының келімсек кеңестік билікті мойындай қоюы дүдәмал екендігі бір-біріне қарама-қарсы екі жаққа да белгілі еді. Ұжымдастыру деп байбалам салуға, малды тәркілеп байларды конфискациялауға, малы аз отырықшы шаруашылықтарға еттен салық салуға, төрт-түлікпен көшіп жүргендерден қап-қап астық өткізуді талап етуге, сөйтіп ауыр ашаршылықты қолдан жасап, халықты қыруға қаншалықты қолдауы күшті болса да Ф.Голощекин қалай қол жеткізе алды? Ол үшін, әрине, кеңестік биліктің жергілікті жердегі өкілдері басқыншылық идеологияның әдіс-тәсіліне сала отырып, Сырдария округін мекендеген байырғы халықтың дәстүрлі қоғамын бөлшектей отырып, оларды бір-біріне қарсы айдап салуға кірісті. Шұғыл түрде жаңа революция жасау үшін ленинизмнің каноны бойынша қанаушы және қаналушы таптарды тез арада анықтау жұмысы округті құрайтын ауылдарды мекендеген ақсақал басқаратын рулық қатынаспен біріккен халықты бір-біріне қарама-қарсы екі топқа жіктеуден басталды. Жаңа «революциялық баррикаданың» жаулары жағында дәстүрлі заманы өтіп кетуі тиіс байлар, атқамінерлер, датхалар, молдалар мен ишандар, ал, оларды «тап ретінде жоюшылар» ретіндегі қарама-қарсы топқа қаналушылар - кедейлер, жалшылар мен қоңсылар қойылды.

Қазақ елінің мықты тірегі, оның дәстүрлі қоғамының арқа сүйер негізгі экономикалық күші - байларды, ақыл-ой лидерлері - билер, молдалар мен ишандарды, атқарушы-орындаушы билік иелері - бұрынғы болыстарды, старшындар мен датхаларды, әрбір байдың атқамінерлерін қаралайтын мінездемелер беру, оларға қарсы жалшылар мен қоңсылардың ішінде жүрген қандай да бір наразылық болса, сол жараларының аузын ашып, оны тұздықтап, ушықтырып, ауқатты топқа қарсылықты күшейтудің эскалациясын жасады. Осындай қарама-қарсылықтарды туындатудың тағы бір жолы – отағасы мен отанасын бір-біріне қарсы қою болды. «Әйелдерге теңдік беру» деп аталған бұл саясат әйелдер қауымын, нәзік жандыларды кеңестік билік өзінің негізгі құралына айналдыруының тағы бір әдісі болатын. Д.Аманжолова да өз мақаласында басқа республикаларға қарағанда кеңестер «ескішілдік» деп танығаң салт-дәстүрді жою үрдісі Қазақстанда ерекше ауыр жүрді деген тұжырымға келеді [13].

Қазақ әйелдері кедейлер мен жалшылардың жиналысына қатыспайды, байлар мен кеңес өкіметінің қас жауларының қолындағы құралына айналуда, сондықтан, қазақ әйелдерінің арасында жаппай кеңестік саяси-тәрбие жұмысын жүргізуіміз керек деген шешім қабылдаған Сырдария округтік партия комитетінің хатшысы атышулы «Кіші қазан» науқаны тұсында. Өйткені, жалшылардың жиналысына шақырып келтіріле алмайтын әйелдер колхоздардың таратылуын жаппай талап ете бастаған, аудандар мен ауылдарды аралаған уәкілдерге қол жұмсауды бастаған, – делінген мәліметтер кездесті архив құжаттарында [4]. Мұның барлығы аштықтан шаршаған, қалжыраған елдің амалсыз әрекеттері еді [16, 55-62]. Аппақ арын аппақ кимешекпен әйгілеген аналар мен асқар тау әкелер енді өз балаларының етін асып жейтін жағдайларға да жетті. Бұл кезде кимешегіміз бен адами тұлғамыз туралы сөз етудің өзі мүмкін де емес болар. Барынан айрылған халық ес жинатқызбайтын аштықтың құрсауына түсті. Бұл жайт тек қана оларға аз-кем жәрдем астық берілген кезде ғана тоқтаған [3]. Осындай, амалсыздықтан, еліміздің көп бөлігі мекендеп отырған елі мен жерін тастап, босып та кетті. Осы жылдарда қазақ халқының саны жалпы саны 30 пайызға кеміп кетті [4].

Ал, 1929 жылдың 8 наурыз мейрамы Түлкібас ауданының көптеген ауылдарында «кимешекті шешу және оны орамалмен алмастыру» ұранымен өткізілгендігін ұжымдастыру комиссиясының төрағасы Ақботин жолдас «Отчет комиссии ОК ВКП(б) по вопросам коллективизации в Тюлькубасском районе» деген есебінде көрсеткен. Байлар мен молдалар бұл науқанды әйелдерді де кәмпескелеуге іліктіріп, ортаға салуға дайындаудың бастамасы деп, барша кедей-кепшіктерді кеңес үкіметіне қарсы айтақтауда, - деп ашына көрсетеді жолдас Ақботин. Ауданның №2 және №12 ауылдарындағы әйелдер кимешекті 8 наурызда шешкенімен, мейрам аяқтала салысымен, қайтадан киіп алған дей келе, уәкіл әйелдерге «шайтандар» деген айдар тағады [6, Л.15.].

Жалпы алғанда Орталық Азияда беті жабық пәренжіге қарсы радикалды «Худжум» кампаниясы жүргізілгенмен, беті жабылмаған кимешектерді қалай шешіп, қазақ әйелдерінің дәстүрінен ажыратудың жолын табуды жанталаса іздестірген кеңестік биліктің қолшоқпарлары үшін «кимешектің» құйрықшасы колхоз жұмысын жасауға мүмкіндік бермейді, оның орнына басыңды жауып жүретін орамал байлау керек деген уәжбен ауыл-ауылдарда кимешектерді жаппай жинап, ауыл сыртына апарып өртеген. Әйелдердің бас киімін шешуі олардың жаңа қоғамға қадам басуының, мектепке барып, хат тануының белгісі ретінде насихатталды. Әйелдерді қолдау үшін, өз тараптарына тарту үшін кеңес билігі жетім балалар мен тастанды балалар үшін жабық түрдегі мекемелер де құра бастады [15]. Ал, қызыл киіз үйлерде әйелдерге арналған бұрыштар ашылып, ол жерлерде үгіт-насихат жұмыстарын «Әйелдерді азат ету - әйелдердің өзінің шаруасы» деген ұранмен А.Коллантай дайындаған «Жаңа әйел» тұлғасын қалыптастыруға бағыттала жасалды. Бұл идеология бойынша «Жаңа әйел» алдымен қоғамға қызмет етеді, онан кейін ғана «ана» ретінде қарастырылатын болған [2].

Насихаттарда кимешек пен жаулықты шешіп, оның орнына еуропалық киім киіп, қызыл орамал тағу ұсынылды. Нәтижесінде белсенді әйелдер жиналыстарда жұрт алдында кимешектерін шешіп отқа жаққан немесе лақтырған. Бұл үрдіс «Қызыл орамалдар» қозғалысымен ұштасты. Бұл туралы архив құжаты мәтінінен: «Аульно-кишлачным советам и судебным органам поставить на практические рельсы работу по защите трудящихся женщин... При предстоящих перевыборах в советы обеспечить дальнейшее улучшение социального состава советов, увеличить количество женщин - особенно казачек», - деген бұйрық райдағы тапсырма арқылы таныс бола аламыз [7].

Қорытынды

Дәстүрі мен салтының киесіне айналып, қазақ әйелі қадірлеп басына салған ақ орамалдың әдебі терең, қасиеті мол. Салмағы жеңіл болғанымен, құны қымбат, жолы үлкен, пәле мен жаладан қорған болар ақ кимешек ата салтында отбасының алтын байрағы саналған. Ана екенін, айнымас жары, адал ниетпен аттаған шаңырағы бар екенін аңғартатын орамал атойлап келген жаудың да бетін қайтарған, Ар адамға қандай қымбат болса, ақ кимешектің күші де одан кем болмаған, алмас қылышты әміршінің өзін тежеп, тізе бүктіргені туралы аңыз-әпсаналар шындығына күні бүгінге дейін жеткен.

Сонымен, мақала шеңберінде қазақ қоғамындағы тұрмысқа шығып отбасылы болғаннан кейін жас ананың алғашқы сәбиін дүниеге әкелген кезінен бастап киетін бас киімі - кимешектің әйел-ана үшін атқаратын гигиеналық, әлеуметтік және психологиялық-қорғаныстық қызметі; оның ерекше сәнділігінің ананың әулет, ауыл, ру-қауым өміріндегі алатын орны мен дәрежесі туралы шифрлық сипатпен беретін ақпараттық қызметі туралы жинастырылған анықтамалық ақпараттан кейін тың архивтік деректерді зерттеу негізінде Қазақстан тарихы, қазақ этнографиясында алғаш рет XX ғасырдың 20-шы жылдарында қолданыстан аластатылуы фактісі анықталады және ғылыми айналысқа енгізіледі.

XX ғ. 20-50 жылдарындағы саяси қуғын-сүргін тек қазақ зиялылары, қазақ байлары мен атқамінерлері, молда-ишандары сияқты қоғамдық-саяси мағынадағы жетекші орындары бар

тұлғалар ғана ұшыратумен шектелген жоқ. Кеңестік билік дәстүрлі қазақ қоғамының мықты байланыстарын үзу арқылы өзінің дербес өміршеңдігін жасап алуға ұмтылды. Соның тағы бір көрінісі - отбасылық өмірге қол сұғу болды.

Кеңес үкіметінің «Кимешекті шешу» атты жартылай жасырындау жүргізілген сойқан үрдісі қазақ дәстүрі мен отбасылық құндылықтарына қол сұғуының аса бір зымиян және бұған дейін зерттелмеген айла-шарғысының бірі. Осыған орай, ұсынылып отырылған мақаланың ғылыми өзектілігі және тақырыптың жаңашылдығы да айқындалды. Өйткені, кимешегін шешіп, «жаңа әйел» түрінде санасымен бірге сыртқы бейнесі, яғни жандүниелік болмысы және киім кию үрдісі бірдей түбірімен өзгертілген кезде қазақ әйелінің қол жеткізген жетістігі – жер аударылу, бостандықтан айрылу, атылу, қызыл әскер қатарына қабылдану, еңбек армиясына жөнелтілу сияқты науқандар нәтижесінде ер-азаматтардың қатары мүлдем сиреп кеткен республиканың мәдени-ағарту, экономикалық-саяси салаларының дамуында атқарылатын саналуан жұмыстарды жасайтын көнбіс қызметкерлерге айналды: жұмыс қамытының ауырлығы «Еңбекші ана», «Ас үй құлдығы жойылсын!», «Жаңа тұрмыс еркі!», «Үй шаруасындағы әрбір әйел ел басқаруды үйренсін!», - деп ұрандату нәтижесінде «Жұмыс істейтін ана» моделі КСРО-дағы барлық нәзікжандылар ұмтылуы тиіс идеал ретінде бекітілді - экономикалық дағдарыстар кезінде әйелдердің тұрмыстағы еңбек жүгі одан да ауырлай берді [15].

Сондықтан, кимешек тақырыбының Тәуелсіз Қазақтан кезеңінде тарихи құндылықтарымызды қайтадан қалпына келтірудің бір бағытына айнала алатын практикалық маңызы да жоғары. Бұл турасында ақын М.Мұқағалидің «Ақ кимешек көрінсе» атты шығармасында: «Ақ кимешек жоғалса ... нені көрем?» деген бір ауыз сауалымен қазақи қоғамның жоғалтқанын шынайы мән-мағынасымен қайтаруға деген бүгінгі күннің рухани қажеттілігімен үндес келетін ішкі арман-түйсігін көруімізге де болады.

Әдебиеттер тізімі:
деректер және тарихнамалық еңбектер

1. Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі7 Энциклопедия. Алматы: РПК «Слон», 2012. С илл. Т.3-4.

2. Коллантай А.М. Работница-мать. Омск, 1920. С.32.

3. Отчет Уральского губернского экономического совещания за период с 1 октября 1921 года по 1 октября 1922 года. Уральск, 1923. 308 с.

4. Смағұлова С., Ашаршылық қасіреті. 1-кітап. Алматы: Елтаным. 2019. 272 б.

5. Шашаева М.А. XX ғ. 20-30-шы жылдырындағы Қазақстанның кеңестік қоғамның әлеуметтік мәдени-трансформациясы және әйелдердің жағдайы. Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. Алматы, 2025. 144 б.

6. Государственный архив общественно-политической истории Туркестанской области (ГАОПИТО). Ф.29.оп.1. Д.478. Л.1-15.

7. ГАОПИТО. Ф.29. Оп.1. Д.4. Л.172-188.

8. Ерекше өткен DIGITAL NAURYZ//
https://www.instagram.com/reel/DWGqLaqgrdL/?igsi=MWsydGpwNjA2dng4cA==

9. Нұрмұхан А. Кимешек киген қандай-ды!//aikyn.kz/278704/kimeshek-kigen-k-anday-dy

10. Қазақтар кимешекті қалай киген? // https://bilim-all.kz/article/21794

11. «Ақ орамал» этно-танымдық симпозиумінде көрсеткен күндік орау тәсілі // https://www.instagram.com/reel/Cys9pnittIr/

12. Кимешек // https://ru.wikipedia.org/wiki/Кимешек

13. Шашаева М.А., Қозыбаева М.М. Кеңестік Қазақстандағы 1917-1930 жылдарындағы «әйел теңдігі» мәселесі. Журнал Отан тарихы. 2022. №2 (98). С.189-197.

14. Аманжолова Д. Из опыта решения женского вопроса в Казахстане, в 1920-1930 гг.

Российский научно-практический журнал. Российские регионы: взгляды в будущее. /http//futureruss.ru/worldculture/ethnic-groups/gender-v-kazaxstane.html

15. Кенжина А. М. Ұлттық киім - тарихи мәдени мұра//«Дәстүр» № 5-6 (72-73), 2020. Б.44.

16. Ескекбаев Д.Б. Ашаршылық зұлматы және босқын қазақтар // «Кеңестік кезеңдегі Қазақстанның аграрлық тарихының өзекті мәселелері: билік және қоғам» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы материалдарының жинағы. 2021. 55-62. бб.

References liste:
sources and historiographical works

1. Qazaqtın étnografïyalıq kategoriyalar, uğımdar men atawlarınıñ dasturli jüyesi7 Énciklopediya. Almatı: RPK «Slon», 2012. S ïll. T.3-4.

2. Kollantay A.M. Rabotnitsa-mat'. Omsk, 1920. S.32.

3. Otchet Ural'skogo gubernskogo ekonomicheskogo soveshchaniya za period s 1 oktyabrya 1921 goda po 1 oktyabrya 1922 goda. Ural'sk, 1923. 308 s

4. Smağulova S., Asharschılıq qasireti. 1-kitap. Almatı. Eltanım. 2019. 272 b.

5. Shashaeva M.A. XX ğ. 20-30-shı zhıldırındağı Qazaqstannıñ keñestik qoğamnıñ aleumettik madeni-transformacïyası zhane ayelderdiñ zhağdayı. Filosofïya doktorı (PhD) darezhesin alw uschin dayındalğan dissertacïya. Almatı, 2025. 144 b.

6. Gosudarstvennyy arkhiv obshchestvenno-politicheskoy istorii Turkestanskoy oblasti (GAOPITO). F.29.op.1. D.478. L.1-15.

7. GAOPITO. F.29. Op.1. D.4. L.172-188.

8. Ereksche otken DIGITAL NAURYZ// https://www.instagram.com/reel/DWGqLaqgrdL/?igsi=MWsydGpwNjA2dng4cA==

9. Nurmuxan A. Kimeshek kigen qanday-dı!//aikyn.kz/278704/kimeshek-kigen-k-anday-dy

10. Qazaqtar kimeşekti qalay kïgen? // https://bilim-all.kz/article/21794

11. «Aq oramal» étno-tanımdıq simpoziuminde korsetken kundik orai tasili // https://www.instagram.com/reel/Cys9pnittIr/

12. Schaschaeva M.A., Qozıbaeva M.M. Keñestik Qazaqstandağı 1917-1930 zhıldarındağı «ayel teñdigi» maselesi. Zhurnal Otan tarihı. 2022. №2 (98). S.189-197.

13. Amanzholova D. Iz opyta resheniya zhenskogo voprosa v Kazakhstane, v 1920-1930 gg. Rossiyskiy nauchno-prakticheskiy zhurnal. Rossiyskiye regiony: vzglyady v budushcheye. /http//futureruss.ru/worldculture/ethnic-groups/gender-v-kazaxstane.html

14. Kenjïna A. M. Ulttıq kïim - tarïxï mädenï mura//«Dästür» № 5-6 (72-73), 2020. B.44

15. Eskekbaev D.B. Aşarşılıq zulmatı jäne bosqın qazaqtar // «Keñestik kezeñdegi Qazaqstannıñ agrarlıq tarïxınıñ özekti mäseleleri: bïlik jäne qoğam» attı Xalıqaralıq ğılımï-täjirïbelik konferencïyası materïaldarınıñ jïnağı. 2021. 55-62. bb.

Сведения об авторе, ответственном за переписку (место работы, номер телефона, электронная почта) **Жанысбекова Гульнар Амирбаевна** - тарих ғылымдарының кандидаты, «Тұлға дамыту және тәрбие» орталығының басшысы М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университеті, Шымкент, Қазақстан. телефон: +7-707-516-3755; e-mail.ru: amirbaevna62@mail.ru

тақырыптық рубрикалар / тематические рубрики / subject headings

ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ
ИСТОРИЯ КАЗАХСТАНА
HISTORY OF KAZAKHSTAN

ҒТАХР/ МРНТИ / IRSTI: 03.20
https://orcid.org/0000-0001-9334-3229
https://orcid.org/0000-0003-3210-7761?lang=en

[1]Әшім Б.Ә.*, [2]Ағзам А.А.
[1]Ш.Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты,
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. Алматы, Қазақстан
[2]Ә.Х.Марғұлан атындағы Археология институты. Алматы, Қазақстан

СЫРДАРИЯ ЖӘНЕ ҚАРАТАУ ӨҢІРЛЕРІНДЕГІ ҚАЗАҚ КЕЗЕҢІ ЕСКЕРТКІШТЕРІНІҢ ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫ: XIX–XX ҒАСЫРЛАР

*Автор-корреспондент: ashim.baglan@gmail.com

Мақала ҚР ҒЖБМ Ғылым комитетінің 2024-2026 жж. бағдарламалық-нысаналы қаржыландыруы шеңберінде, IRN BR24992939 жобасы аясында даярланды

Түйін: Мақалада Сырдария және Қаратау өңірлеріндегі қазақ кезеңі ескерткіштерінің зерттелу тарихы және оның XIX–XX ғасырлардағы даму ерекшеліктері қарастырылады. Зерттеу XIX–XX ғасырлардағы еңбектерді қамтиды, ал зерттелу тарихының бастапқы алғышарттарын көрсету мақсатында XVIII ғасырдың басындағы картографиялық дерек те қарастырылады. Зерттеудің дереккөздік негізін саяхатшылардың жол жазбалары, әскери-топографиялық сипаттамалар, археологиялық және археологиялық-этнографиялық экспедиция материалдары, сәулеттік зерттеулер, ескерткіштер тізілімдері мен этнографиялық мәліметтер құрайды. Зерттеу барысында ескерткіштерді сипаттау мен тіркеу тәсілдерінің маршруттық бақылау мен сипаттаудан жүйелі археологиялық, сәулеттік және этнографиялық зерттеулерге дейінгі даму үрдісі сараланды. XIX ғасырдағы зерттеулерде ескерткіштердің орналасуын, сыртқы пішінін, құрылыс материалдарын және жергілікті атауларын тіркеу басым болса, кеңестік кезеңде сәулеттік өлшеу жұмыстары, топографиялық түсірілім, аэрофототүсірілім, эпиграфикалық зерттеу, археологиялық қазба және информаторлардан мәлімет жинау әдістері кеңінен қолданыла бастағаны анықталды. Нәтижесінде Сырдария және Қаратау өңірлеріндегі ескерткіштерді зерттеудің өзара сабақтас бірнеше ғылыми бағыты қалыптасқаны көрсетілді.

Кілт сөздер: Сырдария, Қаратау, қазақ кезеңі ескерткіштері, зерттелу тарихы, мазар, кесене, қорым, археологиялық зерттеу, сәулеттік зерттеу, этнографиялық деректер.

[1]Ашим Б.А.*, [2]Агзам А.А.
[1]Институт истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова,
КазНУ имени аль-Фараби. Алматы, Казахстан
[2]Институт археологии имени А.Х. Маргулана. Алматы, Казахстан

ИСТОРИЯ ИЗУЧЕНИЯ КАЗАХСКИХ ПАМЯТНИКОВ ПРИСЫРДАРЬИНСКОГО РЕГИОНА И РАЙОНА КАРАТАУ: XIX–XX ВЕКА

*Автор-корреспондент: ashim.baglan@gmail.com

Статья подготовлена в рамках программно-целевого финансирования Комитета науки МНВО РК 2024-2026, ИРН BR24992939

Аннотация: В статье рассматривается история изучения памятников казахского периода в регионах Сырдарьи и Каратау и особенности ее развития в XIX–XX веках. Исследование охватывает работы XIX–XX веков, а для раскрытия первоначальных предпосылок истории изучения также рассматриваются картографические сведения начала XVIII века. Источниковую основу исследования составляют путевые записки путешественников, военно-топографические описания, материалы археологических и археолого-этнографических экспедиций, архитектурные исследования, реестры памятников и этнографические сведения. Проанализировано развитие способов описания и фиксации памятников от маршрутных наблюдений и описаний до систематических археологических, архитектурных и этнографических исследований. Установлено, что в исследованиях XIX века преобладала фиксация местоположения, внешнего облика, строительных материалов и местных названий памятников, тогда как в советский период получили широкое применение архитектурные обмеры, топографическая съемка, аэрофотосъемка, эпиграфические исследования, археологические раскопки и сбор сведений у информаторов. В результате показано формирование нескольких взаимосвязанных научных направлений в изучении памятников регионов Сырдарьи и Каратау.

Ключевые слова: Сырдарья, Каратау, памятники казахского периода, история изучения, мазар, мавзолей, некрополь, археологическое исследование, архитектурное исследование, этнографические данные.

[1]Ashim B.A.*, [2]Agzam A.A.
[1]Ch.Ch.Ualikhanov Institute of History and Ethnology,
Al-Farabi Kazakh National University. Almaty, Kazakhstan.
[2]Margulan Institute of Archaeology. Almaty, Kazakhstan.

THE HISTORY OF RESEARCH ON KAZAKH-PERIOD SITES IN THE SYR DARYA AND KARATAU REGIONS: THE 19TH–20TH CENTURIES

*Corresponding-author: ashim.baglan@gmail.com

The publication was carried out within the framework of program-targeted financing of the Committee of Science of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan for 2024–2026, project IRN BR24992939

Abstract: The article examines the history of research on Kazakh-period monuments in the Syr Darya and Karatau regions and the characteristics of its development during the nineteenth and twentieth centuries. The study covers research conducted in the nineteenth and twentieth centuries, while early eighteenth-century cartographic evidence is also considered in order to outline the initial foundations of this research history. The source base includes travelers' accounts, military-topographic descriptions, materials from archaeological and archaeological-ethnographic expeditions, architectural studies, monument registers, and ethnographic data. The study traces the development of approaches to describing and recording monuments from route-based observations and descriptions to systematic archaeological, architectural, and ethnographic research. It is shown that nineteenth-century studies primarily recorded the location, appearance, building materials, and local names of monuments, whereas the Soviet period saw the extensive use of architectural

measurements, topographic survey, aerial photography, epigraphic research, archaeological excavations, and interviews with informants. The study demonstrates the formation of several interconnected scholarly approaches to the investigation of monuments in the Syr Darya and Karatau regions.

Keywords: Syr Darya, Karatau, Kazakh-period monuments, history of research, mazar, mausoleum, necropolis, archaeological research, architectural research, ethnographic data.

Кіріспе

Сырдария және Қаратау өңірлері Қазақстанның тарихи-мәдени кеңістігінде ерекше орын алады. Бұл аумақта ортағасырлық қалалар мен көне қоныстармен қатар қазақ қоғамының кейінгі тарихи кезеңдеріне жататын кесенелер, мазарлар, қорымдар, мешіттер, тұрақты қоныстар, қыстаулар және шаруашылық-тұрмыстық құрылыстар кеңінен таралған. Алайда аталған ескерткіштер ұзақ уақыт бойы дербес зерттеу нысаны ретінде емес, ортағасырлық қалаларды, сәулет кешендерін, ирригациялық жүйелерді немесе тарихи географияны зерттеу барысында қосымша нысандар ретінде тіркеліп отырды.

Өңір ескерткіштері туралы алғашқы мәліметтер картографиялық және жолсапарлық сипатта болды. XIX ғасырдың ортасынан бастап олардың орналасқан жерін, құрылыс материалын, сәулеттік пішінін және сақталу жағдайын нақтылауға бағытталған зерттеулер көбейді. XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында эпиграфикалық жазуларды, қабырға суреттерін, жергілікті атаулар мен зиярат ету дәстүрлерін тіркеуге назар аударылса, кеңестік кезеңде бұл жұмыстар археологиялық барлау, сәулеттік өлшеу, топографиялық түсірілім, этнографиялық зерттеу, аэрофототүсірілім және реставрациялық құжаттамамен толықты. Соған қарамастан Сырдария және Қаратау өңірлеріндегі қазақ кезеңі ескерткіштерінің зерттелу тарихына қатысты мәліметтер ғылыми міндеттері мен қалыптасу сипаты әртүрлі дереккөздерде шашыраңқы түрде сақталған. Саяхатшылар мен әскери топографтардың еңбектері, археологиялық экспедиция материалдары, сәулеттік және этнографиялық зерттеулер осы үдерістің жекелеген кезеңдерін көрсеткенімен, олардың өзара сабақтастығы, зерттеу міндеттерінің өзгеруі және қолданылған әдістердің даму бағыты арнайы жүйелеуді қажет етеді.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы - Сырдария және Қаратау өңірлеріндегі қазақ кезеңі ескерткіштеріне қатысты әр кезеңде қалыптасқан картографиялық, жолсапарлық, әскери-топографиялық, археологиялық, сәулеттік және этнографиялық деректерді біртұтас тарихнамалық тұрғыдан салыстырып, зерттеу міндеттері мен тәсілдерінің өзгеру бағытын айқындауында.

Зерттеудің мақсаты - Сырдария және Қаратау өңірлеріндегі қазақ кезеңі ескерткіштерінің зерттелу тарихын жүйелеп, оларды анықтау, тіркеу және ғылыми тұрғыдан түсіндіру тәсілдерінің қалыптасуы мен даму ерекшеліктерін айқындау. Осы мақсатқа сәйкес өңір ескерткіштері туралы XIX ғасырдағы жазбаша және топографиялық мәліметтерді саралау; ескерткіштерді арнайы археологиялық зерттеуге көшу үдерісін анықтау; кеңестік кезеңдегі археологиялық, сәулеттік және этнографиялық зерттеу бағыттарының ерекшеліктерін көрсету; ескерткіштерді тіркеу мен ғылыми түсіндіруде қолданылған әдістердің даму үрдісін салыстыру; әртүрлі дерек түрлерінің мүмкіндіктері мен шектеулерін айқындау міндеттері қойылды. Зерттеу барысында деректанулық және тарихнамалық талдау, тарихи-салыстырмалы және проблемалық-хронологиялық әдістер қолданылды. Мақаланың негізгі хронологиялық шеңбері XIX–XX ғасырларды қамтиды. Зерттелу тарихының бастапқы алғышарттарын көрсету мақсатында С.У. Ремезовтың 1701 жылғы картографиялық мәліметі де қарастырылады. Зерттеудің географиялық шеңбері Сырдарияның төменгі және орта ағысындағы аумақтар мен Қаратау өңірін қамтиды.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Зерттеудің дереккөздік негізін XVIII ғасырдың басындағы картографиялық дерек, XIX-XX ғасырдың басындағы саяхатшылардың жол жазбалары мен әскери-топографиялық сипаттамалар, кеңестік кезеңдегі археологиялық және археологиялық-этнографиялық экспедиция материалдары, сәулеттік зерттеулер, этнографиялық еңбектер және ескерткіштердің жинақталған тізілімдері құрайды. Сонымен қатар мәселенің жекелеген қырларын қарастырған кейінгі тарихнамалық және тарихи-археологиялық зерттеулер пайдаланылды.

Ең ерте картографиялық дерек ретінде С. У. Ремезовтың 1701 жылы құрастырған «Сібірдің сызба кітабы» қарастырылды. XIX-XX ғасырдың басындағы жазба деректер ескерткіштердің тарихи атауларын, орналасқан жерін, сыртқы пішінін, құрылыс материалдарын, сақталу жағдайын, сондай-ақ жергілікті атаулар, дәстүрлер мен ғұрыптық тәжірибелер жөніндегі мәліметтерді анықтау және салыстыру үшін пайдаланылды. Кеңестік кезеңдегі археологиялық, сәулеттік және этнографиялық материалдар ескерткіштердің жоспарлық құрылымын, археологиялық контекстін, мерзімделуін, қоныстану және шаруашылық ортасын салыстыра талдауға мүмкіндік берді. 1960 жылғы «Қазақстанның археологиялық картасы» ескерткіштердің орналасуы, мерзімделуі және зерттелу тарихы жөніндегі мәліметтерді салыстыруға арналған жинақтаушы дерек ретінде қолданылды.

Зерттеу барысында деректанулық және тарихнамалық талдау, тарихи-салыстырмалы және проблемалық-хронологиялық әдістер қолданылды. Деректанулық талдау әрбір мәліметтің қалыптасу жағдайын, автордың мақсатын, деректің сипаты мен ақпараттық мүмкіндіктерін бағалауға бағытталды. Тарихнамалық талдау ескерткіштерді зерттеу міндеттерінің, қолданылған әдістер мен ғылыми түсіндіру тәсілдерінің уақыт өте өзгеруін анықтау үшін пайдаланылды. Тарихи-салыстырмалы әдіс әр кезеңдегі бір нысанға немесе біртектес ескерткіштерге қатысты мәліметтерді өзара салыстыруға, ал проблемалық-хронологиялық әдіс зерттеу тәсілдерінің даму ерекшеліктерін кезеңдік тұрғыдан қарастыруға мүмкіндік берді. Деректерді талдау барысында ескерткіштің мерзімі, жерлеу уақыты, қабірүсті құрылысының салыну және қайта жөнделу кезеңдері, жергілікті аңыздың жазып алынған уақыты мен ғұрыптық дәстүрдің сақталу мерзімі бір-бірінен ажыратылып қарастырылды. Этнографиялық аналогиялар мен ауызша мәліметтер археологиялық мерзімдеудің немесе этникалық атрибуцияның дербес дәлелі ретінде емес, археологиялық, сәулеттік, эпиграфикалық және өзге де тәуелсіз деректермен салыстыра талданатын дереккөздер ретінде пайдаланылды.

Нәтижелер және талқылау

XIX ғасырдың басына дейін Сырдария мен Қаратау өңірлеріндегі тарихи ескерткіштер ресейлік жазба деректерде дербес археологиялық зерттеу нысаны ретінде қарастырылған жоқ. Өңір ескерткіштеріне қатысты осы кезеңнен жеткен картографиялық дерек орыс картографы С.У.Ремезовтың 1701 жылы құрастырған «Сібірдің сызба кітабында» (Чертежная книга Сибири) кездеседі. Еңбекте Сырдария бойындағы Қорқыт ата мазарының атауы көрсетіліп, оның сызбасы берілген [1, л. 44; 2, 207].

Бұл өңірлердегі ескерткіштерді атап көрсету және жазбаша тіркеу XIX ғасырдың бірінші ширегінде басталды. 1813 жылы Ф. Назаров Петропавлдан оңтүстікке қарай бағыт алған орыс сауда керуеніне ілесіп, Қаратаудың солтүстік жағында, Созаққа барар жолда биік төбеде орналасқан пирамида тәрізді көне тас қабірүсті құрылысын байқап, оны «Уванас» атауымен жазбаша тіркеді [3, 30]. Бұл сипаттама қысқа болғанымен, өңір ескерткіштері жөніндегі алғашқы деректердің бірі ретінде маңызды. Осыдан кейінгі кезеңде өңірдегі ескерткіштер туралы мәліметтер осы аймақ арқылы өткен ресми дипломатиялық миссиялар мен сауда керуендеріне қатысушылардың жол жазбалары деректердің жаңа шоғырын қалыптастырды.

1820–1821 жылдары А.Ф. Негридің басшылығымен Орынбордан Бұхараға бағыт алған

дипломатиялық миссияға қатысушылар жол бойында кездескен жекелеген қазақ ескерткіштері туралы мәліметтер келтірген. Миссия құрамындағы капитан Е. К. Мейендорф өз жазбаларында Сыр бойына жақындаған сайын ескерткіштер санының арта түсетінін және олардың «қалаға ұқсайтын зираттар» түзетінін атап көрсетеді. Сондай-ақ ол дәулетті қазақтардың саздан кесене тұрғызу үшін Бұхарадан сәулетшілер шақыртатынын хабарлайды [4, 34]. С.Е. Әжіғали де Е.К. Мейендорфтың бұл мәліметін қуаттап, қазақтар арасында кесене салу үшін оңтүстік өңірлерден білікті құрылыс шеберлерін шақырту дәстүрінің XIX ғасырда да жалғасқанын атап өтеді [5, 88].

Осы кезеңдегі деректер қатарын 1824 жылы Орынбордан Бұхараға аттанған сауда керуенін басқарған көпес Евграф Кайдаловтың жол жазбалары толықтыра түседі. Е. Кайдалов Сырдарияның төменгі ағысында кездескен көптеген қазақ зираттарын былай сипаттайды: «…Бұл жерде өзгеше готикалық сәулетімен назарымызды аударған көптеген қабірлер кездесті. Олардың басым бөлігі күйдірілмеген кірпіштен тұрғызылған, ал кейбірі күмбезді әрі мұнаралы болып, бекіністерге ұқсас тісті қабырғалармен қоршалған» [6, 108]. Сонымен қатар автор жол жазбасының алғашқы бетінде аталған қабір құрылыстарының әртүрлі үлгілері бейнеленген суретті ұсынған.

XIX ғасырдың ортасынан бастап Ресейдің Сырдария бойындағы әскери-топографиялық қызметінің күшеюі өңірді жүйелі түрде тіркеуге мүмкіндік берді. Осы әскери-отарлық ілгерілеу кезеңінде Сырдария өңірі туралы мәліметтер әскери қызметкерлер мен әскери топографтардың еңбектерінде де көрініс тапты. Солардың қатарында Бас штабтың полковнигі И.Ф. Бларамбергтің еңбегін атауға болады. Ол Қорқыт ата (Хор-Хут) қорымын «орасан зор көне қорым» деп сипаттайды. Оның мәліметінше, қорымдағы қабір құрылыстары мұнара пішінді болып, бір қырының ұзындығы он дюймге тең шаршы кірпіштерден қаланған. Кірпіштердің күйдірілгені байқалмағанымен, олардың беріктігі соншалық, сындыру қиын болған. Бларамберг кірпіштердің сол жерде дайындалғанына күмән келтірмей, оларды күйдірудің қиын еместігін маңайда сексеуілдің, әсіресе қамыстың молдығымен түсіндіреді [7, 59]. Бұл мәліметтер жолсапарлық бақылаулар сипатында болғанымен, ескерткіштердің құрылыс техникасына да мән беріле басталғанын көрсетеді.

Қорқыт қорымы туралы мәліметтерді ресейлік гидрограф әрі зерттеуші Н.А. Ивашинцовтың 1853 жылы Сыр бойында жүргізген зерттеулері толықтыра түседі. Зерттеуші қорымның Қармақшы бекінісінен солтүстік-батысқа қарай жиырма верст қашықтықта, Сырдария жағасындағы жайпақ беткейде орналасқанын және жарты шаршы верстадан астам аумақты алып жатқанын көрсетеді. Оның мәліметінше, қорымдағы қабірлердің басым бөлігі конус пішінді болып, саздан немесе шаршы пішінді шикі кірпіштен тұрғызылған. Сонымен қатар ол күйдірілген кірпіштен салынған бір қабірдің ұқыпты қалануымен және ішкі бөлігінің сылануымен өзгелерінен ерекшеленетінін атап өтеді [8, 258]. Бұл мәліметтер қорымның өзен арнасы мен уақыт әсерінен кейінгі қирауларға дейінгі бастапқы келбетін түсіну үшін маңызды. Осындай міндеттерді Бас штаб офицері А.И. Макшеев те атқарды. Ол 1848, 1851 және 1853 жылдардың жаз айларында Сырдария өңірінде топографиялық түсірілімдер мен әскери рекогносцировкалар жүргізген экспедицияларға қатысты [9, 5]. Осы сапарларда жинақталған материалдар оның өңірдің географиясы, этнографиясы мен тарихи ескерткіштеріне арналған бірнеше еңбегінде көрініс тапты. Макшеев Сырдарияның оң жағалауындағы Қайып ата, Қармақшы, Қорқыт ата (Хор-хут), Көпмешіт немесе Бердібек қорымдарының орналасқан жерін көрсетіп, Сараман ескерткіші туралы мәлімет береді [10, 515]. Ұзынтам мен Бегім ана (Бик-мана) ескерткіштерінің орналасуы мен құрылыс ерекшеліктерін сипаттайды [10, 516]. Адам ата ескерткіші жөнінде де құнды деректер келтіреді [10, 518]. Бұл жазбалардың айрықша құндылығы тарихи география мен сәулеттік сипаттамалардың ұштасуында; соның негізінде тарихи атауларды қазіргі топографиямен салыстыруға мүмкіндік береді. XIX ғасырдың екінші жартысында Сырдария мен Қаратау ескерткіштері туралы мәліметтер едәуір толықты, зерттеушілердің жүргізілген бақылауларының сипаты да түрлене түсті. 1857–1858 жылдары

Императорлық ғылым академиясының ұйымдастыруымен Сырдария мен Қаратау өңірлерінде арнайы зерттеу жұмыстарын жүргізген ғалымдардың бірі Н.А. Северцов болды. Экспедиция барысында ол жараланып, қоқандықтардың қолына тұтқынға түсті. Жаңақорғанға әкетіліп бара жатқан жолда Северцов кездескен географиялық нысандарды белгілеп, жол бойындағы ескерткіштерге де назар аударды. Көне қорымның жанына аялдаған кезде өзін алып жүрген қазақтардың бұл жердің атауын айта алмағанын немесе айтқысы келмегенін атап өтті. Қолындағы картаға сүйене отырып, зерттеуші осы маңда ортағасырлық Отырар қаласының қирандылары орналасуы тиіс деп санады. Северцов бұл жердегі қабірлерді Сыр бойында өзі бұрын көрген қабірлерге ұқсас, соқпа саздан тұрғызылған төртбұрышты әрі күмбезді құрылыстар ретінде сипаттайды. Олардың күмбездері опырылып, көпшілігінің қабырғалары құлаған, ал біршама жақсы сақталғандарының өзіне кең жарықтар түскен. Көптеген қабірдің ішінде опырылған күмбездердің арасынан немесе қабырғалардағы кең жарықтардан биік әрі жуан сексеуіл өсіп шыққан. Қабірлердің айналасын да сексеуіл басып, оның жуандығы ширек аршыннан жарты аршынға дейін жеткен. Сексеуілдің баяу өсетінін ескере отырып, Северцов қабірлердің кемінде үш жүз жыл бұрын, бәлкім, одан да ертерек қирап, содан бері сексеуіл басқан деп болжады. Оның пікірінше, бұл қабірлер Әмір Темір дәуірінде қараусыз қалған болуы мүмкін. Сонымен қатар ол мұндағы қабірлердің көлемі жағынан Сыр бойы мен жалпы далада бұрын көргендерінің бәрінен асып түскенін атап өтті [11, 39]. Автордың көрген ескерткішін Отырармен байланыстыруы сол кезеңдегі картографиялық деректерге негізделген еді. Ал Северцовтың тұтқынға түскен жерінен Жаңақорғанға дейін жүріп өткен бағытын ескере отырып, ол аялдаған орын Отырар емес, Сығанақ қаласының қирандылары болуы мүмкін деп пайымдаймыз. Ал осы маңдағы көне қорым Сунақ ата қорымы болуы ықтимал.

1858 жылы Н.П. Игнатьевтің Хиуа мен Бұхараға жасаған миссиясы құрамында Орал казак әскерінің офицері П. Назаров та болды. Автор өз естеліктерінде, Орынбордан шыққан елшіліктің Қазақ даласы мен Үстірт арқылы өткен экспедицияның бағыты мен күнделікті өмірін сипаттаумен қатар, жол бойында кездескен қабірүсті құрылыстар туралы да мәлімет қалдырған. Оның «Воспоминания о степном походе в ханства Хиву и Бухару» атты еңбегі 1864 жылы «Военный сборник» журналында жарияланды. Осы еңбегінде П. Назаров былай жазады: «Аба деп, жалпы алғанда, белгілі немесе дәулетті қазақтың қабірінің үстіне тұрғызылған ескерткішті атайды. Ол әк пен сазбен бекітілген тастардан қаланып, көбіне төртбұрышты пішінде болады. Абаның адам бойындай биік қабырғаларының жиектерінде кейде тісшелер, ал бұрыштарында шағын мұнаралар болады; үсті күмбезбен жабылып, ішінде марқұмның қабірі орналасады» [12, 380]. Сірә, мұндағы «аба» атауы жергілікті «оба» сөзінің орысша транскрипцияланған нұсқасы болса керек. Алайда деректің негізгі маңызы ескерткіштердің сәулеттік пішіні мен әлеуметтік-мәртебелік сипатының жеткілікті деңгейде сипатталуында жатыр. Әсіресе автордың сипаттамаларындағы ескерткіштерді «төртқұлақ» үлгісіндегі ірі сәулеттік қоршаулармен, сондай-ақ күмбезді қабірүсті құрылыстармен сәйкестендіруге болады.

Бас штабтың штабс-капитаны Л.Л. Мейер 1861 жылы Қаратаудың батыс бөлігінде және Сырдарияның Жөлектен Жетітөбеге дейінгі оң жағалауында топографиялық түсірілім мен рекогносцировка жұмыстарын жүргізді [13, 3]. Осы қызметі барысында ол бірқатар ескерткіштерді зерттеп, жергілікті халықтан оларға қатысты ауызша деректер жинады. Ол Бегім ана, Адам ата, Қорқыт ата, Оқшы ата және басқа да өзге авторлардың еңбектерінде бұрын аталған ескерткіштерді қайта сипаттап, оларды хронологиялық ретпен жүйелеуге тырысты [13, 284]. Оның кезеңдемесі қазіргі заманғы ескерткіштерді мерзімдеу өлшемдеріне сәйкес келмейді, алайда оны ескерткіштердің мерзімін анықтауға бағытталған алғашқы талпыныстардың бірі ретінде қарастыруға болады.

Түркістан өлкесін зерттеу мақсатында 1865 жылы құрылған комиссия мүшесі ретінде А.К. Гейнс екі жыл бойы өңірде жүргізген зерттеулері де маңызды, нәтижесінде бірқатар еңбектері жарыққа шықты. Гейнс, 1866 жылы Сауран қирандыларын аралап, сол уақыттағы

қалашықтың қалпын жақсы сипаттап жазды. Қалашықтың аумағында құрылысы жақсы сақталған қабірлерді кездестіреді. Кейбір қабірлердің үсті жазуларға толы болуы назарына ілігеді. Осыған байланысты арнайы зерттеу тобы құрылуы қажет деген пікір де ұсынған [14, 266]. Гейнс, Сайрам қаласында көрген бірқатар ескерткіштер жайында да мәлімет берген. Ибрахим қожа кесенесі туралы берген сипаттамасында, күйдірілген кірпіштен тұрғызылғанына және Сыр бойының ескерткіштерімен ұқсастығына да мән берген [14, 379]. Гейнстің бұл ұсынысы эпиграфика мен кейінгі дәуірдегі жерлеу құрылыстарының біртіндеп дербес ғылыми нысан ретінде қарастырылуы керектігін ортаға қойды.

Сол жылы П.И. Пашино Түркістан өлкесінде ауқатты қазаққа тиесілі мазардың ішкі қабырғаларындағы суреттерді тіркеді. Оның сипаттауынша, бұл суреттер жерленген адамның туыстарының өтінішімен салынған. Бұл бейнелер мазарға келген әрбір адамды онда жерленген батырдың өмір жолы мен ерлік қасиеттерімен таныстыруға арналған деп көрсетеді [15, 56]. Бұл мәлімет мемориалдық құрылыстардың ішкі көркем безендірілуіне қатысты дәстүрдің сол кезеңде болғандығын анық көрсетеді.

Археологиялық ескерткіштерді зерттеудегі жаңа кезең П.И. Лерхтің 1867 жылғы сапарымен байланысты. Экспедицияның негізгі міндеті Сырдария бойындағы ортағасырлық қалаларды зерттеу болғанымен, Жанкент қалашығындағы қазба жұмыстары мен зерттеу барысында ғалым осы маңдағы қазақ қорымын аралап, сол жердегі кейбір құрылыстардың күмбездері ішіне опырылып құлай бастағандығын айтады. Сонымен қатар жергілікті қазақтардан алған мәліметтеріне сәйкес, қалашықтың қирандыларынан алынған кірпіштер маңайдағы қорымдардағы мазарларды салу кезінде қолданылғандығын жеткізген [16, III]. Жанкент қалашығының төбелерінің бірінде жүргізілген қазбада Алтын Орда кезеңіне жататын кесененің орны табылған. Осы маңдағы қазбадан шыққан ою-өрнекпен әсемделген ернеулер, терезе жақтаулары және қабырғаға арналған әрлеу тақтайшалары (изразцы) ерекше көзге түседі. Әсіресе арабша жазуы бар тақтайшалардың бірінде Рамазан айы 763 жылы хижра деп жазылған. Яғни бұл маусым-шілде айының 1362 жылына сай келеді [16, V]. Осы деректердің негізінде Жанкент қалашығының аумағы Алтын Орда кезеңінде де қорым ретінде қолданылғандығын байқаймыз. Яғни, бұл жерде кейінгі қазақтарға тиесілі зираттардың орналасуы да кездейсоқ емес. Ортағасырлық қалашықтардың маңында әртүрлі хронологиялық кезеңдерге жататын қорымдардың орналасуы Сырдария мен Қаратау өңірлерінде жиі кездесетін құбылыс.

Қазақ даласындағы ескерткіштер туралы жекелеген мәліметтер осы өңір арқылы өткен шетелдік авторлардың еңбектерінде де кездеседі. 1873 жылғы Хиуа жорығы кезінде орыс әскерімен бірге жүрген американдық журналист Дж. А. Мак-Гахан өз еңбегінде қазақтардың жерлеу-мемориалдық ескерткіштеріне назар аударады. Ол соқпа саздан тұрғызылған бірнеше қабірүсті құрылысын және іші бос, ішкі баспалдағы бар биік мұнараны сипаттайды [17, 35]. Сонымен қатар орталық күмбезінің биіктігі 30–40 футқа жететін, төртбұрышты биік дуалмен қоршалған ірі мазарларды атап өтеді. Мак-Гахан: «олардың әрқайсысы шағын әскери жасақ үшін бекініс қызметін атқара алар еді», – деп жазады [17, 51].

1876–1878 жылдары Орталық Азиядағы ғылыми экспедиция құрамында жүрген Мари де Уйфальви-Бурдонның жолсапар жазбалары да маңызды деректермен толықтыра түседі. Ол Қазалыдан Түркістанға қарай жүретін жол бойында Сырдарияның екі жағалауында орналасқан қорымдарды көрген. Автор дәулетті адамдардың қабірлері үстінде күнге кептірілген топырақтан тұрғызылған, орталық кіреберісі бар шаршы пішінді порталдық құрылыстардың болғанын атап өтеді. Қорымдардың бірінде бұл құрылыстардың жоғарғы бөліктері ажурлы элементтермен және бағаналар қатарымен безендірілген деп келтірілген [18, 8]. Бұл дерек, Сырдария бойындағы XIX ғасырдың екінші жартысында шикі кірпіштен тұрғызылған мемориалдық құрылыстарды сәндік безендіру тәсілдерінің алуан түрлілігін көрсетеді. XX ғасырдың басына қарай ескерткіштерге қатысты жинақталған деректер негізінде жүйелі жинақтар жасау мүмкіндігі туды. Қазақ даласындағы ескерткіштерді

жинақтаған ғалымдардың бірі И.А.Кастаньенің «Древности Киргизской степи и Оренбургского края» и «Надгробные сооружения киргизских степей» еңбектері ерекше маңызды. Ол 1906 жылы Сырдария бойына жасаған сапары барысында бірқатар ескерткіштер жөнінде мәлімет қалдырған. Өз жазбасында Қармақшыдағы екі мазарға қысқаша сипаттама береді. Қармақшы ата мазарына ат құйрығы орнатылғанын атап өтіп, оны әрбір әулие қабіріне тән белгі ретінде түсіндіреді. Сондай-ақ жергілікті тұрғындардың бұл жерге жиі келіп, дұға ететінін жазады. Қармақшы ата мазарының маңында орналасқан Шикенияз қабірінің үстіне биік, сүйір пішінді құрылыс тұрғызылып, босағасының үстіне киіктің басы орнатылғанын білдірді [19, 11]. Кастанье 1909 жылғы есебінде Сырдария жағасындағы мазарлар арасында Қорқыт ата мазарының орналасқанын көрсетеді [19, 12]. Алайда Кастанье 1910 жылғы жарияланымында қабірді табу мүмкін болмағанын хабарлап, ескерткіштің жоғалуын Сырдария өзенінің шайылуымен байланыстырды. Ол сондай-ақ А.А. Диваевтың сүйек қалдықтарының қауіпсіздеу жерге көшірілгені туралы мәліметін жеткізді [20, 217]. Сонымен қатар Кастанье А.А. Диваев келтірген мәліметке сүйене отырып, жергілікті қазақтар Сырдария өзенінің әсерінен мазардың толық қирауынан қауіптеніп, әулиенің сүйегін қауіпсіз жерге көшіргені туралы хабарды қайталайды [20, 217]. Кастанье осы қорымдағы тағы бір мазарға ерекше тоқталады. Оның иесін нақты атамай, бұрынғы қазақ басқарушысы деп қана көрсетеді. Мазар саман кірпіштен тұрғызылып, ішкі қабырғалары түрлі түсті суреттермен тұтастай безендірілген. Суреттерде қызыл және көк бояулар басым болған. Зерттеуші жылқы, түйе және қошқар бейнеленген жүзден астам суретті санағанын, олардың көпшілігінің өшіп қалғанын жазады. Мұсылмандық заң талаптарына қарамастан, қазақ суретшісі марқұм басқарушының өмірінен әртүрлі көріністерді бейнелеген: ол бірде атқа, бірде түйеге мінген, енді бірде руластарының ортасында немесе ұзын керуеннің басында көрсетілген. Сондай-ақ айналасында бірнеше бала тұрған қазақ әйелімен сөйлесіп тұрған көрінісі де салынған [20, 218]. Кастаньенің бұл дерегі Пашиноның мәліметтерімен және кейінгі суретті мазарлар туралы тіркеулермен үндесіп, мазарлардағы бейнелік жүйенің тарихи жалғасын анық көрсетеді.

Кастанье жергілікті халық киелі орындар ретінде құрметтеген Қорасан ата және Бақсайыс ата ескерткіштері туралы да мәліметтер келтіреді. Автор бұл нысандарды негізінен В.А. Каллаур мен А. Ниязовтың материалдары бойынша сипаттап жазған. Қорасан ата мазары сипаттама жасалған кезде қираған күйде болған. Қалпына келтіру барысында мазар сазбен қайта сыланып, сылақ бетіне арабша жазуы ішінара түсірілген [20, 200]. Аққорған мен Өзгент аралығындағы Бақсайыс ата кешені әулие қабірінен, мазардан және зияраттшыларға арналған мейман үйінен тұрған. Құрылыстары тозғанына қарамастан, кешен зиярат орны ретіндегі маңызын сақтаған [20, 202]. Осылайша, XIX ғасырдан басталған зерттеулер қарапайым сипаттамалық және топографиялық тіркеуден сәулеттік, эпиграфикалық, көркемдік және функционалдық талдауға қарай дамыды. Бұл еңбектер кейінгі кезеңдегі ескерткіштерді жүйелі зерттеу мен тарихи-мәдени тұрғыдан жіктеуге негіз қалады.

Кеңестік кезеңде Сырдария мен Қаратау ескерткіштерін зерттеу бірнеше ғылыми бағыт аясында қатар дамыды: ортағасырлық қалалар археологиясы, сәулет тарихы, этнография және тарихи-мәдени ескерткіштерді қорғау салалары. Алғашқы кезеңде кейінгі кезеңге жататын қазақ ескерткіштері көбіне қалашықтарға, ирригациялық жүйелерге немесе неғұрлым ерте кезеңдердегі сәулет кешендеріне бағытталған зерттеу маршруттары барысында қосымша нысан ретінде назарға ілікті. Алайда 1940–1950-жылдардың өзінде ескерткіштерді жүйелі түрде тіркеу жұмыстары қалыптаса бастады. Бұл кейіннен оларды жоспарлық құрылымы, құрылыс материалдары және сақталу деңгейі бойынша өзара салыстыруға мүмкіндік берді. 1946 жылы Хорезм археологиялық-этнографиялық экспедициясы Төменгі Сыр өңіріндегі Шатпа мазарын зерттеді. Кейінгі есептік құжаттарда бұл ескерткіш Шатпай атауымен де көрсетілді; 1959 жылы ол қайта тіркелді. Жинақталған сипаттама бойынша, құрылыстың жоспары шамамен 6,7 × 6,7 м болатын шаршы пішінді, қабырғаларының биіктігі шамамен 3 м, ал күмбезінің биіктігі 6 м-ге жуық болған.

Ескерткіште портал, жалған бұрыштық мұнаралар, сондай-ақ салт атты адамдар мен аңшылық көріністері бейнеленген қабырға суреттері болғаны атап көрсетілген. «Қазақстанның археологиялық картасында» ескерткіш XIX ғасырмен мерзімделген [21, 225, № 3310]. Бұл - далалық маршрут барысында анықталған нысанның кейіннен мемлекеттік ескерткіштерді есепке алу жүйесіне енгізілуінің үлгілерінің бірі. Сәулет ескерткіштерін зерттеу тұрғысынан 1950 жылы жарық көрген «Известий АН КазССР» сәулетке арналған арнайы шығарылымы айрықша маңызды болды. Бұл басылым бір мезгілде жалпы тарихи-сәулеттік бағыттың қалыптаса бастағанын және жекелеген өңірлерді арнайы зерттеу жұмыстарының жүргізілгенін көрсетеді. М.М.Мендикуловтың «Қазақстанның тарихи сәулеті туралы кейбір деректер» атты мақаласы осы шығарылымды ашып, Қазақстан сәулет тарихын қарастырудың кең ауқымды ғылыми шеңберін белгіледі [22, 3-36].

Сол басылымдағы келесі арнайы зерттеулер тікелей Сырдария мен Қаратау ескерткіштеріне арналды. В.В. Константинова «Сырдария өзенінің орта ағысындағы кейбір сәулет ескерткіштері» атты мақаласында өңірдегі бірқатар нысандарға жүйелі негізде сәулеттік сипаттама берді. Мақала фотосуреттермен, қасбеттердің сызбаларымен, жоспарлармен және құрылымдық ерекшеліктерге қатысты бақылаулармен толықтырылған; суреттері берілген ескерткіштердің қатарында Арыстанбаб, Баба Ата және Әли қожа ата ескерткіштері бар [23, 37-54; 40-41]. Бұл жұмыстың айрықша маңызы – ескерткішті жол-жөнекей сырттай сипаттаудан нақты өлшемдерге негізделген сәулеттік құжаттама жасауға көшуінде. Мұндай материалдар кейінгі реставрациялық және типологиялық тұжырымдарды тексеруге мүмкіндік береді. Сол басылымда Г.Г.Герасимовтың «Қаратаудың сәулет ескерткіштері» атты зерттеуі жарық көрді. Бұл еңбекте Қаратау нысандары біртұтас өңірлік сәулет ескерткіштері тобы ретінде қарастырылып, олардың сипаттамалары сызбалармен және жоспарлармен толықтырылған; жарияланған материалдардың ішінде Созақ ауданының ескерткіштері де қамтылған [24, 55-82; 74-75].

Константинова мен Герасимов еңбектерін тұтастай алғанда, зерттеу тарихындағы маңызды кезеңді аңғаруға болады: Сырдария мен Қаратау ендігі жерде жекелеген сапарлар барысында тіркелген кездейсоқ нысандар жиынтығы ретінде ғана емес, арнайы ұйымдастырылған сәулеттік зерттеудің дербес пәні ретінде қарастырыла бастады. 1953 жылы Е.И. Агеева мен Г.И. Пацевич басқарған Оңтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясы Қаратаудың солтүстіктік беткейіндегі ортағасырлық Баба Ата қалашығы цитаделінің етегіндегі кесене-мешітті тіркеді. Зерттеушілер кейінгі құрылысты одан бұрынғы ескерткіштен нақты ажыратып көрсеткен: зерттеу жүргізілген кезде сақталған ғимарат 1898 жылы жартылай қираған ортағасырлық кесененің орнына салынған. Ал бұрынғы кесененің Исхақ-бабпен байланысы археологиялық тұрғыдан дәлелденген тұжырым ретінде емес, жергілікті аңыз ретінде ғана келтірілген [25, 34]. Бұл мысал сақталған ғимараттың салынған уақытын, одан бұрынғы құрылыс кезеңін және әулиеге қатысты аңыздық өмірбаянды бір-бірімен араластырмай, жеке қарастыру қажеттігін айқын көрсетеді. Баба Ата материалдарын кейінгі жариялау кезінде Е.И. Агеева некропольдегі бірқатар құрылыстардың қызметін түсіндіру үшін этнографиялық аналогия әдісін қолданды. Сол жердегі саманнан тұрғызылған қоршауларды қазақтардың тамдары мен сағаналарымен салыстырды. Жерлеу және еске алу ғұрыптарын ескере отырып, іші бос құрылыстарды ықтимал кенотафтар (символдық қабірлер) ретінде қарастырған [26, 185–188]. Әдіснамалық тұрғыдан бұл – кейінгі кезеңнің дәстүрі (этнографиялық мәлімет) арқылы археологиялық нысанға қатысты ғылыми гипотеза ұсынуға мүмкіндік беретінін көрсетті. Алайда мұндай аналогияның өзі зерттеліп отырған нысанның нақты мерзімін де, оның этникалық байланысын өздігінше анықтай алмайды.

1956–1957 жылдары Б.В.Андрианов Хорезм археологиялық-этнографиялық экспедициясының құрамында Жаңадария алабының ирригациялық жүйесін зерттеді. Маршруттық зерттеу әдістемесі археологиялық барлауды, топографиялық тіркеуді және жергілікті тұрғындардан мәлімет жинауды өзара ұштастырды. Ежелгі арналар, каналдар мен

егістік алқаптармен қатар мазарлар, жертөлелер, киіз үй орындары және кейінгі кезеңге жататын тұрғын үйлер де тіркелді [27, 172-175, 184-187]. Қазақ ескерткіштерін зерттеу тұрғысынан бұл жұмыстың айрықша маңызы бақылаудың кешенді сипатында болды. Әрбір тіркелген нысан су жүйесімен, шаруашылық қызметпен және жергілікті тұрғындардың сол жер туралы мәліметтерімен өзара байланыста қарастырылды. Зерттеу аумақтарының бірінде Шірік-Рабаттан оңтүстік-батысқа қарай шамамен 55 км жерде орналасқан Теке-Әулие мен Ақ-Мәмбет ескерткіштері тіркелді. Теке Әулие XVIII–XIX ғасырларға жатқызылды. Ақ-Мәмбетте қорым, мазар және одан ертерек кезеңге жататын құрылыстардың қалдықтары анықталып, кейінгі мазар да XVIII–XIX ғасырларға жатқызылды [27, 185-186; 21, 224, № 3303–3304]. Орынбай қала маңында Б.В. Андрианов Ой-там деп аталатын үй-жай құрылысын анықтап, сипаттама берді. Ол шикі кірпіштен тұрғызылған, топырақпен жабылған екі еңісті шатыры бар, пішіні тікбұрышты тұрғын үй болған. Құрылыс екі жаққа бөліген бөлмелерден, дәліздерден және қабырға қуыстарынан (ниша) тұрған. Информатордың мәліметі бойынша, оны қазақ Сарыбай 1870-жылдары, Жаңадария арнасына бірнеше жыл бойы Сырдария суы қайта түсе бастаған кезеңде салған; тұрғын үймен бірге бөгет пен арықтар да аталған [27, 186–187]. Бұл дерек аталған нысанды кейінгі кезеңдегі қазақтың тұрақты тұрғын үй кешені ретінде сенімді түрде қарастыруға мүмкіндік береді.

1958 жылы Х.А. Арғынбаев пен И.В. Захарованың этнографиялық экспедициясы Созақ, Түркістан, Шәуілдір және Шаян өңірлерінде зерттеу жұмыстарын жүргізді. Елді мекендер, тұрғын үй, шаруашылық және ру-тайпалардың қоныстану ерекшеліктері туралы жиналған мәліметтер Сырдария мен Қаратаудағы тұрақты нысандарды түсіндіру үшін маңызды салыстырмалы этнографиялық дерекқор қалыптастырды [28, 92–118]. Кейін В.В. Востров пен М.С. Мұқанов этнографиялық және мұрағаттық материалдарды өзара ұштастыра отырып, XIX ғасырдың соңы – XX ғасырдың басындағы Сырдария облысы мен Қаратаудың солтүстік беткейлеріндегі қоныстану жүйесін жаңғыртты [29, 139–165].

1959 жылы Ә.Х. Марғұлан, Т.Қ. Бәсенов және М.М. Мендіқұлов кейінгі кезеңдегі кесенелерді, мешіттерді және тұрақты тұрғын үйлерді Қазақстанның жалпы тарихи-сәулеттік дамуы аясында қарастырды. Оңтүстік Қазақстан материалдарының қатарында, атап айтқанда, Баба-Ата мен Шоқай датқа кесенесі көрсетілді [30, 116–166; 133]. Бұл еңбек бір ғана жаңа далалық маусымның есебі емес, бұған дейін жинақталған сәулеттік мәліметтерді қорытындылаған зерттеу болды. Оның маңызы құрылыс түрлерін жүйелеуде және XIX – XX ғасырдың басындағы ескерткіштерді Қазақстанның құрылыс мәдениетінің ұзақ мерзімді тарихи дамуы аясында қарастыруында болды.

1960 жылы экспедициялық материалдар, мұрағат деректері, жарияланымдар, музей коллекциялары және жекелеген олжалар негізінде құрастырылған «Қазақстанның археологиялық картасы» жарық көрді. Реестрге Теке-Әулие, Ақ-Мәмбет, Шатпай, Шоқай датқа және Сырдария мен Қаратаудың басқа да нысандары енгізілді [21, 4-7]. Әрбір ескерткіш бойынша оның орналасқан жері, қысқаша сипаттамасы, мерзімделуі, зерттелу тарихы және библиографиясы берілді. Осылайша ескерткіштерді есепке алудың біртұтас жүйесі қалыптасты. Дегенмен кейінгі кезеңдегі қазақ мемориалдық құрылыстары бұл уақытта әлі де дербес зерттеу кешені ретінде арнайы бөлініп қарастырылған жоқ. Реестрде көрсетілген ескерткіштің бірі Солтүстік Қаратаудағы ортағасырлық Саудакент қалашығының маңында орналасқан Шоқай-Датқа кесенесін А.Х. Марғұланның жетекшілігіндегі Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясы зерттеді. Реестрде ол күйдірілген жалпақ кірпіштен тұрғызылған, аласа порталы, шағын бұрыштық мұнаралары, аласа көпқырлы барабанға орнатылған сүйір сфералық күмбезі және сырлы қаптама тақташалары бар тікбұрышты құрылыс ретінде сипатталған. Ескерткіш XVIII ғасырға жатқызылған [21, 239].

1958-1961 жылдардағы Хорезм экспедициясының материалдары Асанас маңындағы кейінгі кезең ескерткіштері туралы мәліметтерді толықтыра түсті. Қалашықтың қорған қабырғасының үстінен кейінгі мазарлардың іргетастары тіркелді, ал батыс жағында қараусыз

қалған қорымнан екі құрылысы сақталған ескерткіш анықталды: бірі порталсыз күмбезді, екіншісі порталды құрылыс. Қалашықтың шығыс жағында жертөлелер мен шаруашылық қоралары тіркелді [31, 87-90].

1960-жылдардың басына қарай өңірді зерттеуде үш негізгі бағыт қатар дамыды: жекелеген құрылыстарды сәулеттік тұрғыдан тіркеу, маршруттық зерттеулер барысында ескерткіштерді археологиялық есепке алу және дәстүрлі тұрғын үй мен қоныстану жүйесін этнографиялық тұрғыдан сипаттау. Осы бағыттардың бір-біріне өзара жақындауы неғұрлым күрделі кешенді талдауға негіз қалады. Бірақ осы кезеңде Сырдария мен Қаратаудағы қазақ кезеңі ескерткіштерін арнайы зерттеуге бағытталған біртұтас ескерткіштану ғылыми бағыты әлі қалыптаспаған еді.

1960-жылдардың соңында Оңтүстік Қазақстандағы археологиялық экспедициялар маршруттық зерттеулердің ауқымын едәуір кеңейтті. Қалашықтар мен олардың маңындағы аумақтарда топографиялық жоспарлар жасалып, жер бетінен табылған археологиялық материалдар жиналды, мәдени қабаттардың орналасуы мен хронологиясы нақтыланды. Сонымен қатар кейінгі кезеңдерге жататын мұсылман қорымдары көбіне тек жергілікті жерде белгіленіп, арнайы зерттеу нысанына айнала бермеді. Мәселен, Шор-төбеде қорымның бар екені тіркелгенімен, оның жоспарлық құрылымы, құлпытас түрлері мен эпиграфикалық жазбалары арнайы зерттелмеген [32, 6-10]. Бұл кейінгі кезең ескерткіштерінің ортағасырлық қала археологиясының негізгі міндеттерімен салыстырғанда әлі де екінші кезектегі нысандар ретінде қарастырылғанын көрсетеді.

Зерттеу әдістемесіндегі елеулі өзгеріс С.Жолдасбаевтың 1969–1970 жылдары жүргізген археологиялық барлау жұмыстарымен байланысты. Зерттеуші маршруттық барлауды, аэрофототүсірілімді, шурф салуды, қыстақ жоспарларын түсіруді, құдықтар мен мал қораларын тіркеуді, керамикалық материалдарды талдауды және жергілікті тұрғындардан мәлімет жинауды өзара ұштастырды. Сауран маңындағы аэрофотосуреттерді талдау нәтижесінде қазақтардың тұрақты қоныстары мен қыстауларының алты тобы анықталды, ал информаторлар жекелеген қыстаулардың иелері мен олардың пайдаланылған кезеңдері жөнінде мәлімет берген [33, 187-193]. Соның нәтижесінде зерттеу нысаны жеке бір тұрғын үймен шектелмей, баспана, шаруашылық құрылыстары, су көздері, жайылымдық аумақ және ру-әулеттік тарихи сана өзара байланысқан тұтас кешен ретінде қарастырыла бастады. 1970 жылы Жаңақорған өңірінде С. Жолдасбаев XVII–XIX ғасырларға мерзімделген Ақтас мешіті кешенін зерттеді. Кешен құрамына бір күмбезді мешіт, тұрақты қоныс, мешіттен солтүстік-батысқа қарай шамамен 70 м жерде орналасқан шағын кесене және оған іргелес қорым кірген. Ақ граниттен жасалған құлпытастарда араб графикасымен жазылған жазулар мен ру таңбалары сақталған [34, 86; 90-92]. Бұл зерттеудің маңызды ерекшеліктерінің бірі – ескерткішті заттай тіркеу жұмыстарының ауызша тарихи мәліметтерді жазып алумен қатар жүргізілуі болды. Екі информатордан алынған мәліметтер ата-бабалар мен шежіре, құрылысты салдыруға тапсырыс берген адамдар, медресе, ғұрыптық рәсімдер және зиярат ету дәстүрлері туралы деректерді тіркеуге мүмкіндік берді. Бұл мәліметтер археологиялық мерзімдеудің орнын алмастырмағанымен, кешеннің әлеуметтік тарихын қалпына келтіруге елеулі мүмкіндік берді. Әдістемелік тұрғыдан Ақтас мешіті Сырдария өңірінің өзінде археология, эпиграфика, сәулеттік сипаттама және этнографиялық деректердің өзара ұштасуының айқын үлгісін көрсетеді. Мұнда ауызша тарих ескерткіштің көнелігін еркін түрде «дәлелдеу» үшін емес, жоспарлық құрылымымен және материалдық іздерімен салыстырыла қарастырылатын дербес дереккөз ретінде пайдаланылған.

Кешенді зерттеудің тағы бір бағыты Л.Б.Ерзакович, Б.Н.Нұрмұханбетов және А. Ордабаев еңбектерінен көрінеді. 1975 жылы Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің батыс жағынан ағаш табыттарға жерленген жеті адам сүйегі бар жерасты жерлеу құрылысы зерттелді. 1976 жылы жарық көрген қысқаша хабарлама мен 1977 жылғы толық жарияланымда құрылыстың конструкциясы, жерленгендердің орналасу жағдайы, табыттар, мата мен былғары қалдықтары,

антропологиялық анықтамалар, мұсылмандық жерлеу ғұрпы, стратиграфия, топография және керамикалық материалдар туралы деректер кешенді түрде қарастырылды. Жерлеу құрылысы XVI ғасыр – XVII ғасырдың бірінші жартысына мерзімделді [35, 518-519; 36, 59-72].

1970-жылдары әртүрлі дерек түрлерінің бұрынғыдай бір-бірімен қатар емес, өзара толықтыра отырып пайдаланылғаны ерекше назар аудартады. Аэрофототүсірілім қоныстың кеңістіктік құрылымын анықтауға мүмкіндік берсе, жергілікті тұрғындардан алынған сұхбаттар ескерткішті пайдалану тарихымен және маусымдық шаруашылық жүйесімен байланыстыруға мүмкіндік берді. Эпиграфикалық деректер жекелеген адамдар мен руәулеттерге қатысты тарихи сананы нақтылауға көмектесті, ал археологиялық контекст ескерткіштердің хронологиясын тексеруге мүмкіндік берді. Дәл осы кезеңде Сырдариядағы қазақ кезеңі ескерткіштерін зерттеуде өзінің зерттеу логикасы жағынан этноархеологиялық тәсілге жақын әдістеме қалыптаса бастады. Алайда сол кезеңдегі еңбектердің өзінде мұндай зерттеулер терминологиялық тұрғыдан көбіне археологиялық немесе археологиялық-этнографиялық жұмыстар ретінде сипатталды.

1980-жылдары Сырдария мен Қаратау ескерткіштерін зерттеу сәулет мұрасын сақтау міндеттерімен барған сайын тығыз байланыса түсті. Бұл құжаттау жұмыстарының сипатын да өзгертті: ескерткіштің сыртқы пішінін сипаттаумен қатар оның құрылыс кезеңдерін, қалау тәсілін, күмбез құрылымын, сәндік бөлшектерін, жөндеу іздерін және техникалық жай-күйін тіркеуге ерекше мән беріле бастады. Сәулет ескерткіші енді тек белгілі бір тарихи типтің үлгісі ретінде ғана емес, ғылыми негізде консервациялау мен реставрациялауды қажет ететін нысан ретінде де қарастырылды.

Б.Т.Тұяқбаева мен А.Н. Проскурин Қожа Ахмет Ясауи ханакасының құрылыс тарихына арналған еңбегінде құрылыс үдерістерінің кезеңділігін және ескерткіштің сәулеттік құрылымын талдады [37, 63-69]. Өңір ескерткіштерінің зерттелу тарихы тұрғысынан бұл еңбектің маңызы - ескерткішті тек сыртқы белгілері бойынша сипаттаумен шектелмей, оның қалыптасу және құрылыс кезеңдерін анықтауға бағытталған зерттеу тәсіліне көшуінде. Мұндай әдіс әсіресе кейінгі кезеңдегі мазарлық кешендерді зерттеу үшін маңызды, өйткені бастапқы жерлеу уақыты, кесененің салыну кезеңі және кейінгі жөндеу жұмыстарының мерзімі бір-бірінен едәуір алшақ болуы мүмкін. Е.М. Байтенов 1985 жылы Оқшы-ата, Асан-ата және Есабыз кесенелерін, ал 1987 жылы Сырдарияның төменгі ағысындағы XIX – XX ғасырдың басына жататын екі камералы кесенелерді зерттеді [38, 73-76; 39, 37-39]. Оның еңбектерінде ескерткіштердің жоспары, көлемдік-кеңістіктік композициясы мен аймақтық ерекшеліктері салыстырмалы-типологиялық әдіс негізінде талданды.

Біздің тақырып тұрғысынан бұл еңбектердің маңызы - Сырдың төменгі бойындағы кейінгі кезеңге жататын қазақтың мемориалдық сәулет ескерткіштерінің көне ескерткіштердің жанындағы қосалқы нысан ретінде емес, өзіндік типологиялық және аймақтық ерекшеліктері бар дербес сәулеттік дәстүр ретінде талдана бастауында. 1980-жылдардың соңына қарай жинақталған деректер кешеніне кесенелердің жоспарлары мен өлшемдері, қорымдар мен қыстаулар туралы мәліметтер, эпиграфикалық материалдар, ауызша деректер, аэрофотосуреттер және арнайы археологиялық қазба нәтижелері енді. Алайда бұл материалдар әртүрлі мекемелерде және әртүрлі ғылыми міндеттер аясында - археологиялық, сәулеттік, этнографиялық және реставрациялық бағыттар бойынша жиналды. Дегенмен 1991 жылға қарай бір-бірін толықтыратын бірнеше зерттеу бағыты қалыптасты, оларды бүгінгі таңда деректанулық тұрғыдан өзара біріктіріп қарастыруға мүмкіндік бар.

Қорытынды

Сырдария және Қаратау өңірлеріндегі қазақ кезеңі ескерткіштерінің зерттелу тарихын талдау оларды ғылыми тұрғыдан тану мен тіркеу тәсілдерінің біртіндеп қалыптасып, күрделене түскенін көрсетті. XIX ғасырдағы картографиялық, жолсапарлық және әскери-топографиялық деректер ескерткіштердің орналасуы, тарихи атаулары, сыртқы пішіні,

құрылыс материалдары мен сақталу жағдайы туралы маңызды мәліметтерді қамтиды. Бұл деректер қазіргі кезде жойылған, қайта салынған немесе бастапқы келбеті өзгерген бірқатар нысандардың бұрынғы жағдайын анықтауға мүмкіндік береді. XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап маршруттық сипаттаудан ескерткіштердің сәулеттік құрылымын, эпиграфикалық ерекшеліктерін және тарихи ортасын арнайы зерттеуге көшу үрдісі байқалды. Кеңестік кезеңде археологиялық барлау мен қазба жұмыстары сәулеттік өлшеу, топографиялық түсірілім, аэрофототүсірілім, эпиграфикалық тіркеу және этнографиялық мәліметтерді жинаумен толықты. Соның нәтижесінде ескерткіштерді зерттеу жеке кесене немесе мазарды сипаттаумен шектелмей, қорымдар, қоныстар, қыстаулар мен шаруашылық құрылыстарын тарихи-мәдени ортамен өзара байланыста қарастыруға дейін кеңейді. Археологиялық және этнографиялық деректерді өзара салыстыра пайдалану да біртіндеп күшейіп, кешенді зерттеу тәсілінің қалыптасуына негіз болды. Сонымен бірге әртүрлі дерек түрлерінің мүмкіндіктері мен шектеулерін ескеру қажет. Археологиялық мерзімдеу ескерткіштің этникалық тиесілігін өздігінен дәлелдемейді, сәулеттік ұқсастық мәдени сабақтастықты тікелей дәлелдеуге жеткіліксіз, ал ауызша және этнографиялық мәліметтер басқа тәуелсіз деректермен салыстырыла тексерілуі тиіс. Осылайша, XX ғасырдың соңына қарай Сырдария және Қаратау өңірлеріндегі қазақ кезеңі ескерткіштерін анықтау, тіркеу және ғылыми тұрғыдан түсіндірудің өзара сабақтас бірнеше бағыты қалыптасты. Бұрын жинақталған жазба, картографиялық, археологиялық, сәулеттік және этнографиялық материалдарды деректанулық тұрғыдан қайта тексеріп, өзара салыстыра пайдалану бұл ескерткіштерді одан әрі зерттеудің маңызды бағыты болып табылады.

Әдебиеттер тізімі:
деректер мен тарихнамалық еңбектер

1. Ремезов С.У. Чертежная книга Сибири, составленная тобольским сыном боярским Семеном Ремезовым в 1701 году. Санкт-Петербург: Типография А. М. Котомина и К°, 1882. 76 с.

2. Мургабаев С.С., Малдыбекова Л.Д., Бахтыбаев М.М., Жетибаев К.М., Гурсой М., Сиздиков Б. С. История орошения Сыганака // Поволжская археология. 2022. № 2 (40). С. 206–214. DOI: 10.24852/pa2022.2.40.206.214

3. Назаров Ф. Записки о некоторых народах и землях средней части Азии. Москва: Главная редакция восточной литературы издательства «Наука», 1968. 77 с.

4. Мейендорф Е.К. Путешествие из Оренбурга в Бухару / пер. с фр. Е. К. Бетгера; ред. и вступ. ст. Н. А. Халфина. Москва: Главная редакция восточной литературы издательства «Наука», 1975. 180 с.

5. Ажигали С.Е. Очерк истории изучения памятников народного зодчества, «древностей и развалин» Арало-Каспийского региона в досоветский период (до середины XIX в.). Ч. 2. От дипломатической миссии А. Ф. Негри 1820-1821 гг. до образования Русского Географического общества // Пространство и время. 2018. № 1-2. С. 88–106. DOI: 10.24411/2226-7271-2018-11042.

6. Кайдалов Е. Караван-записки, во время похода в Бухарию российского каравана, под воинским прикрытием, в 1824 и 1825 годах; веденные начальником оного каравана над купечеством, Евграфом Кайдаловым: в 3 ч. Москва: Университетская типография, 1827–1828.

7. Бларамберг И.Ф. Военно-статистическое обозрение земли Киргиз-кайсаков Внутренней (Букеевской) и Зауральской (Малой) орды Оренбургского ведомства // Военно-статистическое обозрение Российской империи. Т. 14. Ч. 3. Санкт-Петербург: Типография Департамента Генерального штаба, 1848. 2, VII, 30, 119, 39 с.

8. Ивашинцов Н.А. Очерки низовьев Сыр-Дарьи и приаральской степи (из походных записок 1853 г.) // Морской сборник. 1854. Т. 13. № 11. С. 228-261.

9. Макшеев А.И. Путешествия по киргизским степям и Туркестанскому краю. Санкт-Петербург: Военная типография, 1896. 257 с.

10. Макшеев А.И. Описание низовьев Сыр-Дарьи // Морской сборник. 1856. Т. XXIII. № 9. С. 448–527.

11.Северцов Н.А. Месяц плена у коканцев. Санкт-Петербург: Издание графа Кушелева-Безбородко; Типография Рюмина и Комп., 1860. 98 с., 1 л. карт.

12.Назаров П. Воспоминания о степном походе в ханства Хиву и Бухару // Военный сборник. 1864. № 4. С. 375-390.

13.Мейер Л.Л. Киргизская степь Оренбургского ведомства // Материалы для географии и статистики России, собранные офицерами Генерального штаба. Т.10. Санкт-Петербург: Главное управление Генерального штаба, 1865. 382 с. разд. паг., 12 л. табл., 1 л. карт.

14.Гейнс А.К. Дневник 1866 года. Путешествие в Туркестан // Собрание литературных трудов Александра Константиновича Гейнса. Т. 2. Санкт-Петербург: Типография М. М. Стасюлевича, 1898. 742 с.

15.Пашино П.И. Туркестанский край в 1866 году: путевые заметки. Санкт-Петербург: Типография Тиблена и К° (Неклюдова), 1868. 179 с., ил., 1 л. карт.

16.Лерх П.И. Археологическая поездка в Туркестанский край в 1867 году: извлечение из отчета, представленного Императорской Археологической комиссии. Санкт-Петербург: Типография Императорской Академии наук, 1870. 2, X, 40 с.

17.Мак-Гахан Я.А. Военные действия на Оксусе и падение Хивы / пер. с англ. Москва: Университетская типография (Катков и К°), 1875. 304 с., [29] л. ил.

18.Ujfalvy-Bourdon M. de. D'Orenbourg à Samarkand. Le Ferghanah, Kouldja et la Sibérie occidentale: impressions de voyage d'une Parisienne // Le Tour du monde. Paris: Hachette, 1879. T. 37. P. 1–87.

19.Кастанье И.А. Поездка по Тургайской и Сыр-Дарьинской области. 1906–1907 г. вдоль Ташкентской железной дороги. Оренбург: Типография Г. М. Мильберг, 1909. 67 с.

20.Кастанье И.А. Древности Киргизской степи и Оренбургского края // Труды Оренбургской ученой архивной комиссии. Вып. 22. Оренбург: Типо-литография товарищества «Каримов, Хусаинов и К°», 1910. 332 с.

21.Агеева Е.И., Акишев К.А., Кушаев Г.А., Максимова А.Г., Сенигова Т.Н. Археологическая карта Казахстана: реестр. отв. ред. К. А. Акишев. Алма-Ата: Издательство АН КазССР, 1960. 449 с.

22.Мендикулов М.М. Некоторые данные об исторической архитектуре Казахстана // Известия Академии наук Казахской ССР. № 80. Серия архитектурная. Вып. 2. Алма-Ата: Издательство АН КазССР, 1950. С. 3-36.

23.Константинова В.В. Некоторые архитектурные памятники по среднему течению реки Сыр-Дарьи // Известия Академии наук Казахской ССР. № 80. Серия архитектурная. Вып. 2. Алма-Ата: Издательство АН КазССР, 1950. С. 37-54.

24.Герасимов Г.Г. Памятники архитектуры Каратау // Известия Академии наук Казахской ССР. № 80. Серия архитектурная. Вып. 2. Алма-Ата: Издательство АН КазССР, 1950. С. 55–82.

25.Агеева Е.И., Пацевич Г.И. Отчет о работах Южно-Казахстанской археологической экспедиции 1953 года // Труды Института истории, археологии и этнографии АН КазССР. Т. 1: Археология. Алма-Ата: Издательство АН КазССР, 1956. С. 33–60.

26.Агеева Е.И. Памятники средневековья (раскопки на городище Баба-Ата) // Археологические исследования на северных склонах Каратау. Труды Института истории, археологии и этнографии АН КазССР. Т. 14. Алма-Ата: Издательство АН КазССР, 1962. С. 117-215.

27.Андрианов Б.В. Изучение каракалпакской ирригации в бассейне Жаны-Дарьи в 1956–1957 гг. // Материалы Хорезмской экспедиции. Вып. 4. Москва: Издательство АН СССР, 1960. С. 172–190.

28.Аргынбаев Х.А., Захарова И.В. 1958 жылы Оңтүстік Қазақстан облысында ұйымдастырылған этнографиялық экспедиция жұмысының қорытындысы // Новые материалы по археологии и этнографии Казахстана. Т.12. Алма-Ата, 1961. С. 92-118.

29.Востров В.В., Муканов М.С. Родоплеменной состав и расселение казахов (конец XIX – начало XX в.). Алма-Ата: Наука, 1968. 255 с.

30.Маргулан А.Х., Басенов Т.К., Мендикулов М.М. Архитектура Казахстана. Алма-Ата: Издательство АН КазССР, 1959. 170 с.

31.Толстов С.П., Жданко Т.А., Итина М.А. Работы Хорезмской археолого-этнографической экспедиции АН СССР в 1958-1961 гг. // Материалы Хорезмской экспедиции. Вып. 6. Москва: Издательство АН СССР, 1963. С. 3-90.

32.Акишев К.А., Байпаков К.М., Ерзакович Л. Б. Новое в средневековой археологии Южного Казахстана // Культура древних скотоводов и земледельцев Казахстана. Алма-Ата: Наука, 1969. С. 5–42.

33.Жолдасбаев С. 1969–1970 жылдардағы археологиялық барлау кезінде табылған қазақтың тұрақты қоныс жайлары туралы хабар // Поиски и раскопки в Казахстане. Алма-Ата: Наука, 1972. С. 187–193.

34.Жолдасбаев С. Поселение Актас-мечеть (XVII-XIX вв.) // Древности Казахстана / отв. ред. К. А. Акишев. Алма-Ата: Наука, 1975. С. 86–93.

35.Ерзакович Л.Б., Нурмуханбетов Б.Н., Ордабаев А. Изучение погребальных памятников Отрарского оазиса // Археологические открытия 1975 года. Москва: Наука, 1976. С. 518–519.

36.Ерзакович Л.Б., Нурмуханбетов Б.Н., Ордабаев А. Подземное погребальное сооружение в Туркестане // Археологические исследования в Отраре / отв. ред. К. А. Акишев. Алма-Ата: Наука, 1977. С. 59–72.

37.Туякбаева Б.Т., Проскурин А.Н. К истории строительства ханака Ходжи Ахмеда Ясави // Известия АН КазССР. Серия общественных наук. 1985. № 4. С. 63–69.

38.Байтенов Е.М. Мавзолеи Окше-ата, Асан-ата, Есабыз // Искусство Казахстана: альманах. Алма-Ата: Өнер, 1985. С. 73–76.

39.Байтенов Е.М. Двухкамерные мавзолеи XIX – начала XX века в устье Сырдарьи // Архитектура и строительство Узбекистана. 1987. № 8. С. 37–39.

References liste:
sources and historiographical works

1. Remezov S.U. Chertezhnaya kniga Sibiri, sostavlennaya tobolskim synom boyarskim Semenom Remezovym v 1701 godu (Drawing Book of Siberia, compiled in 1701 by Semyon Remezov). Sankt-Peterburg: Tipografiya A. M. Kotomina i K°, 1882. 76 s.

2. Murgabaev S.S., Maldybekova L.D., Bakhtybaev M.M., Zhetibaev K.M., Gursoi M., Sizdikov B.S. Istoriya orosheniya Syganaka (History of irrigation of Syganak) // Povolzhskaya arkheologiya. 2022. № 2 (40). S. 206–214. DOI: 10.24852/pa2022.2.40.206.214.

3. Nazarov F. Zapiski o nekotorykh narodakh i zemlyakh srednei chasti Azii (Notes on some peoples and lands of the central part of Asia). Moskva: Glavnaya redaktsiya vostochnoi literatury izdatelstva «Nauka», 1968. 77 s.

4. Meiendorf E.K. Puteshestvie iz Orenburga v Bukharu (Journey from Orenburg to Bukhara) / per. s fr. E. K. Betgera; red. i vstup. st. N. A. Khalfina. Moskva: Glavnaya redaktsiya vostochnoi literatury izdatelstva Nauka, 1975. 180 s.

5. Azhigali S.E. Ocherk istorii izucheniya pamyatnikov narodnogo zodchestva, «drevnostei i razvalin» Aralo-Kaspiiskogo regiona v dosovetskii period (do serediny XIX v.). Ch. 2. Ot diplomaticheskoi missii A. F. Negri 1820–1821 gg. do obrazovaniya Russkogo Geograficheskogo obshchestva (Essay on the history of the study of monuments of folk architecture, «antiquities and ruins» of the Aral-Caspian region in the pre-Soviet period (to the mid-nineteenth century). Part 2: From the diplomatic mission of A.F. Negri in 1820–1821 to the establishment of the Russian Geographical Society) // Prostranstvo i vremya. 2018. № 1-2. S. 88–106. DOI: 10.24411/2226-7271-2018-11042.

6. Kaidalov E. Karavan-zapiski, vo vremya pokhoda v Bukhariyu rossiiskogo karavana, pod voinskim prikrytiem, v 1824 i 1825 godakh; vedennye nachalnikom onogo karavana nad kupechestvom, Evgrafom Kaidalovym: v 3 ch. (Caravan notes during the journey of a Russian caravan to Bukhara under military escort in 1824 and 1825) Moskva: Universitetskaya tipografiya, 1827–1828.

7. Blaramberg I.F. Voenno-statisticheskoe obozrenie zemli Kirgiz-kaisakov Vnutrennei (Bukeevskoi) i Zauralskoi (Maloi) ordy Orenburgskogo vedomstva (Military-statistical survey of the lands of the Kirghiz-Kaisaks of the Inner (Bukey) and Trans-Ural (Small) Hordes of the Orenburg Department) // Voenno-statisticheskoe obozrenie Rossiiskoi imperii. T.14. Ch. 3. Sankt-Peterburg: Tipografiya Departamenta Generalnogo shtaba, 1848. [2], VII, 30, 119, 39 s.

8. Ivashintsov N.A. Ocherki nizovev Syr-Dari i priaralskoi stepi (iz pokhodnykh zapisok 1853 g.) (Essays on the lower reaches of the Syr Darya and the Aral steppe (from campaign notes of 1853)) // Morskoi sbornik. 1854. T. 13. № 11. S. 228-261.

9. Maksheev A.I. Puteshestviya po kirgizskim stepyam i Turkestanskomu krayu (Journeys through the Kirghiz steppes and the Turkestan region). Sankt-Peterburg: Voennaya tipografiya, 1896. 257 s.

10.Maksheev A.I. Opisanie nizovev Syr-Dari (Description of the lower reaches of the Syr Darya) // Morskoi sbornik. 1856. T. XXIII. № 9. S. 448-527.

11.Severtsov N.A. Mesyats plena u kokantsev (A month in captivity among the Kokand people). Sankt-Peterburg: Izdanie grafa Kusheleva-Bezborodko; Tipografiya Ryumina i Komp., 1860. 98 s., 1 l. kart.

12.Nazarov P. Vospominaniya o stepnom pokhode v khanstva Khivu i Bukharu (Memories of a steppe campaign to the khanates of Khiva and Bukhara) // Voennyi sbornik. 1864. № 4. S. 375–390.

13.Meier L.L. Kirgizskaya step Orenburgskogo vedomstva (The Kirghiz Steppe of the Orenburg Department) // Materialy dlya geografii i statistiki Rossii, sobrannye ofitserami Generalnogo shtaba. T. 10. Sankt-Peterburg: Glavnoe upravlenie Generalnogo shtaba, 1865. 382 s. razd. pag., 12 l. tabl., 1 l. kart.

14.Geins A.K. Dnevnik 1866 goda. Puteshestvie v Turkestan (Diary of 1866. Journey to Turkestan) // Sobranie literaturnykh trudov Aleksandra Konstantinovicha Geinsa. T. 2. Sankt-Peterburg: Tipografiya M. M. Stasyulevicha, 1898. 742 s.

15.Pashino P.I. Turkestanskii krai v 1866 godu: putevye zametki (The Turkestan region in 1866: travel notes). Sankt-Peterburg: Tipografiya Tiblena i K° (Neklyudova), 1868. 179 s., il., 1 l. kart.

16.Lerkh P.I. Arkheologicheskaya poezdka v Turkestanskii krai v 1867 godu: izvlechenie iz otcheta, predstavlennogo Imperatorskoi Arkheologicheskoi komissii (Archaeological journey to the Turkestan region in 1867). Sankt-Peterburg: Tipografiya Imperatorskoi Akademii nauk, 1870. [2], X, 40 s.

17.Mak-Gakhan Ya. A. Voennye deistviya na Oksuse i padenie Khivy (Campaigning on the Oxus and the Fall of Khiva) / per. s angl. Moskva: Universitetskaya tipografiya (Katkov i K°), 1875. 304 s., [29] l. il.

18.Ujfalvy-Bourdon, M. de. 1879. D'Orenbourg à Samarkand. Le Ferghanah, Kouldja et la Sibérie occidentale: impressions de voyage d'une Parisienne. In Le Tour du monde 37, 1–87

19.Kastane I.A. Poezdka po Turgaiskoi i Syr-Darinskoi oblasti. 1906–1907 g. vdol Tashkentskoi zheleznoi dorogi (Journey through the Turgai and Syr-Darya regions in 1906–1907 along the Tashkent railway). Orenburg: Tipografiya G. M. Milberg, 1909. 67 s.

20.Kastane I.A. Drevnosti Kirgizskoi stepi i Orenburgskogo kraya (Antiquities of the Kirghiz Steppe and the Orenburg region) // Trudy Orenburgskoi uchenoi arkhivnoi komissii. Vyp. 22. Orenburg: Tipo-litografiya tovarishchestva «Karimov, Khusainov i K°», 1910. 332 s.

21.Ageeva E.I., Akishev K.A., Kushaev G.A., Maksimova A.G., Senigova T.N. Arkheologicheskaya karta Kazakhstana: reestr (Archaeological Map of Kazakhstan: Register) / otv. red. K. A. Akishev. Alma-Ata: Izdatelstvo AN KazSSR, 1960. 449 s.

22.Mendikulov M.M. Nekotorye dannye ob istoricheskoi arkhitekture Kazakhstana (Some data on the historical architecture of Kazakhstan) // Izvestiya Akademii nauk Kazakhskoi SSR. № 80. Seriya arkhitekturnaya. Vyp. 2. Alma-Ata: Izdatelstvo AN KazSSR, 1950. S. 3–36.

23.Konstantinova V.V. Nekotorye arkhitekturnye pamyatniki po srednemu techeniyu reki Syr-Dari (Some architectural monuments along the middle course of the Syr Darya) // Izvestiya Akademii nauk Kazakhskoi SSR. № 80. Seriya arkhitekturnaya. Vyp. 2. Alma-Ata: Izdatelstvo AN KazSSR, 1950. S. 37–54.

24.Gerasimov G.G. Pamyatniki arkhitektury Karatau (Architectural monuments of Karatau) // Izvestiya Akademii nauk Kazakhskoi SSR. № 80. Seriya arkhitekturnaya. Vyp. 2. Alma-Ata: Izdatelstvo AN KazSSR, 1950. S. 55–82.

25.Ageeva E.I., Patsevich G.I. Otchet o rabotakh Yuzhno-Kazakhstanskoi arkheologicheskoi ekspeditsii 1953 goda (Report on the work of the South Kazakhstan Archaeological Expedition in 1953) // Trudy Instituta istorii, arkheologii i etnografii AN KazSSR. T. 1: Arkheologiya. Alma-Ata: Izdatelstvo AN KazSSR, 1956. S. 33–60.

26.Ageeva E.I. Pamyatniki srednevekovya (raskopki na gorodishche Baba-Ata) (Monuments of the Middle Ages (excavations at the Baba-Ata settlement)) // Arkheologicheskie issledovaniya na severnykh sklonakh Karatau. Trudy Instituta istorii, arkheologii i etnografii AN KazSSR. T. 14. Alma-Ata: Izdatelstvo AN KazSSR, 1962. S. 117–215.

27.Andrianov B.V. Izuchenie karakalpakskoi irrigatsii v basseine Zhany-Dari v 1956–1957 gg. (Study of Karakalpak irrigation in the Zhana-Darya basin in 1956–1957) // Materialy Khorezmskoi ekspeditsii. Vyp. 4. Moskva: Izdatelstvo AN SSSR, 1960. S. 172–190.

28.Argynbaev Kh.A., Zakharova I.V. 1958 zhyly Ontustik Qazaqstan oblysynda uiymdastyrylghan etnografiyalyq ekspeditsiya zhumysynyn qorytyndysy (Results of the ethnographic expedition organized in

South Kazakhstan Region in 1958) // Novye materialy po arkheologii i etnografii Kazakhstana. T. 12. Alma-Ata, 1961. S. 92–118.

29. Vostrov V.V., Mukanov M.S. Rodoplemennoi sostav i rasselenie kazakhov (konets XIX – nachalo XX v.) (Tribal composition and settlement of the Kazakhs (late nineteenth – early twentieth century)). Alma-Ata: Nauka, 1968. 255 s.

30. Margulan A.Kh., Basenov T.K., Mendikulov M.M. Arkhitektura Kazakhstana (Architecture of Kazakhstan). Alma-Ata: Izdatelstvo AN KazSSR, 1959. 170 s.

31. Tolstov S.P., Zhdanko T.A., Itina M.A. Raboty Khorezmskoi arkheologo-etnograficheskoi ekspeditsii AN SSSR v 1958–1961 gg. (Work of the Khorezm Archaeological-Ethnographic Expedition of the USSR Academy of Sciences in 1958–1961) // Materialy Khorezmskoi ekspeditsii. Vyp. 6. Moskva: Izdatelstvo AN SSSR, 1963. S. 3–90.

32. Akishev K.A., Baipakov K.M., Erzakovich L.B. Novoe v srednevekovoi arkheologii Yuzhnogo Kazakhstana (New developments in the medieval archaeology of Southern Kazakhstan) // Kultura drevnikh skotovodov i zemledeltsev Kazakhstana. Alma-Ata: Nauka, 1969. S. 5–42.

33. Zholdasbaev S. 1969–1970 zhyldardaghy arkheologiyalyq barlau kezinde tabylghan qazaqtyn turaqty qonys zhailary turaly khabar (Report on permanent Kazakh settlements discovered during archaeological surveys of 1969–1970) // Poiski i raskopki v Kazakhstane. Alma-Ata: Nauka, 1972. S. 187–193.

34. Zholdasbaev S. Poselenie Aktas-mechet (XVII-XIX vv.) (Aktas Mosque settlement (seventeenth–nineteenth centuries)) // Drevnosti Kazakhstana / otv. red. K. A. Akishev. Alma-Ata: Nauka, 1975. S. 86–93.

35. Erzakovich L.B., Nurmukhanbetov B.N., Ordabaev A. Izuchenie pogrebalnykh pamyatnikov Otrarskogo oazisa (Study of burial monuments of the Otrar oasis) // Arkheologicheskie otkrytiya 1975 goda. Moskva: Nauka, 1976. S. 518–519.

36. Erzakovich L.B., Nurmukhanbetov B.N., Ordabaev A. Podzemnoe pogrebalnoe sooruzhenie v Turkestane (Underground burial structure in Turkestan) // Arkheologicheskie issledovaniya v Otrare / otv. red. K. A. Akishev. Alma-Ata: Nauka, 1977. S. 59–72.

37. Tuyakbaeva B.T., Proskurin A.N. K istorii stroitelstva khanaka Khodzhi Akhmeda Yasavi (On the history of construction of the khanqah of Khoja Ahmed Yasawi) // Izvestiya AN KazSSR. Seriya obshchestvennykh nauk. 1985. № 4. S.63–69.

38. Baitenov E.M. Mavzolei Okshe-ata, Asan-ata, Esabyz (Mausoleums of Okshe-ata, Asan-ata, and Esabiz) // Iskusstvo Kazakhstana: almanakh. Alma-Ata: Oner, 1985. S. 73–76.

39. Baitenov E.M. Dvukhkamernye mavzolei XIX – nachala XX veka v uste Syrdari (Two-chamber mausoleums of the nineteenth – early twentieth centuries at the mouth of the Syr Darya) // Arkhitektura i stroitelstvo Uzbekistana. 1987. № 8. S. 37–39.

жауапты автор туралы мәлімет (толық аты жөні, жұмыс орны, телефон, электрондық поштасы) **Ашим Баглан Абдрахманулы -** Ш.Ш. Уәлиханов атындағы «Тарих және этнология» институтының «Этнология және антропология» бөлімінің Қазақ ескерткіштану мәселелері ғылыми зерттеу орталығының ғылыми қызметкері, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің PhD докторанты. Алматы, Қазақстан. e-mail: ashim.baglan@gmail.com. тел.: 8-775-822-70-03

тақырыптық рубрикалар / тематические рубрики / subject headings

ЖАЛПЫ ТАРИХЫ
ВСЕОБЩАЯ ИСТОРИЯ
THE WORLD HISTORY

IRSTI / ҒТАХР / МРНТИ: 03.00
https://orcid.org: 0009-0000-1281-515X
https://orcid.org: 0000-0001-5670-251X

[1]Арыстанова Г.М.*, [2]Алпысбес М.А.
[1]PhD докторы, Қ.А.Яссауи атындағы ХҚТУ. Түркістан, Қазақстан
[2] тарих ғ.д., профессор. Л.Гумилев атындағы ЕҰУ. Астана, Қазақстан

ЖАПОН САМУРАЙЛАРЫ МЕН ҚАЗАҚ БАТЫРЛАРЫ: ТАРИХИ-САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ (МИЯМОТО МУСАСИДІҢ «БЕС САҚИНА» ЕҢБЕГІ НЕГІЗІНДЕ)

*Автор – корреспондент: arystanova.gulkhanys@gmail.com

Мақала «Қазақ тарихи қоғамы» Қоғамдық бірлестігінің «Қазақстан тарихы мен географиясы бойынша жаңа дереккөздер: талдау, аудару және ғылыми айналымға енгізу» тақырыбындағы бағдарламалық мақсатты қаржыландыру жобасын жүзеге асыру аясында орындалды (жеке тіркеу нөмірі: BR28713777).

Түйін: Мақалада жапонтанушы Ердал Күчүкялчынның аудармасы бойынша XVII ғасырда өмір сүрген жапон самурайы Миямото Мусасидің «Бес сақина кітабы» (Книга пяти колец) еңбегіндегі тұжырымдар қарастырылады. Осы еңбектің негізінде самурайлар институты мен батырлар институтына тарихи-салыстырмалы талдау жасалады. Зерттеудің өзектілігі әр түрлі қоғамдық, тарихи-мәдени ортада қалыптасқан әскери сипаттағы әлеуметтік институттардың құрылымы, қызметі және тарихи рөлін салыстырмалы тұрғыдан зерделеудің маңыздылығымен айқындалады. Зерттеудің мақсаты − жапон самурайлары мен қазақ батырлары институтының қалыптасу ерекшеліктерін, қоғамдық орнын, олардың әскери қызметін, әлеуметтік мәртебесін, жауынгерлік дәстүрлері мен құндылықтар жүйесін зерттеу және талдау болып табылады. Зерттеу барысында тарихи - салыстырмалы әдіс, ғылыми талдау, герменевтикалық талдау, феноменологиялық ұстаным әдістері қолданылады. Зерттеу нәтижесінде Жапония самурайлары мен Ұлы Дала батырлары әскери-іс, қоғамды қорғау мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүйесінде әскери-әлеуметтік институттар ретінде елеуді рөл атқарғаны анықталды. Сонымен қатар олар әскери тәртіптің, жауынгерлік дәстүрлердің және әскери құндылықтар жүйесінің қалыптасуына ықпал етті. Алайда олардың әлеуметтік қызметтері, тарихи маңызы мен қоғамдық орны әр қоғамның өзіндік саяси және мәдени жағдайларына байланысты қалыптасып, бір-бірінен елеулі дәрежеде ерекшеленді. Зерттеудің ғылыми жаңалығы − жапон самурайлары институты мен қазақ батырлары институты арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды айқындау және тарихи-мәдени контекстегі қызмет ету ерекшеліктерін анықтаудан тұрады.

Кілт сөздер: Жапония, түркі әлемі, моңғол, самурай, батыр, әлеуметтік институттар, әскери дәстүр, қару-жарақ, этика, Миятомо Мусаси

[1]Арыстанова Г.М.*, [2]Алпысбес М.А.
[1]доктор PhD, МКТУ им.Х.А.Яссауи. Туркестан, Казахстан
[2]д.и.н., профессор. ЕНУ им.Л.Н.Гумилева. Астана, Казахстан

ИСТОРИКО-СРАВНИТЕЛЬНЫЙ АНАЛИЗ ЯПОНСКИХ САМУРАЕВ И КАЗАХСКИХ БАТЫРОВ (НА ОСНОВЕ МЕМУАРА МИЯМОТО МУСАСИ «ПЯТЬ КОЛЕЦ»)

*Автор – корреспондент: arystanova.gulkhanys@gmail.com

Статья подготовлена в рамках реализации проекта программно-целевого финансирования Общественного обьединения «Казахское историческое общество» по теме «Новые источники по истории и географии Казахстана: анализ, перевод и ввод в научный оборот» (регистрационный номер: BR28713777).

Аннотация: В статье рассматриваются выводы произведения «Книга пяти колец» японского самурая Миямото Мусаси, жившего в XVII веке, в переводе японоведа Эрдала Кючюкяльчина. Данная работа основана на историко – сравнительном анализе института самураев и института героев. Актуальность исследования определяется важность и сравнительного изучения структуры, функции и исторической роли социальных институтов военного характера, развивавшихся в различных социальных, исторических и культурных условиях. Цель исследования − изучение и анализ особенностей формирования института японских самураев и казахских героев, их социального положения, военной службы, социального статуса, воинских традиции и системы ценностей. В исследовании использовались описательный метод, историко - сравнительный, герменевтический, феноменологический и культурологический методы. Результаты исследования показали, что японские самурай и герои Великой Степи сыграли значительную роль в качестве военно-социальных институтов в системе военного дела, защиты и безопасности общества. Они также внесли вклад в формирование военной дисциплины, воинских традиции и системы военных ценностей, Вместе с тем их социальные функции и исторические значение социальные место значительно различаются, формируясь специфическими политическими и культурными условиями каждого общества. Научные новизна исследования заключается в систематизированном выявлении сходств и различий между институтом японских самураев и институтом казахских батыров, а также в определении особенностей их функционирования в соответствующих историко – культурных контекстах.

Ключевые слова: Япония, тюрский мир, монгол, самурай, батыр, социальные институты, военная традиция, вооружение, этика, Миямото Мусаси

[1]Arystanova G.M.*, [2]Alpysbes M.A.
[1]Doctor PhD, H.A.Yassaui IKTU. PhD, H.A.Turkestan, Kazakhstan
[2]Doctor of Historical Sciences, Professor. L.N.Gumilyov ENU. Astana, Kazakhstan

HISTORICAL AND COMPARATIVE ANALYSIS OF JAPANESE SAMURAI AND THE KAZAKH'S BATYRS (BASED ON MİYAMOTO MUSASHİ'S MEMOİR «FİVE RİNGS»)

*Correspondent author: arystanova.gulkhanys@gmail.com

This article was prepared within the framework of implementation of the project of program – targeted financing of the Public Association «Kazakh Historical Society».
The project is titled «New sources on the history and geography of Kazakhstan: analysis, translation and introduction into scientific circulation» (registration number: BR28713777).

Abstract: The article examine the conclusions of the work “The Book of Five Rings” by the Japanese samurai Miyamoto Musashi, who lived in the 17th century, as translated by Japanologist Erdal Kucukyalcin. This academic issue is based historical and comparative analysis of the institution of heroes. The relevance of the study is determined by the importance of a comparative study of the structure, function and historical role of social institutions of a military nature that have developed in different social, historical and cultural environments. The purpose of the study is analyze the features of the formation of the institution of Japanese samurai and Kazakh heroes, their social position, their military servise, socail status, martial traditions and value system. The research used descriptive method, historical-comparative, hermeneutic, phenomenological and cultural studies methods. The research result revealed that Japanese samurai and heroes of the Great Steppe played a significant role as military and social institutions in the system of military affairs, protection and security of society. They also contributed to the formation of millitary discipline, martial traditions and system of military values. However, their social place functions, historical significance, and social place differ significantly from one another, shaped by the specific political and cultural conditions of each society.

Keywords: Japan, Turkic world, mongol, samurai, batyr, soical institutions, military tradition, weapons, ethics, Miyamoto Mushashi

Кіріспе

Самурайлар жапон қоғамында жауынгерлік қызметтегі ерекше әлеуметтік топ болған. Олар император мен сёгундарға қызмет ететін болған. Даму тарихы барысында самурайлар өзіне тән әскери мәдениетті қалыптастырды. Самурайлар жайлы күні бүгінге дейін жазылған кітаптар мен ғылыми еңбектер көп болғанымен, бұл мақалада самурайлар туралы түсінікті әлде-қайда толық ашу үшін түрік жапонтанушы ғалымы Ердал Күчүкялчынның жапон тілінен түрікшеге аударған Миамото Мусасидің «Бес сақина» [1, 191] кітабы негізгі деректік материал ретінде пайдаланылды. Аталмыш еңбек XVII ғасырдың самурайы Миамото Мусасидың (1584-1645 жж. өмір сүрген) өз басынан өткізген соғыс тәжірибесі, көптеген жекпе-жектен жинақтаған тәлімін хаттаған. Жазған еңбегі кейінгі самурайларды оқыту үшін дәрістер ретінде өзінің өсиеттері мен пайдалы нұсқаулық ретінде жазған қолжазба.

Бұл еңбектің ерекшелігі, және негізгі дереккөз ретінде алу себебі, Миамото Мусаси самурай тұлғасын тек қана соғыс өнері тұрғысынан қарастырмағаны. Жазба өзегі – оның самурайға тән мінез, рухани толысу, ақыл-парасаты, жинақтаған жеке тәжірибесі тұрғысынан да қарастырғаны. Миамото Мусасидің еңбегінде самурайлардың жалпы тарихи қалыптасуы, олардың саяси- әскери билікте болған кезеңдері, самурай мектептері туралы айтылады. Самурайға лайық көзқарас пен қызметі, және үстіне киетін әскери киімі, сауыты мен қару-жарағы, арнайы әскери өнері туралы мәліметтер келтірілген. Самурайлардың әскери өнер дәстүрі мен рәсімдері, соғыс және шайқас ұстанымдары мен қағидаттары жайында жан-жақты материал берілген. Сонымен қатар, сол кездегі жапон қоғамындағы әулеттік және тайпалық жіктелуі, болған жекпе-жектері, әскери шендері мен лауазымдары немесе олардың ажал мен өлімге деген көзқарасы туралы түсініктері, және *бусидо* сияқты ар-намыс кодексті кеңінен баяндаған.

Мұнан басқа «Азаттыққа апаратын жол» аясында 21 (жиырма бір) қағида мен «Соғыс өнерінің 35 (отыз бес) қағидасын көрсеткен. Бұл еңбекті тарихи дереккөз ретінде пайдалана отырып, XVII ғасырдағы екі елдегі жағдайды білуге, тарихи- мәдени талдау арқылы самурай мен қазақ батырларының бейнесіне тән ортақ сипаттары мен жеке ерекшеліктерін анықтауға

болады.

Еңбектің «Бес сақина» деп аталуының себебі: қолжазба мазмұны жағынан бес бөлімнен тұрады. Олар жер, су, от, жел мен бос кеңістік сияқты басты бес элементтің атауына қатысты аталған. Бұл құрылым жапон халқының дәстүрлі дүниетанымына сәйкес бес элементпен байланысты. Яғни жер − іргетас пен тұрақтылық, су − қозғалыс пен икемділік, от − қуат пен қақтығыс, жел − өз ілім мектебі мен басқа мектептерді салыстыруды білдірсе, бос кеңістік - терең түсінік пен шынайы Жолға жетуді білдіреді. Әскери өнерді тек қылышпен шабу техникасы ғана емес, самурайдың білім алуынан бастап тәжірибе жинауына, әлеуметтік орта мен тұлғалық жағдайға бейімделуі.

Асылында, оның еңбегінде «Жер кітабы» әскери өнер жолының мәнін баяндаса, Миамото Мусасидің «Су кітабы» біртұтас ілім мектебі туралы сипаттайды. «От кітабы» ұрыс жүргізу өнерін сипаттаса, «Жел кітабы» әскери өнердің басқа самурай мектептерінің дәстүрлері мен жеке ерекшеліктерін қарастырады. Ал «Бос кеңістік кітабы» самурай үшін табиғатпен үйлесімділік және әскери жолының мәнін сипаттайды. Осы бес қасиет қаһарманның сыртқы жауынгерлік қабілетінен ішкі кемелдігіне дейінгі жолын сипаттайтын символдық жүйе ретінде берілген. Қазақ батырының бойында да әрқашан туған ел мен туған жерге деген адалдық пен тұрақтылық маңызды болған. Миамото Мусаси мұны «жер» элементі ретінде көрсеткен. Алпамыс батыр жырында да:

Халықтың қамын ойлаған,
Байтақ елін қорғаған,
Басына ерлік орнаған
Қайраты асқан өңді адам, дейді [2, 317].

Дәл сол сияқты тапқырлық, айла мен икемділік − су киесі, оттай жалын, қайсар мінез, жауынгерлік − от киесі, қарсыласын тану − жел киесі, сабыр, ақыл, парасат пен рухани кемелдік қасиеттері батырдың бойынан табылады.

Ертеде ежелгі түркі тайпалары табиғат құбылыстары мен жаратылыстағы *көкті, жерді, суды, от* пен *ағашты* қастерлеген. Оларды қасиетті бес киелі ұлы күш санаған. Әсіресе, көк аспанды Тәңір түсінігімен сабақтастырғаны белгілі. Орта Азияда ислам діні орныққанға дейін түркілердің рухани мәдениетінде тәңірлік дүниетаным маңызды орын алды [3]. Мусасидің еңбегінде де осындай бес элемент қағидасын түсіндіретін символикалық құрылым моделін қолданып, ұғымдарды жауынгерлік өнер ретінде көрсететін метафоралық құрал ретінде пайдаланған. Түркілерде мұны киелі күш, батырлық қасиет космологиялық және сакралды түсініктермен байланыстырылған. Бірақ Миамото Мусаси қолданған жер, су, от, жел мен бос кеңістік жүйесі ежелгі түріктердің көк, жер, су, от пен ағаш жүйесінің түсінігіне тікелей баламасы емес. Мысалы: «жел» ұғымы тікелей мағынада емес, метафора ретінде, ал «бос кеңістік» білім мен дағдыны меңгеруде қалыптасатын дұрыс жолды тану күйі, даналық санатта қолданған. Тамашасы, бес саны екі түрлі мәдениетте де әлемді тану, жүйелеу моделі ретінде қолдануы ұқсас келеді.

Еңбектің басқа тілге аударылуы мен зерттелуі: мақалада тек еңбектің желісімен ғана салыстыру жүргізу, талдау жасау үшін, немесе соған қатысты өзге зерттеулердің деректері, тұжырымдары келтірілді. Жапон самурайы Миамото Мусасидің «Бес сақина» кітабы ағылшын, түрік, орыс, поляк, неміс, француз сияқты көптеген тілге аударылған. Кейбір аудармашылар бұл еңбектің қолжазбадан тікелей аударуына байланысты, ескі жапон тілі мен жазуында қолданған ұғымдардың мағынасын буддалық дүниетаным мен конфуцийлік ілімге тән түсініктерді өзіне тән әскери ұғымына қатысты, өздерінің мәдениетіне сай қабылдаған. Сондықтан әр түрлі аудармашының өз өркениеті, ұлтының мәдениеті мен менталитеті, және тақырыпты жеке қабылдауына байланысты айтарлықтай айырмашылықтар бар.

Соған байланысты бұл мақалада түрік тілі, орыс және ағылшын тіліне аударылған еңбектеріне де сәйкесінше талдау жасауға келеді. Төменде берілген еңбектерді зерттеу барысында сол ерекшеліктерге назар аударылды. Мысалы: 1997 жыл А. Мищенко жапон

тілінен аудармасында стратегия мен жауынгерлік тәжірибеге көбірек көңіл бөлген. 2002 жылы В.Малявкин ескі жапон тілінен орыс тіліне аударғанда оның тарихи – философиялық аспектілерін сақтаған. 2012 жылы Е.Мирошниченко ағылшын тіліндегі интерпретацияны сол қалпында орыс тілінде жеткізген. 2016 жылы И.Мизина жасаған аудармасында дәстүрлі жапондық ұғымдарды көбірек талқылаған. Сондықтан бұл еңбектің орыс тіліне аударылған әр түрлі нұсқаларының өзі бір қалыпты емес. 2006 жылы Стивен Ф. Кауфманның жапон тілінен ағылшын тіліне аударған нұсқасы бар. 1974 жылы ағылшын тіліне В. Харрис Мусасиді самурай мәдениетінің өкілі әрі тарихи тұлға ретінде көрсетуімен құнды. Әсіресе М. Мусасидің өмір сүрген кезеңіндегі тарихи жағдай, саяси жүйе, Зен буддизмі және самурай өнерінің байланысымен қоса қылыш мәдениеті жайлы кеңінен мәлімет берген.

1993 жылы Т.Клиридің еңбегінде негізгі акценті Зен, Тао мен жауынгерлік дәстүр контексті жайында болса, 1994 жылы Стивен Кауфман Мусасидің 21 қағидасын практикалық тұрғыдан түсіндіріп, жекпе-жек өнерінің тәжірибесі жағын кеңірек айтқан. Алайда 2004 жыл Кенджи Токицу «Миамото Мусаси: оның өмірі мен еңбектері» аударма еңбегінде өте маңызды пайымдар келтірген. Өйткені ол қолжазбаны тек қана аударып қана қоймай, оның жазбаларын самурайдың моральдық ұстанымдары, стратегиялық контексте талдаған.

Қазақ зерттеушілері ішінен шыққан Шарафат Жылқыбаева «Қызыл қақпаның құпиясы» еңбегінде самурай ұғымына жақсы талдау жасап берген. Бұл еңбекте қазақ батырлары туралы жазылмағанмен, самурай мен жалпы жауынгер бейнесін, ар-намыс түсінігін, олардың қоғамдағы орнын салыстыруға мүмкіндік береді. Соңғы уақытта батырлық өнер, жауынгерлік дәстүр туралы тарихи-мәдени салыстырмалы зерттеу ерекше өзекті бола бастады. Әсіресе әр түрлі мәдениеттерде қалыптасқан ар-намыс қағидаттары, әскери этиканың әлеуметтік институттардың және мәдени кодекстердің әр түрлі нысандарын салыстыруға аса қызығушылық тудыруда. Осыған байланысты самурай мен батырлардың құбылыстары жауынгер мәдениетінің бірегей, бірақ салыстырмалы үлгілерін көрсетеді дей келе әскер дәстүрлерінің тек жеке жағдайларда ғана емес, сонымен қатар жалпы адамзаттың көптеген аймақтары мен мәдениеттері үшін белгілі бір ұқсастықтары мен паралельдері бар деген тұжырым ұсынамыз.

Материалдар мен әдістер

Теориялық талдау

Әскери дәстүрдің жеке бір халық үшін ғана емес, сонымен қатар жалпы әлемнің көптеген аймақтары мен адамзат мәдениеттері үшін белгілі бір ортақ ұқсастықтары болуы анық нәрсе. Зерттеудің әдіснамалық негізін тарихи - салыстырмалы әдіс, ғылыми талдау, герменевтикалық талдау, феноменологиялық талдау әдістері құрайды. Тарихи және герменевтикалық әдістер мәтіннің ашық және жасырын мағынасын, және дүниетанымдық контекстілерін ашуға, түсіндіруге жол ашады. Зерттеуге алынған самурай болған Миамото Мусасидің еңбегінде кездесетін маңызды ұғымдар мен идеяларды XVII ғасырдағы Жапонияның тарихи-мәдени ұстынында түсіндіруге, самурайлық орта, конфуцийлік ілім, әскери дәстүр, буддизммен бірге, автордың жеке тәжірибесі арқылы түсінуге, мәселе ашуға мүмкіндік береді. Феноменологиялық әдіс арқылы жауынгерлік дүниетанымын, өзін-өзі жетілдіру ұғымдарын сол дәуірдің ішкі тәрбиесі тұрғысынан зерделеуге болады.

«Самурай», немесе «сабурай» (saburay) сөзі «қызметтегі» деген мәннен шыққан термин. Бұл жапон әскерінің сыныбына берілген ат. Бір жағынан батылдықтың, ерліктің, адалдық, арлылық пен абыройдың белгісі [4,175]. Орыс тілі орфографиялық сөздігінде «самурай» ұғымы Жапонияда әскери-феодалдық сословие, сонымен қатар, игі жақсылар ортасының кемеңгерлері («в феодальной Японии: член военно-феодального сословия, а также его светской верхушки») деп түсіндірілген [5,1744].

Ал қазақ тіліндегі «батыр» термині «баһадұр» сөзінен шыққан жауынгер және әскери жорықтарда ерекше жеке ерліктер көрсеткен ер жүрек қаһарман адамдарға берілетін құрметті

атақ болған [5, 48]. О. Сүлейменовтың «АЗиЯ» еңбегінде «батыр» термині «буйтур», «ботур», «багатур» деп талдай келе, «буйтур» сөзіне «бай-тағы», «жабайы» дегенді білдіреді делінген. Ал «тур» термині «өгіз», «бұқа» деген мағынада айтылған, осы екі сөз қосылып «айбынды», «күшті», «бұқадай күшті» дегенді білдіреді» деп дәлелді тұжырым жасағанын Т. Нурғазина *Қазақ қоғамындағы батырлар институтының маңызы, XVII ғасырдың екінші жартысы – XVIII ғасырдың ортасындағы қазақ және жоңғар хандықтарының қарым- қатынасы* мақаласында еске түсірген.

Профессор Рабиға Сыздық пен Мәмбет Қойгелдиев «bahadur» тұлғасын 1. «батыр», «жүректі адам», 2. «сол батырға берілген атақ» деп жазған. Бұл термин түркі моңғол халықтарында көптеп қолданылады. Әсіресе моңғол билігі тұсында феодалдық қоғамдағы әкери иерархияның титулы болғаны тағы бар [6, 78]. Яғни, бұл термин әлеуметтік мәртебе, мәдени нышан және тарихи жад элементі ретінде қызмет етеді. «Батыр» терминін әлеуметтік – мәдени санат ретінде қарастырғанда, қазақ фольклоры мен мен ауызша және жазбаша дереккөздерін талдау «батыр» терминінің тек жауынгерді екенін білдіру ғана емес, сонымен қатар дәстүрлі қоғамның құндылықтар жүйесін, әлеуметтік иерархиясын, символикалық көріністерін көрсететін күрделі әлеуметтік - мәдени санат ретінде де қызмет ететінін көрсетеді.

Асылында, батыр ұғымы, әлді, күш көрсетуші, айқаста тізесін батыратын, қарсыласын жер жастандыратын ерекше жауынгер тұлғаны айтатын болған деп білеміз. Батырлардың пайда болу кезеңін жазбаша дерек бойынша Көктүрік кезеңі деп көрсеткенмен, олардың шығу негізі тым әріде, сонау прото қазақ қауымдары ретінде есептелетін, жылқы шаруашылығын алғашқы болып игерген, дамытқан, энеолиттік және қола кезеңінен келе жатқан ертедегі арий, хъон, мық, ас, тур сияқты қауымдардың ұрпақтары болып келетін сақа-скифтік жұртшылық, олардың ұрпақтары ертедегі ғұн, үйсін, қаңлылар, солардың ер жүрек батырларының әскери өнерінен бастау алады. Ертедегі батырларды алып деп атаған.

Ертедегі батырларды алып деп атаған. Мысалы: Алып Ер Тоңға немесе шежіредегі Мүйізді Сүлім Алып. Алып ұғымы алпамсадай батыр дегенді білдіреді. Алпамыс сөзінің алдында да алып термині қолданылғанын көреміз. Бұл жердегі алып сөзінің өзі ерте дәуірдегі күш иелерінің атына қойылған. Алпамса денелі деген мағынада. Ең ерте дәуірдегі ең бірінші көрсеткіші олардың дене бітімінің зор болуы. Жалпы батырда «батыр» қорғаушы» типі қалыптасқан. Самурайлар сияқты батырлар да ел басқару (Абылай bahadүр хан, Әбілқайыр хан), елші (Бөгенбай батыр, Есет батыр), мемлекетті сақтауда, дұшпанның агрессиялық саясатынан қорғануда, елді ыдыратпай бірлігін сақтауда ролі жоғары болды. Түркі-моңғол халықтарында кездесетін «жасақ» терминінің мәні мен маңызы жоғары. Ол термин кәдімгідей жасау сөзінен шыққан, яғни құру, жасақтау. Кейбір атақты жаужүрек батырлардың жасақтары саны жағынан он мың қолдан асқанын жыр дастандардан да көре аламыз.

Негізі императорды қорғайтын күзетіілер «сёгун» әулетінен шыққан даймёлар (daimyo), яғни феодалдық билеуші, және оларға қызмет ететін самурай әулетінен құралатын. Ал сёгун болудың негізгі шарттарының бірі императордың әулетіне туыстығы жағынан жақын туыс, немесе алыс туыс болуы. Осы орайда, «сёгун» термині туралы кейбір зерттеушілердің пікірінше, аталмыш ұғымның қалыптасуына ұндардың «сағұн» титулы белгілі бір деңгейде ықпал етуі мүмкін деген болжам бар. Мұны жапонтанушы Дүйсенәлі Әбіләшұлы да жоққа шығармайды. Мысалы: түріктің Баласағұн аты балық<қала және сағұн <билеуші демек. Балықсағұн <Баласағұн «билеушінің қаласы», «мемлекет астанасы» атауымен байланысты. Баласағұнның этимологиясы Махмұт Қашқаридың еңбегінен Баласағұн қаласының аталуының этимологиясынан анықталды. «Сағұн» Қарлұқ жұртының мықтыларына берілетін ат, лақап. Түрік тәуіптеріне «Ата сағұн» деген [7, 462]. Түрік кезеңінде батырды «алып» деп атаған. Қыпшақтың шежіресінде тарихта болған түп атасы әйгілі Мүйізді Сүлім алыптан таратылады. Яғни, түріктердің Жапонияны Жабарку деп атағанына қарай олардың өзара тығыз байланыстары ертеден болған. Осылайша Сёгун ұғымы да жапон тілінде «билеуші» мағынасын береді.

Әрбір қоғам әскери қызметті қажет етеді, әсіресе мемлекеттік құрылымын құрған билеуші әулет міндетті түрде сондай әскери әлеуметтік топтарды ұйымдастырады. Мысалы, түрік қағанаты кезінде «қырғыз» сөзі әскери ұйым аты болған. Шыңғыс қағанның тұсында оларды «кешіктен», «нойан» деп атаған, ал қазақ хандары уақытында «қарауыл», «төлеңгіт» деген атаулары қолданылды. Алаш серкелері Алаш әскері, халық милициясын құрғаны белгілі. Қазіргі Қазақстанда ұлттық күзет қызметі және мемлекеттің ұлттық ұлан әскери қызмет құрылымы өз жұмысын атқаруда. Бүгін қолданып жүрген еуропаша әскер шен атаулары қатарындағы бас қолбасшы, генерал, полковник, майор әскери лауазымдардың ұғымдары түркі-моңғол халықтары хан, тархан, тайшы, батыр, түменбасы, мыңбасы, жүзбасы, нойан деп атаған.

Ердал Күчүкялчынның аудармасында Мусаси самурайдың қандай да бір билеушінің жанында қызмет етуі үшін өз мектебіндегі барлық шарттарды орындап, 18-20 жасында «генпуку» (genpuku) рәсімінде қылыш асынып, жекпе-жекке түсе білуін толық меңгеруі шарт екендігін, тіпті қызметте жүрген самурайлар киім кию, құрал-сайман ұстауды тек қана сёгун әулеті тарапынан шығарылған әмірге сәйкес әрекет етті. Сондай-ақ, самурайдың үйленіп, әйел алу тәртібі де болды. Алайда «қылыш асыну» рәсіміне 1876 жылы қоғамдық орындарда тыйым салынды. Ал қазақ батырлары жер шолу, жорыққа аттануда, қару- жарақ сайлауы, киім киюі, құрал-сайман ұстауында да өзіндік бір ерекшеліктері болғаны белгілі. Мысалы, қазақ шежіресі мәліметтері бойынша, Абылай хан әскери жорыққа шығар алдында батырларына қанша абылайша, қос алып жүруді, қанша арқан, найза, күрзі құралдарын дайындауды жарлық етіп отырғаны айтылады.

«Бабалар сөзі» топтамасындағы эпикалық дереккөзі батыр бейнесіне байланысты айқын семантикалық және символикалық мағыналардың байлығын көрсететін «Бабалар сөзі: Жүзтомдық» аңыздар тарихи аңыздар еңбегінің 80. мен 87. томдарын қарастырып, «батыр» терминінің алдына қойылған аттарға мән бердік. Мысалы: «батыр» термині 87. томда 2017 (екі мың он жеті) жерде кездесуде. Аталған еңбекке сәйкес төменде қазақ батырларының тарихи мәдени типологиясын бес негізгі өлшемге топтастырылды:

Тарихи – әлеуметтік мәртебесіне қарай (батыр, ру басы батыр, ханның батыры);

Әскери қызметі мен ерлік сипатына қарай: (қол бастаған батыр, елубасы сипатындағы батыр);

Әлеуметтік – генеалогиялық және кеңістіктік негізіне қарай: ру-тайпаға қатысты аймақтық батырлар, мысалы, уақ, қоңырат батыры;

Жеке тұлғалық – көркем бейнесіне қарай: тұлғалы батыр, аңғал батыр);

Мәдени-символдық қызметіне қарай: эпостық батыр кейіпкер Қобыланды батыр, ел қорғаны, халық батыры [8,432]. Әсіресе «жеке батыр» термині батырдың тек қана сандық көрсеткішін білдірмейді. Жаужүрек батырдың қауіп-қатерге қарамастан жалғыз өзі жауға қарсы шауған жеке дара тұлғаның моделін білдіреді. Ғ. Меңлібаев «Жеке батыр, «қара берен батыр» мен «қамал бұзған батыр» атауларына нақты анықтама берген. «Ер Тарғын, Алпамыс сияқты қауіп қатерді елемей, жауына жалғыз шапқан батырларды «жеке батыр», «шайқаста өте ауыр жараланса да шайқаста өте ауыр жараланса да ұрыс даласын тастамағандарға «қара батыр», талай рет жаудың қақпасын бұзған ерлерге «қамал бұзған қас батыр» анықтамасы берілген дерек негізінде верификацияланды [9,37].

Сол сияқты бірнеше ұрпақ бойы ел жадында қалып, аса жоғары ер жүректілігімен ерекшеленген батырға «қара берен батыр» дейді. Мұқтар Мағауинуің бұл терминді «Аласапыран» дәл осы мағынада қолданғанын көреміз: «... Кеше ғана қазақ жұртының оққағар *қара берені* болған Жалым сұлтанның ұлы Тұрсын бар» [10].

Мұнан басқа жалпыланған санаттарда (даңқты батыр); батырдың мінезін, мықтылығын, аңқайлығын көрсету мақсатында (аңғал батыр, көзсіз батыр, мықты батыр, шын батыр, қанқұйлы батыр, қол бастаған батыр, атақты батыр, «он сан Орта жүзге ұран болған Ер-Олжабай», «хан-батыр Қабанбай», «қарт Бөгенбай батыр», «адам жеңбес батыр», түгел батыр

(соғысқа қатысқан кісінің барлығының батыр болуы мағынасында), халықтың батыры, даңқты батыр, бетке ұстаған батыр, киелі, айлакер, әбжіл де жүректі батыр, әруақты батыр, қол бастаған батыр, т.б. болуы ерекше қызықты. Батырларға тән бұл эпитеттік аталымдар батырлардың әскери ерлігі туралы ұжымдық түсініктердің қалыптасқанын көрсетеді. Осы халде «батыр» термині көп қабатты номинативті жүйе ретінде әрекет етіп, тек жеке қасиеттерді ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік функциялар мен мәдени мағыналарды қамтиды. Аттары ұмытылған батырларды жүздік батыр, елулік батыр, отыздық батыр деп атағанын да айта кеткіміз келеді.

Алайда самурайларды «батыр» сияқты еркін атрибуттармен жіктеуге келмейді. Оларда қатаң түрде институционалданған сынып (сословие) болған. Самурайлардың классификациясын әдеуметтік тарихи негізде беруге болады «Самурай» лауазымының сипаттама белгілеріне ие болуы қазақ батырынан ерекшелігі, бұл сипаттамалар негізінен институционалдық және дәреже мен мәртебеге байланысты. Самурайларды төмендегі негізгі сипаттамаларға сәйкес жіктеуге болады:

- *әлеуметтік – саяси байланысы, вассал болуы* (сегун, даймё немесе басқа феодалдық билеушілерге қызмет ететін самурайлар);
- *иерархиядағы дәрежесі, лауазымына қарай* (жоғары дворяндар, билеушіге жақын адамдар, қарапайым вассалдар);
- *қызмет түрі, функциясына орай* (әскери әкімші, күзетші, жауынгер);
- *тайлық немесе қандай да бір мектепке жатуы* (рулық сәйкестік әлеуметтік ұйымдасудағы негізгі фактор ретінде);
- *автономия дәрежесі ретіне* (ронин - қожайынсыз самурайлар);
- *әскери және мәдени дайындық деңгейіне қарай* (жауынгерлік өнерді жетік меңгеру; мектептер мен дәстүрлерге қатысу);
- *идеологиялық және этикалық бағыт бойынша* (бусидо нормаларын ұстану, ар-намыс кодексін түсіндіру);
- *тарихи кезең бойынша* (ерте, классикалық және кейінгі феодалдық самурайлар);
- *мәдени көрініс бойынша* (тарихи самурайлар мен олардың әдебиет пен өнердегі бейнесі);

Осылайша самурайлардың атрибутивтік сипаттамаларының жүйесі мен қатар олардың феодалдық қоғамның әлеуметтік құрылымындағы орны мен әскери ұйымның институционалды нысандарын да көруге болады. Самурай мен қазақ батырларын жауынгер идеологиясының тасымалдаушылары мен саяси билік құралдары ретінде қызмет ететін функционалдық тұрғыдан салыстырмалы тұлғалар ретінде қарастыруға болады. Белгілі бір мағынада екеуін де билеуші құрылымдардың «қарулы тірегі» ретінде қызмет етті, әлеуметтік тәртіпті қорғауды, сақтауды қамтамасыз етті.

Олардың әлеуметтік қызметінде де ортақ белгілерді байқауға болады. Самурайлар да батырлар да қоғамның қорғаушылары және ұжымдық қауіпсіздіктің нышандары ретінде қызмет еткен. Екі дәстүрде де болашақ жауынгерді тәрбиелеу ерте жастан басталып, тұрақты этикалық нормаларды қалыптастыруға негізделген. Жапон мәдениетінде бұл үдеріс бусидо кодексі аясында жүзеге асса, қазақ қоғамында батырлық, ерлік пен адалдық сияқты құндылықтар жүйесі арқылы қалыптасқан. Онда жауынгер табына мүшелік ру ішінде бекітіліп, қызмет иерархиясы арқылы берілген. Самурай мен батыр арасындағы айырмашылық тиісті қоғамдардың әлеуметтік-саяси ұйымның ерекшеліктерімен анықталған.

Ал қазақта фольклорында «бата беру», «бата» термині маңызды. Қазақта «Баталыға бақ қонар» деген сөз бар. Пәленшенің бата алуға барғанда естіген сөзі екен деген сөздер көптеп кездеседі. Бата бергенде баталар ұзақ болмайды, керісінше қысқа, мағыналы нақыл сөзден тұрады. Бата беру, бата алу қалыптасқан институт, мектеп саналады. Қазақтарда пір мәселесі маңызды.

Жапон самурайларында мектептер мен еколдардың маңызы зор. Көбінесе самурайлар белгілі бір мектепке мүше болады. Мысалы: Миамото Мусаси (1584-1645) «Нитеничи руй» (Nitenichi - ryū) қылыш эколының мүшесі. Дегенмен өмірінің соңына қарай айналасына өте

көп ізбасарлар мен шәкірттер жиналған. Уақыт өте дамып «Екі әлем бір» мағынасын беретін «Нитеничи руй» (Niten Ichi - ryū) атымен жалғасатын соғыс өнері еколының фундаментін салған. Бұл мектептің өкілдерінің беліне тағып жүрген екі қылышты «өлім» және «өмірмен» байланыстырады. Яғни, белінде ұзын қылыш (katana) мен қысқа қылыш (vakizaşi) тасыған.

Бұл қылыштардың ескі атаулары: тачи және катана. Отачи рәсімі осы жерден келеді. Бұл қылыштар бір жағынан статус, еркектік символы ретінде де белге сән берген. Ол өзінің соғыс өнері мен көшбасшылық туралы жазылған «Бес шеңбер кітабында» өзімен жекпе жекте қаза тапқан самурайлардың қай мектептен екендігін, мектептердің, әдістерінің, қарулары мен әдістерінің ерекшеліктерін тәптіштеп жазған. Миамото Мусасидің еңбегіне талдау жасауда самурайлар өмірінде бірнеше мектептің өкілі болатынын еңбектен көруге болады. Мысалы: Тсужиказе Тенма Yagyū Shinkage - ryū еколының өкілі, Yagyū әулетінің мүшесі, қылыш ұстасы. Алдымен әкесінен Kashima Shintō – ryū стилін, кейіннен 1621 ден бастап Shinkage - ryū стилін қабылдаған.

Ал XVIII ғасырдағы қазақ қоғамында батырлар институты бірнеше сатыдан өткен. Атап айтқанда рулық құрылыс кезінде ру, тайпалардың әскербасы, көсемі болған. Қауымдық дәуірде олар да қоғамның ақсүйектер табымен теңесе бастаған. Мысалы, Жәнібек тархан, Малайсары тархандар, жоғары дәрежедегі тархан атағындағы батырлар болған. XVII-XVIII ғасыр батырлар институтының гүлденген уақыты. Бұл кезеңде қазақ-жоңғар қатынастары, одан кейін ұлт-азаттық көтерілістің етек алуы. Бұл кезеңде батырлар ішкі және сыртқы саяси факторлардың ықпалымен әлеуметтік саяси топ дәрежесіне дейін көтеріліп, қалыптасу, күшею факторларын басынан өткерді. Ал Ресейдің құрамына кірген соң ол кезеңге дейінгі рухты батыр термині өз салмағын, мәнін жоғалта бастағаны көрінеді [11, 80].

Тәжірибелік бөлім

Жапонтанушы Карл Фрайд XII-XIV ғасырлардағы самурай әскери табының қалыптасуын революциялық емес, эволюциялық процесс ретінде қарастырғаны белгілі. Самурай иерархиясы әсіресе, 1185-1600 жылдар арасында үстемдік құрады. Оның өзі бірнеше кезеңнен тұрады.

1) самурайлардың қалыптасуы (IX-X ғасыр);

2) Камакура сёгунатында (1185-1333 ж.) алғашқы сёгунаттың негізі қаланып, самурайларға жоғарғы мәртебе берілген, қоғамдағы рөлінің ең нығайған кезеңі. Бұл кезеңде қылышты самурай емес, атты садақшы болғанын ескеру керек.

3) Муромачи мен Эдо кезеңінде (1336-1868) самурайлар әскери дағдыларын жетілдірген шарықтаған кезеңі;

4) самурайлардың дәстүрлі рөлінің жоғала бастаған кезеңі Самурайлардың дағдарыс кезеңі деп аталды. Аталмыш реформа 1658-1912 жылдар арасында орын алды. Бұл реставрацияның ең баста мақсатының бірі елді индустриализациялау, әлемдік аренада Жапонияны алпауыт мемлекетке айналдыру болды. Самурай әскерлерінің орнына императорлық армия құрылған соң 1870 жылдың аяғында Мэйдзи реформасымен самурай жүйесі жойылған [12, 234].

Самурай әскерлерінің орнына императорлық армия құрылған соң 1870 жылдың аяғында Мэйдзи реформасымен самурай жүйесі жойылғанмен XX ғасырдың алғашқы ширегінде милитаристік саясат кезеңінде соғыстан алдын жапон ұлтшылдары самурайлардың батырлық бейнесін жасап, олардың жанқиярлығы мен адалдығына назар аударған. Зерттеуші С. Карибаев қазақ даласындағы батырлар институтының қалыптасу, шарықтап гүлдену және құлдырау кезеңін төмендегідей көрсеткен:

1) Түркі қағанаттарының тұсында қалыптасу кезеңі;

2) гүлдену кезеңі (XVIII - XIX ғасырдың бірінші жартысы), ал XVII ғасырда қазақтың батырлар институтының күшейіп, жоңғар шапқыншылығына қарсы күресі жағдайында әскери, саяси мәнін арттырды деуге келеді.

3) батырлар институтының жойылу кезеңі (Ресей отаршыл әкімшілігінің ықпалымен)

[13,5];

Миамото Мусусидің 1596 жылы алғашқы жекпе-жекке қатысып қоғамға араласқан кезеңіннен бастап Рэйгандо үңгіріне барып 1645 жылы «Бес» еңбегін жазып біткенге дейінгі аралықта Жапонияда Кореяға (1597) екінші жорық жүргізілді. Мысалы, Мусасидің қалыптасу кезеңінде, салыстырар болсақ, Есім хан (1598) Қазақ хандығын орталықтандыру мен әскери қуатын күшейтуді қолға алған, «Есім ханның ескі жолы» құқықтық нормалар жүйесін қалыптастырған, кейінірек 1628-де Жәңгір ханның биліктегі кезеңіне сәйкеседі. Токугава Иэясу қарсыластарын жеңіп, билікке ие болып, әсіресе самурайлар ортасында үлкен бетбұрысқа жол ашқан Сэкигахара шайқасы (1600) болып жатқан, Эдо дәуірінің басталған (1603), даймёлар мен самурайлар қызметін реттейтін заңдар (1615) енгізіліп, феодалдық тәртіптің қатаңдатылған кезеңдеріне сәйкес келеді. Бұл кезеңдерде саяси құрылым түбегейлі өзгерген уақыт. 1637 жылы Мусаси де Симабара көтерілісіне қатысқан. Саяси жағдай тұрақталған кезеңдерде Мусаси мен жалпы самурайлар әскери тәжірибесін мақалада айшықтап көрсеткен «Жол», даналық және стратегиялық бір жүйеге айналдырса, қазақ даласында жоңғар, ойрат қаупі мәселесі мен Орбұлақ шайқасы өрбіп тұрған кезең болғандықтан батырлар институты сырттан келген үлкен әскери қауіпке төтеп беріп тұрған кезең еді.

Мақалада мәдени тарихи аспектіде қарастырылғандықтан дәл осы жерде жапондардың дініне де орын берілді. Самурайларда сенім жағынан шинтоизм, буддизм әсіресе Зен буддизмі түсінігі қалыптасқан. Алайда Микисо Хане дін жағынан шамамен VI ғасырда жапондар буддизмді қабылдаудан алдын мәйітті жерге көметінін жазған. Яғни император мен басқарушылар үйінді тәрізді үлкен мазарларға түркі халықтары сияқты мәйіттің мәйіттің үстіндегі сауыты, қылышы, бронзы айна, мен күнделікті қолданатын заттарымен бірге көметін болған [14,191].

Олар тым ертеде шинтоизм, анимизмге сенген халық екендігін ескерсек, әлбетте түркі халықтарының өлі көму рәсімі арасында ерекшеліктер болатынын ескерген жөн. Жапондарда саз балшықтан жасалған банивaларды (baniwa) осы үйіндінің айналасына қоятын болған. Ескі сенім, діннің де белгілі дәрежеде әсері болуын да есте ұстаған жөн. Мусаси асыл аристократтар Нара буддизмін, Тендай және Шингон буддизмінде көп болса, қалалықтар (саудагер, қолөнерші мен ұсталар) Ничирэн буддизмін, ауыл тұрғындары мен шаруалар Джодо буддизмінде көп болса ал самурайлар көбінесе Зен буддизмінде болатынын көрсеткен. Дегенмен жоғарыда көрсетілген буддизмін басқа тармақтарын қабылдаған самурайлар да болатын. Яғни, қатып қалған қағида жоқ бұл жерде. Әйтсе де самурайлардың мәдениетінің қалыптасуына осы Зен буддизмінің әсері мол.

Миамото Мусаши отыз жасына дейін алпыстан астам жекпе-жекке түскенмен кейіннен дуэлді толығымен тастап, тыныш өмірге өтеді. Сумие (Sumi-e) немесе Суибокуга (Suibokuga) сия бояу өнерімен айналысып «қылыш пен бояу щеткасы» (Bunbu Ryodō) дәстүрін бір біріне қаббатасып жатқан қос жол деп қолдаған.

Дін тұрғысынан ислам дініне қайшы келетін бірақ ортағасырдағы жапон самурайларының арасында қолданылған «харакири» деп аталатын ішек қарнын жарып өзіне суицид жасау дәстүрі болған. «Харакириді» кейде «сеппуку[1]» немесе «каппуку» деп те атаған. Сөзбе-сөз аударғанда «хара – живот, киру – резать) дегеннен келеді. Яғни, самурай өзінің ең сезімтал жерін жара алғандықтан суық қанды, жігерлі батыл. Мұның арғы жағында алған міндетіне адалдық жатыр. Неліктен іш қуысы? Ол - жанның орналасқан жері. Жапондар «хара о ваттэ ханасимасё» деген сөз бар. Яғни жан дүниемізді ашып, жан тәнімізбен сөйлесейік мағынасында қолданады [15, 40]. Ол ерікті түрде (адалдық) немесе үкім шығару арқылы жаза

[1] Самурайдың кешірім сұрауы, абыройын сақтауы, жасалған қателік үшін кешірім сұрауы, досын құтқаруы мен өзінің шынайылығын дәлелдеу мақсатында заңды және белгіленген рәсімге сәйкес орындалатын дәстүр.

берілген (самурайдың намысына тию) жағдайда жүзеге асатын. Сол сияқты самурай отбасынан шыққан әйелдер де өз тамағын кесіп тастай алатын. Мысалы: Миямото Мусашидің алғашқы асырап алған ұлы Химежи Шинденнің басшысы Хонда қайтыс болғанда Микиносуке де «сеппуку» жасап қайтыс болады. Оларда бұл қалыптасқан дәстүр. Намыспен өзін-өзі өлтіру (seppuku) болса, өлген билеушісінің артынан оған деген адалдығын көрсету мақсатында өзін өлтіру «жунши» (junshi) сияқты дәстүрдің орындалуын да әр мектеп үйрететін. Жалпы самурайлар өлімнен қорықпайды. Мысалы: Мусаши өмірінің соңғы минуттарында орнынан түрып, белдігін қысып, «вакизаши» қылышын беліне құшанып, бір тізесін бүгіп, екінші тізесін жерге қойып, тізерлеп түрып сол қолына қылышын, ал оң қолына аса таяғын ұстап содан кейін өлімге қауышты. Ол үшін өлім өмірдің соңы емес еді.

Ал қазақ халқында дәстүр емес, ішек-қарнын ақтару әдісі бар: найзаның ұшымен дұшпанның кіндігінің ұшынан шаншып, бұрап - бұрап жіберіп тартып қалғанда оның ішек – қарны ақтарылып қалатын болған. Әрбір батырға үшін шайқас үстінде ақ өліммен өлу арман болған. Ол исламда да бар. Дәл сол сияқты самурайлар да жаудың алдында өлімді Отаны үшін жаны пида болған әскер түркі халықтарының түсінігінде мәңгілік тірі. Исламда елін қорғау үшін бірнеше жағдайда шейіт саналады. Құран Кәрімде шейіттер туралы бірнеше аяттар берілген. Солардың бірі Бақара сүресінің 154-аятында «Алла жолында өлтірілгендерді (шейіттерді) өлі демеңдер, олар тірі, бірақ сендер сезіп біле алмайсыңдар» десе, пайғамбарымыздың (с.а.у.) «Шейіттер жуылмайды. Өйткені әрбір жарасы мен әрбір қаны қыямет күні айналаға миск секілді жайылады» дейді.

Самурайларда да «кек алу», «қанға қан жанға жан» ұғымдары бар. Самурайға да батырға да тән әрекет. Самурай өз қожайыны үшін дұшпаннан кек алып адалдығын дәлелдейді. Олар үшін қожайынының баласының өліміне өз баласын қию, өз баласын дұшпанға беру де адалдықтың белгісі. Мұнымен қатар феодалдық кезеңдегі самурайлардың моральдық көдексіне әділеттілік сезімін моральдық тұрғыдан қанағаттандырудың бір түрі «катакиучи» (кровная месть) үлкен мән берген.

Бұл аттың үстіндегі жекпе - жекте көбірек қолданылған. Мұнан басқа найзамен жансылатын әдіс тәсілдер: найзамен жаншу, найзаны кеудеден, сауытының ең осал жері қолтықтығының астынан жаншу; Мысалы: Бабалар сөзінің (топонимдік аңыздар) еңбегіндегі «Ботақара» әңгімесінде дәстүр бойынша «айқас» әуелі жекпе-жектен басталатын айта келе екі батыр бес қаруы майысып, аттары әбден жүруге жарамай қалғанша айқасатыны туралы мәлімет берілген [16,95].

Қазақта көбінесе кие, тотемге, аруаққа сиынған. Батырдың жанында қызыл жолбарыс, арыстан, түйе сияқты қорғаушы жануары қатар жүргені фольклорда көптеп кездеседі. Оған мысал: батырларда «ақ киімді кісі», «ақ киімді, ақ сақалды», жолбарыс терминдері көп кездеседі. «Барлауға шыққанда» әңгімесінде Төле би қартайған шағында қалмақтың әрі ханы әрі батыры «Төле би қызын берсе қолынан бермесе жолынан аламын» деп ауыл маңайынан ақ шатыр тігіп кетпей жатып алады. Сонда Төле би, Ескелді батыр мен Балпық ақылдасып, соғыспай бір тірлікті ақылмен бітіруге бел буады. Не керек түнде Ескелді батыр мен Балпық екеуі қалмақтың ақ шатырына баратын болып келіседі. Таңертең әлбетте белгі болар деп жолға шығады. Түнде Балпық сыртта екеуінің аттарын ұстап сыртта қалады. Ескелді батыр ақ көйлек, ақ дамбалмен қарта ойнап отырған қалмақтардың шатырына кіріп барады. Ескелді батыр уақыт құртпай тікелей Ақшырдың жанына барып, қолындағы қамшысының сабымен төрде отырған Ақшырдың тамағынан бір жүргізіп өтеді де сыртқы қайта шығып кетеді. Сол түні Ақшырдың аузы мұрнынан қан кете берген соң дереу шатырды жықтырып қайта көшеді. Жол үзеңгілестері не болғанын сұрағанды: Түнде ақ киіммен келген кісінің екі жолбарысы бар екен. Бір жолбарыс менің аузымнан қан шығарды. Екінші жолбарыс сендердің көздеріңді байлап тастады. Енді жолымыз болмайды» деп қайтып кеткен екен.

Мұнан басқа бір халықтың материалдық мәдениетінің маңызды бөлігі болып саналатын киім-кешек адамның әлеуметтік мәртебесін, кәсібін, жасын, жынысын, этникасын танытатын

өзіндік белгі қызметін атқарады. Осы тұрғыдан алғанда киім-кешекті адамның жеке куәлігі іспетті қарастыруға болады. Киім мен дене бір-бірінен ажырамайтын тұтас мәдени әлеуметтік құбылыс. Киім адамның денесін ғана жабумен қатар мәдени код қызметін атқарады.

Самурайлардың киімдері олардың лауазым немесе әскери шен дәрежесі, әлеуметтік мәртебесін ерекшелейтін болған. Бұл зерттеуде самурайлардың киімінің негізгі, жалпы атауларын ғана атап өттік. Әсіресе зерттеуде қарастырылған XVII ғасырдағы самурайлардың киім үлгілерін әлеуметтік иерархиялық дәрежесіне сай жіктеу арнайы зерттеуді қажет етеді. Дегенмен, самурайлардың киімдері аталса, соның қатарында: *амигаса* (сабаннан жасалған қалпақ), *варадзи* (сабаннан тоқылған сандал), *дзимбаори* (ақсүйек самурайдың жеңсіз кеудешесі), *косодэ, мино* (жамылғы), *котэ* (білекқап, қолға және білекке арналған сауытты қорғағыш), *мандзюва* (қызқа жилет), *оби* (белдік), сунэатэ (сирақ қорғағыш), ситаги (сырт киім), суо (ұзын халат), таби (дәстүрлі жапон шұлығы), хакама (ыстан), *хаори* (қолғап), *хайдатэ* (сан қорғағыш), *хаппуру* (арнайы маска), *хоатэ* (жартылай маска), *юкагэ* (ортаңғы және шылдыр шүмегі қара матамен тігілген садақ тартуға арналған қолғап) бар. Бұл жердегі кейбір терминдер маңызды. Мысалы: жапон шұлығы «табиді» ақсүйектер де әр түрлі әлеуметтік топтар да киген. Алайда оның материалы мен түрі әлеуметтік жағлайына байланысты ерекшеленуі мүмкін. Ал «варадзи» атты сабаннан тоқылған сандалды даймё киетін. Оның киімі қымбат әрі сапалы жібектен немесе парша матадан тігілетін. Негізінде даймёларға қызмет етуде, шогундықта рәсімде өзінің бір протоколы болатыны белгілі. Күзетте, қызметте, кездесулерде қандай киімді қалай киетінінен бастап беліне тағатын белбеуінің түйіні қалай түйінделетіні, «kamon» киімнің қай жеріне тағылатыны, қалай тұруы, қай жерге отыруы, рәсім біткен соң қалай орнынан тұруы, ішкіні қанша дозада қалай ішуіне тіпті қай тілде сөйлесуіне дейін көптеген нюанстарды білуі шарт.

Әлеуметтік мәртебені киіммен қоса шаш қою үлгісі мен қару-жарағынан да тануға болатын. «Чонмагэ» шаш қою үлгісін бастың төбе бөлігін қырып немесе қысқартып, қалған ұзын шаштарын арқа қарай жинап, түйін етіп байлайтын. Ол да кезеңіне, әлеуметтік мәртебесіне, әскери қызметіне қарай өзгеріп отыратын. «Кабуто» атты мүйіз тәрізді әшекейлері бар дулыға жауынгерлің тек қана сыртқы келбеті мен бет-бейнесін айқындап қоймай, оның әулеттік ерекшелігін, әскери ерекшелігі мен мәртебесін көрсететін. Бұлардың бәрі этнофеномен ретінде батырдың маңызды атрибуттары болып табылады.

Түркілерде болса мүйізді дулығаны жауынгердің рухын көтеріп, дұшпанның алдында айбарлы, сұсты көріну үшін киген. Мүйізді дулыға, мүйізді бас киімдер жауынгердің рангын, статусын да білдірген. Ол туралы Г. Арыстановаңың Көктүрік кезеңі мәдениетінің нумизматика деректерінде кеңінен жазылған [17, 95].

Киім-кешекті толықтыратын бұйымның бірі самурайдың қылышы. Жауынгер самурайдың мәртебелік белгісіне «дайсё» дейді. «Гунсэн», «гумбай-утива», «тэссен» сияқты желпуіштер әрі аксессуар әрі ретін келгенде қару ретінде қолданылған. Қылыш та самурайдың сәні болған. Мақалада тек ең көп аталатын әр түрлі қару-жарақ атауларының бірнешеуі берілді. «Яри» (1,5-6,5 м найза), «су-яри» (найза), «кусари» (шынжыр), «масакари» (балта), «оно» (секира), «шурикен».

Көріп тұрғандай бұл жерде әр түрлі қару-жарақты кездестіреміз. Өйткені бұл жерде әр түрлі мектептердің қару-жарақтары бірге берілген. Әр түрлі кезеңдегі мектептермен эколдардың[2] қару-жарағы мен оларға байланысты дәстүрлерді кәсіби түрде зерттеу де академиялық бостық болып табылады. Алдағы уақытта бұл саланың мамандарының кәдесі.

[2] *Ескерту*. Эколь (экол) – француз тілінен енген (école) сөз, қысқаша айтқанда мектеп, ағым, өріс немесе әдіс-тәсіл деген мағынаны білдіреді. Негізгі мағынасы мен ерекшеліктері, ой-пікір немесе өнер ағымы: Ғылымда, өнерде, философияда немесе әдебиетте белгілі бір тұлға бастап, кейін басқалар жалғастырған, өзіндік ерекшеліктері бар әдістер мен түсініктердің жиынтығы. Эколь – мектеп қалыптастыру: қандай да бір салада көшбасшы болу, өзінен кейінгілерге үлгі көрсету және тұрақты дәстүр қалыптастыратындай деңгейге жету.

Бұл да 30-100 cm «житте» қаруы самурайларға қылыш құшануға рұқсат берілмеген кезеңдерде киім ішінен білінбегендіктен самурайдың бас қаруы халіне келген. «Кусаригама» шынжырлы орақка ұқсас қарсыласының көңілін аулау, жаралау мақсатында қолданылатын кішкентай құрал. Самурай әйелі де жолдасы жоқ кезде өзін қорғауға мәжбүр. «Кайкен» (қанжар), «нагината» самурай әйелінің қолданған қаруларының кейбірі ғана.

«Бабалар жыры» еңбегінің 80, 87. томдарында кездесетін қазақ батырларының киген киім-кешек атаулары төмендегідей алты топта сыныпталып көрсетілді: *басқа киілетін:* дулыға; *белге байланатын:* жалпақ қайыстан істелінген кіселі қара белбеу, қара белбеу, кіселі қайыс белбеу, қайыс; *денеге киілетін*: көйлек-дамбал, арестан киім, ақ көйлек [18. 70]; *үстіне киілетін*: сауыт, берен (Болаттан жасалған батырдың сауыты), қаптал шапан, сары шапан, маяжон шапан (желебегей жамылатын шапан), тері киім, жарғақ киім; *қолға ұсталатын:* шашақты найза, күрзі, сапы (кішкене өткір қылыш, семсер), шолақ сапты найза, қоңыраулы найза, көк найза, садақ, қылыш, айбалта, қалқан, ақ найза, алмас қылыш, қарағай сапты найза, қамшы, қылыш; *аяққа киілетін киім:* шарық етік. Жоғарыда денеге киілетін киім тобына кіретін «арестан киімі» жер аударылған тұтқынға киіледі.

Нәтижелер мен талқылау

Мусасидің еңбегі негізінде самурай мен қазақтың функционалдық және тарихи-мәдени ұқсастығы мен айырмашылығы қағидасын былай тұжырымдауға болады: Әлеуметтік мәртебе жағынан самурай Жапонияның феодалдық әскери сословиелік жүйенің мүшесі болса, қазақ батыры жеке ерлікпен, асқақ абырой және әскери беделмен байланысты. Әскери қызметте самурай бір жауынгер, әскери қызметші, қожайынына қызмет етуші. Ал қазақ батыры жауынгер, ер қорғаушы кейде ру басы, саяси тұлға. Қазақ батыры реті келгенде кейбірі ханның кеңесіне қатысып елшілік және саяси маңызды міндеттерді атқарған. Негізгі қызметі әскери қызметте екеуінің ұқсастығы әскери өнерді меңгеруінде, қоғамда әскери саяси өмірге араласуында, ерлік пен ар-намысты жоғары бағалауында жатыр. Жапонияда самурайлықтың уақыт өте мұрагерлік әскери топқа айналған. Самурайдың әлеуметтік міндеті ант ішіп императорына, көбінесе даймёға немесе сёгунатқа қызмет етуінде, ал қазақ батыры жүз, ру бойынша халыққа адалдықпен қызмет етеді.

Самурайдың әлеуметтік міндеті ант ішіп императорына, көбінесе даймёға немесе сёгунатқа қызмет етуінде, ал қазақ батыры жүз, ру бойынша елге адалдықпен қызмет етеді. Кейбір самурайлар атақты басқарушылардың қол астында қызметінде болған. Олар өз қолбасшысы немесе иесіне, әміршісіне шексіз байланған. Мусаси өз еңбегінде Мияке Гунбей Химежи (Himeji) билеушісінің әмірінде болғанын, Самурай Накагава Шиманосуке Исели Накагава кланынан шыққан самурай Мизуно Катсунаридің қызметінде болғанын жазған. Десе де бәзі бір самурайлар қызметте жүріп жанжалдасып шығып кетіп, уақыт өте басқа бір басшыға байланатын кездері болатынын да көрілуде. Мысалы: Yagyū Nyōgonosuke Yagyū Shinkage – ryū Owari тармағының құрушысы және қылыш ұстасы.

Kumamoto билеушісі Katō Kiyomasaның қызметінде жүріп жанжалдасып сол себеппен ол жерден кетіп біраз уақыт ронин болады. Бұл «самурай саяхатына» (Musha Shugyō) шығу дегенді білдіреді. Кейіннен ол Токугава әулетінің Овари тармағына қызметке кіріп отыз жыл бойы қылыш, найза мен ұзын қылыш әдістерін үйреткен. Жекпе-жекке түскен самурайлардың ішінде соғысу, жекпе-жекке суырылып шығуды тастап кетіп, діни қызметші болып кеткен самурайлар да болған. Мысалы: Окузоин Доеи (Okuzōin Dōei) Хозоин рюи сожутсу (Hōzōin-ryū sōjutsu) найза еколының құрушысы болған. Нарадағы Кофуку – джу (Kōfuku- ji) ғибадатханасының діни қызметкері болған.

Батырлар рубасы билермен төре өкілдерінен ханды ақ киізге көтерген. Сондықтан олардың ықпалы өте күшті болған. Қоғамды (халықты) қорғау тұрғысынан самурай өзінің даймёсына, феодалдық тәртіпке, иелігіне қызмет етеді. Қазақ батыры елді, жерді жаудан қорғауға ерекше мән береді. Олардың әлеуметтік қызметінде ортақ белгілерді байқауға

болады. Екеуі де қоғам қорғаушылары, ұжымдық қауіпсіздіктің нышаны ретінде қызметін атқарған. Екі дәстүрде де болашақ жауынгерді тәрбиелеу ерте жастан басталып, тұрақты этикалық нормаларды қалыптастыруға негізделген.

Самурайларда өзінен бір жоғарыдағы жоғарыдағы рангтармен қалай сөйлесу керектігін үйренуі шарт. Мұнан басқа жапондарда «kūki wo yomu» деген сөз бар. Яғни, самурай қандай ортада болса да қоғамдағы тәрбиеге сәйкес орынды қатынаста болып қалыптан шықпауы қажет. Жоғарғы аристократтық ортада қонақта болса иерархиялық тәртіпке және рангтарына сәйкес кезегі келгенде ұқыптылықпен тамаққа бастап, байыппен сөйлеуді үйренуі шарт. Қазақ халқында болғандай оларда да «төр» ұғымы бар. «kamiza» бар тарап, төр жақ. Екі мәдениетте де мақам мен рангына қарай төрден төменге қарай жайғасады. Мысалы: мыңбасы, жүзбасы, онбасы, түменбасы.

Жапон мәдениетінде бұл үдеріс «Бусидо кодексі[3]» аясында жүзеге асатын болса, қазақ қоғамында батырлық қасиет, ерлік мінез, адалдық ұстаным іспетті құндылықтар жүйесі арқылы қалыптасқан. Самурайлық ұрпақтан ұрпаққа жалғасатын феодалдық жүйенің болды, онда жауынгер табына мүшелік ету ру ішінде бекітіліп, әскери қызмет иерархиясы арқылы берілген. Жалпы ортағасырлық Жапониядағы самурайлар вассалдық жүйе мен *бусидо* деп аталатын ар-намыс кодексі айналасында қалыптасқан әскери тап болған.

Миямото Мусаси айтқандай жазғандай, самурайдың жекпе-жек тәжірибесі тек қана оның өнерін ғана емес, сонымен қатар өзін-өзі ұстау, стратегия және әдеп-даналығын толық қамтыған. Екеуінің ұқсастығы: ұрпақтарын балалық шағынан бастап самурай бусидо рухында, батыр болса батырлық, ер жүректілік рухында тәрбиелеген. Екеуінің де ұрпақтары елін қорғаған. Самурай ұлы феодалдық кланда қалса, батырдың ұлы асыл тұқымды жалғастырып, ел төрінен орын алған. Ал қазақ дәстүрінде батырлық мәртебесі жауынгерлік пен әскери жетістіктерге байланысты болған. Самурай мен батыр арасындағы басты айырмашылық тиісті қоғамдардың әлеуметтік саяси ұйымның ерекшеліктерімен анықталған. Алайда әлеуметтік қалыптасу негізі жағынан самурай мәртебесі феодалдық әскери сословиелік жүйемен бекітіледі, қазақ батырлығы жасаған ерлігі, беделі мен халықтың мойындауы арқылы қалыптасқандығымен ерекше. Мусасидің еңбегінде самурай стратег, өзін - өзі жетілдіруші жауынгер, жекпе-жек шебері ретінде көрініс тапса, «жеке батыр, «қол бастаған батыр», қара берен батыр» типтері арқылы қазақ батыры функционалдық қырларымен айқындалады.

Самурайлар мен қазақ батырларының мәдени-тарихи жағынан жіктеу типологиясынан жоғарыда көрсетілген негізгі өлшемдер арқылы жинақтасақ, екі мәдениетте де жауынгердің тұлғасы, әскери шеберлігі, ан-намыс, адалдық пен қоғамды қорғау құндылықтарымен сипатталған. Осы ортақ архетиптік белгілер мен тарихи мәдени ерекшеліктер екі қоғамның жауынгерлерінің бейнесін көрсетеді.

Батырлардың дүниетанымы бүгінгі әскердің әлеуметтік, этикалық әдеп нормаларына, әскери дәстүрлердің мемлекеттік идеологияға айналуы қажет. Бұл салыстырмалы зерттеу Қазақстанның жаңа экономикалық өзгерістер жағдайында және күллі түркі халықтарының өзара ықпалдастығы күшейіп тұрған уақытта мәдени мұраны терең зерттеп зерделеуге, қоғамдағы рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыруға және тарихи- мәдени диалогды дамытуға үлкен үлес қосты деп ойлаймыз.

Нәтижеде Миамото Мусасидің «Бес сақина кітабы» желісінде мақаланы зерттеу

[3] *Ескерту.* «Бу-си-до» терминін Инадзо Нитобэ сөзбе-сөз аударғанда «воинский - рыцарь-образ поведения деген мағынаны беретінін айта келе өз зерттеулерінде бусидоны қоғамдағы самурайлардың мінез-құлқын анықтайтын моральдық қағидалар жүйесі ретінде қарастыртырған. бусидо кодексі туралы еңбегінде рыцарлықтың (самурай) шығуы, мінез-құлқы мен оқулары (учение), олардың қоғамға әсері мен тұрақтылығы (продолжительность) төрт мәселені ашуға тырысқан. Қараңыз: Инадзо Нитобэ, Бусидо: Дух Японии, пер. К. Семёнов, Киев: София, 1997, 16 с. Қазақта антқа адал болу, уәдені орындау, аманатты орынау, әділдік пен мәрттіктен, үлкенді сылап, кішіні қорғаудан, ел мен жерді қорғау, досқа адалдық пен дұшпанға қатал болудан тұратын батырлық этикет болған.

барысында самурайдың тарихи-мәдени бейнесі мен батырлық дәстүрінің ұқсастық паралелі қазақ батырларынан қарастырылып, екі мәдениеттегі ар-намыс, елге қызмет ету, елді сүю, рухани құндылықтардың сәйкестігі мен ерекшеліктері айқындалды. Самурайдың бала-шағалары да батырдың ұрпақтары сияқты «Не ексең соны орасың», «Ұяда не көрсең ұшқанда соны ілесің» дегендей өзінің ата-бабаларының самурай болғанын мақтаныш тұтып, олардан рух, күш алып бастапқыда ағаш қылыштармен нағыз самурайдың тактикаларын жасап, шыныққанын көреміз. Бұл жерде самурай мен батырды мысалға бере отырып бұл жағдайдың жалпы адамзаттың көптеген аймақтары мен мәдениеттері үшін белгілі бір ұқсастықтары мен паралелдері бар деген болжамның болжамның шындыққа жанасқанын көреміз. Біздің концепциямыз: Қазақстанда жапон зерттеулерін екі мемлекеттің тарихы мен мәдениетін ашуға қызмет ету, жаңа ғылыми ізденіс жасау, жаңа тарихи деректерді айналымға келтурі, архив құжатттарын тарихи деректемелер топтамасына айналдыру. Бұл салыстырмалы зерттеу Қазақстанның жаңа экономикалық өзгерістер жағдайында және күллі түркі халықтарының өзара ықпалдастығы күшейіп тұрған уақытта мәдени мұраны терең зерттеп зерделеуге, қоғамдағы рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыруға және тарихи-мәдени диалог қызметін атқарады. Бұл тақырыпты дамыту барысында қазақ ортасындағы жапонтану ілімінің қалыптастырып, жапон тарихы мен мәдениетіне қатысты білімді өрбітуге болады. Былтыр 18-20 желтоқсан аралығында мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Жапонияға алғашқы ресми сапары аясында император Нарухитомен кездесуде болды. Президент қонақжайлық танытқаны үшін Жапония Императорына ризашылығын білдірді. Мемлекет басшысы Қазақстан халқы күншығыстағы Жапон елінің тәртібі мен табандылығын әуелден үлгі тұтатынын атап өткені белгілі. Қазақстан мен Жапония арасындағы өзара құрмет пен түрлі саладағы табысты ықпалдастыққа негізделген байырғы достық қатынастар біріктіретуге бастама жасады. Самурай мен қазақ батырының мәдени - тарихи типологиясынан жоғарыда көрсетілген негізгі өлшемдер арқылы жинақтасақ, екі мәдениетте де жауынгердің тұлғасы, әскери шеберлігі, ан-намыс, адалдық пен қоғамды қорғау құндылықтарымен сипатталған. Осы ортақ архетиптік белгілер мен тарихи мәдени ерекшеліктер екі қоғамның жауынгерлерінің бейнесін көрсетеді. Батырлардың дүниетанымы бүгінгі әскердің әлеуметтік, этикалық нормаларына, әскери дәстүрлердің мемлекеттік идеологияға айналуы қажет.

Қорытынды

Әлемнің көптеген елдерінде қалыптасқан әскери дәстүрі, соғыс қағидаттары бар. Әскери күзет қызметі, соғыс жасақтары мен армия мемлекетті сырттан төнген қауіптен қорғауға құрылады. Әскери тарихтың да әрбір мемлекет пен халықтың өзіндік сипатта дамығаны белгілі. Алайда жапон қоғамында қалыптасқан самурайлар өкілдері өзіндік әскери қызмет дәстүрін дамытқан. Мемлекет үшін қауіп-қатер сырттан ғана төнбейді, ішкі алауыздық, билік үшін талас, тақ үшін тартыс, ішкі төңкеріс қауіптерінен сақтау үшін де әскери қызмет ұйымдастыру қажет болған. Жапон самурайлары мен қазақ батыры институтын салыстыру тарихи жағынан жапон қоғамы мен қазақ елі мәдени-тұрмыстық, шаруашылық-кәсіптік, экономикалық және саяси жағынан бір біріне ұқсамайтын саяси-әлеуметтік құрылым болғанын көрсетеді. Өйткені, жапон қоғамы ежелден бері негізінен отырықшы қоғам болғаны, көбінесе күріш өсіру, теңіздегі балық аушылығына негізделген шаруашылық құрғаны тарихтан белгілі. Себебі Жапон елі жан-жағынан теңіз бен мұхит суы қоршап тұрған үлкен аралда орналасқан мемлекет. Ал қазақ қоғамы болса ежелден бері кең дала алқаптары аясында еркін тұрмыс, көшпелі салт, әскери демократия аясында дамыған, жылқы өсірумен айналысқан мәдени кеңістікті құраған. Дегенмен, зерттеу материалдары әскер өнердің дамуында әр түрлі елдерде өзіндік ерекшеліктері болғанымен, сонымен қатар, өте ұқсас жерлер болғанын да көрсетеді. Миамото Мусасидің 17-ші ғасырда жазылған құнды тарихи дереккөзіне айналған «Бес сақина» мемуарлық қолжазбасы көптеген тілдерге аударылған. Енді бұл кітапты қазақ тіліне тиянақты аударып, жас буын азаматтардың рухын ояту, ар-намысын қайрау, адалдық,

соғыс стратегиясын білу, лидердік идеология тәрбиелеуге жаратуға болады. Жаңа тарихи деректер зерттеліп, аударылып, «Қазақстандағы түркі халықтарының тарихы, дәстүрі мен батырлық институты» ретінде жоғарғы оқу орындарында оқытылуға ұсынылады.

Әдебиеттер тізімі:
деректер мен тарихнамалық еңбектер

1. Miyamoto M. Beş çember Kitabı, Savaş Sanatı ve Liderlik Uzerine, çeviren Erdal Küçükyalçın. İstanbul: Forum Tauri Press, 2017. 191.
2. Байғанин Н. Үш томдық шығармалар жинағы. Алматы. Қазығұрт баспасы, 2012, 344. 314 б.
3. Miyamoto Musaşi. Beş çember kitabı. Savaş Sanatı ve Liderlik üzerine. Çeviren Erdal Küçükyalçın, İstanbul: Ofset Matbaacılık San. ve Tic. A.Ş., 2021, 193.
4. Жерұйықтағы жұрттың ортақ жәдігерлері. Түркістан. 18 қаңтар 2018. URL дереккөзі: Turkystan.kz, 23.08.2026.
5. Ожегов С. Шведова Н. Толковый словарь русского языка. Москва. Азубуковник, 1992. 1744 стр. С.48
6. Аманжолов Қ. Тасболатов А. Әскери терминдердің түсіндірме сөздігі. Алматы: Білім, 2008. 160 бет. 78 б.
7. Нурғазина Т.С. Қазақ қоғамындағы батырлар институтының маңызы. XVII ғасырдың екінші жартысы - XVIII ғасырдың ортасындағы қазақ және жоңғар хандықтарының қарым-қатынасы // Халықаралық ғыл-практ. конф. матер. Бас редакторы Д. Р. Орынбеков, Семей: Шәкерім Университеті, 2024.462 б. 77-83 б.
8. Қашқари М. Түрік сөздігі / Ауд. А.Егеубай. Алматы. Хант. 1998. 597б. 432 б.
9. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. Астана. Фолиант, Т. 87. Тарихи аңыздар, 2012. 37 б.
10. Меңлібаев Ғ. Қазақ халқының тарихында батырлардың алатын орны. Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Хабаршысы, Халықаралық өмір және саясат сериясы. №3 (46), 2016, 36-39.
11. Мұқтар Мағаиннің көркем тілі // URL дереккөзі: https://anatili.kazgazeta.kz/news/article64122-mukhtar-maghauinninh-korkem-tili, 22.08.2026.
12. Карибаев С., Байназарова Б. Дәстүрлі қазақ қоғамындағы батырлар институты. Қазақстану, 2 (18) 06/ 2023, 234 б. 5-14 бб.
13. Karl F. Friday. Samurai, warfare and the state in early medieval Japan, New York: Routledge, 2004. 234б.
14. Карибаев С. Байназарова Б. Дәстүрлі қазақ қоғамындағы батырлар институты// Қазақстану, 2 (18) 06/ 2023, 191 бб. 5-14.
15. Mikiso Hane. Kısa Japonya Tarihi, Çeviren Şükrü Alpagut, İstanbul: Say Yayınları, 2021, 331. 40 p.
16. Спеваковский А. Самурай − военное сословие Японии. Москва: Наука, 1981. 40с.
17. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. Том 80: Топонимдік аңыздар, Астана: Фолиант, 2011. 95б.
18. Арыстанова Г. Көктүрік кезеңі мәдениетінің нумизматика деректері. Жошы Ұлысының 800 жылдығына арналады. «Қазақ мемлекеттілігінің бастауындағы Жошы ұлысы: тарихи тағылымы мен мұрасы: Халықаралық ғылыми-теориялық конференцияның материалдары. Астана, 7 маусым 2024. ред. алқа.: Е.Сыдықов т.б. Астана. Л.Н.Гумилев университеті, 2024, 70 бб.
19. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. Астана: Фолиант, Т. 87, Тарихи аңыздар, 2012. 70б.

Reference liste:
sources and historiographical works

1. Miyamoto M. Besh schember Kitabı, Savasch Sanatı ve Liderlik Uzerine, cheviren Erdal Küçükyalchın (Беш шембердің Соғыс Және Көшбасшылық Өнері Туралы Кітабы). Stambul. Forum Tauri Press, 2017. 191.
2. Bayğanin N.Usch tomdıq schı-ğarmalar zhinağı. Almaty. Qazıgurt baspası, 2012. 344b. 317 b.
3. Miyamoto M. Besh schember Kitabı, Savasch Sanatı ve Liderlik Uzerine, cheviren Erdal Küçükyalçın. Stambul: Forum Tauri Press, 2021. 193.
4. Zheruyıqtagı jurttın ortaq zhadigerleri. Turkistan. 18 qantar 2018 zh. URL derekkozi: Turkystan.kz, 23.08.2026 zh.

5. Ožegov S. Švedova N. Tolkovyj slovar′ russkogo âzyka. Moskva. Azubukovnik, 1992. 1744 ctr. S.48

6. Amanzholov Q.Tasbolatov A.Askeri termderdiñ tusindirme sozdigi. Almatı: Bilim, 2008. 160 b.

7. Nurgazina T.S. Qazaq qoğamındağı batırlar institutınıñ mañızı. XVII ğasırdıñ ekinshi zhartısı - XVIII ğasırdıñ ortasındağı qazaq zhane joñğar handıqtarınıñ qarım-qatınası // Halıqaralıq ğıl-prakt. konf. mater. Bas redaktorı D. R. Orınbekov, Semey: Shakerim Universiteti, 2024.462 b. 77-83 b.

8. Qashqari M.Turik sozdigi / Audi. A.Egeubay. Almatı: Han. 1998. 597 b. 432 b.

9. Babalar sozi: Zhuztomdıq. Astana: Foliot, T. 87. Tarihi añızdar, 2012. 432b.

10. Meñlibaev G. Qazaq halqının tarihında batırlardın alatın ornı // Abay atındağı QazUPU-nıñ Habarschısı, Halıqaralıq omir zhane sayasat seriyası. № 3 (46), 2016 zh, 36-39.

11. Muqtar Magayınnıñ korkem tili // URL derekkozi: https://anatili.kazgazeta.kz/news/article64122-mukhtar-maghauinninh-korkem-tili, 22.08.2026.

12. Karibaev S., Baynazarova B. Dasturli qazaq qoğamındağı batırlar instituttarı // Qazaqstan, 2 (18) 06/2023, b.b. 5-14 bb.

13. Karl F. Zhuma. Samuray, erte ortağasırlıq Zhaponiyadağı soğıs zhane memleket, Nyu-York: Routledge, 2004. 234b.

14. Kfribaev S.Baynazarova B.Dasturli qazaq qoğamındağı batırlar instituttarı // Qazaqstan, 2 (18) 06/2023, b.b. 5-14.

15. Mikiso Xane. Kısa Zhaponya Tarihi, Çeviren Shukru Alpagut, Stambul. Say Yayınları, 2021. 331b.

16. Spevakovskiy A. Samuray − voyennoye sosloviye Yaponii. Moskva: Nauka, 1981. S.40

17. Babalar sozi: Zhuztomdıq. 80-tom: Toponimdik añızdar, Astana: Folïant, 2011. 95b.

18. Arıstanova G.Kokturik kezeñi madenietiniñ numizmatika derekteri. Joshı Ulısınıñ 800 zhıldığına arnaladı. «Qazaq memleketiniñ bastauındağı Joşı ulısı: tarihi tağılımı men murası: Xalıqaralıq ğılımı-teoriyalıq konferenciya materialdarı.Astana, 7 mamır 2024 zh. redakciyası: E.Sıdıqov t.b. Astana. L.N.Gumilev atındağı universitet, 183021.

19. Babalar sozi: Zhuztomdıq. Astana: Foliot, T. 87, Tarihi añızdar, 2012. 70b.

жауапты автор туралы мәлімет (толық аты жөні, жұмыс орны, телефон, электрондық поштасы) **Арыстанова Гүлханыс Мекенбайқызы** - PhD докторы, Қ.А.Яссауи атындағы ХҚТУ, Түркістан, Қазақстан телефон: 7-775-407-0845 e-mail: arystanova.gulkhanys@gmail.com

тақырыптық рубрикалар / тематические рубрики / subject headings

ЖАЛПЫ ТАРИХЫ
ВСЕОБЩАЯ ИСТОРИЯ
THE WORLD HISTORY

МРНТИ / ҒТАХР / IRSTI: 03.00
https://orcid.org/0000-0003-3441-5338

Муминов А.Г.*
д.п.н., профессор. НУУЗб. им.Мирзо Улугбека. Ташкент, Узбекистан

НОВЫЙ УЗБЕКИСТАН: ВОЗРОЖДЕНИЕ ДУХОВНО-КУЛЬТУРНОГО СОЗНАНИЯ ОБЩЕСТВА КАК ИСТОРИЧЕСКАЯ НЕОБХОДИМОСТЬ И МОДЕЛЬ В РАЗВИТИИ ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ

*Автор-корреспондент: alisher.nuuz@gmail.com

Аннотация: В представленной научной статье исследуются процессы роста духовно-культурного сознания общества в условиях современных, коренных, преобразований в Узбекистане. Наряду с этим, проведен анализ исторических предпосылок, факторов и основных направлений укрепления национального самосознания, сохранения исторической памяти, духовных и религиозных ценностей, а также культурного наследия народа. Особое внимание в статье уделено государственной политике по поддержке национальной культуры, развитию системы образования, науки и просвещения, а также повышению роли духовно-нравственных ценностей, как важного условия обеспечения устойчивого развития общества, укрепления гражданской идентичности и воспитания молодого поколения в духе уважения к национальным и общечеловеческим ценностям. Вместе с этим, в статье автором сделан вывод о том, что сегодня «Новый Узбекистан» стремится вступить в этап «Третьего Ренессанса» - нового этапа духовно-культурного развития, являющийся важнейшим фактором модернизации современного общества Узбекистана.

Ключевые слова: Центральная Азия, Новый Узбекистан, культурное наследие, духовно-культурный рост, образование, просвещение, молодежь

Муминов А.Г.*
саяси.ғ.д., профессор. М.Ұлықбек атындағы ӨзбҰУ. **Ташкент, Өзбекстан**

ЖАҢА ӨЗБЕКСТАН: ҚАЙТА ӨРЛЕУ ҚОҒАМНЫҢ РУХАНИ ЖӘНЕ МӘДЕНИ САНАСЫ ТАРИХИ ҚАЖЕТТІЛІК ЖӘНЕ МОДЕЛЬ РЕТІНДЕ ОРТАЛЫҚ АЗИЯНЫҢ ДАМУЫНДА

*Автор-корреспондент: alisher.nuuz@gmail.com

Түйін: Мақалада қазіргі кезеңдегі түбегейлі қоғамдық өзгерістер жағдайындағы Өзбекстан қоғамының рухани-мәдени санасының даму үдерістері зерттеледі. Сонымен қатар, ұлттық сананы нығайтудың, тарихи жадты сақтаудың, халықтың рухани және діниқ ұндылықтарын, мәдени мұрасын қорғаудың тарихи алғышарттары, факторлары мен негізгі бағыттарына талдау жасалған. Зерттеуде ұлттық мәдениетті қолдауға, білім беру, ғылым және ағарту жүйелерін дамытуға бағытталған мемлекеттік саясаттың басымдықтарына ерекше назар аударылған. Рухани-адамгершілік құндылықтардың қоғамның орнықты дамуын қамтамасыз етудегі, азаматтық бірегейлікті нығайтудағы және жас ұрпақты ұлттық әріжалпыадамзаттық құндылықтарды құрметтеу рухында тәрбиелеудегі маңызы айқындалған. Қорытындылай келе, автор қазіргі таңда «Жаңа Өзбекстанның» қазіргі өзбе ккоғамын жаңғыртудың маңызды факторы болып табылатын рухани-мәдени дамудың жаңа кезеңі – «Үшінші Ренессанс» дәуіріне қадам басуға ұмтылып отырғанын атап көрсетеді.

Кілтсөздер: Орталық Азия, Жаңа Өзбекстан, мәдени мұра, рухани-мәдени өсу, білім, ағарту, жастар.

Muminov A.G.*
doctor of political sciences, professor. M.Ulugbek NUUzb . Tashkent, Uzbekistan

NEW UZBEKISTAN: REBIRTH THE SPIRITUAL AND CULTURAL CONSCIOUSNESS OF SOCIETY AS A HISTORICAL NECESSITY AND MODEL IN THE DEVELOPMENT OF CENTRAL ASIA

*Corresponding author: alisher.nuuz@gmail.com

Сведения об авторе, ответственном за переписку (место работы, номер телефона, электронная почта): **Байтанаев Елнар Бауыржанұлы** - младший научный сотрудник научного центра «Археология и антропологические исследования» ЮКИУ им. М.Ауезова, Шымкент, Казахстан. e-mail: ebaitanaev@mail.ru

тақырыптық рубрикалар / тематические рубрики / subject headings

ӨЛКЕТАНУ - МӘДЕНИЕТТАНУ ЖӘНЕ АНТРОПОЛОГИЯ
КРАЕВЕДЕНИЕ – КУЛЬТУРОЛОГИЯ И АНТРОПОЛОГИЯ
LOCAL HISTORY - CULTURAL STUDIES AND ANTHROPOLOGY

ҒТАХР / МРНТИ / IRSTI: 10.23.31
https://orcid.org/0009-0006-7639-2014
https://orcid.org/0009-0000-6198-5307
https://orcid.org/0009-0000-4465-2279

Кадиргалиева А.Т.*, Насурлаева Г.О., Спанов М.Ж.
гуманитарлық ғылымдар магистрі, аға оқытушы, М.Әуезов атындағы ОҚЗУ.
Шымкент, Қазақстан
гуманитарлық ғылымдар магистрі, аға оқытушы, М.Әуезов атындағы ОҚЗУ.
Шымкент, Қазақстан
филос.ғ.к., доцент. М.Әуезов атындағы ОҚЗУ. Шымкент, Қазақстан

ДӘСТҮРЛІ ҚАЗАҚ МӘДЕНИЕТІНДЕГІ ӘЙЕЛ КИІМІНІҢ ӘЛЕУМЕТТІК ҚҰНДЫЛЫҒЫ

***Автор-корреспондент:** Jan_707.90@mail.ru

Түйін: Мақалада дәстүрлі қазақ қоғамындағы әйелдер киімінің зерттелу тарихы мен тарихнамалық даму кезеңдері зерделенеді. Әйел киімінің қалыптасуы мен даму тарихын зерделеу арқылы белгілі бір тарихи кезеңдегі қоғамның әлеуметтік жіктелуін, жас ерекшеліктеріне байланысты мәдени нормаларын, отбасылық-ғұрыптық қатынастарын және көркемдік дүниетанымын анықтауға болады. Зерттеу барысында әйел киімінің тек материалдық құндылық қана емес, сонымен бірге көшпенділер мәдениетіндегі әлеуметтік мәртебені, жас ерекшелігін және рулық-аймақтық белгілерді айқындайтын маңызды семантикалық ақпарат көзі екендігі тарихнамалық призма арқылы дәлелденген. Тақырыптың өзектілігі, зерттеудің мақсаты мен міндеттерінде қазіргі уақытта бұл бағыт кешенді түрде тарихи-генетикалық, этнографиялық, өнертанулық, мәдениеттанулық және семиотикалық әдістерді біріктіретін кешенді ғылыми салаға айналып отыр. Ғылыми тұрғыдан алғанда, дәстүрлі қазақ әйелінің киімі - қазақ этностың дүниетанымы мен мәдени кодын сақтаушы феномен. Ол эстетикалық сұлулықты, қатаң әлеуметтік иерархияны, діни-мифологиялық қорғанысты және көшпелі тұрмыстың практикалық қажеттіліктерін бір арнаға тоғыстырды.

Кілт сөздер: қазақ мәдениеті, әйел киімі, тарихнама, этнография, құндылық, әлеуметтік фактор, аймақтық ерекшеліктер

Кадиргалиева А.Т.*, Насурлаева Г.О., Спанов М.Ж.
магистр гуманитарных наук, старший преподаватель, ЮКИУ им М.Ауезова.
Шымкент, Казахстан
магистр гуманитарных наук, старший преподаватель, ЮКИУ им М.Ауезова.
Шымкент, Казахстан
к.философ.н., доцент. ЮКИУ им М.Ауезова. Шымкент, Казахстан

СОЦИАЛЬНАЯ ЦЕННОСТЬ ТРАДИЦИОННОЙ ЖЕНСКОЙ ОДЕЖДЫ В КАЗАХСКОЙ КУЛЬТУРЕ

* Автор-корреспондент: Jan_707.90@mail.ru

Аннотация: В статье изучается история изучения и этапы историографического развития женской одежды в традиционном казахском обществе. Изучая историю становления и развития женской одежды, можно определить социальную классификацию общества в определенный исторический период, возрастные культурные нормы, семейно-ритуальные отношения и художественное мировоззрение. В ходе исследования было доказано через историографическую призму, что женская одежда является не только материальной ценностью, но и важным смысловым источником информации, определяющим социальный статус, возрастную специфику и родово-региональные черты в культуре кочевников. Актуальность темы, цели и задачи исследования в настоящее время данное направление становится комплексной научной областью, объединяющей в комплексе историко-генетические, этнографические, искусствоведческие, культурологические и семиотические методы. С научной точки зрения одежда традиционной казахской женщины - феномен, хранящий мировоззрение и культурный код казахского этноса. Одежда объединила эстетическую красоту, строгую социальную иерархию, религиозно-мифологическую защиту и практические потребности кочевого быта в одно русло.

Ключевые слова: казахская культура, женская одежда, историография, этнография, ценность, социальный фактор, региональные особенности

Kadirgaliyeva A.T.*, Nasurlaeva G.O. Spanov M.Zh.
Master of humanities, senior Lecturer, M. Auezov SCRU. Shymkent, Kazakhstan
Master of humanities, senior Lecturer, M. Auezov SCRU. Shymkent, Kazakhstan
Candidate of Philosophy, Associate Professor. M. Auezov SCRU. Shymkent, Kazakhstan

THE SOCIAL VALUE OF TRADITIONAL WOMEN'S CLOTHING IN THE KAZAKH CULTURE

* Corresponding-author: Jan_707.90@mail.ru

Abstract: The article examines the history of the study and the stages of the historiographical development of women's clothing in the traditional Kazakh society. By studying the history of the formation and development of women's clothing, it is possible to determine the social classification of society in a certain historical period, age-related cultural norms, family and ritual relations and artistic worldview. In the course of the research, it was proved through a historiographical prism that women's clothing is not only a material value, but also an important semantic source of information that determines social status, age specifics, and ancestral-regional features in nomadic culture. Relevance of the topic, goals and objectives of the research at present, this area is becoming a comprehensive scientific field that combines historical, genetic, ethnographic, art history, cultural and semiotic methods. From a scientific point of view, the clothes of a traditional Kazakh woman are a phenomenon that preserves the worldview and cultural code of the Kazakh ethnic group. He combined aesthetic beauty, strict social hierarchy, religious and mythological protection and the practical needs of nomadic life in one channel.

Keywords: Kazakh culture, women's clothing, historiography, ethnography, value, social factor, regional peculiarities

Кіріспе

Қазақ халқының дәстүрлі әйел киімі - халықтың тарихи жадын, әлеуметтік құрылымын, эстетикалық талғамын және дүниетанымдық ұстанымдарын бойына жинақтаған материалдық мәдениеттің маңызды құрамдас бөлігі. Әйел киімінің қалыптасуы мен даму тарихын зерделеу арқылы белгілі бір тарихи кезеңдегі қоғамның әлеуметтік жіктелуін, жас ерекшеліктеріне байланысты мәдени нормаларын, отбасылық-ғұрыптық қатынастарын және көркемдік дүниетанымын анықтауға болады. Дәстүрлі қазақ мәдениетіндегі әйел киімі - жай ғана дене жабатын бұйым емес, ұлттық ділдің, әлеуметтік тәртіптің және эстетикалық танымның тоғысқан күрделі мәдени-символдық жүйесі. Көшпелі қоғамда әйел адамның киімі оның жасын, отбасылық мәртебесін, рулық тиесілігін және әлеуметтік жағдайын айқындайтын сыртқы сипат беру рөлін атқарған. Осы тұрғыдан алғанда қазақ әйел киімінің тарихнамасы этнография, археология, өнертану, мәдениеттану және семиотика тоғысындағы пәнаралық зерттеу нысаны ретінде ерекшеленеді.

Қазіргі жаһандану дәуірінде ұлттық бірегейлікті (идентиктікті) сақтап қалу және мәдени кодтарды қайта жаңғырту - мемлекеттік деңгейдегі стратегиялық міндеттердің бірі. Дәстүрлі қазақ әйелінің киімі тек материалдық бұйым емес, ол - көшпелілердің философиясын, дүниетанымын, әлеуметтік құрылымы мен эстетикалық танымдарын бойына жинақтаған күрделі семиотикалық жүйе. Бүгінгі таңда қоғамда ұлттық киімге деген қызығушылық артып, ол сән индустриясының ажырамас бөлігіне айналуда. Алайда, заманауи дизайн трендтерінде дәстүрлі киімдердің түпкі мәні, символдық сипаты мен жас ерекшеліктеріне байланысты сакральды мағыналары жиі бұрмаланып, этнографиялық дәлдік жоғалып барады (мысалы, қыз тақиясы мен ана кимешегінің, тұрмысқа шықпаған қыз бен келіншек киімінің мәнін шатастыру). Осыған байланысты, әйел киімінің тарихи-мәдени, әлеуметтік-кодтық және қорғаныстық құндылықтарын кешенді түрде ғылыми саралау, оның тарихи рөлін анықтау және заманауи мәдениеттегі орнын айқындау - тақырыптың жоғары өзектілігін көрсетеді.

Мақаланың зерттеуінде - дәстүрлі қазақ қоғамындағы әйелдер киімінің материалдық, әлеуметтік-коммуникативтік және рухани-философиялық құндылық ретіндегі рөлін кешенді этно-мәдени тұрғыдан талдау және оның ұлттық мәдени код ретіндегі сипатын ашып көрсету мақсатталды.

Осыған тақырыпты ашуға зерттеуде мендеттерді орындау көзделді. Ол - қазақ әйелдерінің дәстүрлі киімдерінің түрлерін, жасалу технологиясын және құрылымдық ерекшеліктерін тарихи-этнографиялық тұрғыдан жүйелеу, әйел киімінің семантикалық және семиотикалық табиғатын зерделеу, оның адам өмірінің кезеңдерін (жас ерекшелігі, отбасылық мәртебесі) көрсететін ақпараттық код ретіндегі рөлін айқындау; киім элементтері мен әшекейлердің сакральды-қорғаныстық және діни-мифологиялық функцияларын ашып көрсету; дәстүрлі әйел киімінің қазақ халқының эстетикалық танымымен, этикалық тәрбие нормаларымен және көшпелі тұрмысқа бейімделгіштік сипатымен байланысын негіздеу; дәстүрлі әйел киімінің құндылықтық әлеуетін қазіргі қазақстандық қоғамда, заманауи сән мен өнерде қайта жаңғыртудың маңызы мен жолдарын ұсыну.

Қыпшақ және басқа да түркі тайпаларының мәдениетін сипаттайтын орта ғасырдағы тарихшы-этнографтардан басталып отыр, жазбаларында әйелдердің бас киімдері туралы мәліметтер кездеседі. Кейбір бас киімдердің металмен, алтынмен және күміспен безендірілгені көрсетіледі. Бұл деректерді қазақтың сәукеле дәстүрімен салыстыру түркі халықтарының бас киім мәдениетіндегі тарихи сабақтастық мәселесін қарастыруға мүмкіндік береді.

Қазақ киімінің тарихи-генетикалық негіздерін зерттеуде аң терісі, киіз, жүн, былғары және матадан жасалған сырт киімдердің орны айрықша. Түркі халықтарының дәстүрлі мәдениетінде бағалы аңдардың терісі әлеуметтік мәртебе мен материалдық әл-ауқаттың көрсеткіші ретінде қабылданған. Қазақ тұрмысында аң терісінен тігілген ішіктердің кең таралуы табиғи-климаттық жағдайлармен қатар, олардың әлеуметтік және ғұрыптық

маңызымен де түсіндіріледі. Кейбір бағалы ішіктер қыз жасауына енгізіліп, отбасының материалдық жағдайын көрсететін құнды мүлік саналған. Түйе жүнінен жасалған шекпен де қазақтың дәстүрлі сырт киімдерінің көне үлгілерінің бірі болып табылады. Оның кең әрі ұзын пішімі көшпелі өмір салтына және табиғи орта жағдайларына бейімделген. Шекпен адамның денесін суықтан, желден және жауын-шашыннан қорғаумен қатар, көшпелі шаруашылық жағдайында қолайлы киім қызметін атқарған. Ал шапанның тарихи бейнесін IX-XIV ғасырлардағы қыпшақ кезеңіне жататын тас мүсіндерден кездестіруге болады. Шапандардың күдері, жібек, жүн және мақта сияқты әртүрлі материалдардан тігілгені тарихи деректерден белгілі. Орыс деректері мен жазбаларында бұл киім түрі көбіне «кафтан» атауымен берілген.

Ал, қазақ киімін ғылыми тұрғыдан зерттеудің алғашқы кезеңі XVIII-XIX ғасырларда қазақ даласына келген орыс және шетелдік саяхатшылардың, әскери қызметкерлердің, этнографтар мен зерттеушілердің жазбаларымен байланысты. П.С.Паллас, И.Г.Георги, И.Фальк, А.И.Левшин. П.С.Паллас және басқа авторлардың еңбектерінде қазақтардың тұрмысы, шаруашылығы, материалдық мәдениетімен қатар, олардың киім үлгілеріне қатысты мәліметтер кездеседі. XIX ғасырдағы саяхатшылар мен этнографтардың жазбаларында сәукеленің биік конус тәрізді пішіні, бағалы металдармен және тастармен әшекейленуі туралы мәліметтер кездеседі. Ш.Ш. Уәлихановтың еңбегінде қазақ әйелдерінің бас киімдері мен қырғыз, қазақ қыздарының киім ерекшеліктері туралы алғашқы ғылыми жазбалар келтірілген[1, 18].

Бұл деректер кейінгі этнографиялық зерттеулер үшін бастапқы эмпирикалық негіз қалыптастырды. Аталған еңбектерде киімнің әлеуметтік жіктелісі, күнделікті және мерекелік үлгілері, әйелдер мен ерлер киімінің айырмашылығы, сондай-ақ бас киімдердің ерекшеліктері сипатталған. Кесте, зергерлік бұйымдар және сәндік технологиялар. Қазақ әйел киімін көркемдік жағынан айқындайтын негізгі технологиялардың бірі - кестелеу. В.Н. Белослюдовтың 1913 жылы жарияланған «Қазақ кестелері» атты еңбегінде қазақтардың кесте тігу дәстүрі туралы маңызды этнографиялық мәліметтер келтіріледі [2, 3-24]. Кесте техникасы әйелдердің және ерлердің бас киімдерінде, көйлектерде, кимешектерде, омыраушаларда, шапандарда және басқа да киім элементтерінде қолданылған.

Қазақ әйел киімін зерттеу кеңестік кезеңде жүйелі ғылыми сипат алды. Осы уақытта этнографиялық экспедициялар ұйымдастырылып, аймақтық ерекшеліктерге байланысты киім үлгілері, олардың материалдық құрамы, жасалу технологиясы, әшекейленуі және әлеуметтік қызметі зерттеле бастады. Кейінгі кезеңде қазақстандық этнографтар мен өнертанушылар дәстүрлі киім мәселесін тек тұрмыстық бұйым ретінде қарастырмай, оның этномәдени және рәміздік мазмұнын ашуға ұмтылды. Қазақ ұлттық киімінің тарихи бастауларын анықтауда археологиялық материалдардың орны ерекше. А.Е.Асановаңың зерттеулерінде Алтай өңіріндегі Пазырық қорғандарынан табылған киім үлгілері мен қазіргі қазақ киімінің кейбір элементтері арасындағы тарихи-мәдени сабақтастық мәселесі қарастырылады [3, 56-62].

Археологиялық зерттеулер нәтижесінде Пазырық мәдениетіне жататын киіз, тері, жүн және аң терісінен жасалған киімдердің бірқатар үлгілері анықталған. Олардың пішіні мен технологиялық ерекшеліктерінен кейінгі түркі және қазақ халықтарының дәстүрлі киім мәдениетімен салыстыруға мүмкіндік беретін белгілер байқалады. Пазырық, Құрай, Тұяқты және Қаракөл қорғандарынан табылған киім бөлшектері мен сәндік бұйымдар ежелгі қоғамдағы киімнің тек қорғаныштық қызметпен шектелмегенін көрсетеді. Киімнің материалы, түсі, әшекейлену тәсілі және оның құрамындағы жеке элементтер адамның әлеуметтік мәртебесін білдіретін белгілер ретінде пайдаланылған. Әсіресе алтын, күміс және басқа да бағалы материалдармен безендірілген бұйымдардың жоғары әлеуметтік дәрежедегі адамдарға тиесілі болуы сол дәуірдегі киімнің әлеуметтік-коммуникативтік қызметін аңғартады. Захарова И.В., Ходжаева Р.Д. «Казахская национальная одежда: XIX - начало XX века» зерттеу кеңес дәуіріндегі ең белгілі, мұрағаттық және далалық зерттеулерге негізделген іргелі еңбек[4, 5-29]. Әйел киімінің тарихын зерттеуде Тохтабаева Ш.Ж. «Серебряный путь казахских мастеров»

монографиясында әйелдердің күміс әшекейлерінің - шолпы, өңіржиек, білезіктердің сакральды және әлеуметтік мағынасын ашқан еңбектің бірі. Автор археологиялық материалдар негізінде әйел киімінің құрылымдық бөлшектерін, бас киім түрлерін, оларға тағылатын сәндік элементтерді және ежелгі тоқыма өндірісінің технологиялық ерекшеліктерін қарастырады [5, 85-89,], Усманова Э.Р. қола дәуірдегі әйел киімін зерттеді[6, 11-56; 12, 54-62]. Бұл зерттеулер қазақ даласындағы кейінгі дәстүрлі киім үлгілерінің тарихи бастауларын анықтауға мүмкіндік беретін салыстырмалы материалдар ұсынады.

Қазақ киімінің қызметтік және таңбалық табиғатын түсіндіруде Х.Арғынбаевтың зерттеулері де маңызды орын алады. Ғалым қазақ киімдерінің қолданылу ерекшеліктерімен бірге олардың әлеуметтік және мәдени мазмұнына назар аударады. Қазақ киімдерінің тігілу технологиясы, материалдары мен аймақтық ерекшеліктері жан-жақты талданған. Марғұлан Ә.Х. «Қазақ халқының қолөнері» зерттеуі - қазақ ою-өрнегінің, киімдері мен күміс әшекейлерінің семантикасы мен тарихын зерттеуге арналған ең маңызды академиялық еңбек болды[7, 42-96]. Осы бағыттағы зерттеулер нәтижесінде киімнің адамды сыртқы ортаның әсерінен қорғайтын материалдық нысан ғана емес, белгілі бір әлеуметтік ақпаратты жеткізетін мәдени белгі екендігі айқындала түсті. Тәжімуратов Ә. ұлттық киім мен әшекей бұйымдардың жасалу ерекшеліктері туралы[8,11-92], ал Жәнібеков Ө. дәстүрлі мәдениет пен ұлттық киімдердің өзара байланысы, символикасы жайлы терең зерттеп, әйелдер мен ерлер киімінің этнографиялық атласы туралы іспетті негізгі еңбек жасады [9, 12-85]. Н.Ж.Шаханованың «Мир традиционной культуры казахов (этнографические очерки)» еңбегі, көшпелілер мәдениетіндегі гендерлік ерекшеліктер мен киімнің лиминалдық/өтпелі кезеңдердегі маңызын сипаттады[10, 56], Лобачев Н.П., Сазонов М.В., зерттеуінде жалпы Орта Азия және Қазақстандағы дәстүрлі киім тералы түйіндемелер берілді [11, 1-74]. Сонымен қатар, замануи зерттеулерде - киім түрлерінің толық классификациясы мен әйел әшекейлерінің магиялық-қорғаныстық қызметі қаралған, қазақ халқының дәстүрлі белгілері мен заттық мәдениетінің жүйесі бойынша киімнің семиотикалық және таңбалық жүйесін зерттеуге таптырмас ғылыми жинақтар жазылып, қыз ұзату, келін түсіру кезіндегі сәукеле мен кимешектің ғұрыптық рөлі сипатталған, әйел киімінің ажырамас бөлігі - күміс әшекейлердің сакральды мәні заманауи тұрғыдан қайта сараланған, киім элементтерінің көшпелілердің философиялық дүниетанымымен байланысы жаңа методологиялық деңгейде талданған, қазақ әйел киімінің тарихи тамыры мен оның заманауи сән өнеріндегі трансформациясын зерттеген, әйел киімінің өңірлік, аймақтық ерекшеліктерін соңғы далалық экспедициялар деректері негізінде ашқан зерттеулерде бар, дәстүрлі әйел киімінің бүгінгі neo-nomad сән бағытында қалай қайта жаңғырып жатқанын талданған және дәстүрлі әйел киімі мен ою-өрнектің заманауи брендке айналу және ұлттық бірегейлікті насихаттау еңбектер талданды. Осы қағида дәстүрлі қазақ киімінің семантикалық құрылымын түсіндіру үшін де маңызды. Киім арқылы адамның жасы, жынысы, отбасылық жағдайы, әлеуметтік мәртебесі және белгілі бір ғұрыптық ортаға қатыстылығы танылған[13,14, 16-27]. Н.Әлімбайдың қазақ халқының дәстүрлі белгілері мен заттық мәдениетінің жүйесі зерттеуінде сипаттамасында сәукеле күміс және алтын элементтермен, інжу-маржанмен безендірілген бас киім ретінде көрсетіледі [15, 56-74]. Оның күрделі композициялық құрылымы сәукеленің тек сәндік бұйым емес, жас келіннің әлеуметтік және отбасылық мәртебесін білдіретін рәміз болғанын дәлелдейді. Яғни, қазақ әйелдерінің дәстүрлі киімін зерттеу тарихнамасы бірнеше ғылыми кезеңнен өткенін байқауға болады. Алғашқы кезеңде киім туралы мәліметтер саяхатшылардың, әскери қызметкерлердің және этнографтардың сипаттамалық жазбаларында көрініс тапса, кейін кеңестік кезеңде жүйелі этнографиялық және археологиялық зерттеулер жүргізілді.

Материалдар мен әдістер

Теориялық талдау

Қазақ әйел киімінің семиотикалық табиғаты. Дәстүрлі мәдениетте киім адамның сыртқы келбетін қалыптастыратын эстетикалық нысан ғана емес, әлеуметтік және дүниетанымдық

ақпаратты жеткізетін өзіндік таңбалық жүйе ретінде қызмет атқарған. Осы тұрғыдан «киім» мен «костюм» ұғымдарын ажырата қарастыру маңызды. Киімнің негізгі қызметі адамның табиғи қажеттілігін қамтамасыз етуге бағытталса, костюмнің әлеуметтік-коммуникативтік және рәміздік қызметі басым болады. Киімнің түсі, пішіні, матасы, ою-өрнегі, әшекейлері мен композициялық құрылымы белгілі бір мәдени мағынаға ие болған.

Зерттеудің пәнаралық сипатына байланысты зерттеу барысында келесі ғылыми әдістер кешені қолданылады: тарихи-салыстырмалы әдіс: Әйел киімінің уақыт өте келе (әсіресе XIX ғасыр мен XX ғасырдың басында) даму, өзгеру динамикасын және аймақтық (батыс, оңтүстік, шығыс, орталық, солтүстік) ерекшеліктерін салыстыра отырып зерттеуге мүмкіндік береді. семиотикалық талдау әдісі: Киімді, оның түсін, ою-өрнегін және әшекейлерін белгілі бір әлеуметтік, жастық немесе рулық мәртебені білдіретін «таңбалар мен кодтар жүйесі» ретінде қарастыруға негіз болады. құрылымдық-функционалдық әдіс: Әйел киімдері мен оның құрамдас бөліктерінің (бас киім, шапан, көйлек, әшекей) қоғамда атқарған нақты қызметтерін (әлеуметтік, қорғаныстық, эстетикалық, практикалық) жеке-жеке және өзара байланыста талдау үшін қолданылады. Ақпараттық-библиографиялық және деректанулық талдау: Отандық және шетелдік этнографтардың, саяхатшылардың еңбектерін, мұражай жәдігерлерін ғылыми айналымға қоса отырып, теориялық қорытынды жасау әдістері қолданылды. Тақырыптың өзектілігі, зерттеудің мақсаты мен міндеттерінде қазіргі уақытта бұл бағыт кешенді түрде тарихи-генетикалық, этнографиялық, өнертанулық, мәдениеттанулық және семиотикалық әдістерді біріктіретін кешенді ғылыми салаға айналып отыр.

Автордың ой түйген тұжырымдамасында қазақ әйелдің киімі бірнеше факторлар арқылы ұлттық құндылығы мен әлеуметтік статусты, сакралды-қорғаныстың функциясын, эстетикалық және тірбиелік мәнін сақтайтын факторларды біріктіруші фактор ретінде қолдануға сипаттама берді.

Семиотикалық және әлеуметтік-ақпараттық құндылығы. Қазақ әйелінің киімі - адамның қоғамдағы орнынан хабар беретін ақпараттық код. Киім жүйесі негізгі үш кезеңге бөлініп, әйел өмірінің циклін (онтогенезін) айқын көрсетті. Қыз өмірі (бойжеткен кезең, бәлиғат жас) - қыздардың бас киімі (тақия, бөрік) үкімен әшекейленіп, оның тұрмысқа шықпағанын, еркіндігін білдірді. Шашбау мен шолпының сыңғыры қыз баланың жүрісін реттеп, оның пәктігі мен сұлулығының символы саналды. Келіншек және жас ана кезеңі (сакральды ауысу) - ұзатылған қыздың сәукеле киюі, оның өміріндегі ең маңызды өтпелі кезеңнің белгісі. Келін түскен соң сәукеле желекке, балалы болған соң кимешекке ауысты. Кимешек әйелді ана мәртебесіне көтеріп, оны қоғамның құрметті мүшесі ретінде бекітті. Егде жас (әжелер кезеңі) - жасы ұлғайған сайын әйел киіміндегі әшекейлер азайып, кимешектің пішіні мен шылауыштың тартылуы қарапайымдана түсті. Бұл даналық пен рухани кемелдіктің белгісі болды.

Әлеуметтік-экономикалық және таптық мәртебесі. Киім дайындалған материал мен оның әшекейлену деңгейі отбасының әл-ауқатын көрсетті. Қолданылған материалдарда бақуатты отбасылардан шыққан әйелдер қымбат жібек, барқыт, атлас, парша кисе, қарапайым халық қолдан тоқылған құнды мата, жібек матасы, бөз пайдаланған. Құнды аң терлері - бөрік пен шапандарды құндыз, бұлғын, сусар терлерімен жиектеу, тек жоғары тап өкілдеріне (хан, сұлтан, бай қыздарына) тән ерекшелік еді. Мүліктік көрсеткішті көрсетіші фактор - сәукеленің құны кейде жүздеген жылқыға теңелген. Бұл отбасының әлеуметтік иерархиядағы салмағын айғақтады.

Сакральды-қорғаныстық функциясы. Дәстүрлі танымда әйел киімі мен әшекейлері көз тиюден, тілден және жын-шайтаннан қорғайтын тұмар ретінде қабылданды. Үкі үлпегі - сәукеле мен тақияға тағылатын үкі жаман энергиядан қорғайтын киелі құс саналды. Күміс әшекейлер - қазақтар күмістің тазартушы қасиетіне сенген. Өңіржиек, алқа, білезіктер әйелдің кеудесі мен білегін нәзік жерін қорғайды деп сенген. Ою-өрнектер арқылы киім жиектеріне (жағасы, жеңі, етегі) салынатын «қошқар мүйіз», «су», «қостұмар» өрнектері сырттан келетін

жамандықты бөгейтін шекара қызметін атқарды.

Эстетикалық және тәрбиелік мәні. Әйел киімі - көшпелі халықтың сұлулық туралы философиялық пайымының айнасы. Психологиялық тәрбиеде - шолпы мен шашбаудың салмағы қыздың басын тік ұстауына, ал оның сыңғыры дөрекі мінез көрсетпей, сыпайы жүруіне септігін тигізді. Үйлесімділік – киімде түрлі түстер арқылы табиғатпен үндес келді. Қыз балаларға қызыл, жасыл (жастық пен гүлдену символы) түстер, егде әйелдерге ақ, суық түстер (тазалық пен даналық) тән болды.

Конструктивті - практикалық құндылығы. Көшпелі өмір салтына байланысты әйел киімі ыңғайлы әрі функционалды болуы шарт еді. Атқа міну мәдениетінде әйелдердің кең етек көйлектері мен шалбарлары (кеңбалақ) атқа мінуге ыңғайлап тігілген. Климатқа бейімділікпен маусымдық ерекшеліктер ескеріліп, қыста жылы тон (ішік), жазда жеңіл қамзолдар киілді. Кимешек болса, даланың шаңы мен желінен қорғап, сонымен бірге жас ананың бала емізуіне өте ыңғайлы конструкцияға ие болды.

Нәтижелер мен талқылау

Дәстүрлі дүниетанымда киім дайындау үдерісінің өзі белгілі бір мәдени тәртіптерге бағынған. Матаны таңдау, түс үйлесімін анықтау, ою-өрнек орналастыру, әшекейлерді бекіту сияқты әрекеттер тек технологиялық талаптарға емес, қалыптасқан рәміздік түсініктерге де негізделген. Демек, киім жасау үдерісі материалдық өндіріс пен рухани мәдениеттің өзара байланысын көрсететін күрделі құбылыс болып табылады.

Адам денесі дәстүрлі мәдениетте әлемнің құрылымын түсіндіретін негізгі модельдердің бірі ретінде қабылданған. Осыған байланысты киімнің құрылымдық бөліктері де адамның дене мүшелерімен семантикалық тұрғыдан сабақтастырылған. Бас киім - жоғары әлеммен, белдік – ортаңғы әлеммен, ал аяқ киім - төменгі әлеммен байланыстырыла қарастырылған. Мұндай құрылым дәстүрлі дүниетанымдағы «жоғары-төмен», «аспан - жер», «оң-сол», «өмір-өлім», «күн-түн» тәрізді бинарлық оппозициялар жүйесімен сабақтасады [17, 89-94].

Қазақтың дәстүрлі мәдениетінде киелі сандардың да өзіндік семантикалық қызметі болған. Әшекей бұйымдардың құрылымында, ғұрыптық әрекеттерде және кейбір композициялық шешімдерде 1, 2, 3, 4, 7, 9, 40 сияқты сандардың қолданылуы олардың тек сандық мөлшерді білдірмей, белгілі бір мәдени-мифологиялық мағынаны жеткізгенін аңғартады. Мұндай белгілер киімнің көркемдік құрылымын ғана емес, оның рәміздік мазмұнын да толықтырған.

Ою-өрнек және ұлттық мәдени код. Қазақ әйел киімінің семиотикалық жүйесінде ою-өрнектің орны ерекше. Ою-өрнек халықтың қоршаған табиғат туралы түсінігін, жануарлар дүниесіне қатысты нанымдарын, кеңістік пен уақыт жөніндегі ұғымдарын көркем формада жеткізген. Соның ішінде «қошқармүйіз» өрнегі қазақтың дәстүрлі сәндік өнеріндегі кең таралған зооморфтық мотивтердің бірі болып саналады.

Қошқар бейнесі ежелгі дүниетанымда күш-қуаттың, молшылық пен берекенің белгісі ретінде қабылданған. Уақыт өте келе нақты жануар бейнесі абстрактылы ою-өрнекке айналып, киім, кілем, зергерлік бұйымдар, тұрмыстық заттар және ат әбзелдері сияқты әртүрлі мәдени нысандарда қолданылды [18, 45-56]. Бұл құбылыс табиғи нысандардың біртіндеп мәдени таңбаға айналу үдерісін көрсетеді.

Б.з.б. III–II ғасырлардан бастап Еуразия даласындағы көркем мәдениетте полихромдық стильдің таралуы зергерлік өнердің дамуымен тығыз байланысты болды. Алтын, күміс, қола және түрлі бағалы тастарды пайдалану арқылы жасалған сәндік бұйымдар адамның әлеуметтік мәртебесін білдіретін маңызды көрсеткішке айналды. Қазақстан аумағындағы Қарғалы, Шелек, Қаратал және Ақтасты сияқты археологиялық ескерткіштерден табылған бұйымдар бұл үрдістің тарихи тереңдігін көрсетеді[19, 112-120]. Полихромдық дәстүрдің қазақ әйелдерінің бас киімдерінен көрініс табуы әсіресе сәукеле үлгісінен айқын байқалады. Сәукеле – қазақтың дәстүрлі әйел киіміндегі эстетикалық және әлеуметтік мазмұны аса күрделі

нысандардың бірі. Оның құрылымында бас киімнің өзі ғана емес, оған қосылатын сәндік элементтер, қымбат металдар, маржан, інжу және басқа да әшекейлер біртұтас композициялық жүйе құрайды.

Әйел киіміндегі әлеуметтік және жас ерекшеліктері. Қазақ қоғамында әйел киімінің маңызды қызметтерінің бірі – адамның жасын және әлеуметтік жағдайын визуалды түрде айқындау. Қыз баланың, бойжеткеннің, жас келіннің, ана мен егде әйелдің киімінде бір-бірінен ерекшеленетін пішіндер мен сәндік элементтер қалыптасқан.

Қыздардың киімі әдетте ашық түстермен, алтын және күміс түсті жіптермен, моншақтармен, сәндік жиектермен және түрлі әшекейлермен безендірілген. Бас киімге үкі тағу да қыз баланың жас ерекшелігіне сәйкес келетін дәстүрлі белгі ретінде көрінеді. Әйел көйлегінің пішімі, жеңінің ұзындығы, жағасының құрылымы және бүрме элементтері аймақтық және тарихи ерекшеліктерге байланысты өзгеріп отырған.

Ересек әйелдердің киімінде сәндік элементтер біршама ұстамды сипат алған. Жөн көйлек деп аталатын кең әрі еркін пішімді көйлектердің үстінен камзол сияқты сыртқы киімдер киілген. Бұл жерде киімнің пішіні әйелдің жасына ғана емес, оның отбасылық және әлеуметтік жағдайына да сәйкес реттелген. Осылайша, қазақ әйелдерінің дәстүрлі киіміндегі жас ерекшелік жүйесі әлеуметтік коммуникацияның өзіндік формасы ретінде қызмет атқарған. Киімді сырттай бақылау арқылы адамның қоғамдағы орнын, жас шамасын және отбасылық мәртебесін белгілі бір деңгейде анықтауға мүмкіндік болған.

Қазақ кестелерінде геометриялық, өсімдік тектес және зооморфтық мотивтер кең тараған. Кей жағдайда адам мен жануар бейнелері немесе белгілі бір сюжеттік композициялар да кездеседі. Кестенің технологиялық түрлері мен өрнектік шешімдері киімнің эстетикалық сапасын арттырумен қатар, оның этникалық ерекшелігін айқындаған. Қазіргі кезеңде дәстүрлі кесте тігу әдістерінің қайта жаңғыруы ұлттық киімнің мәдени кодын жаңаша интерпретациялауға мүмкіндік беріп отыр [20, 14-32]. Алайда дәстүрлі элементтерді қазіргі сән үлгілеріне енгізу барысында олардың тарихи және семантикалық мазмұнын сақтау мәселесі ерекше назарды қажет етеді.

Аймақтық ерекшелік және қазіргі трансформация. Қазақ әйелдерінің дәстүрлі киім үлгілерінде ортақ мәдени белгілер болғанымен, Қазақстанның әр өңірінде материал таңдау, түс үйлесімі, пішім, әшекей және композициялық құрылым жағынан ерекшеліктер қалыптасқан. Мұндай айырмашылықтар табиғи-климаттық ортаға, шаруашылық ерекшеліктеріне, тарихи-мәдени байланыстарға және жергілікті қолөнер дәстүрлеріне байланысты пайда болған. Қазіргі таңда дәстүрлі әйел киімі елеулі өзгерістерге ұшырауда. Бұған заманауи сән индустриясы, бұқаралық мәдениет, театр, кино, теледидар және сахналық өнер ықпал етуде. Кейбір қазіргі үлгілерде тарихи дәстүрге сәйкес келмейтін сәндік элементтердің қосылуы ұлттық киімнің бастапқы құрылымы мен семантикасының өзгеруіне әкеліп отыр. Сонымен бірге бұл үдерісті тек жағымсыз құбылыс ретінде қарастыруға болмайды. Дәстүрлі киімнің жаңа жағдайға бейімделуі оның мәдени өміршеңдігін қамтамасыз етеді. Басты мәселе - жаңғырту барысында ұлттық киімнің тарихи-мәдени негізін, композициялық заңдылықтарын және рәміздік мағынасын жоғалтпау.

Қорытынды

Ғылыми тұрғыдан алғанда, дәстүрлі қазақ әйелінің киімі - қазақ этностың дүниетанымы мен мәдени кодын сақтаушы феномен. Ол эстетикалық сұлулықты, қатаң әлеуметтік иерархияны, діни-мифологиялық қорғанысты және көшпелі тұрмыстың практикалық қажеттіліктерін бір арнаға тоғыстырды. Бүгінгі таңда бұл киім үлгілері тек тарихи жәдігер емес, ұлттық бірегейлікті қайта жаңғыртудың негізгі құралы болып табылады.

Дәстүрлі қазақ әйел киімін тек оның материалдық құрылымы мен сыртқы пішіні арқылы қарастыру жеткіліксіз. Киімнің түсі, матасы, силуэті, ою-өрнегі, зергерлік әшекейлері, бас киімі және жеке конструкциялық бөлшектері өзара байланыста қарастырылғанда ғана оның

толық мәдени мазмұнын ашуға болады. Киім адамның жасын, жынысын, әлеуметтік мәртебесін және отбасылық жағдайын білдіретін этномәдени белгі қызметін атқарған. Сонымен қатар, киімнің құрылымдық бөліктерінің адам денесімен және дәстүрлі «әлем моделімен» сәйкестендірілуі оның семиотикалық табиғатын айқындайды. Бас киімнің жоғары әлеммен, белдік пен белбеудің ортаңғы кеңістікпен, аяқ киімнің төменгі әлеммен байланысты қарастырылуы дәстүрлі дүниетанымдағы вертикалды және бинарлық құрылымдардың киім мәдениетінде көрініс тапқанын көрсетеді. Осы тұрғыдан алғанда киім - адамның денесін қорғайтын материалдық нысан ғана емес, қоғамның дүниетанымдық құрылымын бейнелейтін мәдени мәтін.

Қазақ әйел киімінің тарихи дамуын зерттеу ұлттық мәдениеттің сабақтастығын анықтау үшін де маңызды. Археологиялық деректерден бастап XVIII–XIX ғасырлардағы саяхатшылар жазбаларына, кеңестік этнографиялық еңбектерден қазіргі өнертанулық және мәдениеттанулық зерттеулерге дейінгі материалдар дәстүрлі киім мәдениетінің ұзақ тарихи эволюциясын көрсетеді. Қазіргі кезеңдегі негізгі ғылыми міндеттердің бірі – дәстүрлі әйел киімінің тарихи үлгілерін жүйелі түрде жинақтап, олардың аймақтық, жас ерекшелік, әлеуметтік және семантикалық сипаттарын кешенді түрде зерттеу. Әсіресе дәстүрлі киім үлгілерін киген аға буын өкілдерінің этнографиялық жады жойылып бара жатқан жағдайда далалық экспедициялар жүргізу, музей қорларын қайта зерделеу, ауызша деректерді жинау және тарихи фотоматериалдарды ғылыми айналымға енгізу өзекті болып табылады.

Осыған байланысты қазақ әйелдерінің дәстүрлі киімі ұлттық мәдениеттің өткенін көрсететін тарихи жәдігер ғана емес, қазіргі ұлттық бірегейлікті қалыптастыратын мәдени ресурс ретінде бағалануы тиіс. Оның тарихи пішіндерін, технологиялық ерекшеліктерін және семантикалық мазмұнын ғылыми тұрғыдан зерделеу ұлттық мәдени мұраны сақтауға, дәстүрлі өнерді жаңғыртуға және заманауи дизайндағы ұлттық мәдени кодтың сабақтастығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Әдебиеттер тізімі:
деректер және библиографиялық шолу

1. Уәлиханов Ш.Ш. Таңдамалы. Алматы. 1985. 560 б., 18 б.
2. Белослюдов В.Н. Казахские узоры. Записки Семипалатинского подотдела Западно-Сибирского отдела ИРГО. Семипалатинск, 1913. Вып. VII. С. 3-24 б.
3. Асанова А.Е., Сәдібекова Б.Д. Қазақтың дәстүрлі киімдері мен әшекей бұйымдары. Алматы: Кітап, 2011. 248 б. 56-62 б.
4. Захарова И. В., Ходжаева Р. Д. Казахская национальная одежда: XIX - начало XX века. Алма-Ата. Наука, 1964. 178 с. С. 5-29
5. Тохтабаева Ш.Ж. Серебряный путь казахских мастеров. Алматы. Дайк-Пресс, 2005. 260 с. С.85-89
6. Усманова Э.Р. Костюм женщины эпохи бронзы. Опыт реконструкций. Лисаковск-Караканда, 2010. 176 с. С.11-56
7. Арғынбаев Х. Қазақ халқының қолөнері: Ғылыми-зерттеу еңбек. Алматы. Өнер, 1987. 128 б.
8. Тәжімуратов Ә. Шебердің қолы ортақ. Алматы. Қазақстан, 1977. 135 б. 11-92 бб.
9. Жәнібеков Ө. Уақыт керуені. // Қазақ киімі. Алматы. Жазушы, 1992. 192 б. 12-85 бб.
10. Шаханова Н.Ж. Мир традиционной культуры казахов (этнографические очерки). Алматы. Казахстан, 1998. 184 с. С.56
11. Лобачев Н.П., Сазонов М.В. Традиционная одежда народов Средней Азии и Казахстана. Отв. ред. Москва. Наука, 1989. 256 с. С.1-74
12. Токтабаева Ш.Ж. Семантика казахского традиционного костюма // Известия НАН РК. Серия общественных наук. 2003. № 1. С.54-62.

13. Мұқанова К., Кенжеахметұлы Р. Қазақтар. Декоративті-қолданбалы өнері және киімдері. Алматы. Атамұра, 2007. 256 б.

14. Кенжеахметұлы С. Қазақ халқының тұрмысы мен мәдениеті. Алматы. Алматы кітап, 2012. 384 б. 13-27 бб.

15. Әлімбай Н. Қазақ халқының дәстүрлі белгілері мен заттық мәдениетінің жүйесі. Жауапты ред. Алматы. Орталық мемлекеттік музей баспасы, 2015. 520 б. 56-74 б.

16. Тохтабаева Ш.Ж. Культура казахского ювелирного искусства: традиция и контекст. Алматы. Институт востоковедения им. Р.Б. Сулейменова, 2019. 342 с.

17. Кәмалиденұлы Д. Қазақ этнографиясы: Жаңа көзқарас және пайымдаулар. Нұр-Сұлтан: Ғылым, 2021. 280 б. 89-94 б.

18. Сайлаубай Е.Е., Мұрат А. Дәстүрлі қазақ әйелдерінің бас киімдері: символика мен әлеуметтік статус. Отан тарихы журналы. 2022. №3 (99). 45-56 б.

19. Жұмашова С. А. Қазақ әйелдерінің дәстүрлі әшекей бұйымдарының гендерлік және әлеуметтік сипаты. Ш. Уәлиханов атындағы КМУ Хабаршысы. Көкшетау, 2023. №2. 112-120 б.

20. Қазақстанның қолөнері мен ұлттық киімі заманауи бренділеу жүйесінде / Ұжымдық монография. Алматы. Ә.Қастеев атындағы мемлекеттік өнер музейі, 2024. 210 б. 14-32

Reference liste:
sources and historiographical works

1. Ualihanov Sch.Sch. Tañdamalı. Almatı. 1985. 560 b. 18 b.

2. Beloslyudov V.N. Kazakhskiye uzory. Zapiski Semipalatinskogo podotdela Zapadno-Sibirskogo otdela IRGO. Semipalatinsk, 1913. Vyp. VII. S. 3-24.

3. Asanova A.E., Sadibekova B.D. Qazaqtıñ dasturli kiimderi men aschekey buyımdarı. Almatı: Kitap, 2011. 248 b. 56-62 b.

4. Zakharova I. V., Khodzhayeva R. D. Kazakhskaya natsional'naya odezhda: XIX - nachalo XX veka. Alma-Ata. Nauka, 1964. 178 s. S. 5-29

5. Tokhtabayeva SH.ZH. Serebryanyy put' kazakhskikh masterov. Almaty. Dayk-Press, 2005. 260 s. S.85-89

6. Usmanova E.R. Kostyum zhenshchiny epokhi bronzy. Opyt rekonstruktsiy. Lisakovsk-Karakanda, 2010. S. 176. S.11-56

7. Argınbaev H. Qazaq halqının qoloneri: Ğılımi-zertteu enbek. Almatı. Oner, 1987. 128 b.

8. Tazhimuratov A. Sheberdin qolı ortaq. Almatı. Qazaqstan, 1977. 135 b. 11-92 bb.

9. Zhanibekov O. Waqıt kerueni // Qazaq kiimi Almatı. 1992. 192 b. 12-85 bb.

10. Shakhanova N.ZH. Mir traditsionnoy kul'tury kazakhov (etnograficheskiye ocherki). Almaty. Kazakhstan, 1998. 184 s. S.56

11. Lobachev N.P., Sazonov M.V. Traditsionnaya odezhda narodov Sredney Azii i Kazakhstana. Otv. red. Moskva. Nauka, 1989. 256 s. S.1-74

12. Toktabayeva SH.ZH. Semantika kazakhskogo traditsionnogo kostyuma // Izvestiya NAN RK. Seriya obshchestvennykh nauk. 2003. № 1. S. 54-62.

13. Muqanova K., Kenzheahmetulı R. Qazaqtar. Dekorativti-qoldanbalı oneri zhane kiimderi. Tekstin zhazğandar. Almatı. Atamura, 2007. 256 b.

14. Kenzheahmetulı S. Qazaq halqınıñ turmısı men madenieti. Almatı. Almatı kitap, 2012. 384 b. 13-27 bb.

15. Alimbay N. Qazaq xalqınıñ dästürli belgileri men zattıq mädenïetiniñ jüyesi. Jawaptı red. Almatı. Ortalıq memlekettik mwzey baspası, 2015. 520 b. 56-74 b.

16. Tokhtabayeva Sch. Zh. Kul'tura kazakhskogo yuvelirnogo iskusstva: traditsiya i kontekst. Almaty. Institut vostokovedeniya im. R.B. Suleymenova, 2019. 342 s.

17. Kamalidenulı D. Qazaq étnografïyası: Zhaña kozqaras zhane payımdaular. Nur-Sultan: Ğılım, 2021. 280 b. 89-94 bb.

18. Saylaubay E.E., Murat A. Dasturli qazaq ayelderiniñ bas kiimderi: simvolika men aleumettik status. Otan tarihı zhurnalı. 2022. №3 (99). 45-56 b.

19. Zhumashova S.A. Qazaq ayelderiniñ dasturli aschekey buyımdarınıñ genderlik zhane aleumettik sipatı. Sh.Ualihanov atındağı KMU Habarşısı. Kokshetau, 2023. №2. 112-120 b.

20. Qazaqstannıñ qolöneri men ulttıq kïimi zamanawï brendilew jüyesinde / Ujımdıq monografïya. Almatı. Ä.Qasteev atındağı memlekettik öner mwzeyi, 2024. 210 b.14-32 bb.

жауапты автор туралы мәлімет (толық аты жөні, жұмыс орны, телефон, электрондық поштасы) **Кадиргалиева Айжана Толеугалиевна** –гуманитарлық ғылымдар магистрі, «Философия» кафедрасының аға оқытушысы, М.Әуезов атындағы ОҚЗУ. Шымкент, Қазақстан Jan_707.90@mail.ru

тақырыптық рубрикалар / тематические рубрики / subject headings

ӨЛКЕТАНУ - ӨНЕРТАНУ
КРАЕВЕДЕНИЕ – ИСКУССТВОЗНАНИЕ
LOCAL HISTORY - ART STUDIES

ҒТАХР / МРНТИ / ҒТАХР: 18.31. 09
https://orcid.org/0000-0002-9096-2320
https://orcid.org/0000-0002-7669-7276
https://orcid.org/0009-0005-6912-3177

[1]Юсупов А.Н., [1]Юсупова А.А.*, [2]Ажидинов А.С.
[1]сәулет ғ.к., доцент, М.Әуезов атындағы ОҚЗУ. Шымкент, Қазақстан
[1]доктор PhD, М.Әуезов атындағы ОҚЗУ. Шымкент, Қазақстан
[2]техн.ғ.к. профессор, ОАИУ. Шымкент, Қазақстан

ҚОЛА ДӘУІРІНДЕГІ ЖАРТАС СУРЕТТЕРІНІҢ ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ МАЗМҰНЫ

*Автор-корреспондент: akmaral.yusupova.80@mail.ru

Түйін: Орталық Азия мен Сібірдің қола дәуіріне жататын бірегей петроглифтері ғылыми зерттеудің маңызды нысаны болып табылады. Сонымен қатар «күнбасты құдайлар» деп аталатын бейнелердің семантикасы бүгінгі күнге дейін ғылыми пікірталас тудырып келеді. Мақалада аталған бейнелердің мағыналық мазмұны мен тарихи-мәдени мәні қарастырылып, олардың шығу тегі мен дүниетанымдық негіздеріне қатысты авторлық гипотеза ұсынылады. Ғалымдар петроглифтерді мифологиялық түсініктерді, ғұрыптық тәжірибелерді және көне эпикалық дәстүр элементтерін бейнелейтін «бейнелі фольклордың» ерекше түрі ретінде қарастырады. Осы тұрғыдан мақалада Орталық Азия мен Сібірдегі жартас суреттерінің түркі халықтарының батырлар жырымен және суырыпсалма ақындардың поэтикалық сайысы - айтыс дәстүрімен өзара байланысын анықтауға талпыныс жасалады. Зерттеуде графоаналитикалық және сипаттамалық әдістер қолданылды. Айтыс, жартас бейнелеріндегі көркем баяндау және батырлар жыры біртұтас мәдени-мағыналық жүйенің өзара байланысты құрамдас бөліктері ретінде қарастырылады. Басынан сәуле тараған антропоморфты тұлғалар тек мифологиялық кейіпкерлерді ғана емес, сонымен қатар сакралды ортаға жататын ерекше дарынды бақсыларды - ақын, музыкант, емші және көріпкел қызметтерін қатар атқарған тұлғаларды бейнелеуі мүмкін деген болжам ұсынылады. Бастың сәулелі түрде берілуі олардың ерекше рухани мәртебесі мен айрықша қабілеттерін символдық тұрғыда білдіруі ықтимал. Тамғалы петроглифтерінің басты галереясына ерекше назар аударылады. Ірі көлемде бейнеленген «күнбасты» екі тұлға қыз бен жігіттің сөз сайысының, яғни поэтикалық жекпе-жектің ықтимал прототипі ретінде түсіндіріледі. Би билеп тұрған кейіпкерлер мен үй жануарларының бейнелері орталық тұлғалармен бірге тұтас мерекелік-ғұрыптық композиция құрайды.

Кілт сөздер: бейнелі фольклор, батырлық эпос, айтыс, Тамғалы, «күнбасты» бейнелер.

[1]Юсупов А.Н., [1]Юсупова А.А.*, [2]Ажидинов А.С.
[1]канд.арх.н., доцент, ЮКИУ им. М.Ауэзова. Шымкент, Казахстан
[1]доктор PhD, ЮКИУ им. М.Ауэзова. Шымкент, Казахстан
[2]к.техн.н. профессор, ЦАИУ. Шымкент, Казахстан

ЭТНОГРАФИЧЕСКОЕ ЗНАЧЕНИЕ НАСКАЛЬНЫХ РИСУНОВ ЭПОХИ БРОНЗЫ

*Автор-корреспондент: akmaral.yusupova.80@mail.ru

Аннотация: Уникальные петроглифы эпохи бронзы Центральной Азии и Сибири являются важным объектом научного изучения. Вместе с тем семантика так называемых «солнцеголовых божеств» до настоящего времени остаётся дискуссионной. В статье рассматриваются смысловое содержание и историко-культурное значение данных образов, а также предлагается авторская гипотеза относительно их происхождения и мировоззренческой основы. Петроглифы рассматриваются учеными как особая форма «изобразительного фольклора», отражающая мифологические представления, обрядовые практики и элементы древней эпической традиции. В этой связи предпринимается попытка выявить взаимосвязь наскальных изображений Центральной Азии и Сибири с героическим эпосом тюркских народов и традицией поэтических состязаний импровизаторов - айтысом. Выдвигается предположение, что антропоморфные фигуры с лучами, исходящими от головы, могли изображать не только мифологических персонажей, но и особо одарённых представителей сакральной сферы - шаманов, сочетавших функции поэта, музыканта, целителя и прорицателя. Лучевидное оформление головы могло символически передавать их особый духовный статус и исключительные способности. Особое внимание уделяется главной галерее петроглифов Тамгалы. Пара крупных «солнцеголовых» фигур интерпретируется как возможное изображение состязания девушки и джигита - прообраза поэтического поединка. Танцующие ряженые и изображения домашних животных образуют с центральными фигурами единую празднично-обрядовую композицию. В исследовании применены графоаналитический и описательный методы. Предлагается рассматривать айтыс, наскальное изобразительное повествование и героический эпос как взаимосвязанные компоненты единой культурно-смысловой системы.

Ключевые слова: изобразительный фольклор, героический эпос, айтыс, Тамгалы, «солнцеголовые» фигуры.

[1]Yusupov A.N., [1]Yusupova A.A.*, [2]Azhidinov A.S.
[1] Candidate of Architectural Sciences, Associate Professor.
M.Auezov SKRU. Shymkent, Kazakhstan
[1]doctor of the Russian Academy of Sciences named after M.Auezov SKRU.
Shymkent, Kazakhstan
[2]Candidate of Technical Sciences, Professor, CAIU. Shymkent, Kazakhstan

THE ETHNOGRAPHIC SIGNIFICANCE OF BRONZE AGE ROCK PAINTINGS

*Correspondending author: akmaral.yusupova.80@mail.ru

Abstract: The unique Bronze Age petroglyphs of Central Asia and Siberia constitute an important subject of scholarly research. At the same time, the semantics of the so-called «sun-headed deities» remain a matter of academic debate. This article examines the semantic content and historical-cultural significance of these images and proposes an authorial hypothesis concerning their origins and underlying worldview. Petroglyphs are regarded by scholars as a distinctive form of

«visual folklore» reflecting mythological concepts, ritual practices, and elements of the ancient epic tradition. In this context, the article attempts to identify possible interrelations between the rock art of Central Asia and Siberia, the heroic epics of the Turkic peoples, and the tradition of poetic contests between improvisational poets - aitys.It is hypothesized that anthropomorphic figures with rays emanating from their heads may have represented not only mythological characters but also exceptionally gifted members of the sacred sphere - shamans who combined the functions of poet, musician, healer, and diviner. The ray-like depiction of the head may have symbolically conveyed their special spiritual status and extraordinary abilitie. Particular attention is paid to the main gallery of the Tamgaly petroglyphs. A pair of large «sun-headed» figures is interpreted as a possible representation of a contest between a young woman and a young man — a prototype of a poetic duel. Dancing masked figures and images of domestic animals form, together with the central figures, a unified festive and ritual composition. The study employs graphic-analytical and descriptive methods. It is proposed that aitys, rock-art narrative, and heroic epic be considered interconnected components of a unified cultural and semantic system.

Keywords: visual folklore, heroic epic, improvisational poets, aitys, Tamgaly, “sun-headed” figures.

Кіріспе

Ғылыми деректерге жүгінсек, қола дәуірінде Орталық Азия және Сібір кеңістігінде сақтар ықпалы күшейіп, ірі тайпалық бірлестіктер қалыптасады. Қола дәуірінің орталықтары Жетісу, Ыстықкөл және Минусин ойпатындағы жартас суреттері қазір әлемге танымал. Әйтседе, ғалымдар аталмыш жартастардағы «күн басты құдайлар» атты бейнелердің мағынасы белгісіз деп жазады [12, 168]. Осыған байланысты мақалада олардың мағынасы, тарихи-мәдени сипаты қарастырылып, шығу тегі мен дүниетанымдық негіздері туралы ғылыми жорамалдар ұсынылады.

Мысалы, Жетісудағы қола дәуірдегі Таңбалы жартас суреттері андрон мәдениеті деп аталады. Ғалымдар андрон мәдениетінің жартас суреттері Орталық Азия мен Сібір аумағында кең таралған, мұнда батырлар эпосы сюжеттері бейнеленген деп есептейді. Бұл деректер түркі және моңғол халықтарының батырлар эпосы ежелгі көшпелілер дәуірінен баста у алатынын баяндайды [2,3, 7-31].

Осыған орай, Түркі тілдес халықтардың батырлар жыры ерте дәуірлерде, олардың Орта Азия далаларын б.з.д. II мыңжылдықта мекендеген кезеңінде қалыптасқаны байқалады. Эпикалық мұралардың ұқсастығы бұл халықтардың тарихи-мәдени бірлігін дәлелдей түседі[4]. Осы тұрғыдан алғанда, Орталық Азия және Сібір кеңістігінде жартас суреттерінің мазмұны түркі халықтарының батырлық эпосымен сабақтас деп қарастыруға негіз бар. Өйткені белгілі ғалымдар «жартас суреттері-ежелгі дәуірдің бейнелі фольклоры» деп дәлелдеген [11,12, 87-90,168].

Жалпы Орталық Азия және Сібір кеңістігінде орналасқан жартас суреттері құрылымы, жалпы көрінісі жағынан ұқсастығы - мұнда бастарынан нұр шашқан адам пішінді бейнелер кездеседі.



Сурет - 1. Евразия кеңістігінде орналасқан жартас суреттері /содан оңға қарай/ - Таңбалы тас, Ыстықкөлдегі Саймалы таш, Минусин ойпатындағы сурет және Сібірдегі Калбакташ бейнелері.

Ғылыми зертеулер бойынша олар қола дәуірінде – б.д.д Ш-1 мыңжылдықтар арасында жаратылған. Әсерлі бейнелері, көрнекілігі, орындалу техникасы, жалпы ауданы жағынан Қазақстандағы Тамғалы жартас суреттер атырабы басқалардан жоғары дәрежеге ие. 2005 жылы Тамғалы жартас суреттері аумағы Қазақстанда алғашқылардың бірі болып UNESCO-ның материалдық әлемдік мәдени мұра тізіміне енгізілді. Қазіргі кеде мұнда «Тамғалы» мұражай қорығы туристік қызмет көрсетеді [16].

Көшпелі түркі тектес халықтардың фольклорлық мұрасын батырлар жыры және айтыс өнері құрайтыны белгілі. Айтыс өнері қазақ халқымен қатар қырғыз (айтышуу), өзбек (лапар), қарақалпақ (жуаб) т.б. халықтарының дәстүрлі ауыз әдебиетінде де кең таралған [13,727].

Бүгінде айтыс өнері қазақ және қырғыз халықтарының мәдени өмірінде неғұрлым толық сақталған дәстүрлі өнер болып табылады. Айтыс өнері 2015-ші жылы UNESCO-ның материалдық емес мәдени мұрасының репрезентативтік тізіміне енгізілді. Бұл оның түркі халықтарының мәдени мұрасындағы ерекше орнын және халықаралық деңгейде мойындалған құндылығын айғақтайды [17,510].

Материалдармен әдістері

Теориялық талдау

Мақалада графоаналитикалық (өнертанушылық) зерттеу әдісітері қолданылды. Графоаналитикалық әдіс суреттерді салыстырмалы-тарихи тұрғыдан талдап баяндауға негізделген. Бұл әдіс графикалық бейнелер мен этнографиялық деректер арасындағы өзара байланыс пен сәйкестікті анықтауға мүмкіндік береді. Зерттеу салыстырмалы талдау жасап себепті байланыстарды айқындауға бағытталған, ол төмендегі құрамдас бөліктерден тұрады:

а) Аксиома**.** Ғылыми зерттеудің басында дәлелдеуді қажет етпейтін, ақиқат ретінде қабылданатын негізгі қағидалар жүйесі алынды. Бұл зерттеуде негізгі қағидалар ретінде отандық және шетелдік ғалымдардың бейнелі фольклор туралы нақты тұжырымдары, археологиялық нәтижелер алынды.

ә) Индукция**.** Бұл – ойдың жекеден жалпыға қарай өрбуі. Бұл зертеу әдістері, тарихи археологялық деректер негізінде қазақ және түркі мәдениеті бастауын айқынауға жол ашады.


Ғылыми деректер бойынша, бақсылар шығармашылығы қазақ дәстүрлі өнерненің негізін қалаған. Белгілі этнограф ғалым Шоқан Уәлиханов бұл туралы - шамандар (бақсылар) тәңір дінінің уәкілдері, олар парасатты, жоғары білікті ақын, музыкашы, көріпкел және тәуіптік қасиеттері мол деп жазған болатын [10,8].

Тамғалның биік шатқалында, бас галерея іспеттес жартас суреттері бар. Мұнда бақсылардың салтық әрекеттері, сахналық қойылымдары айқын байқалады (2-сурет). Бақсылардың осы іс қимылдарын, олардың жоғарыда аталған ерекшеліктерін ескере отырып, біршама тұжырым жасалды. Айта кетсек, жартастардағы күн бейнелі суреттерде «күн басты құдайлар» емес. Олар негізінде Шоқан Уәлиханов сипаттап берген дарынды шамандар (бақсылар) болуы ықтимал. Өйткені олар ерекше қасиеттерінің арқасында, өзгелерден бір бас жоғары және көпшіліке танымал, беделді болған. Сол себепті көне суретшілер бақсылардың рухани беделін, мәртебесін ескеріп күн сәулелі пішінде бейнелеген. Мұндай күн сәулелі әулиелер христиан, будда және ислам (т.б.) діндерінің иконаларында, мүсіндерінде, миниатюраларында және жартас суреттерінде кездеседі [15]. Яғни Орталық Азия мен Сібірдің жартас суреттерінде күн сәулелі бақсылар бейнесі салынғаны байқалады. Жалпы аталмыш жартас бейнелерінде тәңірге құлшылық ету, аспанмен жердің айшықты нысандарын қадір тұту, аруаққа сыйыну, әулиені пір тұту нышандары көрініс табады. Мысалы, Тамғалы кешені келбетінде қоғамен мен табиғаттың үйлесімі көрініс тапқан. Жартас бейнелері табиғат келбетін өрнектеп, оған ерекше салтанаттылық беріп тұр. Қола дәуірінің тартымды атырабтары қазіргі кезде туристерді тартуда.

Аталмыш жартас суреттерінде әсіресе аруаққа, әулеге сыйыну, оларды пір тұту нышандары бар. Сондықтан Тамғалыда биік жартас таңдалып, сол жерге бабалар галереясы салынғаны мәлім. Мұнда киелі тұлғалар күн кейпінде бейнеленген болуы ықтимал. Жалпы жұрт бақсыларды әулие адамдар деп сенген, өйткені олардың ерекше қасиеттері айқын болатын. Олар ақын, дәрігер, көріпкел, басшы ретінде танылып, ел жұрттың өркендеуіне мол үлес қосқан еді. Тәңірлік дүниетаным белгілері ислам діні ықпалымен осы уақытқа дейін ескерілмей келді. Сондықтан түркі мәдениетіндегі бақсылар ролі және жартас суреттердің түпкі мағынасы ұмытылған .

Биік жартастағы Тамғалы галерясында салынған бақсылардың жалпы саны жетеу (2-сурет). Сонымен, 7 саны түркі халықтарында киелі болғаны мәлім. Жеті қарақшы жұлдыз, жеті қазына, жеті ата секілді атаулар ұрпақтар жадында сақталып келеді. Жеті санының түркі дәстүріндегі киелі сипаты математик ғалымдар еңбектерінде кездеседі [21,45-58].

Нәтижелер мен талдаулар. Негізі бас галереяда ел билеген айтыскер ақындардің 7 атасы бейнеленген болуы ықтимал. Галеряның биік жартасқа ораналуында үлкен мән бар. Азия халықтарында биік тау жоталарды киелі санап (культ высот), ол жердің киесі бар деп санаған. Тау көкпен жердің қиылысы, әлемнің орталығы деп сыйынған. Мұнда адамдар Тәңірмен және әруақпен көріседі деген сенім болған [20,45-58]. Демек, қола дәуірінен бастау алатын шешендік дәстүрдің тәрбиелік маңызы жоғары болғандықтан, оның үлгілері ұрпақтан ұрпаққа жалғасып отырған. Осыған байланысты Тамғалыдағы көрнекті жартас беттеріне қоғамның рухани көшбасшыларын бейнелейтін арнайы галереялар салынған болуы мүмкін. Мұндай дәстүрлердің ұқсас үлгілерін қазіргі заманда да көруге болады. Мысалы, мемлекет дамуына елеулі үлес қосқан тұлғаларды дәріптеу мақсатында түрлі елдерде тарихи галереялар жасалған. Солардың бірі ретінде АҚШ Президенттерінің портреттері қойылған тарихи галереяны атауға болады. Бұл қоғамның көрнекті қайраткерлерін есте сақтап, олардың еңбегін кейінгі ұрпаққа таныту дәстүрінің ежелгі заманнан бүгінге дейін жалғасып келе жатқанын көрсетеді.



Сурет - 2. Билік иелері, айтыскер ақындардың 7 атасы бейнеленген Тамғалы галереясы

Галереяның мазмұны солдан оңға қарай өрбиді. Жартастағы композицияда басты кейіпкерлер - қыз бен жігіт ірі көлемде бейнеленіп, олардың контурлары терең әрі қалың етіп қашалған (3-сурет). Қыздың ойлау қабілеті тұтас шеңбер түрінде көрсетілген. Бұл оның рухани қуатын, ішкі энергетикасын және басынан тараған нұрлы аурасын білдіретін символдық белгі ретінде салынған. Ал жігіттің ойлау қабілеті толық қалыптаспаған шеңбер арқылы берілген. Суретші осы тәсіл арқылы оның рухани кемелдену деңгейінің төменірек екенін аңғартқан. Соған қарамастан жігіт сөз сайысын бастап, ақырында қарсыласынан жеңіліс табады. Бұл көрініс қыздың даналығы мен сөз өнеріндегі басымдығын бейнелейді.



Сурет - 3. Қызбен жігіт айттысы. Тамғалы галерясындағы сурет.
Лейла мен Мәжнунің айтысы. Самарқан минятюрасы

Суретшінің пайымдауынша сахналық көрініс әсем табиғат аясында көрсетілген. Қыз бен жігіттің айналасында үй жануарлары бейнеленген, олардың ішінде құлағы мен құйрығы

кесілген ит те бар. Бұл қазақ шопандарының күзетші иттеріне тән сыртқы белгілердің бірі (3-сурет).Осы айтыстың мазмұнын ежелгі сөз сайысының түрі – «қайымдасуға» сәйкес шамалап жандандыруға болады. Айтыстың басында жігіт қызға әзіл-қалжың аралас тиісіп, былай дейді:

Жігіт:

Атыңды шешең сүйіп қойған Еркін,
Той болса түзетесің кәмшат бөркің.
Бұлаңдап ұжмақтың хор қызындай,
Бітпеген еш пендеге сенің көркің.

Қыздың жауабы:

Атымды шешем сүйіп қойған Еркін,
Той болса түзетемін кәмшат бөркім.
Келе сап сипатымды баяндадың,
Есіңді алып кетті ме менің көркім[7, 352].

Мұнда ерекше назар аударатын жайт – галерея бейнелі фольклоры қыз бен жігіттің айтысынан басталады. Бұл көрініс ақындар айтысының бастауында қыз бен жігіт айтысы тұрғанын аңғартады. Олардың сөз қағысулары шынайылығымен, әзіл-қалжыңға, еркелік пен жастыққа тән сезімдерге толы әсерлі сипатымен ерекшеленген. Айта кететін жайт - XV ғасырдағы Самарқан миниатюрасында да ғашықтар жұбы - Ләйлі мен Мәжнүннің сөз сайысы салынған. Мұнда табиғат аясында үй жануарлары көрінеді, олар да ғашықтардың арасындағы үйлесім мен сұлулықты сезінгендей, таңданыс күйінде бейнеленген[8,277].

Қыз бен жігіт айтысының мұндай үлгілері қазіргі кезеңде де кейбір үнді кинофильмдерінде көрініс табады. Тарихи деректерге қарағанда, ежелгі дәуірлерде көшпенді тайпалардың бір бөлігі Үндістан аумағына қоныс аударып, олардың мәдени ықпалы жергілікті дәстүрлермен сабақтасып дамыған. Бүгінде Үндістанда түркі тілдес халықтарға жататын миллиондаған этностық топтар өмір сүреді.

Уақыт өте келе кәсіпқой айтыс ақындары қалыптаса бастаған. Олар қоғамдағы жетістіктерді мадақтап, кемшіліктерді сынап, ел ішіндегі өзекті мәселелерді көтеретіні белгілі Қай ақынның сөзі өтімді болып, тыңдаушылардың ықыласына ие болса, сол жеңімпаз деп танылған[13,727]. Көпшілік оның жағына шығып, қолдау білдіргендіктен, ол қарсыласынан басым түседі. Бұл жағдай дәстүрлі айтыстардағы жеңісті халықтың қолдауы арқылы анықтау қағидасымен үндеседі. Жалпы, айтыста жеңіліс рухани және шығармашылық сипатта болған. Жеңілген ақынның беделі төмендегенімен, оған күш қолдану немесе физикалық жаза көрсету орын алмаған. Сондықтан айтыс мәдениеті қарсыласты сөз өнері арқылы мойындатуға негізделген өркениетті өнер жарысы болып саналады.

Галеряда суретші қызбен жігіт айтысы көрінісін басты акцент ретінде бірінші планға үлкейтіп салған (3-сурет). Екінші пландағы бишілер, аң жануарлар тобы негізгі акцентпен табиғи түрде біріктіріліп, тұтас көркем шешім түзеді. Бұл бірегей композицияны мерекелік думанның өзіндік постері деуге болады. Жартастағы пластикалық еркіндікпен би билеп, думандатып жүрген адамдардың бейнелері сол дәуірдегі қоғамның бай-бақуатты, мамыражай тіршілігін аңғартады. Белгілі жазушы әрі ғалым М. Әуезов қазақ халқының дәстүрлі өмірінде поэзия, ән-күй және айтыс өнері тұрмыс-тіршілікпен тығыз байланыста дамығанын көрсете келе, «Қазақ елі ақындық теңізі сияқты көрінеді» деп бағалайды [5,180].

Картинаның екінші қатарында төрт жұп би билеп жүр, олардың шетінде жүргізушілер жұбы да бар. Би қазақтың топтасып билейтін «Алқа қотан» биіне ұқсайды.Бұл белгілі ғалым-этнограф Өзбекәлі Жәнібековтің мына пікірімен расталады: «Кейбір басқа мұсылман халықтарынан өзгеше, қазақтарда ертеде жұптасып (ер мен әйел) билеу дәстүрі болған».Бұл шамандық сипаттағы билер - қазақ қоғамының даму үдерісін көне заманнан бүгінгі күнге дейін

сүйемелдеп, оның рухани мәдениетін байыта түсті. Мысалы, «Би» өнерін өткен заманда көптеген әнші-импровизаторлар жетік меңгерген. Солардың қатарында сырықпен билеу шеберлігі үшін Ағашаяқ атанған әйгілі әнші Берікбол Көпенұлы, сондай-ақ Шашубай Қошқарбаев, Жүнісбек Жолдинов, Қарсақ Қопабаев секілді басқа да бірегей өнерпаздар болған. Олар әнмен сүйемелденетін театрландырылған билер, ойын-билер, бишілердің күш-қайраты мен ептілігін көрсететін қойылымдар, пантомима мен әзілге құрылған көріністер ұйымдастырылатын барлық той-думан мен жәрмеңкелердің құрметті қонақтары болған»[9,48].

Осыған байланысты ел аузында сақталған «отыз күн ойын, қырық күн той» деген қанатты сөз көшпелі қоғамдағы мерекелер мен думанды жиындардың ауқымын бейнелейтін тарихи дерек ретінде қарастырылуы мүмкін. Өйткені б.д.д Ш-1 мыңжылдықтар арасында сақтар әлемдік аренада қола өндірісімен, географиялық көлемімен белгілі, көшпелі мал шаруашылығымен дамыған бай-бақуат іргелі ел болатын. Мұндай ұзаққа созылған тойлар халықтың бірлігін нығайтып, өнер мен мәдениеттің дамуына ықпал еткен.


Осы әлеуметтік топтан шыққан қыз бен жігіт, сірә, тайпалық бірлестіктердің белгілі суырыпсалма ақындары болы мүмкін. Олар өз руларының атынан сөз сайысына түсіп, кейінгі дәуірдегі Керей мен Найман руларын танытқан Біржан мен Сара айтысына ұқсас өнерлі болған сияқты. Аталмыш айтыс негізінде композитор М.Төлебаев әлемге танымал «Біржан мен Сара» опрерасын жазғаны белгілі.

Атап айсақ, батырлық эпосты жырлайтын жыраулар мен жыршылар көбінесе ауызша сөз жарысы – айтыста қарсыластарын жеңген майталман ақындар болғаны айқын. Әдетте халықтың қаһармандық эпосын жеңімпаз, даңқты ақын-жыршылар ғана жаратқан. Осындай ұлы суырыпсалма ақындарға жалпы түркі халықтарының өкілдері - қазақта Жамбыл Жабаев «Сұраншы батыр» эпосының авторы, қырғызда Тоқтоғұл Сатылғанов «Манас» жырын толықтырған, башқұртта Ғабит Арғынбаев «Орал батыр» жырын жазған т.б. жатады.

Осыған байланысты ақын-жыршылардың ауызша суырыпсалма өнерін де ерте көшпелілер дәуіріне, яғни б.з.д. II мыңжылдықтағы қола дәуіріне жатқызуға болады. Мұны Қазақстанның белгілі антропологы Оразақ Исмағұловтың зертеуі растайды: «Қола дәуірін кейінгі тарихи кезеңдердегі тұрғындардың антропологиялық келбетінің қалыптасу бастау кезеңі ретінде қарастыруға болады» Аталмыш ғалым қазақтардың антропологиялық ерекшелітері: бас сүйек формасы, жақ сүйегі, тістері пішіні қола дәуіріндегі сақтарға тән екенін ғылыми тұрғыдан дәлдеген [19,648]. Яғни, осы қола дәуірнде этностың физикалық және рухани болмысының негіздері қалыптаса бастағаны байқалады. Бұл жайтты Қазақстандағы Алтын адам тегі айқындай түсті: оның геномы Евразияның оңтүстігіндегі жергілікті сақтардан бастау алғаны дәлелденді. Ол кезеңде елді билік династиясы: айрықша беделді, дарынды тұлғалар басқарғаны анықталды [22]. Осымен Оңтүстік Қазақстан жерін жайлаған сақтар мәдениеті туралы жазылған тарихи маңызды деректер расталып, толыға түсті [23,49].

Яғни қола дәірінен басталан дарынды тұлғалар басқару институты, біртін келе Түркілер дәурі, Алтын Орда, Қазақ хандығында жалғасын тапты. Жалпы түркі мәдени дәстүрінің ұйытқысы болған батырлар жыры ақындар айтысымен тікелей байланысы айқындала түсті. Халық арасында қазірде жоғары сұранысқа ие болған ақындар айтысы сонау қола дәуірінен бастау алғаны байқалады. Баста қыз бен жігіттің айтысынан өрбіген ақындар айтысы батырлар жырының іргесін қалағаны жөнге келеді. Мысалы «Алпамыс», «Манас», «Көрұғлы» сынды батырлар жыры ерте дуірлерден бері сабақтастықпен жалғасып келгені бұған дәлел болады [14,727].

Сонымен атап айтсақ, аталмыш ежелгі жартас суреттері түркі батырлар жыры сюжеттерін бейнелі фольклор ретінде баяндайды. Жоғарыда келтірілген деректермен дәйектерге сүйене отырып, бейнелі фольклордың құрылымын графикалық түрде төмендегідей көрсетуге болады (4-сурет).



Сурет - 4. Бейнелі фольклордың үш компонентен тұратын логикалық құрылымы

Қорытынды

Мақаланы қорытындылай келе, Орталық Азия мен Сібірдің жартас суреттеріндегі «күн басты» бейнелердің сырын ашу тарих пен мәдениеттану ғылымына жаңа серпін береді. Зерттеу барысында бұл бейнелердің мифтік құдайлар емес, халықтық ерекше қасиетке ие, рухани қуаты толып, нұр шашқан бақсылар екендігі ғылыми негізделді. Шоқан Уәлихановтың еңбектеріндегі бақсылық сипаттамалар бұл пайымдаудың ақиқаттығын арттыра түседі. Бастан тараған сәулелер - құдайлық белгі емес, адамның ішкі рухани сәулесі мен киелі мәртебесінің символдық көрінісі.

Тамғалы шатқалындағы аталмыш галерея қола дәуірінің бейнелі фольклоры іспеттес. Онда өте дарынды, билікке ие болған айтыскер ақындардың киелі жеті атасын бейнеленуі орынды. Галереяның басты көрінісінде қыз бен жігіт айтысының үлкейтіліп салынуы қазіргі айтыс өнері қола дәуірінде қалыптасқанын білдіреді. Осындағы айтыс өнерімен қоса бишілер мен аңдардың суреті мерекелік думанның көркем постерін құрап тұр. Аталмыші жартас өнері тарихы қазіргі қазақ, жалпы түркі мәдениетінің бастауы іспеттес. Яғни «Айтыс, батырлар жыры және жартас бейнелері» үш компонентті логикалық құрылым түзеді. Бұл тұжырым ежелгі айтыс өнері ұлттық дүниетаным мен төл мәдениетіміздің бастауы болғанын айқындай түседі. Бұл мақаланы тарихи сәулет, этнодизайн, этнография және Қазақстан тарихы бағыттарына жатқызуға болады. Зерттеуде қола дәуірінің петроглифтері (Тамғалы ғибадатханасы) синкретті феномен ретінде қарастырады. Тарихи сәулет тұрғысынан сакралды кешен ашық аспан астындағы кеңістіктік орта ретінде талданып, табиғи жартас ландшафты ғұрыптық әрекеттердің архитектоникасын қалыптастырады. Этнодизайн аспектісінде жартас бейнелері бастапқы белгі-символдық код ретінде сарапталады: «күнбасты» тұлғалардың стилизациясы, сызықтардың ырғағы мен пластикасы ұлттық орнаменттің бастауы болып табылады. Этнографиялық талдау мәдени сабақтастықты ашып, солярлы кейіпкерлерді көне бақсылардың бейнесімен, ал жұп тұлғаларды қазақ айтысының прототипімен байланыстырады.

Әдебиет тізімі:
деректер және библиографиялық шолу

1. Маргулан А. Х. Казахское народное прикладное искусство. Т.1. Алма-Ата. Өнер. 1986. 256 с. С.12- 48.

2. Грязнов М.П. Древнейшие памятники героического эпоса народов Южной Сибири. Археологический сборник №3, Санкт-Петербург, 1961. С. 7-31.

3. История Сибири. Т.1. Москва. Наук. 1968, С. 429

4. Антонов Н.К. Заметки об эпосе якутов. Советская тюркология. 1974. №1. С. 25-35

5. Әуезов М. *Әдебиет тарихы*. Алматы. Ана тілі, 1991. 180 б.

6. Рогожинский А.Е. Петроглифы археологического ландшафта Тамгалы. Алматы, 2011. 342 с.

7. Қазақ халық әдебиеті. Айтыс. 2-том. Алматы. Жазушы, 1988. 352 б.

8. Миниатюры к произведениям Алишера Навои. Ташкент, 1982, миниатюра №277

9. Жанибеков У. Казахская танцевальная культура: www.kazakhistory.ru

10. Валиханов Ч.Ч. Следы шаманства у киргизов. Т.4. Алматы,1984. С.48.

11. Шер. Я.А. Петроглифы Средней и Центральной Азии. Москва. 1980. С.8

12. Самашев З., Чжан Со Хо, Боковенко Н., Мургабаев С. «Наскальное искусство Казахстана». Сеул, 2011. С. 87-90. (на корейском и русском языках)

13. Жармұхамедов М. Айтыстың даму жолдары. Алматы. Ғылым, 1976. 168 б.

14. Жирмунский В. М. Тюркский героический эпос. Ленинград. Наука, 1974. 727 с.

15.Загадочные наскальные рисунки https://www. _zagadochnye-naskalnye-risunki

16 «Тамғалы» музей-запроведник https://tanbaly.kz/abou

17. Айтыс https://www.google.com/search

18. Серікбол Қондыбай *Арғықазақ мифологиясы. 1-кітап* / ҚР Білім және ғылым министрлігі, Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты. Алматы. Дайк-Пресс, 2004. (Қазақстанның шығыстану зерттеулері). 510 б.

19. Исмагулов О.И., Исмагулова А.О.,О.У. Еркибаев. Антропологическое развитие казахского народа и глубина его этноисторических итоков // Самарский федеральный исследовательский центр РАН, Самара. Т.21, №68, 2019. С.32-42 http://www.ssc.smr.ru › journals › izvestia_hum

20. Mircea Eliade. *Shamanism: Archaic Techniques of Ecstasy*. Foreword by Wendy Doniger. Translated from the French by Willard R. Trask. Princeton, NJ: Princeton University Press, 2004. (Princeton Classics; Bollingen Series LXXVI). 648 p. ISBN 978-0-691-11194-5 (pbk.).

21.Ethnolinguistic and Cognitive Aspects of Sacred Numbers in Turkic World / A. Aitpaeva, K. Kovecses [et al.] // International Journal of Society, Culture & Language. 2026. Vol. 14, Iss. 2. P. 45-58. URL: https://www.ijscl.com/article_735124.html

22. Ученые впервые успешно расшифровали геном знаменитого «Золотого человека»https://www.inform.kz/ru/uchenie-vpervie-uspeshno-rasshifrovali-genom-znamenitogo-zolotogo-cheloveka-7c1f23ef

23. Тасболатов Б.Т. Глубокие корни истории казахов (на казахском языке). Труды института истории и этнографии им. Ч.Ч. Валиханова. Алматы. 2022. С.49-66.

Referense liste:
sources and bibliographic review

1. Margulan A. KH. Kazakhskoye narodnoye prikladnoye iskusstvo. T.1. Alma-Ata. Öner. 1986. 256 s. S.12- 48.

2. Gryaznov M.P. Drevneyshiye pamyatniki geroicheskogo eposa narodov Yuzhnoy Sibiri. Arkheologicheskiy sbornik №3, Sankt-Peterburg, 1961. S. 7-31.

3. Istoriâ Sibiri. T.1. Moskva. Nauk. 1968, S. 429
4. Antonov N.K. Zametki ob épose âkutov. Sovetskaâ tûrkologiâ. 1974. №1. S. 25-35
5. Äwezov M. Ädebïet tarïxı. Almatı. Ana tili, 1991. 180 b.
6. Rogozhinskiy A.Ye. Petroglify arkheologicheskogo landshafta Tamgaly. Almaty, 2011. 342 s.
7. Qazaq xalıq ädebïeti. Aytıs. 2-tom. Almatı. Jazwşı, 1988. 352 b.
8. Miniatyury k proizvedeniyam Alishera Navoi. Tashkent, 1982, miniatyura №277
9. Zhanibekov U. Kazakhskaya tantseval'naya kul'tura: www.kazakhistory.ru
10. Valikhanov CH.CH. Sledy shamanstva u kirgizov. T.4. Almaty,1984. S.48.
11. Sher. YA.A. Petroglify Sredney i Tsentral'noy Azii. Moskva. 1980. S.8
12. Samashev Z., Chzhan So Kho, Bokovenko N., Murgabayev S. «Naskal'noye iskusstvo Kazakhstana». Seul, 2011. S. 87-90. (na koreyskom i russkom yazykakh)
13. Jarmuxamedov M. Aytıstıñ damw joldarı. Almatı. Ğılım, 1976. 168 b.
14. Zhirmunskiy V. M. Tyurkskiy geroicheskiy epos. Leningrad. Nauka, 1974. 727 s.
15.Zagadochnyye naskal'nyye risunki https://www. _zagadochnye-naskalnye-risunki
16. «Tamġaly» muzey-zaprovednik https://tanbaly.kz/abou
17. Aytıs https://www.google.com/search
18. Serikbol Qondıbay Arğıqazaq mïfologïyası. 1-kitap / QR Bilim jäne ğılım mïnïstrligi, R.B. Süleymenov atındağı Şığıstanw ïnstïtwtı. Almatı. Dayk-Press, 2004. (Qazaqstannıñ şığıstanw zerttewleri). 510 b.
19. Ismagulov O.I., Ismagulova A.O.,O.U. Yerkibayev. Antropologicheskoye razvitiye kazakhskogo naroda i glubina yego etnoistoricheskikh itokov // Samarskiy federal'nyy issledovatel'skiy tsentr RAN, Samara. T.21, №68, 2019. S.32-42 http://www.ssc.smr.ru › journals › izvestia_hum
20. Mircea Eliade. Shamanism: Archaic Techniques of Ecstasy. Foreword by Wendy Doniger. Translated from the French by Willard R. Trask. Princeton, NJ: Princeton University Press, 2004. (Princeton Classics; Bollingen Series LXXVI). 648 p. ISBN 978-0-691-11194-5 (pbk.).
21.Ethnolinguistic and Cognitive Aspects of Sacred Numbers in Turkic World / A. Aitpaeva, K. Kovecses [et al.] // International Journal of Society, Culture & Language. 2026. Vol. 14, Iss. 2. P. 45-58. URL: https://www.ijscl.com/article_735124.html
22. Uchenyye vpervyye uspeshno rasshifrovali genom znamenitogo «Zolotogo cheloveka»https://www.inform.kz/ru/uchenie-vpervie-uspeshno-rasshifrovali-genom-znamenitogo-zolotogo-cheloveka-7c1f23ef
23. Tasbolatov B.T. Glubokiye korni istorii kazakhov (na kazakhskom yazyke). Trudy instituta istorii i etnografii im. CH.CH. Valikhanova. Almaty. 2022. S.49-66.

жауапты автор туралы мәлімет (толық аты жөні, жұмыс орны, телефон, электрондық поштасы) **Юсупова Акмарал Ардашеровна** – доктор PhD, «Архитектура» кафедрасы. Оңтүстік Қазақстан зерттеу университеті. Шымкент, Қазақстан. e-mail: akmaral.yusupova.80@mail.ru

ФИЛОЛОГИЯЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР БАҒЫТЫ
НАПРАВЛЕНИЕ ФИЛОЛОГИЧЕСКИХ НАУК
DIRECTION OF PHILOLOGICAL SCIENCES

тақырыптық рубрикалар/тематические рубрики/ subject headings

ТҮРКІТАНУ
ТЮРКОЛОГИЯ
TURKOLOGY

ҒТАХР / МРНТИ / IRSTI: 16.21.21
https://orcid.org/0000-0002-5596-737X
https://orcid.org/0009-0004-7711-517X
https://orcid.org/0009-0008-5262-0291

Боранбаев С.Р., Тоқполатова Т.Б.*, Сулейменова З.Г.
филолог.ғ.д., профессор М. Әуезов атындағы ОҚЗУ, Шымкент Қазақстан
докторант, М.Әуезов атындағы ОҚЗУ, Шымкент, Қазақстан
магистрант М.Әуезов атындағы ОҚЗУ, Шымкент, Қазақстан

ОРТАҒАСЫР ЖАЗБА ЕСКЕРТКІШТЕРІНДЕГІ ҚЫПШАҚ АНТРОПОНИМДЕРІН САЛЫСТЫРА ЗЕРТТЕУДІҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

*Автор - корреспонедт: ms.tokpolatova_93@list.ru

Түйін: Қазіргі қазақ ономастикалық жүйесінің ежелгі қыпшақ атауларымен мәдени және тілдік сабақтастығын көрсету - өзекті мәселе. Себебі, тарихи тілдік этногенетикалық сабақтастықтың тереңдігін көрсету, қыпшақтар туралы пікірлерді тарату, қыпшақ тілінің заңдылықтарын түркі тілдерімен салыстыру барысында алынатын нәтижелер бірнеше ғасырды қамтитын қазақ тілінің тарихын таразылауды талап етеді. . Осыған байланысты қыпшақтардың дүниетанымы, әдет-ғұрпы, наным-сенімі, тұрмыс-тіршілігі, тасқа қашалған жазуы қазіргі қазақ тіліндегі көптеген антропонимдердің шығу тегін анықтау үшін өте құнды дереккөз екені дәлелденеді. Осы бағытта атқарылған жұмыстардың негізгі ғылыми нәтижелері мен қорытындылары, яғни көне қыпшақ тіліндегі антропонимдер мен этнонимдерді анықтау ортағасырлардағы қыпшақтар мен қазіргі қазақтар арасындағы тілдік және этногенетикалық байланыстарды, сабақтастықты анықтауға мүмкіндік береді. Осыған байланысты зерттеу жұмыстарының нәтижелері түркологияның орта түркі кезеңіндегі этнология мен тіл тарихы мәселелерін зерттеуге ықпал ете алады. Отандық және әлемдік түркологияның зерттеу нысанына айналған антропонимдердің тарихын анықтау түркі ономастикасына енген қажырлы еңбектер қатарынан табылары сөзсіз.Сондықтан қазақ ономастикасының басты мақсаты көне қыпшақ тіліндегі ономастикалық жүйенің этимологиясын анықтау арқылы антропонимдерге, этнонимдерге және этнотопонимдерге қатысты мәселелерді шешунегізгі бағыттардың бірі болуы керек.

Кілт сөздер: Этногенез, қыпшақ антропонимдері, тілдік қатынас, тарихи сабақтастық, түркі тілдері, этноним, этимология, этнолингвистика

Боранбаев С.Р., Токполатова Т.Б.*, Сулейменова З.Г.
д.филолог.н., профессор. ЮКИУ им.М.Ауэзова. Шымкент, Казахстан
докторант, ЮКИУ им.М.Ауэзова. Шымкент, Казахстан
магистрант, ЮКИУ им.М.Ауэзова. Шымкент, Казахстан

НЕКОТОРЫЕ ВОПРОСЫ СРАВНИТЕЛЬНОГО ИЗУЧЕНИЯ КЫПЧАКСКИХ АНТРОПОНИМОВ В ПАМЯТНИКАХ СРЕДНЕВЕКОВОЙ ПИСЬМЕННОСТИ

*Автор-корроспондент: ms.tokpolatova_93@list.ru

Аннотация: Актуальным вопросом является указание на древнекипчакские названия и культурную, языковую преемственность современной казахской ономастической системы. Это связано с тем, что демонстрация глубин этой преемственности в исторической языковой этногенетической преемственности, распространение мнений о кыпчаках, изучение законов кыпчакского языка в сравнении с тюркскими языками требует взвешивания истории казахского языка, которая насчитывает сотни веков. В этой связи мировоззрение, обычаи, верования, образ жизни и высеченная на камне письменность кыпчаков считаются очень ценным источником для определения происхождения многих антропонимов в современном казахском языке. Основные научные результаты и выводы проделанной работы в этом направлении, т. е. определение антропонимов и этнонимов в древнекипчакском языке, позволяют выявить языковые и этногенетические связи, преемственность между кипчаками Средневековья и современными казахами. В этой связи результаты исследовательской работы могут внести свой вклад в изучение проблем этнологии и истории языка среднетюркского периода тюркологии. Нельзя не сказать, что определение истории антропонимов, ставших объектом изучения отечественной и мировой тюркологии, будет кропотливым трудом, включенным в тюркскую ономастику. Поэтому главной целью казахской ономастики должно быть решение проблем, связанных с антропонимами, этнонимами и этнотопонимами, путем определения этимологии ономастической системы в древнекипчакском языке.

Ключевые слова: Этногенез, кыпчакские антропонимы, языковое общение, историческая преемственность, тюркские языки, этноним, этимология, этнолингвистика.

Boranbayev S.R., Tokpolatova* T.B., Suleimenova. Z.G.
Doctor of Philology, professor. M.Auezov SKRU. Shymkent, Kazakhstan
Doctoral student, M.Auezov SKRU. Shymkent, Kazakhstan
Master's student, M.Auezov M.Auezov SKRU. Shymkent, Kazakhstan

SOME ISSUES OF COMPARATIVE STUDY OF KIPCHAK ANTHROPONYMS IN MEDIEVAL WRITING

*Corresponding – author: ms.tokpolatova_93@list.ru

Abstract: The actual issue is the indication of the ancient Kipchak names and the cultural, linguistic continuity of the modern Kazakh onomastic system. This is due to the fact that the demonstration of the depths of this continuity in the historical linguistic ethnogenetic continuity, the dissemination of opinions about the Kipchaks, and the study of the laws of the Kipchak language in comparison with the Turkic languages requires weighing the history of the Kazakh language, which spans hundreds of centuries. In this regard, the worldview, customs, beliefs, way of life, and stone-carved writing of the Kipchaks are considered to be a very valuable source for determining the origin of many anthroponyms in the modern Kazakh language. The main scientific results and conclusions

of the work carried out in this area, i.e. the determination of anthroponyms and ethnonyms in the Old Kipchak language, allow us to identify linguistic and ethnogenetic connections and the continuity between the Kipchaks of the Middle Ages and modern Kazakhs. In this regard, the results of the research can contribute to the study of the problems of ethnology and the history of the language of the Middle Turkic period of Turkology. It goes without saying that the definition of the history of anthroponyms that have become the object of study in Russian and world Turkology will be a painstaking effort that will be included in Turkic onomastics. A high-quality translator from Kazakh to Russian and Therefore, the main goal of Kazakh onomastics should be to solve problems related to anthroponyms, ethnonyms, and ethnotoponyms by determining the etymology of the onomastic system in the Old Kipchak language.

Keywords: Ethnogenesis, kipchak anthroponyms, language communication, historical continuity, turkic languages, ethnonym, etymology, ethnolinguistics.

Кіріспе

Ескі қыпшақ тіліндегі топонимдер мен этнотопонимдердің, этнонимдер мен антропонимдердің түркі ономастикасындағы алатын орнын анықтау арқылы Қазақстанның ерте орта ғасырлар тарихына қатысты этногенез, этнология мен түркология мәселелерін зерттеудің сабақтастық желісін айқындау. Ескі қыпшақ тіліндегі антропонимдер мен ескі қыпшақ тіліндегі кісі және этнос атауларының көне семантикасын, орта ғасыр қыпшақтары мен қазіргі қазақтар арасындағы тілдік және этногенетикалық байланыстарды, тарихи сабақтастықты анықтауға мол мүмкіндік береді.

Ортағасырлық қыпшақтардың дүниетанымы, әдет-ғұрпы, наным-сенімі, өмір сүру салты қазіргі қазақ тіліндегі көптеген антропонимдердің түп төркінін анықтауда құнды дерек. Ескі қыпшақ тіліндегі ономастикалық жүйенің этимологиясын анықтау арқылы қазақ ономастикасының антропонимдер, этнонимдер мен этнотопонимдерге қатысты мәселелерді шешу ескі қыпшақ тіліндегі антропонимдердің зерттелу тарихына шолу жасап, этнонимдер, лақап атаулар және тотем атаулары негізінде қалыптасқан половец есімдері мен Шығыс Дешті Қыпшақ антропонимдерінің модельдік типтерін салыстыра отырып, этнонимдер негізінде пайда болған есімдердің немесе лақап атаулардың етістік тұлғалы болып келетіндігін көрсету арқылы ескі қыпшақ тіліндегі антропонимдердің ортағасырлық басқа түркі тілдеріндегі есімдерден басты грамматикалық айырмашылығын куман-половец антропонимдерінің этимологиясын бұрынғы Кеңес Одағының түркітанушылары мен қыпшақтанушылары зерттеген болса, ал Шығыс Дешті Қыпшақ есімдерінің төркіні арнайы зерттелмеген. Осы себепті Шығыс Дешті Қыпшақ пен орта ғасырлардағы Хорезм мемлекетіндегі қыпшақ есімдерінің төркінін қарастыру өзекті мәселе. Сондықтан Шығыс Дешті Қыпшақ антропонимдерінің әлеуметтік және анатомиялық негіздерін дәлдеп, ғылыми айналымға түсіру қажеттілігі туындауда.

Халқымыздың көне мұраларын жеткілікті деңгейде қарастырмағандықтан кезінде «Жазуы жас – младописьменный» халықтардың қатарына қосылғанымыз тарихи шындық. Мұның басты себебі, біріншіден, кеңестік идеологияның басты мақсаты халықты мәңгүрттендіру саясаты болды. Осыдан келіп, өзінің тарихын, мәдениетін мансұқ еткен ұрпақ пайда болды. Осы бір өзекті мәселенің себебін Н. Ә. Назарбаев: «Түптеп келгенде, күні кешелер ғана басқа этномәдени жүйенің ықпалында болған кейбір қазақтарымыздың мәдени дүбәралыққа (маргинализация) ұрынуы негізінен төл тарихын парықтай алмағандықтан» деп ашына айтқан болатын [1, 58].

Материалдар мен әдістер

Теориялық талдау

Халықтың өткен тарихын зерттеп білмейінше болашағын болжауға болмайды. Халықтың тарихы тек материалдық мәдени мұраларында ғана сақталмайды, сол кезеңдерде хатқа түсіп,

бүгінге жеткен мұралар тілінде халықтық, ұлттық мәдени-рухани қазынасына қойылатын атаулар мен ұғымдардың сақталып жететіні бүгінгі күні дәлелденіп отыр.

Ескі қыпшақ тіліндегі антропонимдердің шығу тарихы алғаш рет қазіргі қазақ тілімен салыстырыла отырып, ономастикалық және этимологиялық аспектіде кешенді түрде қарастырылып, тотем атаулары негізінде көптеген антропонимдер мен этнонимдердің пайда болғандығы нақты деректерді талдау арқылы анықталады. Сонымен қатар түркі қағанаты кезінде түрк және ашина атауларымен аталып мемлекет басында тұрған этнос, орта ғасыр қыпшақтарының құрамында «бөрі тотемді тайпа» немесе «бөрі елі» мағынасын білдіретін елбөрі атауымен аталып, билеуші ру дәрежесінде болғандығы дәлелденеді.

Бұл бағыттағы атқарылған жұмыстардың негізгі ғылыми нәтижелері мен тұжырымдары, яғни ескі қыпшақ тіліндегі антропонимдер мен этнонимдердің төркіндерін анықтау, орта ғасыр қыпшақтары мен қазіргі қазақтар арасындағы тілдік және этногенетикалық байланыстарды, сабақтастықты анықтауға жол ашады. Осыған байланысты, зерттеу жұмысының нәтижелері этнология мен түркологияның орта түркі дәуірі тілі тарихы мәселелерін зерттеуге өзіндік үлес қоса алады. Зерттеу жұмысының нәтижелерін түркология, ономастика мен этимология, қазақ тілі тарихы т.б. салалар бойынша дәріс оқуда, осы зерттеулер бойынша арнаулы курстар жүргізуге, лексикографиялық тәжірибеде пайдалануға, сондай-ақ оқу құралдары мен оқулықтар жазу үшін де қолдануға болады.

Қазіргі таңда отандық және әлемдік түркологияның зерттеу нысанына айналған антропонимдер тарихын анықтау түркі ономастикасына қосылатын сүбелі еңбек болатындағына шүбә келтіруге болмайды. Бұған дейінгі антропонимдерге қатсыты зерттеулердің басым бөлігі шетелдік ғалымдардың үлесінде екендігі белгілі. Бірақ ұлттық таным, салт-дәстүр, тіл мәселесіне келгенде, отандық ғалымдардың зерттеу еңбектері әлдеқайда ғылыми тұрғыдан дәлді болып шығатындығына сеніміміз мол. Өйткені орта ғасырларда өмір сүрген қыпшақтардың тікелей тілдік, діндік мұрагері екендігі ғылымда өз бағасын алған. Ескі қыпшақ тіліндегі кісі есімдерінің төркіндерін анықтау үшін, әуелі олардың зерттелу тарихымен танысып шығу қажет. Түркі тілдеріндегі, соның ішінде ескі қыпшақ тіліндегі кісі есімдерінің мағынасы туралы алғашқы зерттеу XI ғасырдағы М.Қашқаридың «Диуани лұғат ит-түрк» сөздігі болып табылады. Аталмыш сөздікте барлығы 73 кісі есімі берілген. Бұл кісі атауларының кейбірін автор жай ғана ерлердің есімі десе, ал кейбірін хандардың, нағыз батырдың, белгілі ақынның есімі, сондай-ақ күндерге қойылатын атау деп түсінік береді [2].

XIX ғасырдан бастап куман-половец антропонимдерінің этимологиясымен бірқатар түркітанушылар мен шығыстанушылар айналысқан. Ескі қыпшақ тіліндегі есімдердің төркіндерін зерттеумен алғашқылардың бірі болып айналыса бастаған түркітанушы Л.З.Будагов болды. Л.Будагов өзінің «Сравнительный словарь турецко-татарских наречий» дейтін еңбегінде бірқатар куман-половец есімдерінің төркіндеріне талдау жасаған. Ол, половецтердің Айдар есімінің «баланың төбесіндегі бір шөкім шаш» және «хайдар-арыстан» дейтін екі төркінін, сондай-ақ *Алақ, Барақ, Кобяк-Кобек* есімдерінің төркіндерін берумен шектелген [3, 183].

Половец есімдерінің төркіндерімен алғашқылардың бірі болып айналыса бастаған келесі бір түркітанушы – В.В. Радлов. В. Радлов, өзінің «Опыт словаря тюркских наречий» атты 4 томдық зерттеуінде бірнеше половец есімдерінің төркіндерін берген. Ол половецтердің *Емяк* есімінің төркінін, «мейірбан» мағынасын білдіретін «имак», Кобан есімінің төркінін, шағатай тілінде «ұлы, биік, жеңімпаз, үлкен, денелі» мағыналарын білдіретін «копан» және «батыр» мағынасын білдіретін қабан, Самогур есімінің төркінін «бұлғын» мағынасындағы самгур-самур, Тугортак-Тугоркан есімінің төркінін, тоқылдақ мағынасын білдіретін «тогуртак» атауларымен байланыстырған [4].

В. Радловтың өзі половец есімдерінің төркіндеріне талдау жасаумен тікелей айналыспаса да оның аталмыш сөздікте берілген түркі сөздерінің төркіндерін басқа түркітанушылар

половец есімдерінің төркіндері ретінде берген. «Қазіргі қазақ кісі есімдерінің лексика-семантикалық ерекшеліктері» тақырыбында жарияланған Г.Мәдиева мен А:Әлиакбарованың ғылыми мақаласында зманауй есімдердің мағыналық топтарға бөлінуі мен олардың семантикалық өрісі жан-жақты талданған [5, 69].

Нәтижелер мен талқылау

Бұрынғы Кеңес Одағының түркітанушылары мен қыпшақтанушылары ортағасыр қыпшақтарының ономастикасын, олардың дүниетанымдық көзқарасымен, этнопсихо логиясымен, ментальдық ерекшелігімен байланыста қарастырып зерттемеген.

Ескі қыпшақ тіліндегі есімдердің негізінде қазіргі қазақ тіліндегі көптеген антропонимдердің пайда болғандығын дәлелдеп, көне және ортағасырлық түркі есімдерінің төркіндерін тек лексика-семантикалық талдау арқылы анықтаудың мүмкін еместігіне, есімдердің этимологиясы этногенезбен байланыста қарастырылу қажеттігі туындап отыр.

Қазіргі таңда тәуелсіз егемен еліміздің кеңістігінде ұлттық рух пен мемлекеттік сана жаңғырып, өзімізді өзіміз тану мен өзімізді өзгеге таныту үрдісін дәйектейтін, санасы мен әрекетінде көк пен жер астасқан түркілердің болмысын бейнелейтін терең тамырлы ақпарат көзі, рухани танымдық қордың көне қатпарлы көздерін ашып саралаудың тарихи мүмкіндігі беріліп отырғаны ақиқат[6, 8].

Түркілік қабат антропонимдерінің пайда болу себебін түсіндіру үшін, әлеуметтік фактор - половец қоғамын құраған этностар мен басқа да әлеуметтік топтарды қатыстыра отырып, половец есімдерінің басым көпшілігі этнонимдер мен тотем және лақап атаулар негізінде пайда болғандығын дәлелдеу көзделді. Осы әлеуметтік фактор негізінде, половец антропонимдерінің этимологиясын, олардың пайда болу және кейінгі түркілік дәуірде даму ерекшеліктерін дәйектеу ғылымдвғы жаңалықтың діңгегі болары анық.

Бабалар тілін зерделеу барысында олардың құрған тұрмысы мен тіршілігінде, тілі мен ділінде ортақтық бар екендігігі анықталып жатады. Қ. Мұсаев осыған орай былай дейді: «Когда говорят, что язык представляет собою кладовую истории народа – его носителя, прежде всего имеется в виду лексика, которая непосредственно реагирует на все изменения в жизни народа. Ни фонетика, ни грамматика языка не может показать нам условия жизни народа так полно, как лексика» [7, 228]. .

Халық ұрпақтан-ұрпаққа қоғамдық және әлеуметтік тәжірибесін, рухани байлығын аға ұрпақ өзінен кейінгілерге мұра ретінде қалдырып отырады, сонысымен қоғамның материалдық және рухани мәдениетін жасайды. Осылайша сабақтастық жалғасып жаңа буын адамзат баласының басынан өткерген тарихынан ең таңдаулыларды өз бойына сіңіреді және ең озық үлгілерін дамыта беруге, қоғамның рухани құндылығының сан тіршілігін жаңа жағдайда байыта түсуге мүмкіндіктер туады. Әр халықтың қалып-салтын, мінез байлықтарын, салт-дәстүрлерін, эстетикалық талғамын және психологиясын осы халықтың өткен дәуірлердегі хатқа түскен жазба мұралар тілінен танып білуімізден де болады.

Халықтың ұзақ уақытқы тарихында қалыптасқан тұрмыс-тіршілігі, салт-дәстүрі, әлеуметтік-экономикалық қатынастары, жалпы алғанда өмірлік танымы мен барша арман - тілегі
кісі аттарының құрамынан көрініс береді. Осы кеңістікті қамтитын кісі есімдері антропонимдік өзектің негізін құрайды. Кісі аттары уақытпен бірге жетіліп, жаңарып отырады, алайда семантикалық сабақтастық сақталады [8, 329].

Ескі қыпшақ тілі өз дәуірінде түркі бірлестіктерінің қарым-қатынас, ресми іс-қағаздар, халықаралық қатынас тілі ретінде қолданылған және сол кездің өзінде - ақ «қыпшақ тілі» деп танылған, аумақтық таралым өрісі кең, түрлі тарихи - әлуметтік құбылыстарды басынан өткерген, қазіргі дәуірде өлі тілдер санатына кірген ескі қыпшақ тілі –қазақ, қарақалпақ, ноғай, татар, башқұрт, құмық, қарашай секілді қазіргі күнде қыпшақ тілдері тобына жатқызылып жүрген тілдердің ұлт тілі дәрежесінде қалыптасуына ұйытқы болғандығы белгілі. Қалай

дегенде де орта ғасырда қолданыста болған антропонимдерді лингвистикалық тұрғыдан зерттеу әдеби тілдің қалыптасу тарихы, тіл тарихы – тарихи фонетика, тарихи граматика, тарихи синтаксис, тарихи лексикология салаларының қалыптасуын және дамуын анықтаудың түркология ғылыми үшін де маңызы зор екені аян. Осындай зерттеу жұмыстары Еуразия елдерінде түркологияның жекелеген аспектілеріне қатысты сөз болып жүрген қыпшақ тобындағы тілдердің материалы бойынша ортағасырлық қыпшақ антропонимдерін салыстырмалы тұрғыдан зерделеу мәселесі қыпшақ тілдеріне қатысты түркі тілдері материалдары негізінде күмәнді болып жүрген антропонимдер өзінің ғылыми анықтамалығын алатын сияқты. Туыстас қыпшақ тобындағы тілдердің антропонимдері салыстырмалы-тарихи әдіс арқылы қазіргі қыпшақ тілдері, ішінара көне түркі тілдері, қазіргі заманғы түркі тілдері материалдарымен синхронды сипаттау тұрғысында әрі тарихи диахронды бағытта саралау арқылы қарастырылған. Солар арқылы және қазіргі түркі филологиясының соңғы теориялық, әдістемелік жетістіктерін пайдалана отырып, қыпшақ тілдеріне қатысты этимологиялық және этнолингвистикалық сабақтастық мәселелерінің тілдік қатпарлары анықталған.

Зерттеу жұмысындағы ғылыми нәтижелері салалық, мәселен қазақ тілінің тарихы, тарихи лексикологиясы, сонымен қатар салааралық, мысалы түркітану мәселелерімен тығыз байланыста қаралған. Осы сала бойынша жазылған зерттеу жұмысына қосымша болған туыстас қыпшақ тобындағы тілдерден пайдаланған материалдар, салыстырмалы жүйеде жасалынған лингвистикалық түсініктемелер дәстүрлі түркологияның талаптарына сай қарастырылды деген ойдамыз. Зерттеу жұмысы сол талаптардың толық орындалуына және осындай жұмыстарға қойылатын қазіргі заман сұраныстары мен талаптарының ескерілуіне байланысты тиянақты түрде, саналы деңгейде орындалғаны хақ.

Қорытынды

Туыстас түркі халықтарының тарихи даму ерекшеліктерін өз бойында сақтап отырған осындай сөз маржандарын құрылымдық, танымдық жағынан салыстыра зерттеу түркі дүниетанымындағы, мәдениеті мен болмысындағы, рухани әлеміндегі, тіліндегі түрлі өзгерулердің табиғатын зерделеу, қыпшақ тобындағы туыстас халықтардың тілдеріндегі антропонимдерді сол халықтардың этностық ерекшеліктерін ескере отырып, тарихи даму жолымен байланыста қарастыру барысында жасалған түйіндеулер мен тың тұжырымдарға жетелейтін қорытынды ойлар жинақталған деп ойлаймыз.

Ескі қыпшақ тіліндегі антропонимдердің шығу тарихын қазіргі қазақ тілімен салыстырыла отырып, ономастикалық және этимологиялық аспектіде кешенді түрде қарастырылуы тотем атаулары негізінде көптеген антропонимдер мен этнонимдердің пайда болғандығы нақты деректерді талдау арқылы анықталады. Сонымен қатар түркі қағанаты кезінде түрк және ашина атауларымен аталып мемлекет басында тұрған этнос, ортағасыр қыпшақтарының құрамында «бөрі тотемді тайпа» немесе «бөрі елі» мағынасын білдіретін елбөрі атауымен аталып, билеуші ру дәрежесінде болғандығы дәлелденеді. Осы бағытта жүргізілген жұмыстардың негізгі ғылыми нәтижелері мен тұжырымдары, яғни ескі қыпшақ тіліндегі антропонимдер мен этнонимдердің төркіндерін анықтау, орта ғасыр қыпшақтары мен қазіргі қазақтар арасындағы тілдік және этногенетикалық байланыстарды, сабақтастықты анықтауға жол ашып, өзіндік үлес қоса алады.

Әдебиеттер тізімі:
деректер және библиографиялық шолу

1. Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. Алматы «Атамұра». 1999. 58б.
2. Қашқари М. Түрік сөздігі. Алматы. Хант, 1997-1998. 1,2,3-т.
3. Будагов Л.З. Сравнительный словарь турецко-татарских наречии. СПб., 1869. Т.1; СПб., 187. Т.2. С. 183
4. Радлов В.В. Опыт словаря тюркских наречий. СПб., 1893. Т.1; 1899. Т.2.
5. Мәдиева Г., Әлиакбарова А. Қазіргі қазақ есімдерінің лексика-семантикалық ерекшеліктері // ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. №3 (171). 2018. 137-145 бб.
6. Бияров Б.Н., Күркебаев К.Қ., Қапалбек Б.С. «Көне түркі ескерткіштеріндегі ономастикалық кеңістік». Монография-оқулық. Алматы. Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2023.
7. Мусаев К. М. Лексикология тюркских языков. Москва. Наука, 1984. 228 с.
8. Әбдуәлиұлы Б., Тұранов Ы.Ә. Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. саяси ғылымдар. аймақтану. шығыстану. Түркітану сериясы ISSN: 2616-6887. eISSN: 2617-605X. №2(151) // 2025

Reference liste:
sources and bibliographic review

1. Nazarbaev N.A. Tarih tolqınında. Almatı «Atamura». 1999. 58b.
2. Qaschqari M. Turik sozdigi. Almatı. Hant, 1997-1998. 1,2,3-t.
3. Budagov L.Z. Sravnitel'nyy slovar' turetsko-tatarskikh narechii. SPb., 1869. T.1; SPb., 187. T.2. S. 183
4. Radlov V.V. Opyt slovarya tyurkskikh narechiy. SPb., 1893. T.1; 1899. T.2.
5. Madieva G., Aliakbarova A.Qazirgi qazaq esimderiniñ leksika-semantikasınıñ erekschilikteri // Qazu habarschısı. Filologiya seriyası. № 3 (171). 2018. 137-145 bb.
6. Biyarov B.N., Kwrkebaev Q.Q., Qapalbek B.S. Kone turki eskertkischterindegi onomastikalıq kenistik. Monografïya-oqulıq. Almatı. Memlekettik tildidamıtu. institutı, 2023 j.
7. Musaev K. M. Leksikologiâ turkskih azykov. Moskva. Nauka, 1984. 228
8. Abdualiulı B., Turanov I.A. L.N.Gumilev atındağı Evraziya ulttıqi universitetinin Habarschısı. sayasi gılımdar. aymaqtanu. schığıstanu. Turkitanu seriyası ISSN: 2616-6887. eISSN: 2617-605X. №2(151) // 2025

жауапты автор туралы мәлімет (толық аты жөні, жұмыс орны, телефон, электрондық поштасы) **Тоқполатова Т.Б.** - докторант, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университетінің «Филология» факультетінің докторанты. e-mail.ru: ms.tokpolatova_93@list.ru

тақырыптық рубрикалар/тематические рубрики/ subject headings

ТІЛ БІЛІМІ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТ
ЯЗЫКОЗНАНИЕ И ЛИТЕРАТУРА
LINGUISTICS AND LITERATURE

МРНТИ /ҒТАХР / IRSTI: 14.35.07
https://orcid.org/0000-0002-7647-4902
Abdizhapparova G.T.*
Master Science, Senior lecturer, «Miras» University. Shymkent, Kazakhstan

DIGITAL COMPETENCIES OF UNIVERITY FOREIGN LANGUAGE TEACHERS IN SOUTH KAZAKHSTAN: A PRELIMINARY TAXONOMY

*Автор – корреспондент: gulzhan.abdi@mail.ru

Abstract: This article analyzes digital competencies of foreign language teachers of universities in the context of the digital transformation of higher education in our contry, taking into account institutional and infrastructural conditions of South Kazakhstan. The aim of the study is to develop a preliminary taxonomy of digital competencies for foreign language teachers of universities by synthesizing established international frameworks, including DigCompEdu, and models of digital competence in higher education, as well as national regulatory documents and research. The proposed preliminary taxonomy includes six interrelated competence blocks: technical and instrumental, psychological and pedagogical, communicative, evaluative and analytical, creative and research, and artificial intelligence competencies. The specifics of developing these competencies in the context of trilingual education and uneven infrastructure are separately considered. The analysis suggests that effective digital competence development requires not only individual teachers' acquisition of digital skills but also institutional support for continuous professional development, access to appropriate digital infrastructure, and opportunities for pedagogically meaningful technology integration. The proposed taxonomy provides a preliminary framework for understanding the digital competence requirements of foreign language teachers of universities and may serve as a basis for subsequent empirical validation in the context of higher education in South Kazakhstan.

Keywords: foreign language teacher, digital competence, professional development, South Kazakhstan

Абдижаппарова Г.Т.*
Аға оқытушы, ғылым магистрі, «Мирас» университеті. Шымкент, Қазақстан

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН УНИВЕРСИТЕТТЕРІНДЕГІ ШЕТ ТІЛІ ОҚЫТУШЫЛАРЫНЫҢ ЦИФРЛЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРІ: АЛДЫН АЛА ТАКСОНОМИЯ

*Автор – корреспондент: gulzhan.abdi@mail.ru

Түйін: Мақалада Оңтүстік Қазақстанның институционалдық және инфрақұрылымдық жағдайларнн ескере отырып еліміздегі жоғары білім берудің цифрлық трансформациясы аясындағы университет шетел тілі оқытушыларының цифрлық құзыреттіліктері талқыланады. Зерттеудің мақсаты - DigCompEdu қоса алғанда, қолданыстағы халықаралық тұжырымдамалық негіздерді және жоғары білім берудегі цифрлық құзыреттілік модельдерін, сондай-ақ ұлттық нормативтік құжаттар мен зерттеулерді синтездеу арқылы университет шетел тілі оқытушыларына арналған цифрлық құзыреттіліктердің алдын ала таксономиясын әзірлеу. Ұсынылған алдын ала таксономия алты өзара байланысқан құзыреттілік блогтарын қамтиды: техникалық және аспаптық, психологиялық және педагогикалық, коммуникативтік, бағалау және аналитикалық, шығармашылық және зерттеушілік және жасанды интеллект. Үш тілді білім беру және біркелкі емес инфрақұрылым жағдайында бұл құзыреттіліктерді дамыту ерекшеліктері бөлек қарастырылады. Талдау көрсеткендей, цифрлық

құзыреттіліктерді тиімді дамыту оқытушылардың цифрлық дағдыларды игеруін ғана емес, сонымен қатар үздіксіз кәсіби даму үшін институционалдық қолдауды, тиісті цифрлық инфрақұрылымға қол жеткізуді және педагогикалық тұрғыдан маңызды технологияларды интеграциялау мүмкіндіктерін қажет етеді. Ұсынылған таксономия университеттердегі шетел тілі оқытушыларының цифрлық құзыреттілік талаптарын түсіну үшін алдын ала негіз болып табылады және Оңтүстік Қазақстандағы жоғары білім беру жағдайында кейінгі эмпирикалық валидация үшін негіз бола алады.

Кілт сөздер: шетел тілі оқытушысы, цифрлық құзыреттілік, кәсіби даму, Оңтүстік Қазақстан

Абдижаппарова Г.Т.*
магистр, старший преподаватель. Университет «Мирас». Шымкент, Казахстан

ЦИФРОВЫЕ КОМПЕТЕНЦИИ ПРЕПОДАВАТЕЛЕЙ ИНОСТРАННЫХ ЯЗЫКОВ В УНИВЕРСИТЕТАХ ЮЖНОГО КАЗАХСТАНА: ПРЕДВАРИТЕЛЬНАЯ ТАКСОНОМИЯ

*Corresponding author: gulzhan.abdi@mail.ru

Аннотация: В статье анализируются цифровые компетенции преподавателей иностранных языков университетов в условиях цифровой трансформации высшего образования нашей страны с учетом институциональных и инфраструктурных условий Южного Казахстана. Цель исследования – разработка предварительной таксономии цифровых компетенций преподавателей иностранных языков в университетах путем синтеза существующих международных концептуальных основ, включая DigCompEdu, и моделей цифровой компетентности в высшем образовании, а также национальных регулирующих документов и исследований. Предложенная предварительная таксономия включает шесть взаимосвязанных блоков компетенций: технико-инструментальные, психолого-педагогические, коммуникативные, оценочно-аналитические, творческие и исследовательские, а также компетенции в области искусственного интеллекта. Отдельно рассматриваются особенности развития данных компетенций в условиях трёхъязычного образования и неравномерной инфраструктуры. Анализ показывает, что эффективное развитие цифровых компетенций требует не только приобретения преподавателями цифровых навыков, но и институциональной поддержки непрерывного профессионального развития, доступа к соответствующей цифровой инфраструктуре и возможностей для педагогически значимой интеграции технологий. Предложенная таксономия представляет собой предварительную основу для понимания требований к цифровой компетентности преподавателей иностранных языков в вузах и может служить базой для последующей эмпирической проверки в контексте высшего образования в Южном Казахстане.

Ключевые слова: преподаватель иностранных языков, цифровая компетентность, повышение квалификации, Южный Казахстан

Introduction

University 4.0 is seen as a cognitive institution of society, focused on the creation of new knowledge, technologies and models of future, based on digital technologies, project activities and collective production of intellectual products [1, 24-25].

COVID-19 pandemic has accelerated the digital transformation of education, highlighting the need for teachers and students to develop digital competencies. The effective integration of digital technologies into teaching requires not only adequate digital literacy but also new teaching strategies, appropriate infrastructure and a transition toward student-centered learning [2, 4524-4527].

In Kazakhstan, these processes were stimulated by a targeted national digitalization policy. The state program «Digital Kazakhstan», approved by Government Resolution No. 827 of 12 December 2017 (in force until its replacement by Resolution No. 311 in May 2022), was structured around five priority areas: digitalization of economic sectors, transition to digital public administration, construction of a «digital Silk Road», development of human capital, and creation of an innovation ecosystem [3, section 3]. Digitalization of the education sector was considered primarily within the framework of the «human capital» area, which set goals for equipping universities with information and communication infrastructure, integrating information technologies

into university disciplines, and expanding domestic distance learning platforms. Subsequent evaluations indicate that implementation was real but uneven: national digital literacy rates increased significantly, but researchers studying the higher education sector reported a gap between stated policy and practice in the classroom, especially outside large cities.

Kazakhstan has consistently strived to advance the digital transformation of its education system through the Digital Kazakhstan State Program. Researchers emphasize that digitalization has boosted the modernization of academic process, the wider use of information and communication technologies and the development of digital competencies of population. However, the efficiency of digital transformation depends on availability of digital infrastructure, institutional readiness, teacher training and continuous improvement of digital educational resources. Recent assessments also indicate that despite measurable progress in implementation of digital technologies in education, further efforts are needed to strengthen digital competencies, improve the quality of digital learning environment and ensure the sustainable integration of digital technologies into educational practices [4, 154-159, 5, 83-92].

